

С. Жуанов

ТЫҢДА ТҰНҒАН БАЙЛЫҚ



С. МҰҚАНОВ

Тыңда түңған байлық




ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1957

84Қд37
М84

ОЧЕРКТЕР ЖЫЙНАҒЫ

012 027006



ТАРТУ

Тың тақырыбына арналған бұл жыйнағымды, Отанымызда азат еңбектің, мәңгілік бақыттың сарқылмас бұлағының көзін ашқан Социалистік Ұлы Октябрь революциясының қырық жасқа толған тойына шашуға тартам.

Жазушы

АЛЫСТАҒЫ АУЫЛДА

(ПРОЛОГ ОРНЫНА)

Алыста ауылым бар еді,
Облысы Қостанай.
Жері құт, суы бал еді,
Мәпелеп мені өсірген,
Туған жерді есімнен
Журетін едім тастамай.

Туған жерім кең еді,
Көз тіксем ұшы-қыйырсыз.
Тұрғанға қалғып тең еді,
Ауылымды айнала,
Керіле біткен ай-дала,—
Ізсіз, жолсыз, шыйырсыз.

Қалғыған кең даламды,
Оятты анам — партия.
Алуға бұл «қамалды»
Колхоз, совхоз, өндіріс,
Жұмсады күш, басталды іс,
Жылдан жыл өнімі артыла.

Бірақ, байтақ кең дала,
Сыймады бірден құшаққа.
Аз табысқа алдана,
Кейбір шағын бастықтар.
Тұрғандай толып астықтар,
Қанағат қылды ұсаққа.

Болжағыш, іскер, жеңімпаз
Партия мұны көрді де,
«Бай даладан алдық аз,
Алайық түгел байлығын,
Оған қуат сай бүгін
Әзір совет халқы да» —

Деп шақырды ұранды,
Түрді Отан құлағын.
Асынып қажет құралды,
Тындарға дабыл салып жол,
Ұлдар, қыздар — комсомол,
Аттанды алғыр қыраным.

Москвадан, Киевтен,
Советтік барлық қаладан,
Жабдықты түгел үйіп тең
Нелер алып машина,
Нысанаға асыға.
Тізіле тартты даладан.

Машинаны меңгерген
Туысқан барлық халықтан,
Советтік барлық елдерден
Кескіндері — жалынды от,
Ойлары ұшқыр, іске өжет.
Таймайды алған бағыттан;

Жатса да жерде қалың қар,
Болса да аяз, үскірік,
Бөгелмеді алыптар.
Сибирьдің қысы қасарған,
Дәндеген екен осалдан,
Шыдатпады күштілік.

Тілгілеп өтті алыптар
Теңкиген бұйра күртікті.
Қайрат, ісі шарықтар!
Отаншыл ерім азамат,
Тоңдарды қардан тазалап,
Тындарға қызыл ту тікті.

Аршылған тоңға болат тіс,
Кеміре терең қадалып,
Басталып жаңпай құрылыс,

Іргесі берік үй, сарай,
Тігілген туды жағалай
Бітіп те қалды қаланып.

Естілді жырлар үйлерден,
Тілдері басқа, әні бір.
Кірпігі түнге түйрелген
Электрдің көзінен,
Лениндік шамның өзінен.
Даланы кетті бөлеп нұр.

Істе, күште, жырда да
Болды сондай кеңістік.
Мақсаттары бір ғана,—
Алтынға халық балаған,
Көтеру тыңды даладан,
Өндіру бай егістік.

Туған жерді жаңғыртқан.
Бұл үнге мен де қосылам.
Өйткені, ақын — албырт жан
Ес білген бала шағымнан
Осындай күнді сағынған,
Құмар болған осыған.


Кешікпей күн жылынып,
Ерісе жерді жапқан қар.
Техника, адам жұмылып,
Көтерсе жаппай тыңдарды,
Тудырмай тың жырлары,
Жатуға қалай шыдар ар.
Жоқ, шыдаман!
Қаламды
Өткірлеп мен де қайрармын.
Аралап туған даламды,
Ерік беріп жырыма,
Поэзия тыңына
Мен де соқа айдармын.

Өсірермін өлеңнен,
Мен де дәнді жемісті.
Ауыр дөңге бөленген

Көтере жырлап даламды,
Серпе сілтеп қаламды,
Сыйпаттармын егісті.

Шашыратпай сөз дәнін,
Бидайдай мен де жыйнадым.
Жеткенше қиял, ой, әлім,—
Жеңістің шыққан өріне,
Жырымды туған еліме,
Басымды ие сыйладым!

1954





МОСКВА!

Литва әдебиетінің Москвада өтіп жатқан он күндігіне қатнасушы біраз достармен, ол күні кешке, біз ұзағырақ отырып қалдық...



Әлден уақытта тысқа шықсақ, шырт ұйқыдағы қаланың электр сәулесіне бөленген көшелері, сол күні таң ата өткізілетін СССР Жоғарғы Советі сайлауының ұрандары мен плакаттарына безене сәнденіп тұр екен.

Мезгіл кеш болғанмен, біздің ұйқыны ойлар түріміз жоқ. Несіне ойлаймыз? Енді екі сағатта Кремль куранты сағат алтыны соғады да, сайлаушыларға бюллетень беріледі, ендеше, оған дейін қалғудың қажеті не?..


Біз сайлау сағатына дейін Қызыл алаңда, орталық көшелерде серуендей тұруға бекіндік. Бұл топта орыстың, литваның біраз жазушылары мен артистері бар. Осы достардың арасында, сүйікті Москвада, сайлау күнінің таңын көзден атыру нендей тамаша десеңші!..

Москваға мен талай рет барып жүрген кісімін, сондықтан, оның бойындағы талай тамаша көркемдіктерге

Көтере жырлап даламды,
Серпе сілтеп қаламды,
Сыйпаттармын егісті.

Шашыратпай сөз дәнін,
Бидайдай мен де жыйнадым.
Жеткенше қиял, ой, әлім,—
Жеңістің шыққан өріне,
Жырымды туған еліме,
Басымды не сыйладым!

1954





МОСКВА!

Литва әдебиетінің Москвада өтіп жатқан он күндігіне қатнасушы біраз достармен, ол күні кешке, біз ұзағырақ отырып қалдық...



Әлден уақытта тысқа шықсақ, шырт ұйқыдағы қаланың электр сәулесіне бөленген көшелері, сол күні таң ата өткізілетін СССР Жоғарғы Советі сайлауының ұрандары мен плакаттарына безене сәнденіп тұр екен.

Мезгіл кеш болғанмен, біздің ұйқыны ойлар түріміз жоқ. Несіне ойлаймыз? Енді екі сағатта Кремль куранты сағат алтыны соғады да, сайлаушыларға бюллетень беріледі, ендеше, оған дейін қалғудың қажеті не?..

Біз сайлау сағатына дейін Қызыл аланда, орталық көшелерде серуендей тұруға бекіндік. Бұл топта орыстың, литваның біраз жазушылары мен артистері бар. Осы достардың арасында, сүйікті Москвада, сайлау күнінің таңын көзден атыру нендей тамаша десеңші!..

Москваға мен талай рет барып жүрген кісімін, сондықтан, оның бойындағы талай тамаша көркемдіктерге

көзім үйреніп кетті де, бұрын байқамаған кейбір әдемі-ліктер болмаса, жалпы сұлулығына таңырқамайтын болдым.

Ал, бүгін,— 1954 жылдың 13 мартынан 14 мартына ауысқан түні, Москваның мол денесіндегі әрбір мүшесі маған ерекше әдемі сыяқтанып, көзім түскеннің бәріне сұқтана, таңырқай қараймын.

Достарыммен қалжыңдаса қыдырып келе жатқан мен, бір уақытта, қазақшаға аударса «Аңшылар қатары» аталатын, орысша аты,— «Охотный ряд» көшесіне кеп шықтым. Тұрқы қып-қысқа бұл кең көшенің біз кірген оңында ұшар басы төбеде қарауытқан аспанға сұңгіп, «СССР Министрлер Советінің үйі» мен солында «Москва» мейманханасы тұр.

Бұл заңғар үйлердің биік төбесіне басымды шалқайта қараған менің есіме, Москваға алғашқы келген күнім түсіп кетті. Оған, міне, аттай 30 жыл. Ол жылы Министрлер Советінің үйі тұрған жерде, биіктігі екі-ақ этаж, көлемі шағын ғана, 27-номерлі «Совет үйі» тұратын еді; «Москва» мейманханасының орнында, ауланған адал аңдар мен құстардың еті және балықтар сатылатын аласа, тақтай дүкендер тұратын. Ол кездің сондай үйлері мен мына аспанға таласқан зәулім үйлерді салыстырғанда, бұрынғы құлдық заман мен көзіргі бақытты, бостандық заманның айқын бейнесі көз алдыңа келе қалады!.. Бұл,— атап отырған үйлердің ғана бұрынғысы мен бүгінгісін көрсетпейді, бұрынғы Москва мен бүгінгі Москваның барлық бейнесін көрсетеді.

Сайлау секунды таянған шақта біз «Москваға» кірсек, оның кеңдігі ұлан-байтақ вестибюліне жыйналған сайлаушылар сығылыса сыңысып қалған екен. Олардың арасынан мен: белорус жазушысы Петрус Бровка, украин композиторы Андрей Штогаренко, литва жазушысы Иоганес Шимкус, азербайжан композиторы Қара Қараев, өзбек артисткасы Сара Ишантураева, түрікмен жазушысы

Берды Кербабаев, қырғыз жазушысы Қасымалы Баялинов сыяқты жақын достарымды да ұшыраттым. Сайлау күнінің таңын күзеткенімізбен, кезекке біз олардан кейін іліктік.

Дауысымызды біз отанымыздың ардақты екі адамына береміз: бірі,— СССР халық артисткасы,— Алла Кириловна Тарасова, екіншісі,— Совет Одағының маршалы — Николай Александрович Булганин. Осындай құрметті адамдарды депутат сайлау правосына жеткізген советтік құрылысқа алғыс айттық та, бюллетенімізді урнаға түсірдік.

Өткен кеште, туысқан Литва халқының тамаша өлеңдерін, әндерін, музыкасын, билерін, халықтық ойындарын әуелі өз тілінде, одан кейін, бүкіл совет халқына ортақ орыс тілінде тыңдап рахаттанудан ба, немесе, Москваның түнгі шусыз көшелерінде, қары қапалақтап жауған қысының таза ауасымен тыныстаудан ба,— бюллетенімізді урнаға түсіріп, азаматтық міндетімізді өтегеннен кейін де ұйқымыз келмеді.

Біз тағы да тысқа шықтық. Таң еркін бозарып қапты. Көшеде жүріс көбейгенмен, жауған жас қардың тұнық таза исінен даланың ауасы манағыдан да кеңи, исі жанға тіпті жайлы болып кеткен.

— Ал, жолдастар,— деді, бізбен таныс және кешеден мәжілістес боп жүрген журналист,— Москваны қыдырсақ қайтеді кәзір?

— Немен?

— Менің машинеммен. Ол осы мейманхананың алдында тұр.

Бүгінгідей күні Москваны қыдыру, әрине, қызық.

— Болсын,— дедік біз.

Машинаға мінген біздің, ең алдымен Қазан вокзалына соққымыз келді. Ол ұсынысты жасаған менің ойымда,— Сибирь мен Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге отанның түс-түсынан жұрт аттанып жатқан шақ;

бұл жақтың ондай адамдары Қазақстанға Қазан вокзалы арқылы жүреді, солардың кейбірін бүгін де кездестіруім мүмкін.

Жорамалым дұрысқа шыға кетті. Вокзалдың кең залында сырнайлата, әндете билеп жатқан жастар мен оларды қоршаған қалың адамның көпшілігі Қазақстан тыңына бара жатқандар екен. Олардың дені жастар да, біразы жасамыстар. Мысалы, Василий Иванович Демиденко, Украинадағы қарт қаланың бірі — Чигирина маңында МТС-тің бригадирі екен. Қырма сақалы қалыңдай өскен, басында тозыңқы бұйра құлақшыны, үстінде майланыңқыраған сырма фуфайкесі, кирза етігі бар, түсі салмақты бұл адам,

— Қайда барасыз? — деген сұрауға,

— Қостанай облысына! — деп жауап берді.

— Одан әрі?

— Оны облыстық партия комитеті білуге тиісті. Мен партия мүшесімін. Партия қайда жіберсе, мен сонда барамын.

— Үй ішіңіз қайда? — деген сұрауға,

— МТС-те,— деп жауап берді Демиденко,— орныққан жеріме алдырам оларды.

Мен оған, туған жерім Қостанай облысында екенін баяндап,

— Мүмкін, обкомнан, мен туған жер — Досты қалап аларсыз? — десем, Демиденко ол жердің адресін жазып алды да,

— «Мүмкін» емес, мен Қазақстаннан бірінші танысқан адамның жеріне жіберуді обкомнан сұранам! — дейді.

— Мен де сол жерді тіленем! — дейді, оның қасында тұрған жас жігіт Иван Перевалов.

— Біз де! — дейді шуласып бір топ адам.

Мен, сөзімді сыйлағандығы үшін болашақ жерлестеріме құрметпен бас идім де, бірнешеуінің қолын алдым.

Біздің кеңесімізді сол араға емшек баласын көтеріп

келе жатқан қазақ әйелі бөлді. Еріне еріп, Ақтөбе жағынан жолаушылап жүрген адам екен, аты-жөні — Райхан Аманова, қолына көтерген баласы сегіз айлық екен, аты — Роза. Қара көз, қара қас, қара шаш, бүлдіршіндей баланы қызық көрген қыз-бозбала «Роза!.. Розочка!..» деп шақырса, бала екі ұрты шұқырайып жымыяды да күледі... Онысы,— «Хош келдіңдер, туыстар; ертең өскенде, еңбек майданында мен де сендерден туған балалардың қатарында жүрем» дегені сыяқтанып кетеді...

«Орақ пен балға» заводының клубына сайлаудың үш участогі бірдей орналасқан екен. Біз олардың «39» аталатын біреуімен ғана молырақ таныстық. Біз сағат таңертеңгі 11-де барсақ, ол күннің нормасы түгел орындалып, еңбек екінші норманың есебіне атқарылып жатыр екен.

Урна ашылғалы 1800 сайлаушы бюллетень түсірген. Ендігі қалған бірен-саран адам,— қызмет бабымен әдейі кешіккендер, солардың бірі осы участоктегі сайлау комиссиясының председателі, прокат цехының инженері Василий Иванович Завержский. Ол бюллетенін урнаға түсіргеннен кейін:

— Жолдастар! — деді бір әйел,— участогіміздің тізіміндегі сайлаушылар дауыстарын түгел беріп болды, сонымен, дауыс беру аяқталды деп есептейміз!


Москваны, оның сайлау участоктерін тағы да біраз аралаған біз, кешке жақын, метроның «Сокол» аталатын станциясына орналасқан участокке бардық. Онда бізге, спорттың атақты мастері Всеволод Бобров жолықты. Ол кеше ғана Канададағы ойыннан келген екен. Сонда ол, хоккей ойынында, Канаданың атақты ұлттық командасын бір ұтқанда жеті ұтып, қорғану қақпасынан добын ұдайымен жеті өткізіп жіберген, сөйтіп дүниежүзілік рекорд жасаған. Осындай күшті және епті қолды қысу қандай тамаша!.. Отанына сондай зор абыроймен қайтқан Бобров, сайлауда дауыс беруге асығыпты да, «Сокол» участогінде урнаға бюллетенін бірінші боп түсіріпті...

Москваның әрбір күні бір-біріне ұқсамайтын сияқты. Бүгін де солай. Оның таңын да қарсы алып, күнін де көзімізше шығарған біз, сол күнді түнгі тынысына көзден ұзатып салдық та, өзіміз де тыныстауға мейманханамызға беттедік.

Күн батып, түн басталғанмен табиғаттың қараңғылығы Москваның өшпес сәулесін жеңе алған жоқ. Біз жарық көшені бойлай, мейманханамызға жақын жердегі Кремльдің қызыл жұлдызын бетке ұстай тарттық.

— Тамашасын, сен, туған анам — Москва!.. Мен даусымды әруақытта саған ғана берем!..

Март, 1954 жыл.





БҮГІНГІ АУЫЛ ОСЫНДАЙ

I. ҚЫРДАҒЫ СЕРУЕН



Жер жүзі еңбекшілерінің қуанышты мейрамы — Бірінші Майға, Алматының қаласы, адамдары түгіл, табиғаты да әзірленіп жатыр. Быйыл кешірек басталған Алматы көктемінің салқындау ауа райы, екі-үш күннен бері мейірлене маужырап, ағаштары көктей бастаған кең, тік көшелердің бойын өрлей, жанға жайлы жұмсақ самалы еседі. Алматының күнгей жағына созыла біткен Іле Алатауының етегіне дейін бүркеп жатқан қар, соңғы бір жұманың ішінде биікке қарай жыйырылып, бергі беттегі белесті жоталар ашылған. Енді ол жоталар теп-тегіс жасыл жамылғыға орана бастады. Биікке сырғыған қар Алатаудың орта тұсын белуарлай өскен шырша орманына кіріп, ол бір тұс, алыстан қараған кісіге, қара қылшық қасқырдың жонын елестетеді. Одан арғы жоталардың үстінде әппақ қар. Қыс пен жаздың түйіскен сол бір тұсында, екі мезгілдің де бейнесін өзіне тартқандай боп, ақ пен қарасы сапырылысқан қоңырқай бұлт, биік белестердің басына қонып қапты. Бұлт-

тан бойын асыра, аспанға шаншыла көтерілген «Үлкен Алматы» мен «Кіші Алматы» шыңдары таудың төбесін баса ұшқан екі самолетке ұқсайды...

Осындай шақта үйде отырып көр!.. Үй түгіл көшеге, көше түгіл қалаға сыйып көр!.. Қайдан сыясың, қалай отырасың: қаланың ішінде ғана емес, сыртында да көктемнің жұпар ауасын кең тартып көркіне боялған сұлу табиғат! Соларды көру, әсірелену адамға қандай рахат!.. Ертең жексенбі. Еңбектің өр жүйесіндегі адамдардың да, тыныс күні. Ендеше, көктемнің көркемдігін тамашалап, жанға рахат ауасымен тыныстауға біздің де қала сыртына шығып келуіміз керек. Ертең ертемен машинаға мініп, тауды жиектей серуенге шығамыз, бірақ қай жағына?

Ұзын тұрқы әлденеше жүз километрге созылатын Алатаудың батыс жағын жиектеуден гөрі шығыс жағын жиектеу қызығырақ, өйткені екі бетте де жол үнемі жеміс және сәулет ағаштарына бөленген ауыл-селоларды басып жүреді, шығыс жақ бетте керілген кең далалар көп, ара-тұра көлдер кездеседі. Әрірек сұғынсаң, Жетісудың атақты өзені — Іле жатыр. Ол көлдердің және өзеннің жиегіне кең және қалыңдай өскен қамыстардың ішіне ұя салған түрлі түсті құстардың азан-қазан даусын есіту қандай тамаша!.. Білетін адамдардың айтуынша, Алматыдан алысырақ басталатын Сөгеті даласына осы кезде балапандарын ертіп аңдар да шыға бастады. Оларды жолықтыру қандай қызық!..

Қайда барып тоқтарымызды білмегенмен, біз Алматыдан ала-көбеде аттанып кеттік, бетіміз шығыс. Түнде желкемдеу боп тұрған ауа райы бұл кезде тына қалды. Түн бойы сіркірей көшіп жүрген сирек бұлт та таудың биіктегі қойнына кіріп ұйқтады. Біз етектей жүріп келе жатқан таудың бұл беті кәзір үш белдеуге бөлінеді: етектен көктемнің жасыл бүлісін жамылған жоталар көтеріледі, олардың кәзіргі тымықтағы түрлері тыныстағы мамонттарға

ұқсайды; жасыл белдеудің аржағында, қоңыр түсті шырша орманның белдеуі, одан әрі — қар жамылған биік жота!..

Алматы облысы — Қазақстанның ең көркем жері. Оның көркемдігі аспанға асқақтай біткен тауында ғана емес, таудан тарамдана аққан өзендері мен бұлақтарында ғана емес, тауды жиектей және бөктерлей өскен жеміс және сәулет бақшаларында ғана емес, оның көркемдігі — ауыл-селоларында. «Таяқ тастам жерде» дегендей, тауды жиектей тартатын асфальт жолдың өнбойына тізбектеле орнаған ауыл-селолардың көшелері түгелімен сәулет ағаштарына бөленген, әр қорада жеміс бақшасы, төбесін шатырлай салған кішірек үйлердің көпшілігі әктелген. Ауыл-ауылдың арасы кең жайыла тұтасқан жеміс бақтары...

Міне, біз, осындай бейнелі Калинин атындағы, одан Мичурин атындағы колхоздарды, Талғар және Есік станицаларын көктей өттік. Батыстан шығысқа тура созылған тау одан әрі күнгей-шығысқа қарай бұрыла жөнеледі. Одан әрі Түрген, одан әрі тағы бірнеше колхоз... Бұлардың бәрі құрылыс жағынан да, бау-бақша жағынан да біріне бірі ұқсас. Ендігі ойымыз Шелек станицасынан өтіп, арғы Сөгеті даласына тоқтау...

II. ҚОЙШЫНЫҢ ҮЙІ

Біз Есік станицасынан өтіп, таудың күнгей-шығысқа бұрылатын мүйісін орай берген кезде, кеңдігі паровоздың биік доңғалағындай боп жалындай құлпырған күн де алдымыздағы жазық даланың көкпен астасқан жиегінен шыға келді. Оның өткір кірпіктері машинаның маңдайындағы шынысына қадала шықты. Күннің күлімдеген сәулесінен ұялған көзге біз машина маңдайындағы қоңыр шынының қалқалап алдық.

Бір кезде, машинаның қабырғалық шынысынан, жол-

27006

дың жиегіне жақын жерде жайылып жүрген қойлар көріне қалды. Мал баққан көшпелі ауылда туып өскен кісіге бұл қызық көрініс. Әсіресе, төл қызық. Жас қозы, жас лақ, жас бұзау, жас құлын, жас бота — мал баққан ауылдағы баланың әрі еңбегі, әрі ермегі. Еңбек болатыны — төлдерді солар бағады, ермегі болатыны — ойнайды...

Балалық шақта еңбек те, ермек те болған қозылар мен лақтардың қой-ешкілердің арасында асыр сап ойнаулары бізді қызықтырып жіберді де:

— Бұрыл! — дедік шоферға.

— Қайда?

— Қойлар жаққа...

Қой-ешкінің мінезі — тез үркеді, үріксе жапырыла бірыңғай қашады және есінен айрыла, қозы-лақтарын баса-көктей қашады. Біз бет бұрған табын да сөйтетін болған соң машинаны тоқтаттық та, жаяу жүрдік. Үріккен табынның аржағында үлкендеу кигіз қос тұр еді, одан жүгіріп бір әйел шықты да, қойдың алдын қайырды. Үлкендігі кіші-гірім танадай бір шолақ төбет бізге қарай тоңқаңдай шауып, әупілдей үріп келеді.

«Шәй-шәйлаған» әйелдің дауысымен тоқыраған қой-ешкілер, «әлгі қайда?» дегендей, арт жағына одырая қарай қалысты. Сонда ғана балалары есіне түскендей, бірталайы маңырауға айналды.

— Я, кім боласыз, жеңгей? — дедік біз, жұмыс киіміндегі мосқал әйелге амандасқаннан кейін.

— Қойшының әйелі болам,— деді ол.

— Атыңыз?

— Ізтілеу.

— Фамилияңыз?

— Майемгенова...

— Еріңіз қайда?

— Қоста...

Тағы бірдемелерді сұрай бастап едік:

— Қосқа жүріңіздер, қайындерім,— деді Істілеу.— Ас ауыз тиіңіздер. Сонда отырып кеңесерсіздер...

Ол сөзге біз көне кеттік, қойшының әйелін ғана емес, өзін де көруіміз керек және мұндай қостарда, бұл кезде ерте қозылаған қойдың сүтінен ұйытқан қою, тәтті айран болады, ішіп көрген кісінің ол айран десе, аузынан сілекейі шұбырады.

Ерінің аты Тағанбай екенін әйелінен сұрап алғамыз. «Тамара атты жетінші класта оқып жүрген жалғыз қызым бар» деген әйел. Біз қосқа кірсек, Тағанбай Тамараға газет оқытып, өзі тыңдап отыр екен. Амандықтан кейін білсек, қыздың оқып отырғаны — СССР Жоғарғы Советі сессиясының материалдары, оның ішінде Қазақстан Жоғарғы Советі Президиумының председателі Оңдасынов жолдастың сөзі.

Оңдасынов жолдас Қазақстан мал шаруашылығындағы жетістіктермен қатар кемшіліктерді қаза айтып, оларды жоюға не шаралар қолдану қажеттігін де баяндаған. Алпыс сегіз жастағы Тағанбай, Оңдасынов жолдастың газеттегі сөзін тыңдап болып:

— Е, бәсе, — дейді, күлімсіреп қойып, — Қазақстан бастықтары да кемшілік пен қателікті мойындаған екен!. Мыналары шын сөз...

Тағанбайдың айтуынша Қалинин атындағы оның колхозында барлық түліктен он жеті мыңдай мал бар, солардың бәрі бұл уақытқа дейін негізінде, жыл тәулігі аяғынан оттап келген.

— Малды олай бағу, үнемі қыс жақсы бола берсе дұрыс қой,— дейді Тағанбай.— Кей жылы қысып кететіні бар емес пе қыстың?

Қарт 1950 жылдың қатал қысын есіне түсірді. Ол қыста сақтық қамы жоқ кейбір колхоздардың малдарының орасан шығынға ұшырағанын айта келіп:

— «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, тағы сондай қыс келмесін де, егер келе қалды бар ғой, біздің осы

колхозды да, қара мал жағынан күйзелтіп кетуі мүмкін,— дейді.

— Неге?

— Жемшөп әзірлеуге біздің колхоз да әлі дағдыланған жоқ. Малға жеткілікті қора-қопсы жоқ. Сондай халде егер қыстыгүні үздіксіз боран боп, күн суытып кетсе, панасыз шыққан мал қырылмағанда қайтеді?

Бұл колхоз өткен жылы миллионер болып, таза табысы бір миллион екі жүз мың сомға жеткен. Сондағы негізгі табыс қоры не десек, Тағанбайдың айтуынша, мал екен.

— Мал басы кемісе,— дейді Тағанбай — миллионерліктен бұл колхоз төмен қарай қайта құлайды.

«Құлатпау үшін не істеу керек?» — деген сұрауға, Тағанбай өз жауабын айтады: «Қора салу керек, шөп даярлау керек» дейді ол.

Бұл колхоздың малы колхоз орталығынан 200 километрдей «Бартоғай» атты жерде, таудың қойнауында болады екен. Бұл араға быйыл мал қорасын салу мақсатымен колхоз әзірге 50 мың шикі кірпіш құйған. Бірақ бұл қора, он жеті мың малдың азшылығын ғана паналата алады, жұт жылға төтеп бола алмайды. Жем жағынан колхоздың аздаған даярлығы бар екен, ол да болса, — таудан, қырдан шапқан қатқыл шөп. Жұмсақ, дәнді шөп колхозда жоқтың қасы. Мұндай жемді даярлау колхозда бұрын болмаған. Быйыл ғана колхоз 250 гектар сұлы, 15 гектар жүгері, 25 гектар беде, 56 гектар жоңышқа еккен.

— Біздің егін шаруашылығымыз бен мал шаруашылығымызда біраз айырма бар — дейді Тағанбай.— Егінге байланысты шаруамыз түгелімен механикаланып болған, соның арқасында бір жұмада бітіреміз деп жоспарлаған быйылғы көктемнің егісін, колхоз бес күнде орындап кетті. «Қаратұрық» атанатын МТС колхозымыздың орталығында отыр. КПСС Орталық Комитетінің өткен жылдың

сентябрінде, быйылғы жылдың февраль-март айларында болған Пленумдарының қаулысы бойынша, МТС күшейіп, жаңа құрал-саймандар әкеліп жатыр. Біздің колхоздың өзіне, быйылғы көктем егісіне деп сегіз трактор берілді. Олар шыдата ма жерді!..

— Партиямыздың Орталық Комитетінің үстіміздегі жылдың февраль-март айларында болып өткен Пленумы елімізде бұдан былай астық өнімін арттыра беру үшін тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде қаулы алғаны жұртқа мәлім,— дейді Тақаң тағы да.— Оған бүкіл еліміздің колхозшылары сыяқты, біздің ауылдың колхозшылары да үн қосты. Пленум қаулысын колхозшылар жыйналысында талқылап, тыңайған жерді игеруді ұйғарғанбыз. Осындағы жігіттердің айтуларына қарағанда, біздің колхоз осы көктемде төрт жүз гектар тың жыртып, соған тұқым сепкенге ұқсайды. Бұлары бір игілікті іс екен деп ішімнен түйіп жүрмін. Нәтижесін егін орған кезде көреміз дағы. Солай емес пе, бәйбіше?— деп Тағанбай қасында отырған өзінің әйелі Істілеуге әзілдеп көзін бір қысып қойды.

Колхоздың егісі негізінде суармалы екен. Су қоры — Қаратұрықтың қарлы тауынан құлайтын өзен. Неге «Қаратұрық» аталуына, Тағанбай әртүрлі жоба айтады, соның бірі — «үлкендердің айтуынша, бұл араға ерте заманда нелер ел келіп, нелер ел кеткен... Баяғыда бұл араны Шыңғысхан жаулап ап, елді қырып, мекенін құртып жіберген... Одан бері Жоңғар қалмақтары да соны істеген. Сондай әлсін-әлсін қырғынға ұшырай берген жер болған соң, ата-бабаларымыз атын Қаратұрық деп қойған...»

— Оның өтірік, расын кім білсін,— дейді Тағанбай,— бұл кеңесін аяқтай кеп,— «Қаратұрыққа» бақыт Совет тұсында ғана орнады. Коммунистік партияның тәрбиесінде, біздің Отанның халықтары дос боп отыр. Оның дәлелі,

біздің бұл колхоздың көпшілігі ұйғырлар, одан кейін қазақ, біраз үй орыстар мен корейлер бар. Бәріміз бір шешеден туғандай тату-тәттіміз...

III. ЛУҚАТТЫ ТІРШІЛІК

Тағанбай бізді қойдың қою айранына тойғызумен қанағаттанған жоқ. Жүру жайы кеңес болғанда:

— Біздің бұл қосымыз, негізгі үйіміз емес,— деді ол.— Негізгі үйіміз қыстауда. Соған барып, кешке дейін жайланасыздар да, осы арадан кейін қайтасыздар. Сөгетінің бойында көзір тамашаларлық қызықтар жоқ. Аңның таудан түсетін кезі емес, құлазып тұрған дала...

Шалдың негізгі тұрағымен танысқымыз келді біздің. Қыстау қосына жақын жерде екен. Қойларын ол сол кезде келе қалған бір серігіне тапсырды да, өзі және әйелі біздің машинаға мінді.

— Тағы бір кемшілігімізді айта отырайын,— деді Тағанбай, жүріп келе жатқан машинаның ішінде.— Құрылыс жағынан біздің бұл колхоз мақтана алмайды. Ол жағынан көршілердің көбінен төменбіз. Үйлеріміз шикі қыш, төбелері шатырсыз, көшеге еккен ағаштарымыз бірен-саран, қораларымыздың көбінде жеміс бақшасы жоқ. Колхоздың бағы — тау жақта.

— Неліктен олай? — деп сұрадық біз.

— Колхоздың шаруасы да, құрылысы да, мәдениеті өсуі де басқарушыға байланысты көрінеді ғой. Бұрынғы бастығымыз өз басының қамын көп, жұрт ісін аз ойлайтын біреу еді. Сондықтан көпке керекті істі ойдағыдай өркендете алған жоқ.

— Қазіргілеріңіз ше?

— Бертінде сайланды ол. Әзірге беті жаман емес. Бұрын участкелік агроном болатын. Іс білетін сыяқты, көпшілікке жағымсыз емес.

Асфальтті жол көшесін қақ жарып өтетін бұл қыстақ-

тың да бұрынғы аты «Қаратұрық» екен. Оның қашаннан бастап орнау тарихын Тағанбай айтып бере алмады.

— Бірақ, білетін кісі бар,— деді ол,— осы колхозда, жасы быйыл 94 ке шыққан Сиражитдин Қадыров дейтін қарт бар, ұлты ұйғыр. Естуімше осы араға кеп алғаш қада қаққан адамдардың бірі сол. Ол біз тумаған кез болса керек. Қарт әлі тың. Егер керек десеңіздер жолықтыруға болады.

— Сөз жоқ, жолығамыз.

Қартты іздеп тапсақ, үйі көшенің орталық тұсында екен. Қасында кәрілігіне мөлшерден тыс мұқылданған жуандығы мен кейбір бұтақтары куэ боп жуан бәйтерек тұр. Былай да жуан бәйтеректің жерге астасқан түбі тіпті жалпайып кеткен. Қасындағы дүкеннен метрлік қайыс алып өлшеп көрсек, діңгегінің төңірегі төрт метр жыйырма сантиметр екен, жерді опқан жалпақ түбі он бір метр.

Сиражитдин қарт шынында пысық адам боп шықты, белі жөнді бүкіреймеген, көзі көмескілеу болғанмен жақсы көреді екен, құлағы жас қалпында, тістерінің де негізгі қаласы бүтін. Оның айтуынша, бұл араға бұдан сексен жылдар бұрын, Қытайдың «Кіші буырыл» аталатын өлкесінен ауып келген ұйғырлар орнаған.

— Мынау жуан бәйтерек,— дейді Сиражитдин қарт,— жігіт кезімде, шыбық еді. Қазір ол да қартайды, мен де қартайдым...

— Дегенмен бәйтеректің басында жасыл жапырақтары шыққан бұтақтары бар ғой,— деген қалжыңға:

— Менде де бар, ондай жапырақтар,— деген қалжыңды жауап береді қарт.— Ең алдымен, жетпіс жеті жасымда туған, Тілебалды дейтін ұлым қазір он жетіде, көріңіз, өзімнен аумаған ол; екіншіден, ойын-сауыққа да араласып кетем, әлі, қазақша, ұйғырша әндерді де айтып бере алам.

— Онысы рас,— дейді Тағанбай,— Ескілікті жырлар мен сөздерді де көп біледі. Өзі ұйғырдың өткен ғасырда

жасаған атақты ұлт геройы Садыр палуанның немере інісі. Оған байланысты жырларды да көп айтады. Қазақстан Ғылым академиясы осы кісіден ауыз әдебиетін жазып ап жүретін.

— Рас,— дейді Сиражитдин,— ұн, шайлық ақша да алғаным бар.

— Біздің қысқы үйге барайық,— дейді Тағанбай,— сонда айтқызамыз жырларын...



Иесі қыстай малдың жайылымында болып күтілмеген қысқы үй отырысқа оншалық жайлы емес екен. Сондай халге ұшырауына бір себеп — үйілген астық. Өткен жылғы еңбек күніне Тағанбай мен әйелі 300 пұттай бидай, алпыс пұттай күріш, ақшалай алты мың және отыз бір тоқты алыпты. Оның үстіне құрт, ірімшігі бар. Керегінше ішіліп-желінген, қажетінше сатылған мұнша мол астықтың ұстағанға мұрты да сынбаған. Тағанбай шаруасына ұқыпты кісі, артығын орынсыз ысырап қылмайды екен. Сондықтан қажетіне ұстағаннан артық астығы қысқы үйінде, теңкиген қаптарда тиеліп үюлі тұр...

— Оқудағы жалғыз баланы серіксіремесін деген оймен қыстай кісі үйіне қойдым. Бұл үй жабулы тұрды, сондықтан ептеп құлазыңқырапты,— дейді Тағанбай,— әйткенмен, үйді жыйнастырайық та, аздап мәжіліс құрайық.

— Ыбырсып жатқан үйді жыйнағаннан жыйнаулы үйде отырып мәжілістескен қолайлы болар,— деді бір

жас жігіт. Сұрастырсақ, колхоздың бухгалтері Мұхаметжанов Өркенбай екен. Ол бізді үйіне баруға көндірді.

Оның үй ішін колхоздағы ең мәдениетті үйлердің қатарына қосуға болады екен. Өткен жылы ғана үйленген жас әйелі үйді қала ғұрпымен өте сәнді жыйнапты; босағада, алдына ақ шымылдық құрылған никелді кровать, бұрышта стол, оның үстінде қатарлана жыйналған кітаптардың ішінен, Совет Одағында орыс және қазақ тілінде шыққан көркем әдебиет кітаптарының көбін табуға болады. Бұларды Өркенбайдан гөрі, өткен жыл он кластық мектепті бітірген, жоғары мектепке түсуге әзірленіп жүрген әйелі көбірек оқыйды екен. Ол шын мағнасында әдебиет құмар адам көрінеді.

Бұл үйде электр шамы да жанады. Төрде радиоқабылдағыш, ол арқылы көп жерлерден ән ұстайды, одан басқа қабырғада село радио торабының репродукторы тұр.

Сонда білдік: қасындағы «Бірінші Май» колхозы мен бұл колхоздың ортақ электр станциясы бар екен, ол үйлердің бәрін жарықпен қамтамасыз етумен қатар, колхоздың барлық өндірісіне де қуат береді екен.

Сиражитдин қарт шынында әңгімеші, жыршы және өлеңші боп шықты. Бір кезде ол Жамбылға да еріп өлең айтып жүріпті. Қартты тыңдағысы келген жұрт, Өркенбайдың кішірек үйіне сыймады. Көпшіліктің өтінішімен тысқа шығып отырдық.

Тоқсан төрт жастағы адамның бойына осынша қуат пен көңілділік ұялауы қайран қаларлық көрініс сыяқты. Бірақ бұндай күйдің біздің советтік өмірде дағдылы іс екенін Сиражитдин қарттың өзі айтып берді.

— Әке, шешем кедей болған екен,— дейді ол,— олар менің алты-жеті жасымда өліпті. Сондықтан нақ қалай тұрғандарын білмеймін. Басқа кедейлердің қалай тұрғанын білем: біз, ұйғырлар, ата-бабамыздан бері егінші ел-

міз ғой, сонда Совет өкіметі орнағанға дейін кедей көп болса екі хо себеді, ал байлар жүз елу, екі жүз хо ға дейін себеді. «Хо» дегеніміз — төрт пұт тұқым себілетін танап. Сонда кедейдің хосы өзіне жетпейді. Байдың хосы ішу түгіл сатуына да мол жетеді. Кедейдің хосы қайдан оңсын, бір-бір арық аты соқаны жөндеп сүйрей алмайды, «соқа» дегені, алақанына темір таққан ағаш — омаш. Дұрыстап жыртылмаған жерге дұрыс егін шыға ма?

Бүгінде бұл араға егілетін дақылдардың түрі өзгеріп, саны мен сапасы бірдей артты емес пе? Осы ара мен ес біліп егін салғалы бидай мен қонақтан басқаны білмеуші еді. Бүгінде бұл араға темекі де салынды. Күріш те шығатын болды. Шіркін одан асқан тамақ бар ма! Біздей қарттарға сүтке ботқа басып, үстіне сарымай салып берсе, әрі тіске жұмсақ, әрі тамақтың асылы емес пе?

Жасыратыны жоқ, осы колхоз күріш салғалы оңала бастады. Сатса пұлды, тамаққа жұмсаса тоқ белбеу. Дақыл біткеннің құндысы екен.

Енді біздің ауыл адам азығы былай тұрсын, мал азығының өзін алуан түрге бастырып еге бастады. Быйыл малға береміз деп жүгері де сеуіп жатқан көрінеді. Тіпті балалар менің тілім келмейтін бір егістіктердің атын да атап жүр. Осының бәрі адам қолымен емес, машина күшімен салынып жатыр ғой шырақтарым, тетігін біліп істей білсе, үкіметіміз бәрін де беріп тұр ғой.

— Енді ше? — деп шал көтеріліп алды да, советтік бай техниканың ісін тіліп жеткенше сыйпаттай бастады. Оған шығарған өлеңдері мен әндерін айтты...

— Мұның бәрі көңіл аулау ғой,— дейді ол шаршаңқырағаң кезде,— көңіл шаттығын білдіргендігім болмаса, тоқсан төрттегі менде қанша екпін, қанша дауыс бар дейсін. Дауыс жастарда ғой. Ән шырқайтын да, билейтін де солар...

IV. ЖАСТАР ЖЫЙЫНЫ

Біз кешікпей жастарды да көрдік. Күннің жексенбі екені есімізде. Бұл колхоз егіннің аса бір қауырт кезінде болмаса, жексенбі сайын үнемі демалады екен. Колхоз орталығында, ішіне үш жүздей кісі сыятын тәп-тәуір клуб бар. Онда күн сайын кино жүріп жатады. Бізден бір күн бұрын, бастығы — Совет Одағының халық артисткасы Күләш Байсеитова, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Қазақ ССР-нің халық артисі Әнуәрбек Үмбетбаев, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген артисі Байғали Досымжанов, республиканың көрнекті артистер тобы концерт беріпті.

Жеті жылдық мектептің жоғары кластарының оқушылары мен колхозшы жастардың күшімен құрылған драмалық, музыкалық және хореографиялық үйірмелер бар екен, олар жексенбі сайын сауық жасайды екен.

Біз клубқа барғанда, жастардың бір тобы қазақтың домбырасы мен ұйғырдың дутарын ойнап, бір жүйесі әндете билеп жатыр екен. Кезі келгенде айта кету керек — билеу ұйғырдың атамзаманнан бері келе жатқан дағдылы сауығы. Егер сіз ұйғырдың үйінде болған мәжіліске қатынассаңыз, жастары түгіл мосқалдарының да билегенін көресіз. Сауық бар жерде олар бисіз отыра алмайды. Осы дағды жастарына да ауысып, бастары қосылған жерде, сапырылыса билейді де жатады.

Біз көрген жастар сондай қыймылда екен. Бір ғана кемшілігі, гармонь жоқ. Неге екенін кім білсін, қазақ, қырғыз, ұйғыр сияқты елдердің аулына гармонь сияқты үні әрі күшті, әрі көңілді орыс музыка құралы кең мөлшерде әлі кірген жоқ. Бұл біздің мәдени-ағарту орындарының еске алатын ісі.

Сондай кемшілігі барын мойынға ала тұра, Калинин атындағы колхоздың жастары, бар мүмкіншілікті кең пайдаланып, клубқа жыйналғанмен ішіне сыймаған көпшілікке түкті кілемдей боп көктеген ауланың ішінде кеш-

кі тымық және жанға рахат ауаны толқындатып жырлап та берді. Жас денелерін ұршықтай иіріп, билеп те берді... Көпшілік шат көңілмен оларға әлсін-әлсін қол соқты...

Клуб қасында бағананың басында репродуктор сөйлеп тұр еді. Бір кезеңде ол, СССР Жоғарғы Советінің сессия мәжілістерінің күнделігін жариялады. Хабарлар оқылып болған кезде, жыйналған колхозшылардың соққан қолдары ду ете қалды...

— Жасасын біздің үкімет! — деп жіберді Сиражитдин қарт!


Колхозшылар оған бірауыздан үн қосты.





V ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЫҢЫНДА

1 БҰЛ ЖЕРДІҢ ТАРИХЫНАН



Туған әкесі мен туған шешесін әркім де жақсы көреді. Мен де өз әке-шешемді жақсы көрем. Бірақ, мен оларды түстеп үлгерген кісі емеспін, өйткені әкем өлгенде мен алты жастамын, шешем өлгенде жеті жастамын, сондықтан, менің сана-сезімімде оларға біткен кескін-кейіп пен түр-тұлғаның нақтылы өзі емес, көмескі елесі ғана қалған. Сонда да мен оларды жақсы көрем, өйткені, менің дүниеге адам боп келуіме себеп болуларымен қатар, аз жыл бірге өмір сүргенде, олардан көрген мейірім мен махаббатты мен өзге ешкімнен де көрген емен.

Тірі бейнелері есімде еркін сақталмаған әке-шешемнің қатар орналасқан қабырлары, күні бүгінге дейін көз алдымда. Үстіне там, тас сияқты ешбір белгі қойылмаған, кәзір жермен тегістеліп кетуге айналған бұл екі төмпешіктің жатқан жері, ұлылы-кішілі ешбір географиялық карта бетінде белгіленген жоқ, сондықтан, көрген біреу

бастап апармаса, оны табуға да болмайды, ал мен ол қабырларды көзімді жұмып отырып та таба алам.

Менің әке-шешемнің бейіті жатқан өлкеге тұрғын елдің қойған аты Жаманшұбар. «Жаман» деген сөз түсінікті. Ал, «шұбар» деп, біздің елде жазық далаға бытырай өскен сирек жас ағаштарды айтады. Ондай «шұбар» біздің арада да өскен, бірақ, ол неге «жаман» аталған?

Бұл сұрауға жауап беру үшін, мен туған елдің тарихына әріректен қысқаша үңілуім хажет.

Жазы-қысы көшетін қазақ ауылдары, 18-ғасырдың басына дейін, батысқа беттесе Еділ мен Жайыққа тірелетіні, шығысқа беттесе — Ертіске, күнгейге беттесе — Сырдарияға, теріскейге беттесе — Есіл мен Нұраға тірелетіні тарихи деректерден мәлім. Сол кезде, Керей руына жататын менің арғы аталарым, Сырдария бойында көшеді екен.

1723 жылдың жазында Сыр бойында тақыршылық болады. Сол кезде Жетісу өлкесінде хандық құрған жоңғарлық қалмақтар Сырдарияға шабуыл жасап, көшпелі қазақ ауылдарының қарсыласқан адамдарын қырады, мал-мүліктерін талайды, қорғансыз адамдарын құлдыққа алады... Осы шабыншылықтан қашып құтылған қазақтар Россия шегіне барып паналайды. Ұлы орыс халқы оларды құшақ жая қарсы алады. Іргелес, қоныстас боп мейірім көрген орыс халқына қазақ халқы тағдырын мәңгілік біріктіріп, Россияға еркімен бағынады. Бұл 18 ғасырдың отызыншы және қырқыншы жылдары болған уақыйға.

Осы кезде менің арғы аталарым қәзіргі Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Қарақамыс ауыл советіне қарайтын алқаптан қоныс алады. Таусыз, өзенсіз бұл өлкеде жыңғыс орман да, шалқар көлдер де көп. Жері — қалың қыртысты қара топырақ. Ықтай қыстаған бір қалың орманның атын біздің ауыл «Қарағаш» қояды.

Қарағашта біздің ауыл 1892 жылдың жазына шейін отырады. Сол жазда Қарағашты патша үкіметі переселен участогіне алады да, біздің ауылды еріксіз көшіреді.

Енді қайда бару керек? Маңайда орналаса қоятын бос жер жоқ. Ондай жер тек жайлауда ғана бар.

Жайлау туралы бірер сөз: Россияға бағынғанға дейін жазы-қысы бірдей көшетін қазақ ауылдары, бағынғаннан кейін, орыс крестьяндарының үлгісімен, қыс бір орынға жылы үй, қыстау салып мекендейді, жаз жемшөп дайындап, қарамалдарын қыстай қолда асырайды, жайлауға тек жаз айларында ғана көшеді.

Біздің арада бір кең жайлау бар, оның батысы Обаған өзеніне, күнгейі Есіл өзеніне, шығысы Майбалыққа (Солтүстік Қазақстан облысы, Пресногорьков ауданы), теріскейі Пресногорьков станицасына (Қостанай облысы) тіреледі. Мөлшерлеп айтқанда, бұл жайлаудың ұзын тұрқы жүз елу километрдей, көлденеңі жүз километрдей. Ормансыз жазық далаға біткен бұл жайлаудың өнбойында қаптаған көл. Қара топырақты жерінің шалғынына жаңбырлы жылдары, бейнелеп айтқанда, «құлын жасырынады». Жаз айларында жүздеген ауылдар келіп қонатын бұл кең жайлау, өзге айларда құлазып бос тұрады.

Қарағаштан еріксіз көшіп, мекендеуге жер іздеген біздің ауылдың есіне осы кең жайлау түседі. Бірақ, оның көрінген жеріне барып қыстау салуға болмайды. Қыстауды тек жаз ауыл қонбайтын, малдың қысқы азығына шабындығы бар жерден ғана салу керек.

Жайлауды түгел кезген біздің туыстар, ондай жерді табады: Жаркөл, Алыпқаш (картада қатеден «Алпаш» боп жүр), Батпақкөл, Дос аталатын төрт көлдің арасында, батыстан шығысқа созылған ұзын тұрқы қырық километрдей, күнгейден теріскейге созылған көлденеңі жыйырма километрдей, сусыз шөл дала тұр, әр жерде шоқтала өскен шұбарлары және шіліктері бар. Жаз айларында ондай шұбарлы жердің масасы мен сонасы қалың болады, сондықтан, маңайда көлі бар жерлер тұрғанда, мұндай шыбыны көп шөл-даланы ешбір ауыл жайламайды. Қыс-

тау салуға жер аса қолайлы: айнала мол шабындық, ықтай қыстайтын шұбары бар, отындық шілігі мол, бес-алты кез құдық қазса, шаруа үйді қыстай қамтамасыз ететін су шығады. Жаз жайлауға жақын жерде «Дос» атты жақсы көл бар...

Осы жағдайлардың бәрін есептейді де, біздің ауыл (қырық шақты үй) бір қалың шұбарды ықтай қыстау салады. «Адамы тоқ, малы күйлі» дегендей, ол қысты жақсы өткізген біздің туыстар, келер жылдың күзінде өмірде естен қалмастық апатқа ұшырайды.

Көшпелі ауылдардың әдеті — жаз жайлаған жерлерін, күз ел көшкен соң, немесе көктемде — ел келер алдында өртейді. Оған екі себеп болады: бірі — ескі шөпті өртесе, жаз айларында малға тиетін індеттердің тұқымы да өртеледі; екіншісі — ескі шөп өртелсе, алдағы көктемде жерге «өртең» аталатын кілең жас шөп шығады да малға оның астығы ескі шөп араласқан оттан әлдеқайда артық болады.

Сол себептен бе, әлде біреу қастық қылды ма, біздің ауыл жайлауға мекендегенінің келер күзінде әлдеқайдан қалың өрт келеді де, жолындағы жердің барлық өсімдігін, ауылдың қыстауын, үй-мүліктерін тып-тыйпыл ғып күйдіріп кетеді. Көп мал науыт болады. Адам да күйеді...

Осынша апатқа ұшыраған біздің ауыл, басқа барар жері болмағандықтан, күйген қыстаудың орнына қайтадан мекен салады. Алдағы қыста малдарын олар маңайдағы көлдердің құрағын және қамысын орумен асырап шығады. Бақтарына қарай қыс жылы болады. Келер көктемнен бастап тұрмыстары жөнге қойылып кетеді. Енді олар қапыда басатын өрттен де сақтанып, маңайдағы орыс поселкелерінің жәрдемімен, қыстауын алыстан айналдыра соқамен жыртады да, өрт өтпейтін сақыйнамен қоршайды.

«Жақсы» деп кеп паналаған шөлдегі шұбар алғашқы жылы «жаман» боп өрт апатына ұшыратқан соң, біздің

ауыл да, маңайдағы ел де ол жердің атын «Жаманшұбар» қояды. Кейін біздің ауыл да «Жаманшұбар» аталып кетеді. Сол дағдымен біз, күні бүгінге дейін «жаманшұбарлықтар» атанамыз.

Жаманшұбарда мен туған да жоқпын, тұрған да жоқпын. Менің әке-шешем де онда көп тұрған жоқ. Біздің ауыл Қарағаштан Жаманшұбарға көшіп барған кезде, менің әке-шешем, туған ауылдарынан тысқары жерде жалшылықта жүреді екен. Мен олар жалшылықта жүрген жат ауылда туғанмын. Әкем ол жылы қырық тоғызда, шешем — қырық екіде. Менен басқа ұл оларда болмаған. Қыздары көп болған, бірақ, ол замандағы қазақ ауылының ғұрпында қыз — бала емес, «қалың мал» ғана...

Көп жыл ауыр бейнеттің салмағымен жаншылған менің әкем де, шешем де мен туғаннан кейін еңбекке жарамайтын даражада ауырып, басқа паналар жерлері болмаған соң, Жаманшұбардағы туыстарына көшіп барады. Ол жылы мен бес жастамын. Қелер жылы әкем өлді, одан келер жылы шешем өлді. Менен үш жас үлкен апам — Ұлтуған екеуміз жетім қалдық... Бұл тақырыпқа жазған арнаулы шығармам болғандықтан, тоқталмаймын. Тек қана айтарым: бес жасымда барып, он үш жасымда кеткен қыстауымыз — Жаманшұбар мен жайлауымыз — Дос, барлық жылы бейнесімен, менің есімде мәңгілік сақталуы ғана...

Күні бүгінге дейін көз алдымда: таусыз, ормансыз, өзенсіз, көлсіз, белессіз жап-жазық кең далада, күнгейден теріске қарай созылған саяңдау жерге шыққан екі қалың шіліктің ортасында біздің ауылдың «Жаманшұбар» аталған қыстауы тұрады. Айналада, күніне ат жетер жерде одан басқа ауыл жоқ.

Қыс ол араның қары қалың түседі,— жолсыз жерден қарулы салт аттан басқа көлік жүре алмайды. Көп күндер алай-түлей боранмен өтеді. «Жынды» аталатын

кейбір борандарда, адамға астына мінген атының құлағы көрінбейді. Ондай боранда ешкім жолаушы шықпай, қақпаларын бекітіп алады да, қолдағы малдарын күтіп отыра береді.

Бірнеше күннің бойына созылған боран, кейде үйлер мен қораларды теп-тегіс қалың және биік күртікпен жауып кетеді. Боран ашылғаннан кейін әр үй өз қорасының маңына үйілген күртікті қазып жол ашады, үй мен үй терең қазылған орлар арқылы қатнасады...

Үйлерді күртіктер бұлай баспау үшін қыстың басында, ауылды және үйлерді жағалай, қамыстан қалқан ұсталады. Жазық далада жел айдаған қар, қалқандарға ықтай келе, біраздан кейін қалқан маңы қар тауына айналады. Қамыс қалқан ол таудың үстіне үстеле тағы да орнайды... Қар аязда тас боп қатып қалады да, адам түгіл жеңіл-желпі малды да көтеріп кетеді.

Қалқан маңына орнаған қар тауы балаларға екі жақтан қызық болушы еді,— бірі — сырғанақ үшін, екіншісі — қамба қазып қоян ұстау үшін. Ағашсыз Жаманшұбарда бала атаулының бәрінде итшана бола бермейді. Шанасы жоқ балалар биік күртіктің басынан етегімен сырғанайды. Солай ойнауға Жаманшұбардың балалары таң атқаннан күн батқанға дейін қажымайтын еді. Кейбір «қызылшұнақ» аяздарда киімі жұқа балалар аяқ-қолдарын, денесін домбықтырып алушы еді. Бірақ, одан ешкім де сырғанақтан қалмаушы еді... Қыс айларында, аспан жиегіне жақын жылжыған «құлақты» күннің сәулесіне боялған қардың бетінде жүгірген үрлесін аппақ, бұп-бұйра күртіктердің бетінде жүгірген күрең жалынға ұқсаса, сол күрең жалынның сәулесі түскендей, аяз сүйген балалардың бетіндегі қып-қызыл қандары да шалқыған жалындай құлпырып ойнар еді... Біз — балалар, Жаманшұбардың қысында солайша көріктенетін едік!..

Қыстың балалар үшін ең қызығы — камбамен қоян аулау: биік күртіктен терең, тар құдық қазамыз да, ішіне

шөп жағып, құдықтың қабырғасын мұзға айналдырамыз. Содан кейін құдықтың бетін шілікпен жауып, үстіне жоңышқа шөп себеміз. Қыс ашығып жүрген қоян, шөпті жеймін деп келеді де, гүрс етіп қамбаға түсіп кетеді. Таңертең барсаң, ұзын құлақтарын қайшыландырып, терең қамбаның түбінде отырады... Оны ұстау, бала үшін қандай қызық!..

Жаманшұбардың қары, жыл жақсы болса апрельдің басында, жаман болса аяғында ериді. Қашан ерісе де ол күрт еріп, тез кетеді. Жазық далада шілік шығатын дөңгелек, кішкене саяңдар көп. Қардың суы жерге сіңіп болғанша ол саяңдардың бәрі көл немесе көлшік сияқтанып жап-жалтыр боп жатады. Жаманшұбар бойында тарақ-құйрық көп. Қар ери, олар қыраң жерге шығып ін қазады да, маңында оттап жүреді, адам жақындаса ініне кіріп кетеді. Бірақ, онымен ажалдан құтылмайды бейшаралар: балалар індеріне су құйса, тұншыға қалқып бетіне шыға келеді...

Қар кеткенмен, күн жылығанша жаманшұбарлықтар қыстаудан шықпайды, өйткені жас төлді күн жылынғанша қорада ұстау керек. Жаманшұбар ауылының кесібі тек мал бағу ғана, сондықтан аз болсын, көп болсын,— малсыз үй болмайды, малы болса, төлсіз болмайды. Жас төлдерді бағу — малды ғана өсіретін ауылдың баласы үшін қандай қызық!.. Маған бала кезімде бұзауға мінуден, лақтарды сүзістіруден қызық ойын жоқ сияқтанатын еді... Өзімде жоқ болғанмен бар үйдің төлдерін қызыға бағысушы ем!..

Қар суы азайып, жер құрғауға айналған шақта Жаманшұбар да, төңіректегі басқа елдер де маңындағы ескі шөптерді өртейді. Қыстауын айнала, қара жыртындыдан сақыйна салған Жаманшұбар, мұндай өрттерден енді қорықпайды.

Ол да бір ғажап картина болушы еді: төңірек өртеліп жатқан кезде күндіз Жаманшұбар үсті көк түтін боп

тұманданып тұрады да, өрттердің қайда жанып жатқаны күн батып, қараңғылық түсе көрінеді. Сол бір түндері тысқа шығып тұрсаң, Жаманшұбарды айнала жанған өрттің қызыл-күрең жіңішке ленталары қуған желдің лебінен желпілдей ілгері жүгіріп, әлде не кең өлкелерді сақыйналандыра қоршап әкетеді де, әлдеқайдағы жолдарға ма, суларға ма кездесіп, қараңғы түннің тұңғыйығына батып жүре береді. Кейбір өрттің ленталары екпіндей жүгіре, Жаманшұбарды қоршаған қара жыртындыға тіреліп кеп сөнеді... Сол бір күндері Жаманшұбар айнала қоршаған от сақыйналарының ортасында тұрады!..

Біздің арада «құралайдың салқыны» дейтін мезгіл бар. Дәл қай күндері екені есімде болмағанмен, мөлшерлеп айтқанда, бұл май айының басы. Ескілікті қазақтардың айтуынша, осы кезде құралай (киіктің ұрғашысы) лақтайды, тобылғының бұтағы бүршіктеніп, жапырақ жарады. Оған дейін көктемнің салқыны өтпейді, күн райы еркін жылынбайды. Құралай лақтай, тобылғы жапырақ жара, шын мағынасындағы жылы көктем басталады.

Құралайдың салқыны өте, жаманшұбарлықтар қысқы үйінен шығады да, қорадан алыс киіз үйін тігеді. Қыс бір жерде қыстайтын жаманшұбарлықтар, жаз: Жансүгір, Жарылғас, Болат, Байтубай атанып, төрт ауыл боп қонады. Бірақ олар қыстау маңында аз уақыт қана отырады да, жас төлдер айдауға жараған уақытта Достың басына, жайлауға көшеді. Жайлаудың өртеңі ол уақытта жайқалып өсіп тұрады. Көктемнің мол суы қосылған Дос шарықтап, жағасы жалтыр шалқар көл боп кетеді.

Достың күнгей жағы дөңестеу. Біздің ауылдар дөңді қырқалай қонады. Дөңнің күнгей жағында «Білипан» аталатын, ұзын тұрқы екі шақырымдай, көлденеңі жарты шақырымдай, саяңға біткен, ортасы сулы қалың томар бар. Биіктігі кісі бойындай томарлардың өнбойы толған үйректер мен қаздардың, шағалалардың және бас-

қа құстардың ұялары болады, құстар ол ұяларға жыпырлата жұмыртқа салады... Біздің жаманшұбарлықтар Білипан томарынан құстың жұмыртқаларын етектеп, шелектеп алып шығады... Жұмыртқаларды теруге, әсіресе, біз — балалар құмармыз!..

Достың жағасы құмдақ — тақыр. Балалар онда ертеден кешке дейін асық ойнайды. Шөлдегенде не ыстықтағанда олар әлсін-әлсін суға түсіп, түбі құмдақ қайранда балықша жүзеді... Жағадан алыстағы қамысқа олар малтып барып, қант татыған сүйрігін суырып жейді... Күні бойы көл жағасында ойнаған балалар жаз ортасы кезінде, көлден өріске шыққан қаз бен үйректің балапандарын аңдып ұстап алады. Ол қандай қызық!..

Осынша қызығының ішінде болып, күн көрістің нашарлық салдарынан он үш жасымда еріксіз тастап кеткен Жаманшұбар мен Досты мен әкем мен шешемнен кем сағынбайтын ем. Әр жерде жалшылықта жүріп, ауыр бейнеттің астында жаншылғанмен, көруге реті келген шақта аңсай кеп құшақтайтын ем оларды... шалғынына аунайтын ем, суына шомылатын ем!..

Соншама сүйетін Жаманшұбар мен Досқа 1928 жылдың жазында ұзақ уақытқа дейін қош айтуға тура келді. Одан бір жыл бұрын, 1927 жылдың жазында Жаманшұбарға барсам, кең жайлаудың бойында, Досты айнала қонған біздің төрт ауылдан басқа ел қалмапты.

Біздің арада көшпелі қазақ ауылдарын отырықшы тұрмысқа айналдырып, әр ауылға меншікті жер өлшеп беру науқаны 1925 жылдан басталды. Сол жылдан бастап, бұрын жаз жайлауға көшетін ауылдардың бәрі, үкіметтен қалаған жерлерін сұрап алады да, отырықшы боп біржола қоныстанады. Олар, әрине, түпкілікті қоныска ормансыз жайлауды емес, кен жайлауды айнала біткен орманды өлкелерді қалайды. Ондай жерлер де бұл маңайда жеткілікті.

Ауылда орманды жерлерге біржола орнығып қоныс-

танғаннан кейін біз сөз ғып отырған кең жайлау құлазып қалады. Мұншама жерде Жаманшұбар ауылының да жападан-жалғыз отырғысы келмей, орманды жерден қоныс сұраған екен, сонда үкіметтен қалағаны — баяғы өздері еріксіз көшірілетін Қарағаш. Ол көптен бері қазыналық участок боп бос тұрады екен.

Үкімет жаманшұбарлықтардың тілегін қабылдады да, олар жайлаудан Қарағашқа 1928 жылдың жазында біржола көшті. Содан кейін ұзын тұрқы жүз елу километрдей, көлденеңі жүз километрдей біздің кең жайлау құлазып бос қалды.

Жаманшұбарлықтар жайлаудан Қарағашқа көшерде мен ішінде едім. Қалаған қонысын алып көшуге ыңғайланған жаманшұбарлықтар, отыз алты жыл мекендеген құтты жерін қыймаған кескін көрсетті. Достың дөңіне тіккен киіз үйлерін жығардан бұрын олар Жаманшұбардағы зиратқа қоштасып қайтуға жөнелді. Көшер кезінде, жалпы үй саны алпысқа жеткен жаманшұбарлықтардың әрқайсысының да бұл зиратта жақын туыстары қалып барады: біреулерінің әке-шешелері, біреулерінің бала-шағалары, біреулерінің туыстары...

Жылау-сықтаудың үстінде, мен де өз жақындарымның зираттарымен қоштастым. Қайта оралып келе қалған күнде, тауып алу үшін, әркім де туыстарының қабырларын белгілеп жатыр. Мен де әке-шешемнің қабырларын белгіледім.

Зираттан қайта, жаманшұбарлықтар кигіз үйлерін жықты да, жүктерін арбаларына артып, теріскей беттегі Қарағаш жаққа беттей жөнелісті. Жаманшұбарда туып өскендер, құтты болған жерінен жылап айрылды. Менің де көзімнен жас шықты...

Содан кейін, Жаманшұбар мен Досқа мен 1937 жылдың жазында оралдым. Қасымда он жасар Арыстан мен сегіз жасар Марат бар. Арыстан 1927 жылы жазды күні, Достың басында туған. Мен оған дүниеге алғаш шырыл-

дап шыққан жерін көрсетпекпін. Мінгеніміз — автомобиль.

Бұл сапарға біз Москвадан келе жатырмыз. Москва—Алматы поезынан Ақтөбеде түсіп қалғанбыз, осы қаладан машина алдық та, Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай арқылы Қостанайға тарттық. Ұзын тұрқы мың жарым километрдей осы ұзақ жолдың бойында, әсіресе Ырғыз бен Жеті көл (Семиозерное) арасында біздің көргеніміз — ұшы-қыйырсыз құмдақты кең дала. «Құс ұшса қанаты, тұлпар жортса тұяғы талады» дейтін, «көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ», дейтін құнарсыз бұл құмдақ даланы кезіп келе жатқанда, менің есіме Жаманшұбар, Дос, олардың маңайындағы кең жайлау түседі.

Естуімше, Дос пен Жаманшұбардың маңы да әлі де осы мен кезіп келе жатқан Ырғыз бен Торғайдың даласындай, елсіз құлазуда. Бірақ, мұндай ма Дос маңындағы жайлаудың жері?.. «Түгін тартса майы шығады» дейтін құнарлы жер емес пе ол?.. Ырғыз бен Торғайдың құмдақ құнарсыз даласы садағасы кетсе болмай ма Дос маңындағы құнарлы, құтты жайлаудың?..

Туған жайлауыма мен 1937 жылы Анновка (Қостанай облысы, Урицкий ауданы) жағынан кеп кірдім. Жаманшұбар мен Анновканың арасы 35 шақырым десетін. Егін сеппейтін Жаманшұбардың астық алатын қаласы осы Анновка болатын. Ол кезде орыстың кедей крестьяндарына көлік жетпейді, мал шаруашылығымен ғана күн көретін қазақ кедейлерінде бірен-саран көлік бар да, астық жоқ. Сондықтан қазақ кедейі орыс кедейіне егіс науқанында көлік беретін де, ақысына күз астық алатын. Шаруашылық қарым-қатнасы осындай тығыз екі ұлттың кедейлері достасып, бұл достықтың атын «тамыр» қойып алған. Анновка мен Жаманшұбарда тамырлар көп болатын, сондықтан, олардың қарым-қатнастары да көп болатын.

Жаманшұбардан жастай кеткендіктен, мен Анновкада ешкіммен тамыр боп үлгерген жоқпын да, бірақ 12—13 жасымда, Жаманшұбар арқылы Анновкаға жүретін қазыналық жәмшікті айдасқандықтан, екі араның жерін де, жолын да алақанымдай білетінмін.

Анновкадан Жаманшұбардың жол жайын сұрасам, «Күйген ауылды» көрген қарттары біледі екен де, жастар жағы білмейді екен. Қарттардың айтуынша, «Күйген ауыл» көшкелі ол жаққа ешкім барған емес, сондықтан бұрынғы жолдың ізі өшіп, тек сорабы ғана қалған.

Расында солай екен: Жаманшұбарға беттеп шықсам, бұрынғы өзіме таныс жолдың терең қазылған ізі қазір жермен тегістеліп кетіпті. Бірақ, сорабы сақталған: көп жылдар бойына жүрген көліктердің қыйынан көңге айналған жол үстіне шөп маңайдағы жерден биік өсіп, жердің тікейген жалы сыяқтанып тұр.

Тіпті жолы болмаса да, жолының сорабына өскен жалы болмаса да Жаманшұбарды мен көзімді жұмып отырып табатынмын, өйткені, елі көшкенмен жері баяғы: жолда «Бұзау көмген» аталатын шілік бар, одан әрі «Ит қырылған» шілігі, одан әрі «Айман» аталатын, суы көктемде ғана болып, жаз кеуіп қалатын көлдің тақыры, одан әрі «Шайтан қашқан» шілігі, одан әрі «Құлыншақ», одан әрі Жаманшұбар...

Жаманшұбар жақтағы төсеген тақтайдай жазық далада менің көзімді алдарлықтай бір ғана көрініс бар екен, ол — біздің ауыл көшіп кеткеннен кейін Жаманшұбар даласының әр жеріне шоқтала өскен ағаш. Анновкадағы қарттардың айтуынша, елсіз далаға өскен, ара-тұра өрт шалмаса, адам кеспеген ол ағаштар қазір ашалық, арқалықтық, сырғауылдық болып қалған.

Жаз айларында ол өлкеде, күннің көкжиектен көтерілуінен бастап, батуға еңкейген кезіне дейін, айнала сағым толқыйды. Ел мекендеген кезде, алыстағы ауылдар, қыстаулар, далада үйілген шөптер, жайылған малдар,

жүргінші адамдар айнала толқыған сағым теңіздерінің бетінде қалқып келе жатқандай көрінеді. Енді, ел жоқ далада, әр жерде өскен ағаштың шұбарлары ғана теңіз бетінде теңселе қалқып келе жатқан салынды сияқтанады.

Сол жылдың көктемі жаңбырлы болғандықтан, топырағы құнарлы жерге өскен қалың қау мен сайларға өскен қалың жоңышқаның биіктігі белуардан келеді екен. Қауды біздің жақта «боз» деп те атайды. Бозға бозторғайлар ұя салады. Таңның атуынан күннің батуына дейін жүздеген бозторғайлар, бозаң даланың аспанына биіктей шығып алып, байлап қойғандай, бір орында қанатын ғана қозғап сайрайды да тұрады. «Даланың бұлбұлы» аталатын бұл құстар, ескі досы мені сағынышпен қарсы алғандай, бүгін ерекше нәзік үнмен сайрап тұрған сияқтанады.

Ал жоңышқалы сайлар ше? Олардан тәтті жидектің исі аңқыйды!.. Жаманшұбар даласының бар жемісі сол ғана... Бірақ, қандай жеміс!.. Шүлен қойдың жүніндей тығыз өскен қалың жоңышқаның арасын ашып жіберсең, күн сәулесі шалмағандықтан боп-боз боп өскен бармақтай жидектер, меруерт тасындай жылтырап, көзіңе шалына кетеді. Жұп-жұмсақ оны сабағынан жұлып ап аузыңа салсаң, қышқылтым тәтті дәмі тіліңді үйіре жөнеледі. Сілекейі шұбырған көмекейің жұтынып тез қылғығысы келгенмен, сорған тілің тәтті жидекті таңдайыңа басып, біраз уақыт жібермей тұрады... Оны жұтсаң тағы біреуі, оны жұтсаң тағы біреуі орнын басады!.. Бірақ, жидек оған таусылмайды... Жаңбырлы жылы ол аса қалың шығады... Терушілер оны қалталап емес, етектеп, шелектеп жыйнайды... Жаманшұбарлықтар жыйған жидекті қазанға қайнатып қақ құюшы еді. Қатырма қағаздай ғып құйған қара-күрең қақты күн көзіне кептіретін еді де, бүктеп кебежесіне салатын еді. Байлары болмаса, кедейі қант дегенді емге тапшайтын ол кездегі ауылда, келер жылдың

жидегі шыққанша татар тәттісі осы қақ қана болатын еді.

Жаманшұбар даласының исі мұрныма келген жидегін теруге мен машинадан түсе қалдым да, биіктігі белуардан келетін жоңышқаның арасына сүңгідім де кеттім... Мені көріп балаларым да сүңгіді... Жоңышқаның арасын ашып көрсек, таныс жидектер тұнып тұр!.. Біз оны тойғанша жедік те!.. Сыйғанша қалтамызға салдық та!.. Бірақ қалың ауыл боп мыңнан бір үлесін теріп тауыспайтын Жаманшұбардың жидегін екі бала, шофер және мен төртеуіміз теріп тауыса аламыз ба?!. Не деген көп жидек!...

Ел мекендеген кезде, жылдың бұл мезгілінде Жаманшұбардың өнбойын мыңдаған шошақтар мен жүздеген маялар жауып тұратын. Оларды шамасы келгенше тұрғын ел шауып үйетін де, шамасы келмейтін өлкелерді әлдеқайдағы алыс ауылдардың, поселке мен қалалардың байлары кеп, шауып үйетін... Олар осы араға мыңдаған сауда малдарын қыстататын...

37 жылы көрсем, бүкіл Жаманшұбардың бойында бір шөмеле шөп көрінбейді. Ал, шөптің қалыңдығы сондай — мыңдап мая үйсең де мұрты сынар түрі жоқ!..

Ел кеткелі Жаманшұбарға жаңа бір қонақтар пайда болғанын мен Анновканың карттарынан естігем.

— Бұрын ел бар кезде,— деген маған, колхоздың басқармасында жолыққан карттар,— тараққұйрық пен күзеннен басқа, ақ тышқан мен борсықтан, қасқыр мен түлкіден басқа аңдар бұл жайлауда болмайтын еді ғой. Қазір онда: киік те, елік те, бұғы да, құлан да, қопалы көлдеріне қырдың шошқалары да қаптап кеткен. Өтірікрасын кім білсін, «Шошқалы», «Алыпқаш» сияқты үлкен қопаларда жолбарыс көрдік дегендер де бар. Оның болуы да мүмкін. Бұрынғылардың айтуынша, қыр шошқасы бар жерде жолбарыс болатын сияқты ғой. Аң көбейгелі қасқыр да көбейген. Қыс күндері, әсіресе ұйлығатын шағын-

да, Жаманшұбар даласында жыйырмалап, отыздап жүрген қасқырды әркімдер көрді...

Қарттардың сөзі рас екен. «Бұзау көмген» шілігіне жақындай бергенімізде, бес-алты бұғы үркіп шыға келді де, бізге одырая қарап аз тұрып, шанышқақ тиген сыйырдай құйрықтарын тігіп ап, арғы бетке қаша жөнелді.

Мен мылтықшы адам емеспін, ал шофердің жолға алған «ұсақ колибері» бар. Жолшыбай ол көлден қаз-үйрек, шөлден дуадақ... дегендей құстарды атып, далаға қонған шағымызда сорпа-суанымызды айырып келе жатқан. Сөйте тұра, жақын жерден қашқан бұғыларды «қуайық та атайық» дегенде ол көнбеді. Сондағы айтары: «атқанға жығылса дұрыс. Ал, жығылмай, тек жараланды бар ғой, ол өзіне қарсы шабады. Ал, жетті бар ғой, машинаның тас-талқанын шығарады. Оның алдыңғы аяғы сондай мықты дейді,—тарпый салып жібергенде, жуан ағаштарды омырып тастайтын көрінеді!..»

Сондай түсініктегі шофер, Жаманшұбардың жетуге мүмкіншілігі бар жазық даласын бойлай қашқан бұғыларды қумай, қарасы үзілгенше көзін қызыға тікті де тұрды.

«Шайтан қашқан» тұсынан біз бір топ киіктің де елесін көрдік. Оған жақындай берген шақта, шілік тұсында толқыған қалың сағымның бетінде әлденеменелер зымырай қалқып, лезде жоқ боп кетті.

— Киік!— деді шофер.

Тоқтай ғап қарасақ, расында киік екен. Сайдағы сағымға сүңгіген олардың денесі, биіктеу бозаңға шыққанда айқын көрінді: қайқыйта шапқан бастарының сүйір иегін алдынан соққан самалға төсей, аппақ таңдары жарқ-жұрқ етіп, зымырай тартып барады.

— Ал, қуайық!— дедім мен.

— Қуайық!— деді шофер.

Тарта жөнелдік. Жаманшұбардың бозаңы мен саяңы аралас келеді. Саяңында машина жүре алмайтын жарық-

бастар да көп болды. Бізге сондай жерлер кездесіп, машина еркін қарқындай алмады. Тіпті, қарқындаған күнде де киіктердің шалдырар түрі жоқ, шофердің мөлшерлеуінше, киіктер бұл бетінде сағатына сексен — тоқсан километрден айдап барады, ал машина, бозаңды тегіс жердің өзінде сағатына елу — алпыстан артық ала алмайды...

Киіктердің бұл шабысы маған шайтанның шабысынан бір де кем көрінген жоқ. Жете алмайтынымызды біліп, «Шайтан қашқан» шілігінің қасына тоқтағанда, менің есіме бұл шіліктің аты неге бұлайша қойылуы түсті: жайлауға қалың ел келетін кезде Жаманшұбардың шабындық жерін жақын маңайдағы ауылдардың малы баса береді. Содан құтылу үшін, Итаяқ дейтін біздің бір туыс атамыз төмендегідей аңыз таратады:

— Бір жақтан салт келе жатсам,— дейді ол,— шілік ішінде маңырағаң лақтың даусы естіледі. Барсам, алдыңғы аяғынан ақсаған текешік. Аттан түстім де, көтеріп ап, алдыма өңгердім. Бір кезде текешігім маған «Итеке, насыбайың бар ма?» дейді. Шошып кетіп жерге тастап жіберіп ем, басы адам, бөксесі текешік боп шыға келді. Ол маған қарап күлді де, «теке-теке, бақ-бақ» деп ұмтыла берді. Шайтан екенін сонда ғана білдім, мен иманымды үйіріп тұра қаштым! Ол менен қашып шілікке тығылды...

Шілік содан бастап «Шайтан қашқан» аталады да, «ішінде шайтан бар» деп, маңайды жайлаған ауылдар малдарын ол тұсқа жібермейді.

Киіктер қарасын үзіп кеткеннен кейін шілік ішіне кірсем, қонақтайтын табыры осы ара екен. Мұнда қонақтамағанда қайда қонақтайды олар, маңайда аңдып жатып атып алар адам жоқ, қасқырға жеткізбейді...

Одан әрі біз Алыпқаш көліне қарай ойыстық, мақсатымыз — қыр шошқасын көру. Айналасы ат шаптырым бұл үлкен қопалы көлді жағалай бұрын «Алдай» аталатын ел қыстайтын еді, қазір ол да көшіп, қопаның маңы

құлазып қалған дала екен. Бірталай жерін жағалағанда, біздің көзімізге қыр шошқасының өзі емес, батпаққа басқан іздері ғана түсті...

Бозаңмен тағы біраз жерді кезіп, біз күн төбеден ауа, Жаманшұбардың ескі жұртына жеттік. Бәрі таныс жұрт. Бұл ауылдың қай үйі қай жерде отырғаны алақанымда. Күнгейден теріскейге қарай созылған ауылдың ортасын жара көше өтетін де, үйлер мен қора-қопсылар соның екі жағында болатын. Сол үйлер мен қора-қопсылардың топырағы томпайған жұрттарын жаяу санап келе жатқанымда, алдымнан әкемнің де жұрты шыға келді.

Мен бес-алты жасқа келгенде еңбекке жарамай, Жаманшұбардағы туыстарына көшіп барған әкем, жеке үй болмақ боп шымнан қысқы үйдің іргесін көтереді. Бірақ, сырқат адамдардың, ол үйдің төбесін жабуға күштері келмей, бір туысының үйіне қыстай паналайды. Келер көктемде әкем, одан келер көктемде шешем өліп, менен басқа ұлы жоқ олардың үйшігі, төбесі жабылмаған күйінде, қала береді. Біраздан кейін есіз үйдің қабырғасы құлап, төмпеге айналып кетеді.

Ішіне кіріп отырмағанмен, бейшара әке-шешемнің еңбектері соңғы рет жұмсалған бұл төмпе, маған олардың өздеріне салған ескерткіші сияқты көрінетін еді де, балалық шағымда да, берітінде де қасына барып тұратын едім.

37-жылы да сөйттім. Бірақ, қазір есіз тұрған ол жұрт қана емес, бүкіл жаманшұбарлықтардың жұрты. Сонда маған келген ой, «осынша топырағы асыл жерге неге ел орнамайды?!»

Осы пікірді мен 1949 жылдың күзінде, Алматы қаласында болған, Қазақстан Орталық Партия Комитетінің пленумында да айттым. Пленумда мал шаруашылығының мәселесі қаралған еді, сонда мен Жаманшұбардың, оның маңайындағы кең жайлаудың асыл топырақты жерін, суы тұщы көлдерін сыйпаттай кеп, «әлденеше мал совхо-

зы сыятын осы өлке неге бос тұрады» деген ем. Сонда, Қазақстанның бұрынғы басшылығынан біреулер «бұл ойланатын мәселе екен» деген еді де, енді біреулері, «бос тұрған жайлаулар түгіл, колхоздарымыз бен совхоздарымыздың тәуелді қоныстанған жерлерін игеріп үлгерсек те аз болмас» деген еді.

Ол кездегі басшылық осылайша тар ойлады, жерінің көлемі Франциядан жеті рет, Англия аралынан он бір рет, Даниядан тоқсан сегіз рет үлкен Қазақстанның топырағы бай өлкелерін социалистік егістіктің пайдасына түгел жаратудың жолын білмеді.

Жаманшұбарға мен 1952 жылдың жазында тағы бір оралдым. Бұл жолы терiскей жағынан: Атантай, Шүрегей, Сүлікті аталатын көлдер арқылы келсем, кең жайлаудың әр жерінде бірен-сарандаған табын малдар көрінеді. Сұрастырсам — кейбір алыстағы колхоздардың жазғы жайылымға әкелген бойдақтары екен.

Бір табын мал, алыстағы Ленин ауданынан, біздің ауыл жайлайтын Достың басына да келіпті. Бұл ауданның атқару комитетінің председателі Бірімжанов дейтін жаманшұбарлық жігіт екен. Достың тұщы мол суы мен маңайындағы шүйгін оты есіне түсіп, алыстағы ауданнан мұнда мал айдатушы сол екен.

Бірақ, Жаманшұбар әлі де құлазып тұр. Өткен жылы өрт жүріп, оның әр жеріне шоқтала өскен ағаштарын тағы да арса ғып күйдіріп кеткен. Ал, өртеңге шыққан қалың шөптің биіктігі белуардан...

Тағы да мен ескі жұртқа бардым... Тағы да, әке-шешемнің жерге айналып бара жатқан зиратының қасында біраз тұрдым... Маған олардың және оларды айнала жатқан өзге туыстардың аруақтары: «Мұншама кең, мұншама құнарлы өлке неге пайдаға аспай жатыр?.. Қашанға шейін жатады ол бұл қалпында?» деп сұрау бергендей болды...

Азабы ауыр болғанмен, балалық шағымды өткізген, әке-шешемнің, туысқандарымның қабыры орнаған Жаманшұбардың ширек ғасырдан артық адам көрмей құлазып бос жатуы көңілімді жүдетті. Социалистік құрылыстың керегіне Жаманшұбардың да тез іске асуын мен арман еттім. Ол арманыма көп кешікпей жеттім...

II. ТЫҢҒА ШАБУЫЛ

Совет Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті 1954 жылдың февраль-март айларында шақырылған Пленумында тың және тыңайған жерлерді игеру туралы тарихи қаулысын алған шақта мен қызмет бабымен Кавказда жүр едім. Бұл қаулыны қуанышпен оқып шыққанда, менің көз алдыма ширек ғасыр құлазып жатқан кең жайлаудың, әсіресе Жаманшұбар мен Достың болашақта гүлденетін бейнесі барлық көркем суретімен жарқырай қалды, өйткені құнарлы тың жерлер көтерілсе, бұл жайлаудың тыңы көтерілмеуге мүмкін емес!..

Кешікпей баспасөздердің бетінен, біздің жайлауда да әлденеше жаңа совхоздар ұйымдасып жатқан хабарын оқыдым. Қуанышты көңіл оларға баруға лепіргенмен, кейбір жағдайлардың салдарынан, кешігіп жетуге тура келді, ол — өткен сентябрьдің екінші жартысы.

Мен Алматыдан Петропавлға самолетпен ұштым. Бұл трассамен быйыл жазда бірінші ұшуым еді. Ашық аспанмен қалқып келе жатқан самолеттен төмендегі жер алақанның аясындай көрінетін әдеті. Бұл жолы аспаннан шолып келе жатқан жердің келбеті бұрынғы жаздарда көрінетін келбетінен өзгеше. Бұрын да текшеленіп көрінетін егін орнындағы жыртындылар быйыл әлдеқайда кеңіп, кей жерде ұшы-қыйырсыз далыйып кеткен!.. Өйтпегенде ше?.. Үстіміздегі бір жаздың өзінде Қазақ республикасы соңғы қырық жылда жыртқан жерінен артық жер жыртып, отанның егін себетін қорына сегіз миллион гек-

тардай үлес қосты!.. Осынша кең жыртылған тың және тыңайған жердің ұшы-қыйыры қалай көрінбек!..

Петропавлға келе сұрастырсам, Жаманшұбар жерінің қай совхозға қарауын білетін адам жоқ екен. Оларды кіналауға да болмайды,— географиялық картада ондай ат жоқ.

Бірақ, мен Жаманшұбардың жолын ешкім айтпай-ақ таба алам. Оған талай тарамды жолмен баруға болады, солардың ішінде, Петропавлда қазір тұратын адамдардың айтуынша, сенімдісі екеу, күдіктісі біреу. «Сенімді» дейтін екі жолдың біреуі, Петропавлдан батысқа қарай шыға, жолшыбай: Мамлютка, Дубравное, Сенжарка, Кладбинка, Ново-Рыбенка аталатын казак-орыс станицаларын қуып отырады да, екі жүз он километр жердегі Пресновкадан күнгейге тік бұрылады.

— Пресновкаға дейін грейдер,— дейді айтушылар, — одан арғы жолды, сол манда туған өзіңіз білетін боларсыз.

— Екінші жол,— дейді білетіндер,— Петропавлдан шыға күнгей-батысты беттей, Есіл өзенінің күнгей бетін жағалай тартады. Екі жүз километрдей жердегі Марьевкаға дейін ол да грейдер. Аржағын өзіңіз табасыз.

Бұл екі жолмен де менің жүргім келмейді, өйткені олар Жаманшұбарға мәні тым алыс орағытып апарады.

Үшінші білетінім, ауыл арасының жолы. Ерте кезде, ұсақ ауылдарды аралап қыйқаң-сыйқаңы көп болатын бұл жолмен бертінде бір жүріп көрсем, төмендегі колхозды ауылдар мен селоларды аралап, былай баратын: Петропавл, Архангельск, Бүгілім (Боголюбовка), Талапкер, Жекекөл, Мереке, Тауағаш, Қоржынкөл (Спасовка), Баян, Орталық, Жекекөл (Благовещинка), Майбалық. Одан әрі жайлау — Жаманшұбар.

Біз осы жолмен жүруді ұйғардық. Мұнымен менің соңғы жүруім—1952 жылдың жазында. Жолшыбай ағашты, көлді жазық дала. Қай ағаштың ығында, қай көлдің

жағасында бұрын қандай ауылдар отырғанын, қазір қандай колхоздар орнағанын мен жақсы білем.

Бұл жолдың бойындағы колхоздарда, әсіресе қазақ колхоздарында жыртылмаған тың жер бұрын көп болатын. Олар қалай жыртып үлгереді? Әр колхозда отыз, қырық, елу мың гектардан жер бар!..

Аталған жолмен быйыл жүріп көрсек, шоқтала біткен ағаштардың аралығында, бұрын боп-боз боп далыйып жататын далалардың көпшілігінің тыңы көтеріліп, жолдың екі жиегі қарабұйра жамылтқы кигендей, немесе, қараңғы түнде толқыған теңіздей бұп-бұйра боп жатыр екен. Өйтпегенде ше!.. Солтүстік Қазақстан облысында быйыл ұйымдасқан 12 жаңа совхоздың көтерген тыңын қоспағанда, бұл облыстың колхоздарының өзі ғана быйыл 352 мың гектар тың көтерді.

Жаманшұбар Докучаев атындағы совхоздың қарамағында екен. Оған жету үшін жолда «Жамбыл» және «Украина» аталатын екі совхоздың жерінен өту керек екен. Олардың жерлері де маған таныс. «Жамбыл» совхозы, бұрынғы «Жамбыл» колхозының негізінде құрылыпты. Орталық Комитеттің февраль-март айындағы Пленумының қаулысын оқығаннан кейін «Жамбылдың» колхозшылары жыйналыс жасайды да, осы колхозды совхозға айналдыру туралы үкіметтен өтініп, қаулы алады. Қаулы қабылданады.

«Украина» орнаған жерде бұрын «Уақ-шоға» деп аталатын көп ұсақ ауылдар отыратын еді, кейін ол ауылдар ағашы қалың жерлерге қоныс аударып колхоз болыпты да, радиусы қырық-елу километрлік шұбарлы, ескі мекені, соңғы отыз жылда бос тұрыпты. «Украина» сол тұсқа орнап, орталығын бұрын «Шәліңке» аталатын қыстаудың орнына салыпты, ол, бізге белгілі ақын — Баймағамбет Зтулин туып өскен жер. «Украинаға» іргелес Докучаев, Тимирязев, Хрущев атындағы Солтүстік Қазақстан облысының жаңа совхоздары мен Қостанай облысының

Богдан Хмельницкий атындағы совхозы орнаған екен. Бәрі де құлазып бос жатқан жерлерге келіп орналасқан, бәрінің жерін де мен жақсы білем...

Алғашқы бетте мен бұлардың біреуіне де ұзақ тоқырамай, әуелі аталған алты совхоздың шетін орап бір түстім де, одан кейін ұзыны, көлденеңі... дегендей, ішін де түгел араладым. Ондағы ойым — ширек ғасырдан артық уақыт бос жатқан кең жайлаудың бейнесін, жаңа орнаған совхоздар қалай өзгерту мөлшерін байқап алу еді. Сонда көргенім: барлық жері 240 мың гектардай бұл алты совхоз, үстіміздегі жаздың өзінде (сентябрьге дейін) 132 мың гектар жердің тыңын көтеріп, енді жыртылған жерлердің қыртысын майдалауға кірісе бастапты.

Бір жүз отыз екі мың гектар!.. Бұл айтуға ғана оңай. Ал, жыртуға келгенде, мұншама тыңды көтеру тек ұлы шабуылдың ғана қолынан келеді. Сондай шабуыл бұл өлкеге қалай басталған?..

Жаңа совхоздарға туысқан елдерден келген адамдармен, оларды қарсы алған облыстық мекемелердің жауапкер қызметкерлерімен, темір жол станцияларының қызметкерлерімен сөйлессем, бұл жайлаудың тыңына шабуыл былай басталған екен.

Орталық Комитеттің февраль-март Пленумының тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысы наурыздың екісі күні жарияланды ғой. Сол күннен бастап, бұл жорыққа қатнасуға ойлаған адамдар, әсіресе жастар, жергілікті ұйымдарға арыздарын бере бастайды. Ол арыздарды қабылдау, тыңға барушыларды ұйымдастырып, тиісті жерлерге жөнелту міндеті комсомол ұйымдары мен совхоз министрлігінің жергілікті мекемелеріне жүктеледі.

Тыңға аттанған жұрт, Москвада түйісіп, Сібір мен Қазақстан өлкесіне поезбен жөнеледі, бірақ, бір поезбен емес, әлденеше поезбен, өйткені, олар әлденеше мыңдаған адам. Жалғыз Солтүстік Қазақстан облысына, туысқан республикалардан 10584 адам келген.

Марттың бесінен-ақ Петропавлға Москвадан, Алматыдан тыңға аттанушыларды қабылдау туралы телеграммалар ағыла бастайды, телефондар сылдырлай бастайды. Жергілікті мекемелер әзірлене бастайды. Мысалы, Петропавл қаласында поездан түскен балалы-шағалы адамдарды тез орналастыру үшін вокзал қасындағы тұйыққа жылы және электрленген төрт вагон қойылады. Бойдақ немесе баласыз адамдарға, станцияға жақын жердегі ет комбинатының жатақханасынан және басқа қоғамдық үйлерден 1300 кісілік орын даярланады. Соншалық адамдарды тамақтандыратын асханалар да әзір тұрады.

Тек қана қыйыншылығы — Павлодар, Көкшетау, Ақмола және Қарағанды облыстарына баратын тың адамдары Петропавл станциясы арқылы өтеді де, келген телеграммалардан, дәл Солтүстік Қазақстан облысына кімдер тоқтауы мәлімсіз болады. Бұл қыйыншылықты жеңу үшін, облыстық мекемелер Макушино және Қорған станцияларына арнаулы өкілдер жіберіп, олар өткінші поездарда Солтүстік Қазақстанға кімдер барын біледі де, Петропавлға хабарлайды.

Тыңға аттанған адамдардың алғашқы партиясы Петропавлға март айының он төрті күні таңертең сағат алтыда кеп түседі, саны —450 адам. Оларды облыстық басқарушы мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және тұрғын адамдар музыкамен қарсы алады. Сол арада митинг ашылып, екі жақтан да құттықтау сөздер айтылады.

Бұл — Совет Одағы Жоғарғы Советіне депутаттар сайлауға дауыс берілу басталып жатқан кез. Вокзал қасындағы клубта Одақ Советіне депутат сайлайтын 618 санды, Ұлттар Советіне депутат сайлайтын 119 санды сайлау участоктері бар. Тыңға алғаш келушілердің поезы Петропавл станциясына тоқтаған, аталған участоктерге сайлаушылар үздіксіз тізбекпен келіп, ұсынған кандидаттарына дауыс беріп жатады. Олардың тізбегіне тыңға

келушілер де қосылып, аттанған жерлерінде берілген куәлік қағаздары мен паспорттарын сайлау комиссиясына ұсынады да, қолдарына алған бюллетеньдерін урналарға түсіреді. Сөйтіп олар, Қазақстан республикасының сайлаушылары қатарына қосылады.

Бұл тыңға келушілерді жақсы түрде қабылдауға жағдайы толық жердің ісі. Кейбір жерде ондай жағдай жоқ. Мысалы, Петропавлдың батысында, 40 километрде тұратын Мамлютка станциясы. Бұл — Сібір темір жолының үстіндегі ең кішкентай станцияның бірі. Кішірек үш бөлмеден ғана тұратын оның вокзалындағы «залға», кең отырғысы келсе он бес-жыйырма шақты ғана адам, сығарласа, отыз-қырық шақты ғана адам әрең сыяды. Макушино мен Петропавл сыяқты екі зор станцияның арасында тұрғандықтан, оған жүкке және багажға арнаулы салынған сарайлардың көлемі де тауыққа салынған үйшіктер сыяқты. «Сексен километр Макушино мен Петропавлдың арасында ешкімнің қарны да ашпас, сусамас та» деп ойлаған болу керек,— темір жол басқармасы Мамлюткаға қайнаған су да, буфет те ұйымдастырмаған... Осындай кішкене станцияға, тыңға келетін адамдар мен құрал-саймандарды қабылдап көр!..

Ал, оған келетін адамдар да, құрал-саймандар да көп. Жоғарыда аталған жайлауда жаңадан ұйымдасатын бес-алты совхозға келетін мыңдаған адамдар, жүздеген құрал-саймандар бар. Алты совхозға келетін тракторлардың ғана саны үш жүздей... Өзге машиналардың, құрылыс саймандарының ұшы-қыйыры жоқ... Солардың бәрі кішкене Мамлюткадан түсіп, тиісті жеріне кезінде жөнелтілу керек. Былай қарағанда, бұл Мамлютканың денесі көтере алмайтын ауырлық сыяқты, ал шынында, станция начальнигі жолдас Глазуновтың сыпайылап айтуынша, «совхоздарға мезгілінде жөнелтілмеген жүк те, адам да болған жоқ».

Ал, кісілерді қабылдау ше?..

Мамлютка аудандық партия комитетінің секретары Савин жолдастың айтуынша, тыңға келетін адамдарды қабылдау мәселесі, поселкелік советте қаралады да, станица адамдарының арасында үгіт-насихат жұмысы жүргізіледі. Тұрғын адамдардан екі жүздей үй тыңға келген адамдарды қабылдауға уәде береді. Мекемелерден көп бөлме босатылады. Сауда орындары пима, тон, биялай, құлақшын сияқты қысқы киімдерді және басқа қажет-ау деген бұйымдарды тыңға келген адамдарға сатуға әзірленіп тұрады.

— Мамлюткаға,— дейді Савин жолдас,— тың жұмысына келушілерді алғаш қарсы алған түні ұйтқыған қалың боран соғып тұр еді. Автоколоннамен сөйлесіп, 70 грузовик даярлап қойғамыз. Балалы әйелдерге арнап, кейбірінің кузовын фанермен қоршағамыз. Келген адамдарды сол машиналарға отырғыздық та, даярланған үйлерге тез тасыдық. Митинг жасауға боран мүмкіндік бермеді.

— Бірақ,— дейді Савин,— мәселе ол адамдарды жатқызуда емес, жүргізуде. Өйткені, біріншіден — станцияға күн сайын жүздеген тың көтерушілер келеді, оларды сыйғыза беретін орын жоқ; екіншіден — жаңадан ашылатын әрбір совхозға баратындар қызмет орнына жақындау керек. Ендеше, күнбе-күн келген адамды қарсы алып тамақтандырғаннан кейін, керекті киімін тауып бергеннен кейін, қолма-қол жүргізіп отыру керек.



Олар сөйтеді. Қар әлі қалың жатқандықтан, әрі сол бір тұста боран жиілетіп кеткендіктен, көп машина жүруге қысқы жол даяр болмағандықтан, автомобильдер іске аспайды да, тың адамдарын, кең шаналар тіркеген

тракторлар сүйреп әкете бастайды. Балаларға, әйелдерге арналып, шаналардың үстіне жылы күркелер жасалады.

Ал, сонда, солар қайда барады?

Бұндай сұрауды қоятын себебіміз,— Мамлюткадан аттанған тың көтерушілердің баратыны «Октябрьдің бірінші тобы» аталатын жаңа жеті совхоздың адамдары. Сол жетеуінің «Жамбыл» аталатын біреуінде ғана барып түсе қалатын жылы үйлер бар, өйткені, ол совхоз бұрынғы «Жамбыл» колхозының негізінде құрылады, өзге алтауында ондай үйлер жоқ. Олар «жапанның сар даласы» аталатын жалаңаш жерге барып орнайды, ендеше, ол совхоздарға баратын адамдарды, жаз шығып, мекен салғанша, маңайлас тұрғын елдерге (колхоз, совхоздарға, олардың бригадаларына) уақытша орналастыру керек. Расында да сөйтеді: мысалы, «Украина» аталатын совхоздың алғашқы барған үш-төрт жүз адамын, сол маңдағы мемлекет қорының жерін көп жылдан бері пайдаланып келе жатқан, Преснов ауданындағы Буденный совхозының 4-бригадасы паналатады.

— Бригадада барлығы отыз шақты ғана үй бар еді,— дейді бригадир Елтунов Мұхаметжан жолдас,— сол аз үйге біз тыңға келгендерден жүз елудей кісі орналастырдық.

— Ескі ауылдың кейбір ескі салтынан біз әлі арылып болған жоқпыз ғой,— дейді Мұхаметжан күліп,— мысалы, нанды біз әлі орысша ашытып пісіруге дағдыланған жоқпыз, ал, ашытпай пісірген тұщы нанды біздің жаңа қонақтар жеп көрген жоқ екен, сондықтан, біразға дейін біздің таба нан мен бауырсақты сүйсініп жеу оларға қыйын болды. Ашытқы тауып пісірейік десек, үлкен бөлкелерге кішкене пешіміз жарамады...

— «Бес бармақ» дегенді де олар білмейді екен,— дейді Мұхаметжан.— Алғаш «бұ не?» деп тосырқап жүрді де, артынан арпадай асайтын болды...

— Аз күнде,— дейді Мұхаметжа
берген бір шым үйге кухнясын және
тып, қалаған астарын пісіре бастады. Бір
рын адамдар мен тынға келгендердің дас
рылған жоқ. «Ауыл аралас, қой қоралас» де
сапырылыса араласып, бар астарын бөліп ішеті
Күні бүгінге дейін солай...

Тыңға келушілерді барлық жерде осылай қабы
ды. Бірақ, мұнымен қыйыншылық бітпейді. Алға
күндері тағы бір ауырлық басталады: апрельді ор
талай қар еріп, жер ылайсаңға айналып кетеді. Күн жы
лына бастаған кезде, қатқақ жолмен жүк және адам
тасып, жаңа совхоздар орнайтын тұсқа ағылған маши
налар, жер сазданған соң, талай жерде батып қап, трак
тормен тартпаса шыға алмайды. Осы жағдайды еске
алып, совхоздар, облыстық және аудандық мекемелер
ұзын жолдың үстіне әлденеше жерден трактор күзетін
қояды. Машиналар, әсіресе трактор
лар күні-түні жүздеп жөңкілген соң,
саз кезінде далалық жолдардың тас
талқаны шығып қазылады. Жолдар
дың терең қазылған тұстарында авто
мобиль түгіл, тракторлардың өзі де
әрең шығады. Бірақ, жүктер де, адам
дар да еш жерде бөгелмей, тиісті же
ріне кезінде жетіп тұрады.





«Тиісті жер» дегеніміз — совхоздар
дың мекен салатын орны ғой. Ондай
орын 54 жылдың апрелінің аяғына
дейін «Октябрьдің бірінші тобы» ата
латын жеті совхоздан жалғыз «Жам
былда» ғана бар, өзгелерінің орнала
сатын тұсы және жер көлемі белгі
лі болғанмен, орталығы орнайтын жер
лері белгісіз, оны белгілеу үшін үй-

лер салуға қолайлы, суы мол жер керек. Жайлаудың көлдеріне сене беруге болмайды: құрғақшылық жылы олардың көбі табандай тартылып қалады. Ең сенімді су — жер астынікі, бірақ, оны іздеу керек, табу керек. Бұлардың бәрін ұйымдастыратын кісі керек. Ол, әрине, директор. Ал, аталған совхоздың көбіне жұмысшылар ерте барған да, директорлар кеш барып, осыдан совхоз ісін ұйымдастырған алғашқы бетте көп қыйындықтар кездескен...

Апрельдің орта кезінде совхоз директорлары түгелденіп болады. Осы кезде Москвадан, Алматыдан, Петропавлдан жерге орналастырушы партиялар да келіп қап, әр совхоздың орталығы мекендейтін орындарды және жердің топырағын зерттей бастайды. Майдың басында бұл жұмыс бірыңғайланып, болашақ «центральдар» мен бригадалардың орнына жұмысшылар мен механизаторларға арналған шатырлар тігіле бастайды. Енді адамдардың басын құрау керек. Олар маңайдағы колхоздар мен совхоздарда бытырап жатыр.

«Октябрьдің бірінші тобы» аталатын совхоздардың ішінде, «Украина» совхозының директоры Илья Карпович Григорьянц жолдас өзгелерінен бұрын келген екен. Ставрополь аймағында 1905 жылы армян семьясында туған бұл жолдас, Ұлы Отан соғысының алдындағы он шақты жылда туған өлкесіндегі мақта совхозында директор болады. Соғыс күндері әр майданның алдыңғы қатарында болып абройлы қызмет атқарған ол, әлденеше рет наградталады, полковниктік дәрежеге көтеріледі.

Соғыстан кейін мал совхозында директор боп жүрген оған, үстіміздегі жылдың 14 марты күні «Ставропольге тез жет!» деген телеграмма келеді. Сол бір кезде, ол тұста да боран болып, бұрын сирек кездесетін қары қалың қыс боп тұр екен. Григорьянц Ставропольге трактормен аттанады. Одан самолетпен Москваға ұшады. Марттың 16-сы күні барған оған, Орталық Партия Комитеті Қа-

зақстанда құрылатын «Украина» совхозына директор боп баруды ұсынады. Тәртіпті коммунист бұл ұсыныстан бас тартпайды да, ертеңіне поезбен Петропавлға жүріп кетеді.

Петропавлда ол барар жерінің жобасын біліп алады да, совхозына керекті мүліктерін жыйнай бастайды. Сонда алғаш алғаны: екі «ГАЗ—51», әрқайсысы 4 кісіліктен 25 шатыр, 25 кісіліктен 4 шатыр, он пар пима, 20 пар етік, 50 күрек, 25 шот, он сүймен.

— Бұлар,— дейді Григорьянц,— болашақ совхоздың орнына алғаш тігетін баспаналар мен соларды тігуге керекті құралдар.

Жоспарлы жеріне Григорьянц апрельдің төртінде барса, совхозға деп қағылған әлі бір де қазық жоқ екен. Ондай қазық, жерге орналастырушы және жер астының суын зерттеуші партиялардың көрсетуімен, жоғарыда біз атаған «Шәліңке» қыстауының ығындағы Қырғызбай көлінің жағасына қағылады. Бірақ, ол қазықтар қыйындықпен қағылады.

— Бұл жердің тоңы қалың болады екен,— дейді Илья Карпович,— мұзданып жатқан қыртыстың тереңдігі метрге жақын екен. Қол сүйменмен ондай тоңды ою оңай да болған жоқ, дегенмен ойдық. Алғашқы шатырлардың қазығын сол ойған жерлерге қағып, брезентін үстіне жаптық. Елтуновтың бригадасында паналаған адамдар тігілген шатырларға келе бастады. Енді өзге жердегі жұмысшылар мен машина-саймандарды, мүліктерді жыйнауға кірістік....

Жердің беті іріп жатқан кез болғандықтан, бұл сапарға Григорьянц трактормен аттанады.

— Ол «жануар»,— дейді Григорьянц күліп,— егін жыртуға қолайлы болғанмен, жолаушылап жүруге қолайлы емес екен. Селолар мен ауылдардың арасында, оған лайықты жол да табыла бермейді екен. Моторының гүрілі мен тайпақ шынжыр табанының сылдыры үстінде

ұзақ отырған адамның құлағын тұндырып та жібереді екен. Дегенмен, «жануардың» жүрісіне сүйсінесін де: кейбір белуардан келетін батпақты қорқылдата есіп, тіліп өте шыққанда, «міне, күш қайда!» дейсің сүйсініп кетіп...

Григорьянцтың айтуынша, әр село, әр ауылға орналасқан бұл совхоздың адамдары: Краснодардан, Донбастан, Кубаньнан, Москвадан, Ленинградтан, Мордовиядан, Алматыдан... дегендей, отанымыздың әр жерінен келгендер екен, бәрінің қолында да **«комсомолдық путевка»** аталатын, сыртында **«ВЛКСМ»** жазулы комсомол значогінің таңбасы бар қызыл билет. Ішін ашып көрсең, оң жақ бетіне жапсырылған жиегі ақ, ортасы сары қағазда: «Еліміздің шығыстағы, оңтүстік-шығыстағы аудандарында және басқа аудандарында тың жерлер мен тыңайған жерлерді игеру есебінен ғана біздің дәнді дақылдар егіс көлемін бірнеше миллион гектар арттыруға мүмкіндігіміз бар екенін айтса да жеткілікті. Ал партия мен үкімет бұл жұмысты қазірдің өзінде-ақ жүргізе бастады. Бұл істің маңызы орасан зор. Астық шаруашылығы бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып табылады: біз астықты неғұрлым көп өндірсек, ет те, май да, мал шаруашылығының басқа өнімдері де соғұрлым көп болады». (Совет Одағы Коммунист Партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, шаруалар мен шаруа әйелдерге, совет интеллигенциясына, Совет армиясы мен Соғыс-теңіз флотының жауынгерлеріне үндеуінен) деген сөздер бар.

Оған қарсыма-қарсы жапсырылған бір түстес қағазға осы книжке берілген комсомолдың қай облыстың қай ауданынан жіберілуі жазылады екен. Соңында — жіберген комсомол комитеті секретарының қойған қолы және басылған мөр.

— Бұл путевкаға қарағанда,— дейді Григорьянц,— иелері түгелімен комсомолдар болуы керек қой. Расында олай емес. Біздің совхозға келгендердің 25—30 проценті жасамыс адамдар.

— Олар путевканы қайдан алған?

— Комсомол комитетінен.

— Қалай ол?!.

— Путевка беру комсомол комитетіне ғана тапсырылған ғой. Сондықтан комсомол демей, емес демей, кәрі демей, жас демей, тыңға барғысы келген адамға комсомол комитеті осы путевканы бере берген. Бізде комсомол путевкасымен келген елудегі, алпыстағы кісілер де бар...

Жасамыс адамдардың тыңға комсомол болып келуі маған өлең арнап жазуды тілеп тұрған поэзиялық тақырып сыяқтанып кетті. Одан басқа да поэзия аз ба бұл тыңда? Оған әлі талай ораламыз. Әзірге өрбітіп келе жатқан тақырыптың көлемінен шықпайық.

Григорьянц аз күннің ішінде алғаш келген партияның адамдарын жыйнап алып, қала салу, тыңды көтеру сыяқты міндетті қызметтеріне кірісе бастайды. Барлық ауырлығын қосып айтқанда, бұл жаңа совхоздың жеңіл орналасуының түрі. Оған көршілес кейбір совхоздар бұдан әлдеқайда ауыр жағдайда орналасқан. Мысалы «Докучаев».

«Украинаға» көршілес бұл совхозға, «Октябрь тобы» аталатын совхоздарда Совет Одағы Коммунист партиясының Орталық Комитетінің өкілі боп қызмет атқаратын Өтеғалиев Құлжан жолдас екеуіміз келе жатырмыз. Осы маңайға жаңа совхоздарды ұйымдастырушылардың алғашқы тобымен бірге келген Құлжан, орналасуда қандай қыйындықтар болғанын маған айтып келеді. Бір сөзінде:

— Саған бір қызық нәрсе көрсетем,— деді Құлжан.

— Қандай?— дедім мен.

— Көргенде бір-ақ білесің,— деді ол.

— Сонда да?— дедім мен.

— Бір қызық ескерткіш. Көрмей тұрып айтса қызығы болмайды.

Сонымен бұл сөз доғарылды. Жол бізді ескі қыстаудың жұртына алып кірді.

— «Өтей-Дәуіш» аталатын ауылдың жұрты,— дедім мен.— Ол ауылдар қазір, бұдан отыз километрдей жердегі «Киров» колхозында деп естідім.

— Ол рас,— деді Құлжан,— жуық арада болдым. Шаруасы да, құрылысы да, тәртібі де тәуір колхоздың бірі екен.

Бұрын бұл ауылдың батыс жағын орай өскен қалың ағаш, құлазыған даламен жыл сайын жүретін өрттен арсаланып күйген екен де, әр жерінде адақтап бірен-саран ғана қайыңдар қалған екен. Сол қайыңдардың біреуінің тұсына келгенде:

— Оңға қарай,— деді Құлжан шоферға. Шофер бұрылғанда:

— Осы арада тоқта,— деді Құлжан, шіліктің жиегіне өскен жуантық, тапалтақ, қалың бұтақты қайыңға машина туралап келгенде.

— Ал, түсейік!— деді Құлжан, машина тоқтағанда маған.

Түстік. Құлжан қайыңның діңгегіне таянып, әлденеге үңіле қарады да:

— Әлі тұр екен!— деді қуанған кескінмен.

— Не ол!— деген маған:

— Мына жазуды оқы!— деп Құлжан, қайыңның балтамен жаңқалаған тұсын нұсқады.

Үңіліп оқысам, жаңқалаған жерде: «Докучаев совхозының орталығы. 4—IV—1954» деп қара қарындашпен жазған сөздер тұр. Маңайында ешбір үй де, шатыр да көрінбейді.

— Бұл не жазу? — дедім мен Құлжанға.— Совхоздың орталығы жоқ қой, бұл арада?!..

Құлжан маған бұл жазудың тарихын баяндады: Докучаев атындағы совхоз орнайтын 40 мың гектар жердің бойында келген адамдарды орналастыратын ешбір баспана болмайды, өйткені, ол маңайды мекендеген ешбір ел жоқ. Ең жақын ел отыз-қырық километр, оған да өзге совхоздарға арналған жерді аттап бару керек.

Совхоздың директоры жолдас Қолтырин қыс ішінде келген алғашқы адамдарын, бұрын орнаған көршілес Октябрь және Степной совхоздарының фермаларына жайғастыра тұрады да, өзі «Докучаев» орналасатын жерді мөлшерлемек боп, қалың қарды есе, тракторға тіркеген шанамен шығады, қолында географиялық карта, оның бетінде, совхоз орнайтын жердің қандай координатта екені сызулы.

Басшыға компасты алып шыққан Қолтырин бетін барар жеріне тура түзегенмен, жалаңаш далада жерді тұтас жауып жатқан қалың күртік көзін алдайды. Ол адасып әлдеқайларға кетіп, әуре-сарсаң болады. Кезген кең далада оған жанды махлұқтан тек топталған қасқырлар ғана кездеседі. Гүрілдеп қалың қарды есіп келе жатқан тракторға, далада жосыла шапқан қасқырлар тобы тоқтай ғап одырая қарасады да, ет исін сезген мұрындарын шүйіргенмен, ашыққан қарындары шымырлап, аузынан сілекейі ақтарылғанмен, қанды жылы етті асағысы кеп, сирек өткір тістерін сақылдатқанмен, кейі көріп, кейі көрмеген гигантқа бата-шауып келе алмай, бірақ, нәпсісін қозғаған иісті тастап та кете алмай, алысырақта арттарынан шұбырады.

— Батып келе қоймады,— дейді Қолтырин, бұл эпизодты айта кеп,— егер келе қалғанда, қолымызда ағаштан басқа қару жоқ еді. Қасқырлар отыз шақты. Біз он шақты ғана адамбыз. Тарпа бассалса, құтылу да оңай болмас еді олардан!..

— Таусыз, ормансыз, қар басып жатқан жап-жаланаш жазық даланы кезе берген кісінің басы айналады екен,— дейді Қолтырин,— біз де солай әуре-сарсаң боп жүргенде, алдымыздан қазақтың аңшы шалы кездесті. Жер жағдайын ол жақсы біледі екен. «Бұл маңайда, бұрын үш ауылдың қыстауы болатын еді,— деді ол,— Жаманшұбар, Батпаққөл және Өтей-Дәуіш. Жаманшұбарда көл жоқ, суды құдықтан ішетін, бірақ құдық суы тапшы боп, кейбір қыста малдары да, жандары да қарды еріткен сумен күн көретін. Батпаққөлді қыстаған Мамек пен Андамасқа көлдің суы кей жылда жетіп, кей жылда тапшы болып, сондықтан, олар да қар ерітіп күн көретін. Ал, Өтей-Дәуіштің құдығы сулы болатын».

Қолтырин сулы жерді қалайды. Аңшы бастап алып барады. Жер жағдайы совхоз орталығына қолайлы сияқты: сирек те болса ағашы және қалың шілігі бар, маңайы керілген кең дала... Қолтырин осы араны ұнатады да, манағы Өтеғалиев екеуміз көрген қайыңның кісі бойы жетер тұсын жаңқалап, «Докучаев совхозының орталығы. 4—IV—1954» деген жазу қалдырады.

— Бұл араға совхоз неге қоныстанбаған?—деймін мен Құлжанға.

— Қар ерігеннен кейін су іздейтін отряд бұл араға кеп бұрғы салса, бұрын Өтей-Дәуіштің құдығынан шыққан су бертіндегі қар суы болады екен, мол су терең және ащы екен. Ал, Батпаққөл маңайын қараса, жыйырма екі метрден мол тұщы су шыққан. Совхоз орталығы сонда орнады.

Совхоз орталығы Батпаққөлге орнағанша «Докучаев» тың қайда орын тепкенін білу, оның қызметкерлеріне өте қыйын болған. Соны іздеп жүргенде, совхоздың бухгалтері Макин Қадыр жолдасты қасқыр жеп қоя жаздапты.

— Екі адамбыз,— дейді Қадыр,— шофер және мен. Мінгеніміз грузовик. Оның кузовында шатыр, кровать сияқты, біраз тиеген жүк бар. Қар кетіп боп, жердің

кеппей жатқан шағы. Машина сазға тайғанақтап, адым жер жүре алмайды. Кейде батып та қаламыз. Ұзақ уақыт әуреленіп, саздан әрең шығамыз. Кейде машинаны итермелеймін деп батпаққа да малшынам. Азап соншалық болғанымен жылжый береміз,— совхоз орталығы орнайтын тұсқа тез жету керек... Шатырларды, кроватьтарды жеткізу керек...

Әлденеге сүрлеумен ілгері жылжып келе жатқан олардың машинасы бір сайдың сазына батады да, доңғалақ түгел кіріп кетіп, машина «так» деп тұрады да қалады. Шофер шығаруға тырысқанмен қоймалжың сазда зырылдаған доңғалақ тереңдей береді. Ақыры трактор сүйремесе машинаның шығалмауы анықталады.

Мезгіл әлі ерте, ымырт әлгінде ғана жамылған. Басқа машина кездессе жақсы, онда жәрдемшіге хабар айтуға болады. Егер кездеспесе таң атқанша отырудан басқа айла жоқ.

Күн қара дауылдау суық екен. Қадырдың киімі жұқа, әрі денсаулығы да мықты емес.

— Мен тәуекел қылсам қайтеді,— дейді ол,— жер мөлшерін шамалаймын, кейін алысқа кеткенмен осы маңайда туып-өскен адаммын, біздің совхоздың мекені көп болса 10 километр. Отыра беруге киімім жұқа, тоңармын, жаяу тарта берейін. Ең көп дегенде екі сағат жүремін, аржағында тез жәрдем әкелемін.

— Ықтыярыңыз,— дейді шофер,— бірақ ойланыңыз. Түн қараңғы, айдала. Совхозды тура тапсаңыз мақұл, таппасаңыз қыйын болар. Бұл даланы біраз кезгенім бар, кейбір бетте 50—60 километрден бері ел кездеспейді. Адасып, сондай бетке шығып кетсеңіз, ел тапқанша қалжырарсыз.

— Тәуекел,— дейді Қадыр.— Жер жобасын шамалаймын.

— Онда қолыңызға қару алыңыз,— дейді шофер,— кім біледі, ит-құс кездесіп қалса, соғарсыз.

Мылтық оларда жоқ екен. Бір табылғаны — табан құлаш жуан темір таяқ. Қадыр қуанып кетеді. Мылтықтан бір де кем емес мынау, дейді ол, таяқты салмақтап тұрып, қарусыз жігіт емеспін, мұнымен бір соқсам қалдырмаспын, қасқырдың қаншығы түгіл, арланы болса да.

Қадыр кете барады... Түн қараңғы болғанымен, оның өткір қара көзі, жол торабын шамалайды... Айнала дала... Уілдеген желден басқа дыбыс жоқ... Ауыр түн... Күткен хауіптен бойын жыйнақ ұстап келе жатқан Қадырдың құлағына жақынырақ тұста ұлыған қасқырдың даусы сап ете қалады. Бойы дір ете түскен даланың баласы бұл ұлудың не екенін түсіне қояды: құрмалдығының исін біліп, серіктерін соны талап жеуге шақыруы. Екінші жақтан тағы бір қасқыр ұлыйды, ол — анау серігіне «түсінем, шақырған себебіңді... тез барам» дегені... солар ма, басқасы ма, ұлыған қасқырдың даусы жан-жақтан естіледі.

Бір кезде шығыс жақ көк жиектен дөңгелек үлкен столдай боп ай көтеріле берді, ол да болса медеу, тым болмаса төңірегін болжап, хауіптің қай тұстан төнуін шамалайды ғой.

Бір кезде алдынан бір қасқыр тағы зу етіп өте шықты... Оны көріп үлгермей, артынан бір қасқыр тағы зу етіп өте шықты... Тітіркенген Қадыр тұра ғап жан-жағына қараса, мұны алыстан орай шауып 5—6 қасқыр жүр... Шапқан сайын сақыйнасын тарылта түседі.

Өлім хаупі төнгенін көрген Қадыр бойын жыйнайды да ойға келеді, егер бойына жақындатса 5—6 қасқырдан жалғыз таяқпен қорғану қыйын, ал жақындатпау үшін не істеу керек?

Даланың баласы қасқырдың оттан қорқатынын біледі. Оның қалтасында сіреңкесі бар. Ал жағуға қол орамалынан басқа бос ештемесі жоқ.

Орамалы қымбат болғанмен (сүйікті жары Латипа туған күнінің құрметіне жақында ғана кестелеп берген екен), жан одан да қымбат боп таяқтың басына байлай-

ды да от береді. Мол орамал, үрлеген желмен лаулай жөнелгенде, Қадырды айнала шапқан қасқырлар тәк тұрып, қалшыйып қарай қалысты.

Бірақ қаншаға жетеді, орамалдың жалыны? Ол сөнді... Қасқырлар тағы қамай бастады... Құрмалдығына шабарда аузын арандай ашып, тістерін сақылдату қасқырлардың ата дағдысы. Олар сөйте бастайды. Қадырға жақындай береді... Сасқан Қадыр, оң қолын пальтосының сол жақ жеңіне тығып жібереді де, гимнастеркасының жеңін жырта суырып алып таяғына байлап тағы жағады... Қасқырлар тағы да отқа қарап тұра қалысады.. Сол кезде, жақындау бір тұстан машинаның жарығы көріне кетеді. Гудок берген даусы естіледі... Тура бері беттеп келе жатыр... Машина жарығына шағылысқан көздері жап-жасыл боп жарқырай қалған қасқырлар, машинадан ығысып жөнеле береді...

Қасқырлар туралы Қадыр тағы да біраз әңгімелер айтады.



— Бос тұрған кезінде бұл жайлауда аңдар көп болған ғой,— дейді ол.— Солардан киік, елік сияқты айыр тұяқты аңдар қасқырларға жаз шалдырмағанмен, қыс жерге қалың қар түскен соң малтығып шаба алмайды екен. Қасқыр оларды осы кезде көп жейді екен. Қысты күні жайлауда қасқыр көп болуы содан екен.

— Соңғы жылдардың біреуінде,— дейді Қадыр,— осы жайлау жақ шетке орналасқан «Октябрь» совхозында мынадай бір ғажап болады: совхозға Марьевка жақтан телефон келеді екен, соның әлдеқайда, далалық жерде үзілген сымын түзеймін деп, связист бала жігіт жаяу кете барады.

Сым совхоз орталығынан алыстағы далада үзілген боп шығады. Жігіт соны жалғастыру жабдығында жүргенде, бұған қарай шауып келе жатқан бір топ қасқыр көрінеді. Жігіт қорқады да, аяғына темір тегеурінін киіп діңгек басына шығып кетеді. Іле қасқырлар да келеді. Сібірдің үлкендігі тайдай қасқырлары!.. Саны— жыйырмадан астам!.. Діңгекті айнала тұра қалған қасқырлар, жігітті жеуге қызығып, әуліге, шуласа бастарын аспанға көтере, ауыздарын арандай аша ұлыйды. Одан кейін діңгекке секіріп көреді... Оған бойлары жете алмаған соң айнала шауып, діңгектің басына екпіндей қарғыйды. «Солай қарғыған шақтарында,— депті қасқыр қамаған жігіт,— биіктігі бес метр діңгектің төбесіне жақындап та қалады!»

— Ие, сонымен?! — дедім, тыңдай отырғанмен үрейленіп.

— Сонымен,— деді Қадыр,— қалай қарғығанмен, қасқырлар жігіт тұрған жерге жете алмайды. Бірақ кетпей, сол маңайда шапқылай ойнап жүріп алады... Бір кезде күн батады. Ауа райы суытып аяз бола бастайды... Қыймылсыз отырған жеңіл киімді жігіт тоңазуға айналады... Бірақ, басқа істер амал жоқ,— жерге түссе, қасқырлар талап жейді!..

— Қыйын болған екен!..

— Соны білген жігіт,— деді Қадыр, жігіттің хал-жайын көз алдына келтіргендей күрсініп ап,— «қасқырға тірідей талатқанша үсіп өлейін» деп бекінеді де, әлі кеткен кезде діңгек басынан құлап түспеу үшін, отырған орнына өзін тас қып байлайды... Біраздан кейін аяқ-қолының үсіне бастағаны байқалады, өйткені, олар дуылдап ашуға айналады...

— Қап!

— Сөйтіп, жігіт «енді өлдім» деген кезде, трактордың фары көрінеді, даусы естіледі...

— Бәрекелді!..

— Трактор жақындағанда қасқырлар қашады... Шала есті жігітті келген адамдар шешіп алады...

— Кімдер екен?

Жігіт кешіккен соң іздеп шыққан өз адамдары екен.

— Ие, сонан?

— Сонан, келген адамдар жігіттің үсігенін көреді. Совхозға оны жылы орап алып келгеннен кейін, қартаңдау фельдшер «мұның үсіген аяқ-қолдарын салқын жерде қармен ысқылап уқалау керек, сонда ғана жаны енеді, әйтпесе, жансыз қалады да, аяқ-қолдарын кесуге тура келеді» дейді. Сол тәжрибені істеп көргенде, боп-боз қатып жатқан аяқ-қолдың еттері, долыра ісініп шыға келеді. Фельдшер оны тағы да біраз күн салқын жерде ұстайды. «Әйтпесе,— дейді фельдшер,— жылы жерге кіргізсе, ісінген еттің жарылып кетуі мүмкін...»

— Сөйтіп,— дейді Қадыр,— жігітті тәжрибелі фельдшер ажалдан алып қалады.

— Бұл бахытты істің уақыйғасы,— дейді Қадыр,— ал, бұл жайлаудың маңындағы кейбір совхоздарда бахытсыз жағдай да болған: жайлаудың батыс-теріскейіне ертеде орнаған Пресногорьков атты совхоз бар. Соның орталығынан он бес — жыйырма шанамен жұмысшылар шығады да, жайлаудағы фермаға шөп апарып, жадағай шанамен орталыққа түнде қайтады. Сол түні боран боп тұрады. Орталыққа келсе, кейінгі шанада отырған бір әйел жоқ!.. Қарулы жас әйел болса керек... Жолда шанадан құлап қалуға мүмкіндігі жоқ сыяқты... «Не де болса іздейік, түнде қасқыр жеп қояр» деп көп салтатты адам шығады... Түн.. Боран... Табылмайды... Ертеңіне боран ашылып, тағы да жәйілім салса, әйелдің әр жерде шашылған киімі және пимасында қалған аяқтары табылады,— қасқырлар шанадан жұлып алып қалды ма, немесе, шанадан өзі құлады ма,— әйтеуір, әйелді қасқырлар жеп қойған!..

— Бұның бәрін айтудан мақсатым,— дейді Қадыр,— қалың ел жайлауды доғарып, құлазып бос қалған жайлауды, ел бар кезде тығылып жүретін қасқырлардың, ел жоқ кезде еркін жортуы және бірендеп емес, тобымен жортуы!.. Еркінсіп алған қасқырлардың, өзге түгіл адамға да ауыз сала бастауы!.. Енді ше?..

— Бәсе, деймін-ау?— дедім мен.

— Енді баспана іздеп жыта бастады. Бұрын олардың бір тобы апандарын Жаманшұбардың ескі жұртынан қазған екен. Барсаңыз көресіз, үңірейіп әлі жатыр... Бірақ, ол апандарға да және жайлаудың совхоз орнаған жеріндегі ешбір апанға да олар быйыл күшіктемеген.

— Қайда кетеді, сонда?

— Алыстағы ағашты жерлерге кетеді де. Бұл арадан енді олар тамақ таба ала ма? Қаптаған тракторлар келіп, жерді түгел жыртуға айналған соң, аң атаулының бәрі бұл маңайдан қашты. Солармен қасқырлар да кетті. Қазір трактористерге кей кезде бірен-сараны кездесетін көрінеді және қызық жағдайда.

— Қандай жағдайда?

— Бұл маңайда тарақкүйрық сияқты ұсақ аңдар ғана қалған ғой. Олардың індері тайыз болады екен. Тың көтерген плугтар қыртыстың қалыңдығын 22 сантиметрден алады екен. Ұсақ аңдардың індері одан беріде екен, сондықтан, плугтың тілдері оларды ін-мінімен қопарып тастайды екен. Бірен-саран адасқан қасқырлар мен түлкілер, көтерілген тыңның бетінде жүгірген ұсақ аңдарды аулаймыз деп трактерге жақын келеді екен, трактористер мен тіркеушілер оларды атып алады екен...

— Қызық екен ол!

— Ең қызығы,— дейді Қадыр,—тыңдары көтеріліп жатқан жерлерге күндіз емес, түнде қарау!.. Мен Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатнасып, талай ірі айқастардың ішінде болған кісімін. Кейбір шабуыл

басталар алдындағы түндерде, сұрапыл болар жерге қару құралдар тасылар еді. Сонда, тұтаса жылжыған танктердің даусынан, аспан қыйрап жерге түсіп жатқандай, жер жарылып аспанға ұшып жатқандай әсер алынатын еді. Тыңға шабуыл басталғаннан кейінгі жайлаудың тынысы сондай!.. Тек қана айырмасы,—соғыс кезіндегі машиналар, танктер түнде фарларын сөндіріп жүретін еді де, құлаққа олардың жер-көкті тітіреткен мылқау үні ғана естілетін еді. Ал, жайлауда қыймылға кіріскен механизмдердің жүзі күндіз де жарқын, түнде де жарқын. Түнде олардың айқыш-ұйқыш боп айқаса жанған фарлары, жайлауды жапқан айсыз түндердің қара жабуларын ерсілі-қарсылы тілгілеп, жалпыйған жапан түзді жап-жарқын ғып жібереді!

Расында да солай екен. Біз жайлауды аралаған шақта, айдың қараңғы кезі еді. Көтерілген тыңдардың ұшықыйырына көз жетпейтін теңізін, жолға арналып қалдырылған белдеулерді бойлай, түнде аралап келе жатсаң, кең жайлаудың өнбойы, әр жерде тұтаса қыймылдаған тракторлардың қосылған үнінен тітірейді де тұрады!.. Әлдеқайда жүрген тракторлар мен машиналардың, түннің тонын тіле, ұзара ілгері көсілген жарықтары, әлдеқайдан қыйғаштала келген сондай жарықтармен құшақтаса айқасып, ен даланың қараңғы бейнесін жарқыратады да жібереді!..

Біреулер, «қоян, түлкі, қасқыр сыяқты бірен-саран кездескен аңдар, сондай түнде, есінен айрылғандай, жақындап кеп, атып алғанша мелшиіп қарайды да тұрады» деседі...

Қарамағанда қайтсін!.. Бір ғана жарық көрсе, одан қашар еді... Қазіргі көріп тұрғаны — айнала жарық!.. Және олар, бірі мен бірі айқасып құшақтасып тұр!.. Сонша көп жарықтың құшағында қалған аң, қашканда қайда барады!..

Советтік техниканың қамауында қалған қасқырлар, маған мылқау табиғаттың бейнесі сыяқтанып кетеді...

Осы арада менің есіме, быйыл 102 жаста отырған Алдаберген қарт түседі. Оның тұрағы — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданына қарайтын Майбалық колхозында.

Бұрыннан білетін қартты көріп амандасуға осы сапарымда мен әдейі іздеп бардым. Өзіме таныс оның ағаш үйінің алдына тоқтағанымда, үйден баласы Сұратай шыға келді. Ол менімен шамалас, елуді орталаған адам. Қызметі — финансист.

Соңғы он-он бес жылда көріспеген Сұратайдың кескініне қарасам, сақал-мұртын қырғанмен, сарғылт түсті сопақтау беті қатпарланған әжімге толып кетіпті. Сойдыйған ұзын тістері де жапырағы сарғайған күзгі ағаштың бұтағындай.

Жастайынан білетін тату құрбымен қалжыңдаса амандасып тұрғанда, менің есіме оның әкесі түсті. «Баласы мұндай, әкесі қандай екен?» деген ой келді маған.

Сол арада тағы бір кеңес түсті менің ойыма: біздің елде Байсақал дейтін кісі болған, оның Қопаш, Ібіш, Ғабдолла дейтін балалары болған. Байсақалдың өзі сексенге келгенше сақал-шашы қарабуырыл боп отырғанда, үш баласының да сақал-шаштары ағарып кеткен. Бір күні сол үйге танымайтын бір қонақтар келіп түседі де, сақал-шаштарына қарап, «үлкендері осылар болар» деген жобамен, әуелі Қопашқа, одан кейін Ібіш пен Ғабдоллаға, ең соңында Байсақалға сәлем береді. Орналасқаннан кейін, Байсақалдың үлкен екенін біліп, сәлемді оған бермеулеріне қонақтар ұялайын деген екен, оған «сендер ұялмаңдар,— дейді Байсақал қонақтарына,— менің үш балам ұялсын, өйткені, жасауын мен жасап отырмын да, кәртаюын біздің балалар кәртайып отыр».

«Сұратай да сөйтіп, әкесінен бұрын кәртайған болар ма» деген ой келді маған, өйткені, бұдан он-он бес жыл бұрын көргенімде: Алдаберген қарт пысық еді, ағашқа іскерлік жасап, қайыңның безінен ұңғуырмен қасық қырып отыр еді.

Шал жайын сұрап ем:

— Бірер жылдан бері ол кісі төсекте жататын болған,— деді Сұратай,— тек быйыл көктемде ғана, бір түнде тысқа шығып, ұзақ уақыт отырды. Содан кейін төсегінен қозғалмай тағы да жатты.

— Көктемде неге желікті? — деп сұрадым мен.

— Жайлауда быйыл ұйымдасқан, тың көтеретін жаңа совхоздардың Мамлюткадан түскен машина-сайман-дары жайлауға біздің осы Майбалық арқылы өтті,—деді Сұратай,—алғаш бірендей өткен машиналар ешкімді таңдандырған жоқ, өйткені, бірендеген тракторларды да, автомашиналарды да, өзге техниканы да ауыл адамдары көргелі және хажетіне жаратып ауыл-үй қолғалы көп болды ғой...

— Бір күні,— деді Сұратай, кескінін салмақтандырып ап,— дүние төңкеріліп түскендей хал болды: қар кетіп, жер қарайған мезгіл еді, бірақ, әлі, жердің тоңы жібіген жоқ, егіс науқаны басталған жоқ, ауыл адамдарының көпшілігі үйде...

— «Дүние төңкерілген» жайға көш! — дедім мен, болған уақыйғаны тезірек білгім кеп.

— Түн еді... Ұйқтап жатыр ек... «Сұратай, оян!» деген дауыс құлағыма сап сте түскенге, басымды көтере түрегелсем, жер қозғалғандай үйім дірілдеп барады!.. Үйде сығырайтып қойған шам бар да... Соның көмескі сәулесімен әкеме қарасам, төсегінен басын көтеріп апты... Үрейлі кескінмен үй іші түп-түгел түрегелісті!.. Аспан сынып жерге түскендей, сырттағы дүние сатыр-күтір!..

— Алла, Сұратай, не болды?! — деді әкем дірілдеген дауыспен...

— Есеңгіреп қалсам керек,— деді Сұратай,— не болғанын өзім де білмей, киімдерімді үстіме сұға сап тысқа жүгіріп шыға келдім... Көрші үйлердің жандары да сөйткен екен!..

— Я, не бопты? — дедім мен асығып.

— Болғаны сол,— деді Сұратай,— Жекекөл (орысша Благовещенка) жақтан, түнді тілген, ұбақ-шұбақ көп фар көрінеді... Олардың өткір сәулесі, түнде қараңғылық көміп тұратын Майбалықтың үстін жарқырата, алды жайлауға қарай асып кетіпті... Көзге шағылысқан бұл өткір жарықтар, келе жатқан жағынан түк көрсетер емес... Бой үйренгеннен кейін сезіп тұрғанымыз, тракторлардың жарығы!.. Егер осы жарықтың бәрі трактордікі болса, олардың алды Майбалыққа жақындап қалған, ал, арты — он бес километр жердегі Жекекөлде жатқан сияқты... Сонда, бұл, қанша трактор болғаны?!.



— Тракторлардың алды Майбалықтың көшесіне кіріп, жайлауға қарай өте бастады... Жайлаудағы жаңа совхоздарға бара жатқан тракторлар екенін білдік...— дейді Сұратай,— сонда ғана әкем есіме түсті...

— Бәсе,— дедім мен,— со кісіге көрсету керек еді бұл картинаны.

— Өзім де сөйтпек боп, үйге кірсем, не хал болып жатқанын ересек балалардан әкем естіген екен... Өзі де тысқа шықпақ боп даярланып жатыр екен. Мен оған «халың келмес, әке, шаршарсың!» деп ем, ол маған «шаршасам да шығам, өйткені, жүз екі жасқа келгенде, менің өмірде бірінші рет

көретін кереметім бұл. Жастар — сендер, кейін көрерсіңдер, мұндай кереметті бұл менің соңғы көруім де болар» деді...

— Дұрыс қой онысы,— дедім мен,— тысқа алып шықтың ғой?

— Шықтым. Мен тек сүйемелдедім. Өзі аяғымен басып шықты...

— Я, не деді сонда?

— Оны өзінен сұрағаның мақұл,— деді Сұратай,— өйткені, тыста ұзақ отырып, жүзден астам трактордың соңғысына дейін көзінен жөнелтіп салған әкем, андасанда «ой, керемет!» дегеннен басқа сөз айтқан жоқ. Одан кейін де, ара-тұра айта беретіні сол сөз ғана. Одан басқа сөзді сізге айтпаса, бізге айтпайды...

— Есі түгел ме? — деп сұрадым мен.

— Түгел,— деді Сұратай,— сөз жағына әлі мығым.

Үйге кірсек, Алдекең төргі бөлмеде, мештің қасына қойған аласа ағаш кроватьтың үстінде, көрпесінен басын ғана шығарып, бүктетіле жатыр екен. Сұратай біздің жайымызды айтқаннан кейін, қарт «ә, солай ма?» деді де, басын көтеріп, сәлемдесе қол алысты...

Аздан кейін мен, карттан трактор тасқынынан алған әсерін сұрадым. Сөздерін бөліп, демін ұзақ алып сөйлегенмен, қарттың сөзін қыйсындауы дұрыс екен...

— Мен өзім қысты күні, кигіз үйде туыппын,— деп бастады ол сөзін.— Әкем Қаныс кедей кісі еді. Үйі жыртық болушы еді. Мен сол үйдің жыртығынан қар түсіп тұрған кезде туыппын...

— Біздің бала кезімізде, отты шақпақ таспен тұтататын еді. Сіреңке дегенді мен жігіт болған соң ғана көрдім. Қазақтың қараңғы кигіз үйіне орыстың бірінші жіберген жарығы сол... Енді, міне, майсыз жанатын шамға — электрге жеттік...

— Біздің жас кезімізде, қазақ салт жүретін еді, арба дегенді білмейтін еді... Бізге әуелі екі доңғалақты, ар-

тынан төрт доңғалақты арба мінуді орыс үйретті... Содан кеп, қолымыз автомобильге жетті... Жастар самолетпен аспанға ұша бастады...

— Мен кәртайғанша, қазақ егін еккен жоқ. Егіннің қалай егілуін біз орыстан көрдік. Кейін, совет заманында қазақ та егін егуге үйренді, үлгісі — орыс...

— Орыс бұрын егінді өгізге жеккен соқамен айдады... Одан трактор кеп шықты... Ол біздің ауылға да келді... Нанды біз трактормен жыртқан жерден жедік...

— Бірақ, жер көп еді... Бәрін жыртып егін салуға колхоздардың күші жетпейтін еді... Ойлаушы ем: «тың жатқан жерлердің бәріне егін себер уақыт болар ма екен?» деп...

— Болуына сенетін ем, өйткені жыл санап егіс көлемі молайып келеді ғой. Ендеше, түбінде егілмеген жер қала ма? Бірақ, ойлаушы ем,— «жердің тегіс егілгенін, жастар болмаса, жасы жеткен — біз көрмейміз ғой» деп...

— Жайлау туралы да ойлайтын ба едіңіз? — деп сұрадым мен Алдаберген қарттан.

— Неге ойламайын?— деді ол жұлып алғандай,— талай жыл жайлап қызығын көрген жер емес пе ол? Онын кейінгі кезде құлазып бос қалғанына іш неге ауырмасын!..

— Оған да егін себілуін тілеген екенсіз ғой,— деді біреу Алдабергенге.

— Неге тілемейін?— деді карт,— жер адам үшін жаралған дүние емес пе? Оның рахатын адам көрмегенде кім көреді...

— Ендеше, жайлаудың тыңын көтеру үшін шабуыл жасалуына, жүздеген тракторлар, мыңдаған адамдар баруына қуанған екенсіз ғой?..

— Қуандым!— деді карт.

102 жасқа келген Алдаберген қарттың бұл қуанышы маған бүкіл тарихтың қуанышы сыяқтанды.

Қуан, тарих!.. Тыңға шабуыл басталды!..

III. АЛҒАШҚЫ ЖЕМІС

Степан Кузьмич Шоломаның жасы быйыл отыз үшке ғана шыққанмен, аз жылда көргені басынан асады. Жыйырма жасынан Ұлы Отан соғысына қатнасқан оның бірінші ұстаған құралы танк. Төрт жарым жыл батыс майданына араласып, үнемі соғыс отының аузында жүрген ол, әлдене «кереметпен» аман шығады да, найзағай жарқылындай тездікпен шығыс майданына ауысып, жапон самурайларын құртқаннан кейін, кеудесі толған орденмен, туған жері — Краснодар аймағына қайтады.

Дені сау, денесі қарулы жас жігітке еңбек керек. Танкистке бейбіт еңбекте қолайлы құрал, әрине, трактор. Сол құралмен еңбек майданына қызу қатнасып жүрген ол, Орталық Партия Комитетінің тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулысын оқыйды да, бұл «майданға» да қатнасқысы келген ойын айтып, әйелі Александра Тихоновнаға ақылдасады.

Білімі жеті кластық қана болғанмен Александра Тихоновна саясаттан хабары бар адам. Қаулыны ол да оқыған. Оның саяси және шаруашылық мәні қандай екенін жақсы түсінеді. Ендеше қарсы болуы мүмкін емес. Сол ойын білдіре келіп, ол сүйікті ерінің алдына, тек, бір ғана сұрау қояды.

— Әрине, қарсы емеспін,— дейді ол.— Ерлі-зайыпты жас адамдарға бөлініп тұру мүмкін емес, сондықтан, саған еріп менің де барғым келеді. Сонда, жеті жасар Вячеславты қайтеміз?

— Қайткені қалай?— дейді Степан,— тастап кетеміз бе оны? Ала кетеміз де...

— Әрине, ала кетеміз. Мен оны айтып отырған жоқпын.

— Енді нені айтасың?

— Осы бала ақылдылау сияқты. Әр нәрсені білгісі келетіні — нақ өзің. Кескін-кейпі де өзің ғой. Тартқанды-

ғы сондай, жұрт оны сенің аумаған көшірмең дейді...

Баласының өзіне ұқсауына іші жылы тартқанмен, сыпайы мінезді Шолома, әйелінің баланы мына дәріптеуін ерсі көргендей:

— Сонда, айтайын деп отырғаның не?— дейді.

— Айтайын дегенім,— дейді Александра Тихоновна, — алдағы қыс оның мектеп жасы. Егер тың жерге барсақ, оқуға қалай береміз?

— Со да сөз бе екен?— дейді Шолома,— онда мектеп салынбайды деп отырсың ба? Тыңға үкіметтің, партияның қандай мән бергенін көрмей отырмысың? Мектептің әкесі сонда салынады!..

Тыңға баруға көнген әйеліне Шолома өтініш айтады.

— Тыңда, менің қолыма бір трактор берілуінде күман жоқ,— дейді ол,— ал, соған, сока тіркеуші ғып сені алғым келеді.

— Оған мен қарсы болмас ем,— дейді әйелі,— бірақ, не білем мен тіркеуден?

— Түк те қыйыншылығы жоқ. Жер жыртуға шыққанша үйретіп болам.

«Украина» совхозында, тыңға келген тракторлардың біріншісін Шолома қабылдайды. Тыңды жыртуға да совхозда ол бірінші боп аттанады. Бұл кезде жерге орналастырушылар партиясы, жыртылар тыңның алғашқы тор көздерін көрсетіп берген. Әрбір тор көздің ұзындығы да, көлденеңі де екі шақырымнан, оның аты, бұл тор көздің ішінде төрт жүз гектардан жыртылатын жер бар деген сөз. Осындай тор көздер тура тартқан сызықтармен жиектеледі де, болашақ егін арасынан жүретін жол жасалу үшін, тор көз бен тор көздің арасынан, жалпақтығы жиырма метрлік тың жердің белдеулері қалады. Жыртылған жер арасында көлденеңнен де, ұзыннан да қалдырылған бұл белдеулер бірі мен бірі тұтасып, әлденеше километрге, кейде ондаған, жүздеген километрлерге созылып кетеді.

«С—80» ге мінген Шолома, оған тіркеген он корпусты плугтың тісін тың жерге өзгелерден бұрын тигізеді. Көктемнің дымқосымен балқып тұрған, қалыңдығы метрден артық қара қыртыс, қатарласа тілген он түреннен қыйылған мақпалдай жарыса кеп көтеріледі де, жантая құлайды.

Бұл құлау Шоломаға ұнамайды. Оның көп жылдық тәжрибесіне қарағанда, көтерілген тыңның шөптесін жағы бороздаңың астын ала етпетінен жату керек. Егер өйтпей, қырынан жатса, шөптің басы тұншықпайды да, жантая жоғары өсіп тіріліп кетеді. Тірі шөп шығар егіннің азығына ортақ боп қарнын ашырады, ашыққан егін нашар шығады.

Жыртылған шымның неге төңкеріліп түспеуін Шолома байқаса, түрен алақанының қайқылығы жетімсіздіктен. Бірақ бұл бір плугтың ғана емес, әзіргі плуг атаулының бәрінің кемшілігі. Ол кемшілікті заводқа ұсыныс жасап түзеттіруге де болады. Бірақ ол ұсыныс қабылданғанша, ойдағыдай плуг шыққанша қашан!.. Тыңды қазір көтеру керек...

Шолома дирекцияға ұсыныс жасайды: «шым төңкеріліп түсу үшін,— дейді ол,— трактордың жүрісін тездетіп екінші және үшінші жылдамдыққа түсіру керек. Ол үшін «С—80» ге бес корпусты бір плугты ғана қалдырып, екіншісін тіркемеу керек. «ДТ—54» ке тіркеген бес корпустың екі түренін алып тастау керек».

Бұл бұрын ғылымда айтылмаған сөз, тәжрибеде қолданылмаған іс. Тыңнан жасалған мұндай іске бару оңай емес. Бірақ, совхоз дирекциясы тәуекелге бел байлап, ұсынысты сынауға кіріседі. Шоломаның болжалы дұрысқа шығады: «С—80» ге бес корпусты плугты ғана тіркеп, трактор жүрісін, ретіне қарай, кейде екінші, кейде үшінші жылдамдыққа салғанда, жыртылған шым қайқая жығылып, етбетінен түседі.

Тәжрибе дұрысқа шыққаннан кейін, дирекция трактор-

шылар мен механизаторлардың маслихатын шақырады. Көпшілік бір ауыздан бұл жаңалықты іске асыруға қаулы алады. Көрші совхоздар да бұл тәжрибені қолданады.

— Корпустың азаюымен, жер жыртудың өнімі артылмаса кеміген жоқ,— дейді Григорьянц,— тыңды көтеру науқаны басталғаннан бері күндік және айлық пландарын үнемі асыра орындап келе жатушы бұл совхозда Шолома жолдас қана емес. Одан озығымыз да бар, мысалы — бригадир Скубаков. Бригаданың нормасын орындауды ол 150 проценттен ешуақытта кем түсірмейді. Солайша үздіксіз өнімді еңбек атқарғандықтан, ол айына алты мың сомнан кем еңбек ақы алып көрген емес. Бригадир Козловцев пен Трифановтың еңбек ақылары соған жақындайды.

— Трактористердің еңбек ақысы ше? — деген сұрауға:

— Мысалы,— дейді Григорьянц,— Герасименко, Краса, Лукьяненко, ағайынды Мацандар, Цоцорин, тағы солар сыяқты алдыңғы қатардағы трактористер, айына 2 500—3 000 сомнан кем еңбек ақы алған емес.

— Тіркеушілер ше? — деймін мен.

— Оны мына отырған Горбаченко жолдастан сұраңыз,— деп Илья Карпович дөңгелек жүзділеу, қара шаш, қара көз, қара қас, талдырмаштау орта бойлы көркемше қызды нұсқады.

— Бұл жолдас не қызметте еді?

— Тіркеуші.



— Я, сіз қанша еңбек ақы аласыз? — деген сұрауға, қыз ұялшақтанған кескінмен жауап бере қоймай, күлімсіреп төмен қарайды. Әңгімені ақшадан бастағанға мен де ыңғайсызданып, қызды ұялтпайтын сұраулар жағына шығам.

— Атыңыз кім, сіздің?

— Зинаида Владимировна.

— Қайдан келгенсіз?

— Ленинградтан.

— Онда не қызметте едіңіз?

— Ірі блоктардың заводында жұмысшы едім.

— Қай жылы туғансыз?

— 1931 жылы.

— Біліміңіз?

— Қолөнершілер училищесі,— дейді Зина күмілжіп.

— Неге аз оқығансыз?

— Соғыс салдарынан...

Ол «салдардың» мәні былай екен: Горбаченко Ленинград облысының бір ауданындағы кішірек қалада тұратын жұмысшы семьясында туады. Бірнеше ағалары және кішкене сіңлісі болады. Шама шарқынша бахытты өмір сүретін әкесі Зинаны, сегіз жасында сабаққа береді. Зирек қыз бірінші класты «отличномен» бітіріп, екінші класты да солай аяқтағалы жүргенде Ұлы Отан соғысының сұрапылы басталады да кетеді. Кешікпей Зина тұрған қаланың үстінен жаудың бомбасы жауа бастайды...



Енді аз күнде жау таянып қап, қаланы зеңбірекпен тұралап пергілеуге кіріседі. Үздіксіз төпеген снаряд пен бомбалардан, көп ғасырлар бойы жасап келе жатқан орыстың кішкене сәнді қаласының тас-талқаны шығады. Қаласын жауға бермеуге жанталасып қорғаған тұрғын адамдардың талайы қыйраған үйлердің астында қалады...

Қалаға жау таянғанда соғыс ұйымдары әйелдер мен балаларды тылға жіберу жабдығына кіріседі.

— Ал, жыйнал, Зиночка,— дейді сол бір күндері, қаланы қорғау жұмысында жүрген шешесі Валентина іңірде келіп, асыға сөйлеп.

— Қайда — дейді, құлақты тұндырған сұрапыл атыстан зәресі ұшып, үш жасар Қапаны (Капитолина) құшақтап отырған он жасар Зина.

— Капочка екеуің алыстағы тылға кетесіңдер.

— Не ол «тыл» деген?

— Жаудың оғы жетпейтін жер...

— Ал, сен ше, мамочка?

— Мен қаланы қорғасуға қалам...

Есі кіріп қалған Зина, бұл айрылудың не екеніне түсінеді де, балдырған бетінің қаны сұрлана ғап, жылам-сыраған және дірілдеген дауыспен:

— Жоқ, мамочка, мен де ешқайда бармаймын... М-м-мен осында болам! — дейді.

— Капада ес жоқ,— дейді Зина маған қарап, күрсініп ап,— болып жатқан уақыйғадан ол түк түсінбейді. Оның сәби сезіміне түскен жалғыз ғана ауырлық: соғыстан бұрын мамасы оны күн сайын ыстық сүтпен азықтандырып, тәтті нан пісіріп беретін еді. Қаланы жау қамағалы ол азықтан Қапа айрылған. Мамамды көрсе-ақ оның айтары «мама, сүт берші!». Мамам оған жауап бермей, тек көз жасын бір сығады да қояды.

— Капа,— дейді Зина, тағы да ауыр күрсініп ап,— бүгін де сол дағдысымен, мамасынан сүт сұрап, баурына

жабысып тұр... мамадан айрылудың не екенін ұғар түрі жоқ... Мамамның да көзінде жас!..

— Бейшара мама,— дейді Зина көзіне жас кеп қап,— сол қалпымен біраз тұрар ма еді, қайтер еді, егер сол кезде, түстері қорғасындай екі солдат кіріп кеп, «балаларды неге жөнелтпейсіз?» — демесе... Мамам сол кезде, көз жасын жең ұшымен қатты бір сүртіп тастады да, түсі ызбарлана ғап, келген солдаттарға «қазір» деді. Ол бізді жылы киіндірді де, қалған киімімізді одеялға орап таңып беріп, «көтер Қапаны, — деді маған, — ер, анау ағаларыңның соңынан!..» Түсінен қаймыққандай мен, — «сен ше, мама?» деп ем, ол ызбарланып, «мен жұмысыма барам!» деп шықты да кетті... Міне саған, мама!..

— Я, сонымен? — дедім мен, ауырлаған сезіммен...

— Қапаны бір солдат көтеріп алды. Біреуі буманы бір қолына ұстап, бір қолына мені жетектеді.

— Қайда апарды сонымен?

— Қала қасындағы вокзалға. Шақырымнан аз-ақ асатын оған зорға жеттік. Соңғы күндері, «жаудың бомбасы түседі» деп мамам бізді үйден шығармай қойған. Енді, көшеге шықсам: үйлердің көбі тас-талқан!.. Көп үйдің орнында үйілген шаңы ғана жатыр!.. Кей көшеге шашылған үйлердің сынығынан аттап болар емес!.. Бәрінен аяныштысы — пионерлер сарайы. Ол өткен жылы ғана салынып біткен еді. Өзге пионерлермен бірге, мен де ол сарайға көп барып, ойындарында болатын ем... Ондағы көрмеде, мен кестелеп тіккен сары шыпшықтың суреті де ілулі тұр еді!.. Балаларға нелер қымбат мүлік жоқ еді олардың ішінде!.. Енді көрсем, сарайдың төбесі опырылып, терезелері аңырайған, алқам-салқам қабырғалары тұр!.. Мен жылап жібердім... Онымды түсінгендей, жетектеп әкеле жатқан солдат: «жылама, қарындасым, жауды қуамыз да, пионерлер сарайын қайтадан саламыз» деді.

— Я, содан?

— Таныс вокзалдың үйі де қыйрап, орнында үйіндісі ғана қалған екен. Не өртеліп жатқанын кім білсін, айнала көгілдір түтін!.. Содан тұншыққан бізді, солдаттар бір вагонге әкелді де кіргізді, оның іші де түтін... Ың-жың балалар даусы... Іле вагон қозғала жөнелді...

Әуелі Валдайдың, одан кейін Свердлов облысындағы бір қаланың балалар үйіне орналасқан Зина мен Қапа, Ленинград қаласына 1945 жылдың жазында оралады да, Қапа орта мектептің интернатына, Зина қолөнершілер училищесіне түседі, себебі — соғыс күндері қаладан қалаға көшіп жүріп оқый алмай қалған. Соғыстан кейін орта мектептің жасына лайық класына түсуге ересек боп кеткен. Училищені бітіргеннен кейін, Зина жоғарыда аталған заводта жұмысшы боп жүреді де, Орталық Партия Комитетінің тың және тыңайған жерлерді көтеру туралы қаулысы шыққанда комсомол комитетінің үндеуіне, бірінші адамдардың қатарында жауап береді.

— Себебіңіз? — деген сұрауға, Зинаида Владимировна:

— Отанды сүю,— деген ғана қысқа жауап айтады.

Көп комсомолдардың қатарында Украина совхозына келген Зина Трифановтың бригадасында тіркеуші боп қызмет атқарады. Дағдылы тіркеушілердің орта мөлшермен алатын еңбек ақысы 600—700 сом, ал, Горбаченко Зинаның үздіксіз алып келе жатқан айлық ақысы 1 000—1 100 сом. Неліктен бұлай болатынын Трифанов жолдас баяндап кетеді.

— Тіркеуші деген, плугты тракторға қосақтап беруші ғана емес, жердің қалай жыртылатынын бақылап та отырушы. Жыртылатын тыңның қалыңдығы 22 сантиметр. Жер тегіс болса, осы тереңдікке дәл қойылған плугтың түрені біркелкі тіледі де отырады. Бірақ, жер олай тептегіс боп келе бермейді. Кейбір жерде ойпат кездесіп қа-

лады. Онда түренді тереңірек батырып жібермесе, жер қыртысының бетін ғана қалпып әкетеді. Ойпаттың көбі жарық және толып жатқан төмпешік болады. Ондай жерлерде плугтың доңғалағы секеңдеп кетеді де, түрен кей жерге қалың, кей жерге жұқа барып, кейбір төмпешіктердің арасын тілмей де кетеді. Ал, кейбір тегіс жерлерде төмпелер немесе обашықтар кездеседі. Ондай тұста, түренді көтере салмаса, қалыңға кіріп кетіп, тіліп әкетуге әлі келмей, сағасынан омырылып та қалады. Осындай ойлы-қырлы жерлерді түренге тегіс, бір мөлшерде (22 сантиметр) тілгізіп отыру тетігі трактористің емес, тіркеушінің қолында. Олақ тіркеуші плугты билей алмайды да, ойлы-қырлы жердің қыртысын түренге кейде терең, кейде тайыз алдырып, жер тереңдік жағынан ала-құла болып шығады. Ондай жерге егін де ала-құла боп, тым терең және тым тайыз алынған жерлерге нашар немесе шамалы шығады, бірқалыпты жақсы жыртылған жерлерге біркелкі әдемі шығады. Біздің Зина үлгілі тіркеушілердің қатарына жатады...

— Ең тәуірлерінің! — деген сөз қосады Григорьянц.

— Рас,— дейді Трифанов.— Зина басқарған плугтар ойда да, қырда да жерді біркелкі жыртудан аумайды.

— Оның бұдан да көтерілуге мүмкіншілігі толық қыз,— дейді Григорьянц,— біз оны алдағы қыста трактористер курсына жібереміз. Содан әрі қарай кете барады. Қоғамдық істерге де белсенді қыз. Мүмкін оның келешекте, «комиссар» боп кетуі.

Тыңға келгендердің алдына қойған мақсаты — тың жерді айырып қана тастауда емес, жер айырудың сапасын жоғары дәрежеге көтеру. Осы жөнде ерекше көзге түскен адамның бірі — Докучаев атындағы совхоздың таңдаулы бригадирі Владимир Константинович Иванченко. Краснодар аймағынан келген бұл жолдас, 1927 жылы кедей крестьянның семьясында туыпты. 7 класты бітіргеннен кейін колхоз өндірісіне араласып, механизмді меңгеруге

бейімделген ол, көп кешікпей трактордың тұтқасына ие болды. Комсомолда да, партияда да мүше емес ол, тыңға баруға сол маңайдағы механизаторлардан бірінші боп арыз береді де, Докучаев совхозының жеріне алғашқы топтың қатарында келіп, алғашқы тіккен шатырдың қазығын бірге қағысады, брезентін бірге жабысады; Шоломадай, бұл да осы совхоздың бірінші тракторының руліне отырып, тың жердің қыртысын бірінші боп тіледі.

Совхоздың партия ұйымдастырушысы жолдас Мұхаметшин Қашшаф Иванченконы бізге күнбұрын таныстырғанда, оның алдыңғы қатардағы бригадир екенін, үш мың гектарлық жыртылған жердің планын бес мың гектар ғып орындағанын айта кеп:

— Оның бригадасына барғанда бірнеше жағдаларына ерекше көңіл бөлулеріңізді өтінем,— деді,— бірінші — оның бригадасындағы трактор айырған бороздаңың арасынан сіз қылыштың желкесіндей де айрылмаған сызықты таба алмайсыз. Өзге бригаданың кейбір трактористері жыртқан жерден ондай сызық түгіл, одан жалпағы да табылады. Шалағай жыртылған кейбір жерлерді қайтадан жырттырған кезіміз де болды. Жерді таза жырту жағынан Иванченконың бригадасы бұл совхоздағы ең үлгілі бригада. Оның трактористері жыртқан жер, ең жақсы қаракөл қозының терісіндей боп, тып-тығыз, бүп-бүйра боп жатады. Екінші — оның бороздасында, еш жерде қырынан жатқан шымды көрмейсіз, тракторлары жыртқан шымның бәрін етпетінен төңкеріп тастайды. Үшінші — тың көтеру планын 166 процент орындаған ол, августың ортасынан бастап, жыртқан шымдарын майдалауға кірісті де, қазір түгел майдалап бітіруге жақындап қалды. Сол майдалаған жерлерін көрсеңіз, кере төсеген қара мақпалдай боп жатыр. Төртінші — әрбір тор көзге кіретін 400 гектар жердің жан-жағын шолып көрсеңіз, землемер тік сызып берген жиектен, оның тракторлары тартқан плугтар бір елі аумай, жыртқан жердің текшесі

қаламмен тура сызған төрт жақты текшедей, жан-жағы теп-тегіс, тіп-тік болып жатады. Сондықтан ол жыртқан төңіректе, текше мен текшенің арасына қалдырған, жолға арнаулы, жыйырма метрлік белдеулер де оқтай түзу боп тұрады. Кей бригаданың трактористері өйтпей, текшелердің төңірегін айғыздап тіліп тастайды да, белдеулер бұзылып істен шығады. Бесінші — осының бәрі еңбек тәртібінің қаттылығынан. Ол қызмет бабында, бағынышты адамдарына айтқанын орындататын кісі. Кімнің де болса кемшілігін ол бетің бар, жүзің бар демей тура айтады және әділ айтады, сондықтан, «мынауың теріс» деп ешкім жанжалдаса алмайды. Тапсырғанын орындамаған адамға қатаң жаза қолданады, ол — жолдастық сот. Жолдастық сотқа салған адамның, ол жаурынынан сорын шығарады. Көпшілікті осы сотқа белсенді араластыра, айыптыны сөктіріп сөйлете біледі. Көпшіліктің салмағын ар-ұяты сықырлай әрең көтерген айыпты, енді қайтып қоғамдық немесе өндірістік тәртіпті бұзбай, үлгілі кісі боп кетеді... Алтыншы — ол сөздің ғана емес, істің де кісісі. Аузымен айтқан жұмысын ол еңалдымен, істе өзі көрсетеді. Жоғарыда аталған жақсы істердің бәрін ол еңалдымен өзі істеп, өзгелеріне үлгі береді. Жетінші — ол тракторист болып та, бригадир болып та үлгереді. Мысалы, тракторды бір сменада толық айдап шаршаған ол, енді жатып тынығар десең, азғантай уақыт мызғып алса болғаны, бригадасын аралап шабады да жүреді. Сегізінші — өндірісте қатал бола тұра, тыныстық сағаттарда ол ойын-күлкіні, жолдастарымен жыйналып, мәдениетті көңіл көтеруді де жақсы көреді. Өлең-би дегенге, әдетінде қызба кісі емес, ал реті келгенде, тайпаңдап украинша жорғалап та кетеді. Тоғызыншы — барып тұрған семьянин. Август айына дейін совхозда соқа қара басы ғана тұрғанмен, қылтың-сылтыңы сезілген жоқ. Жас басымен, сабырлы, әдепті кісі. Әйелі Раиса Васильевна мен жеті жасар ұлы — Николай бұл араға бұдан бір

ай бұрын ғана келді. Күн сайын араласып жүреміз, семьясын жақсы көреді және тату тұрады.

Осынша жақсы рекомендация естіген Иванченконы барып көрсем, толықша орта бойлы, сарғылт түсті жігіт екен. Мұхамметчин мені «жазушы» деп таныстырғанда, ол селтең ете қалды да:

— Жазушыны да көреді екеміз-ау! — деді күлімсіреп.

— Неге олай дейсіз? — деген сұрауға:

— Біздің совхозға,— деді Иванченко,— ғалым да келді, агроном да, инженер де, землемер де келді, гидротехник те, электрик те, конструктор да келді, мұғалімдер мен врачтар да келіп жатыр, партия, совет, комсомол, кәсіпшілер одағы сияқты басқарушы ұйымдардан өкілдерді жиі көреміз, ал,— деді ол, маған жымыя қарап қойып,— келмеуге уәделесіп қойғандай, жазушылар мен артистерден, тыңға келгелі әлі ешкім келген емес, олардан көріп отырған адамымыз,— сіз ғана.

Ол айыпты мойынға ала отыра, Иванченкомен әрі қарай кеңесіп кеттік. Аз сөйлескеннен кейін, оның маған қойған сұрағы:

— Біз Қазақстан жерінде құрылған совхозда қызмет атқаруға келдік қой, ендеше біз де осы республиканың азаматы емеспіз бе?

— Солай!

— Ендеше біздің, осы республиканың тарихы, географиясы, экономикасы, мәдениеті, әдебиеті, искусствосы туралы білгіміз, лекциялар тыңдағымыз келеді, бірақ, ондай лекцияны бізге әзір ешкім кеп оқыған жоқ.

— Дұрыс талап.

— Мысалы,— деді Иванченко, жақын жерде, көгал тартып көрініп жатқан көп қыстаулардың төмпеге айналған орындарын қолмен нұсқап,— анау жерде әлденендей көшпелі ауылдың қыстауы болған деседі. Неге

көшкен ол ауыл бұл арадан? Қайда кеткен?.. Бұл сұрауларға жауап таба алмаймыз.

— Ол жауап оңай табылды,— деді Мұхамметчин күліп,— таба алмай жүрген көшпеліңіз,— осы тұрған жазушы. Оның «Өмір мектебі» деген романын оқыған ба едіңіз?

— Жоқ,— деді Иванченко,— оқығым келмегендіктен емес ол, қазақ жазушыларының кітабы біздің совхозға келмейді. Бізге неге келмейтін себебін магазиніміздің бастығы Люба Макинадан сұрап ем,— «Қазақ кітабының сауда мекемесі жазған хатымызды да аяқсыз қалдырды» деп жауап берді.

— Рас,— деді Мұхамметчин,— көркем әдебиет қана емес, мұнда Қазақстан баспалары шығарған кітаптардың ешбір түрі де келмейді. Жұмысшылар да, интеллигенция да қазақ жазушыларының кітаптарын көп сұрайды.

Мұхамметчиннің «Өмір мектебін» еске алып тұрған себебі — Иванченконың «көшпелі ауыл жұрты» деп көрсетіп тұрғаны — біздің Жаманшұбардың жұрты еді. Оның өзі де, Жаманшұбар осы арада болғанын менен естіген.

Жаманшұбардан біздің ауылдың неге және қашан көшкенін, қайда барып орнағанын менен естігенде, бұл жаңалықты тыңдаған Иванченконың көзі қуанғаннан шарасынан шығып кетті.

— Ендеше... біз екеуміз... жерлес боп шықтық қой! — деді ол маған бажырая қарап,— сіз бұл жердің бұрынғы тұрған адамы екенсіз, мен жаңа кеп тұрған адамымын... олай болса, тағы да жерлестік сәлем, жолдас жазушы! — деп ол маған қолын қайта ұсынды.

— Сәлем! — дедім мен де қолын алып,— бірақ біз «ескі, жаңа» емес, бұл жерге ертеден ортақпыз, жолдас Иванченко, өйткені бұл совет жері!..

— Ол рас! — деді Иванченко.

— Я, жаңа жерді қалай игеріп жатырсыз, жолдас Иванченко? — дедім мен.

— Әзірге, біздің жерге, жердің бізге өкпесі жоқ сыяқты,— деді Иванченко,— тамаша жер!.. Қара топырағының қалыңдығы метрден артық!.. Ащылы және құртқесек (липун) жер сирек кездеседі. Мен жыртқан жердің тоқсан процентi қалың боз өсетін қара топырақ. Жарық пен шілік те сирек. Көпшілігі теп-тегіс жазық дала. Осындай тамаша жерді осы күнге дейін егінге неге пайдаланбай келуге хайран қаласың!

— Оның себебі бар, — дедім мен, — біріншіден — бұл совхоздар келіп орнаған жер бұл араны бұрыннан қоныстап отырған елден артқан жер. Бұрынғы тұрғын халыққа пайдалану үшін, өздері қоныстанған, бұдан басқа жерлері де мол жетеді. Екіншіден — бұл маңайда су жоқ. Анда-санда кездесетін көлдер кей жылдарда тартылып қалады. Жер астының суы терең де жатады, техника жоқ жерде, ондай тереңге жетуге күш келе бермейді. Үшінші — мұншама кең жерді, яғни, өзіңіз айтқандай, топырағы асыл, ұзын тұрқы жүз елу километрдей, көлденеңі жүз километрдей бос жатқан жайлауды меңгеріп, жер жаралғалы соқа тимеген тыңын жыртып игеруді оңай деп отырсыз ба? Мұндай кең өлкені игеріп тыңын түгел көтеру үшін, Орталық Партия Комитетінің февраль-марттағы қаулысы сыяқты мемлекеттік, халықтық ерекше мәні бар шара қолдану керек еді. Ондай шара быйыл ғана қолданылып отыр.

— Рас,— деді Иванченко.

Ол су туралы біраз тыйышсызданатындығын қызулана айтты.

— СМУ[1] аталатын мекеме бар ғой,— деді ол, жаңа совхоздарды сумен қамтамасыз ететін сол ғой. Оның өзі бұл араға июль айында әрең келді. Оған дейін совхоз қар суымен немесе тайыз құдықтан шыққан аз ғана

[1] Строительно-монтажное управление.

сумен ғана пайдаланды. Әзіргі қазған жерлерінде ол жыйырма метрден артық тереңдікке бара алмайды, оған дейін казған жерінің суы ащы шығады. Сондықтан, бұл совхоздарда су мәселесі шешілген жоқ деуіміз керек. Бірақ, оның тез шешілуі керек, өйткені совхоздар мұндай жақсы жерде өмірлік орнап қалады, ендеше, тыянақты су қорынсыз қалай тұрады?

— Әрине!

Иванченко мен біз оның көтерген тынын аралап кеттік. Қай жағына қарасаң да, ұшы-қыйырсыз, аспан жиегімен астасып жатқан тың бороздасының теңізі!.. Таусыз, өзенсіз, ормансыз, жап-жазық кең даланың таныс бетінің бұрынғы белгілерінен қазір еш нәрсе табылар емес. Қайда қарасаң көтерілген тың!..

— Осы тыңды көтеруде кездескен қандай қыйыншылықтар болды? — деп сұрасаң:

— Кезінде жанармай жете алмай, тракторлардың амалсыз тоқтаған күндері болды,— дейді Иванченко,— одан басқа қыйыншылықты мен білмеймін. Әрине, соқаны сүйрей бергенмен тың ойдағыдай жыртылмайды. Оның ойы-қырын біліп отырып, ғылым көрсеткен тереңдікте тегіс жырту керек. Бірақ, бұл ешкімнің де қолындағы іс емес, біздің ғана қолдағы іс. Бұл жөнде де қыйындықтар болды, оны көпшіліктің күшімен кезінде жеңіп отырдық.

Жанармайдың кезінде жетпеуіне бас себеп, цистернаның жеткіліксіздігінен екен. Күніне 40—50-леп трактор лар қызмет істейтін ол арадағы совхоздардың әрқайсысына күн сайын ондаған тонна жанармай керек, ал, цистерна саны әрқайсысында екеу-үшеу ғана және олар жанармайды жырақтығы жүз сексен километр қоймадан тартады. Ең асығыс жүрген күннің өзінде цистерналы автомобиль күніне екі-ақ рейс жасайды. Жол саз болса, бір рейс те жасамайтын, немесе, бірнеше күн жолда кідіріп қалатын кездері болады. Мен барған совхоздарда, бұл

расында қыйын жағдайдың бірі екен. Оны жеңілдетудің жолы — совхоз орталықтарының қасына бірнеше іші кең бактар орнатып, құрғақшылық кезде, әсіресе қысты күні қол босырақ кезде бензинді көбейтіп құйып қою. Ондай бактар жаңа совхоздарға енді ғана салынғалы жатыр...

— Айтпақшы, тағы бір қыйындық бар екен,— деді Иванченко көтерілген тыңдарды аралап жүріп,— талай жерді аралай жүре, аз ғана жасымда, мен осы араның масасындай көп масаны көрген емен. Жазғытұрым ол тіпті сұмдық болды. Жер көктеген кезде ұшқан масаның көптігі бұлт сияқты. Қалың киіммен жұмыс істеуге болмайды, жұқа киімнен масаның тұмсығы өтіп кетеді. Сонда, шағатын маса біреу, он, жүз болса бір сәрі ғой. Мыңдап, миллиондап үстіңе қонып ап, тұмсықтарын денеңе қадай қанынды сорғанда, ащы шағудан жаныңды қайда қоярға білмейсің. Ат не автомобиль үстінде келе жатсаң денеңді қағынып қорғанар ең, трактордың рулінде отырып қалай қорғанасың...

— Рас-ау,— деймін мен, маса осы кезде өзімді шаға бастағандай, денем тітіркене ғап, өйткені, олардың шағуын мен жақсы білем.

— Бірақ, біз ол қыйындықты да жеңдік,— дейді Иванченко күліп.

— Қалай?

— Шөп арасында, әсіресе, көп уақыт қар суы жатқан жарық жерлерде өрбиді ғой масалар. Ондай жерлердің бәрі жыртылып, қыртыс жағы төңкеріліп астына түскен соң масаның да саны азая бастап, жер кең жыртылған июль-август айларында құруға айналды. Қазір, кешкі уақытта, әлдеқайдан қаңғырып келген бірен-сарандарының әлсіз ызыңы болмаса, бұрынғыдай мыңдаған саны қосылып айтатын хоры естілмейді...

Иванченко бригадасына берілген өлкеде, көлемі кішірек екі ғана участок жыртылмай қалған: бірі — бұл арадан бұрын жылда өтетін өрттен әлдеқалай аман қал-

ған, анда-санда адақтап, бірендеп қана өсіп тұрған қайыңдар; екіншісі — Жаманшұбардың ескі жұрты мен оның қасындағы біздің ауылдың зираты.

Бірендеген қайыңдарды енді қайтып өрт алар емес, өйткені айналасының бәрі жыртынды.

— Бұларды біз кісіге де кестірмей, өртке де шалдырмай өсіреміз, — дейді Иванченко. — Біздің Тарас Григорьевич Шевченконың қолынан, Каспий теңізінің жалаңаш жағасына тіккен аз ғана жас шыбықтарынан кейін қалың орманды бақша өсіп кеткен деп естиміз; егер жас ағаштардың ұрығын бұл араға да егіп шығарып, күтіп өсірсек, бұл арада да бақша болатын орман алқаптары жасалуда күдік болмауға тиісті.

— Әрине. Солай болуына сенем.

Иванченко мен біз зират қасына да келдік. Бұл арада ел тұрған кезде, әлі келген адамдар, қайтыс болған жақындарының қабырына ағаштан қыйған қорған жасатқан еді, оның алдына тас орнатып, бетіне өлген адамның кім екенін жаздырған еді. Ал, менің әке-шешем бала шағымда өлгендіктен, менен басқа ұлы болмағандықтан, қыздардың бәрі күйеуге беріліп алысқа кеткендіктен, қабырларының үстіне топырақтан басқа еш белгі қойылмаған еді. Әркімге әке-шешесі қымбат. Менің әке-шешем өзіме қымбат. Сондықтан, мен Жаманшұбардан бала шағымда кеткенмен, жолым түсіп бара қалсам, әке-шешемнің қатар томпайған қабырларына соқпай кетпейтін ем. Жаманшұбардағы ауылдар бұл арадан көшерде, «егер тағы келе қалсам адасармын» деген оймен, әке-шешемнің қабырын мен ұмытпастай ғып белгілеген ем...

Енді көрсем, зират үстіндегі қорғандардың бәрін өрт жалап кетіпті. Тастарын әлдекімдер алып кетіпті. Қазір зират орнында жерге теңеліп бара жатқан қабырлардың болмашы төмпешіктері мен бүкіл зиратты айнала қазған терең ордың жобасы ғана қалыпты. Ал, менің әке-шешемнің қабырына белгі көрген бір орным әлі сол қалпынан

өзгерген жоқ екен және оның өзгеруі мүмкін де емес: Жаманшұбарда Қәтіш атты жесір әйел болған, оған Құрманке атты жақыны әменгерлік жолымен үйленген, Құрманкенің Мәлике атты әйелі болатын... Осы екі әйелді 1917 жылы көктем кезінде әлдекімдер балтамен турап, өлтіріп кетеді...

Кім өлтіргенін білмеген ауыл, «сот және медицина орындарынан кісі келгенше» деп, зират ішінен ор қазады да, екі әйелдің жыйнаған денесін сонда апарып қойып, үстіне уақытша шым күрке салады... Алыс жердегі сот және медицина орнынан ешкім келмейді... Әйелдер шіриді... Шым күрке құлайды... Осы күркенің орны, зират ішінде биік төмпе боп оғаш көрініп тұрады. Менің әкешешемнің қабыры соның шығыс-теріскей жақ қасында, он шақты адым жерде, өзге қабырлардан оғашырақ тұрады. Менің белгім осы...

Осы уақыйғаны айта кеп, өшіп бара жатқан зират үстін маңайда, көтерген тыңға қоса жыртпағаны үшін, Иванченкоға мен рахмет айттым.

— Заң бойынша,— деді Иванченко,— жыйырма жылдан бері кісі көмілмеген зират үстін жыртуға болады екен. Мен оны істеген жоқпын. Қай елдікі екенін білмегенмен, зират атаулыны мен өзім қадірлеймін, өйткені, мұнда жатқан адамдар да, әрқайсымыздың туысымыздай, өз туыстарына қадырлы адамдар ғой; ендеше, біз де оларды қадірлеуіміз керек.

— Бірақ, менің сізді бір мәселеде кіналағым келеді,— деді Иванченко маған күле қарап.

— Неден?

— Әке-шешеңіз мұқтаждықта өлген батрактар дейсіз. Сіз олардан қалған жалғыз жетім ұл екенсіз. Енді, міне, Совет үкіметінің арқасында өсіп, білім алдыңыз. Жазушы болдыңыз. Харажатыңыз бар. Әке-шешеңіздің басына мәңгілік бір белгі неге орнатпағансыз?

— Дұрыс кіналау,— дедім мен,— бірақ, оларға қазір

менің қолымнан келмейтін зор ескерткіш салынды ғой деп тұрмын.

— Мәселен?

— Маяковскийді сіз, әрине, оқыған боларсыз?

— Аздап,— деді Иванченко жымыйып.

— Мына бір сөздері есіңізде ме? --

Мне наплевать
на бронзы многопудье,
Мне наплевать
на мраморную слизь.
Сочтемся славою,—
ведь мы свои же люди,—
Пускай нам
общим памятником будет
Построенный
в боях
Социализм!

— Есімде! — деді Иванченко, менің бұл өлеңді неге мысалға алған себебімді түсінгендей кескінмен.

— Маяковский айтқандай,— дедім мен,— менің әкешешем түгіл ата-бабаларым өскен бұл өлкеге, жер жаралған күннен бері соқаның тілі быйыл ғана тисе және ол соқалар бірлеген, ондаған, жүздеген емес, мыңдаған гектарларды жыртса, жер жаралғалы жалғыз түйір бидай өспеген өлкеге, келер жылдан бастап, мыңдаған гектарлы егін теңізі пайда болса, ол егіннен, коммунизмге аршынды адыммен аяқ басқан совет халқының астық қорына жүз мыңдаған тонналы астық қосылса, бұның аты — менің әке-шешелеріме ғана емес, оның ата-бабаларына, үрім-бұтақ, зәу-заттарына мәңгілік орнатқан ескерткіш емей немене?..

— Ол рас! — деді Иванченко.

Сол кезде күн кешкіруге айналды.

— Орыста «құрғақ қасық ауыз жыртады» деген мақал бар,— деді Иванченко маған жымыя қарап.

— Дәл сондай мақал қазақта да бар,— дедім мен, сөз төркініне түсінгендей.

— Ендеше біздің күймеге барайық. Мен сізді, өзіңіздің осы туған жеріңізде өскен бидайдың нанымен, туған жеріңізде өскен овощтың сорпасымен, туған жеріңіздің көлінен ұстаған балықпен қонақ қылам...

— О-о-о, тамаша екен, онда! — дедім мен қуанып кетіп.

Тыңға барғандар еңбегінің жемісін быйыл да жегенін мен жаңа совхоздардың әрқайсысынан да көрген едім. Мысалы, Украина атындағы совхоз, быйыл жырткан тыңның 800 гектарына егін сеуіп, 243 тонна астық алған. Шығымдық жағынан бұл азғантай — гектарына үш центнерден ғана келеді. Бұған бірінші себеп — өткен жазда жаңбырдың қажет кезде тамбауы болса, екінші себеп — агрономияның заңында, жырта сап тұқым сепкен залогке, жаңбырдың күшімен болмаса, егін шықпайды екен, өткен жылдың залогіне жаңбыр болмаса да егін жақсы шығады екен.

Мысалы, Жамбыл атындағы совхозға айналған, бұрынғы «Жамбыл» колхозы, егінді өткен жылдың залогіне, быйылғы жылдың залогіне де сеуіпті. Жері, ауа райы бірдей бола тұра, жаңбыр тамбаған күннің өзінде де, былтырғы залогтен гектарынан 16—20 центнерден, быйылғы залогтен — үш центнерден түсіпті. Осыған және бұрынғы тәжрибеге қарап, совхоз адамдары быйыл жырткан залогтің гектарынан, ендігі жылы жаңбыр тамбаса да 16—20 центнерден, жаңбыр болса 30—40 центнерден аламыз деп отыр. Сонда, мысалы, мен аралаған алты жаңа совхоз быйыл көтерген 132 мың гектар тыңнан, отыз центнерден қойғанда, 24 миллион пұт астық алады екен!.. Не деген көп астық!..

Тақырыбымызға оралайық: Владимир Константинович Иванченко бізді мекендейтін күймесіне алып келді. Алматының бір заводында жасалып шыққан бұл күйме-

нің құрылысы темір жол вагоны сыяқты: оң жақ жартысында жоғарылы-төменді үш койкадан алты койка, сол жақ жартысы да сондай, ортасында ас бөлмесі және жуынатын ыстық сулы душы бар.

Күймеде екі семья тұрады екен: бірі — өзіміз кеңес қып отырған Иванченконың семьясы, онда өзінен басқа, әйелі Раиса Васильевна және жеті жасар ұлы — Николай бар; екіншісінде — Иванченконың кезектесі Головканың семьясы бар, оның әйелі Галина Владимировна — армянка, үлкен ұлы Александр әкесіне тартқан — орыс кескінді, кіші ұлы Евгений шешесіне тартқан — армян кескінді.

Біз бара, бригаданың күнделік істі қорытқан қысқаша өндіріс маслихаты болды. Бригадада жұмысшы саны 32 екен.

Ол күні қызмет атқарған трактор саны бесеу. Күнделік істі қорыта келгенде, бүгінгі озық — тракторист Василий Иванович Стрельцов болып шықты. Ол күнделік нормасын 180 процент орындапты.

Озыққа «қызыл вымпел» атты, шұғадан сәндеп жасап, төңірегін алтын түсті зермен шашақтаған, жазуын да сол зермен кестелеген, айыр үш жалау тапсырылады. Ол жалау бәйгеден келген трактордың маңдайына ілінеді.

Қызыл вымпелды Иванченкодан қабылдап, мақтанышты адыммен «С—80» інің маңдайына ілген Стрельцовты, шатырына қайтқан бетінде, әйелі Надежда Андреевна мен осы тыңның басында туғанына екі-ақ ай болған, шешесі құндақтап көтерген Люда қарсы алды. Стрельцов жас та болса балажан екен. Қызын ол әйелінің қолынан көтеріп алды да:

— Я, Людочка, здравствуй, дочурка моя! — деп, балапанның мамығындай жұп-жұмсақ бетінен құшырлана иіскеді. Баланың кәукердей көкпеңбек мөлдір көзі, батып бара жатқан күннің нарт-қызыл сәулесіне боялып, аспанда қалқып бара жатқан қызыл-күрең, сирек бұлтта...

Тегі оған бұлттардың бәрі аспанға ілінген қызыл вымпел боп көріне ме екен, қайтеді екен!.. Сәби сол бұлттарға қызыққандай, семіз бетінің ұрты шұқырланып езу тартады!.. Не деген бахытты бала ол!..

Иванченконың күймесіне кірген бізге, Раиса Васильевна түстік даярлады.Біріншісі — овощтан жасалған сорпа, оның ішінде картоп, сәбіз, помидор және сарымсақ бар.

— Жаманшұбарыңыздың жеріне өскен овощь,— деп дәріптеді Иванченко тағы да, аса дәмді пісірген сорпаны.

— Бірер жүз грамды тастаймыз ба? — деп сұрады ол менен.

— Болсын,— дедім мен.

Бірінші тосты Иванченко айтты.

— Мен үшін, бүгінгі жаңалық, — деді ол, — осы араның бұрынғы тұрғын адамына кездесу. Мен де енді қазақстандық азаматпын, оның ішінде — жаманшұбарлықпын. Егер ұлықсат етсеңіз,— деді ол маған қарап,— менің сізге туған іні болғым келеді.

— Бұл ұсыныста мен, алдыңызға жайып салған адал жүрекпен қарсы алам.

— Ендеше брудершафт ішеміз.

— Болсын!..

Екеуміз тосты көтеріп сүйістік те, одан әрі туысқан аға-іні боп, бір-бірімізге «сен» десіп кеттік.

Раиса Васильевна екіншіге қуырған балық пен картошке әзірлеген екен.

— Ет жоқ емес,— деді ол, ыстық табада шыжылдаған балық пен картошкені алдымызға әкеп қойып жатып,— бұл балықты әдейі қуырдым, өйткені бұл, осы арадан сегіз шақырым жердегі, сіздің туған көліңіз «Достан» ауланған балық. «Дос» — орысша,— друг деген сөз көрінеді. Әдемі қойылған ат екен. Совет халқының ішіндегі ұлттардың достығын символизировать ететін

сөз екен. Менің де сізге қарындас және дос болғым келеді...

Раиса Васильевна рюмканы қайта толтырды да:

— Мәңгілік достығымыз үшін! — деді.

Ата мекенім, туған, өскен жерім — Жаманшұбар мен Доска социалистік жан беріп, оны гүлдендірген, алғашқы жемісін татырған достармен рюмка қағысқанда, көзімнен жас шығып кетті... Не деген тәтті ас еді ол!..

IV. БІРІНШІ ҰЯЛАР

Өткен август айында, Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық бөлімінде мынадай бір қызық уақыйға болады:

— Сізге кіруге бір әйел рұқсат сұрайды,— дейді, облыстық денсаулық бөлімінің бастығы Ақжанов Сағымбек жолдасқа жәрдемші қыз.

— Келсін.

Есіктен сұңғақ бойлы, көркем кескінді жас әйел кіреді, екі көзі бұлаудай жас.

— Я, кім боласыз? — дейді Ақжанов, әйелге қолдасқаннан кейін, жылағаң түріне таңдана қарап.

Әйел жауап берудің орнына, қалтасынан орамалын алады да, бетін басып, өксіп жылайды.

— Сізге не болған? — дейді Ақжанов, ыңғайсызданған дауыспен,— басылыңызшы, «құдай үшін!»

— Жоқ, мен бармаймын,— дейді әйел, жасқа булыққан дауыспен,— бәрібір бармаймын!.. Дипломымды тартып алсаңыздар да бармаймын!..

— Әуелі түсінісейікші,— дейді Ақжанов, әйелдің жылауын енді ғана жорамалдағандай,— мәніңізді айтыңызшы!.. Қайдансыз? Кім боласыз?

— Мені көндірем деп ойламаңыз, жолдас Ақжанов,— дейді әйел, қайратына мінгендей, өксігін басыңқырап, қатал дауыспен.— Бармаймын деген соң бармаймын. Алып қалам десеңіз міне дипломым!

Ұсынған дипломды Ақжанов алып көрсе: Клара Рейнгольдовна Янка деген әйел, быйыл Алматының медицина институтын бітіріпті, барлық сабақтан алған бағасы төрт пен бес, төртінен бесі көп, врач...

— Өте жақсы,— дейді Ақжанов, дипломды оқып шығып,— бізде врач көп емес, әсіресе тың көтеретін жерде... Біздің облыста жаңадан ашылған 12 совхозды денсаулық сақтау жағынан қамтамасыз ету үшін, Свердлов облысы осы жаздың бойына шефке алып, 16 врач жіберіп отыр. Ішінде профессорлар да бар. Бірақ, олар, күзге қарай кетеді, өйткені, бәрі де институттың оқытушылары. Солардың орнына біз Алматы институтын быйыл бітіретіндерден 13 врач сұрап ек, үшеуін бұрынғы кадрлерімізден тапқан ек. Сіз сол он үштің бірі екенсіз ғой?...

— Я! — дейді әйел, нығарлай сөйлеген дауыспен,— бірақ мені, бәрібір, тың жерге барады екен деп ойламаңыз!

— Неге?

— Маған әлі өмір жасау керек. Жасым 23 те ғана. Кескілеп өлтіретін жерге мен бара алмаймын.

— Қайда, кімді кескілейді?

— Жаңа совхоздарда!.. Тында!..

— Оны кім айтты сізге! — дейді Ақжанов жымыйып.

— Естідім.

— Кімнен?

— Оның сізге хажеті аз. Мен ешбір тыңға бармаймын. Басқа, қайда жіберсеңіз де барам. Тіпті, мейлі, ең алыстағы саңырау жатқан түкпірге жіберсеңіз де рыйзамын. Сонда мәңгі тұруға рыйзамын. Ал, сіздің кадрлер бөліміңіз маған «тыңға барасыз» дейді. Көнбеймін десем, зорлағысы келеді. Қалай зорлай алады? Менің конституциялық правом бар ма, жоқ па? Жұмыстан кашсам, алыстағы түкпірден қашсам, мен кіналі... Өлімге бар деп кім зорлай алады мені? Зорлаған кісінің өзі барсын!..

— Жақсы, сөйлесейік, ұрынысайық,— дейді Ақжанов.

— Өзгеге ұғынысасыз, ал тыңға баруға ұғыныса алмайсыз. Айтарым сол — бармаймын.

— Түсінігіңіздің қателігінен айтып отырсыз ғой, осы сөзді. Тың — сіз айтқандай құбыжық емес. Бірен-саран бұзықтар қайдан болса да табылуы мүмкін, мысалы,— Москвадан да, Алматыдан да, Петропавлдан да... Ондайлар тыңға келгендердің арасынан да табылатын шығар. Бірақ, көпшілігі өзіңіздей адал, мәдениетті, еңбекші жастар... Жуырда мен өзім бірнеше совхозды аралап келдім. Жақсы жастарды көзіммен көрдім. Бірен-саран бұзықтар шықса, алдымен сол тыңдағы түзік жастардың өзі қолға алып, түзелсе түзейді де, түзелмесе жаза қолданады: комсомолдан, жұмыстан шығарады, соттатады...

— Жо-жоқ, мені көндірем деп тырыспаңыз!.. Тың маңына бұзықтар жыйналғанын мен өсек сөздерден ғана естіп жүрген жоқпын, ол туралы баспасөз бетінен де оқыдым...

— Қайдағы баспасөз?

— Тындағылар жайында жазылған очерктерді сіз де оқыған боларсыз?

— Бәрін болмағанмен, кейбірін оқыдым. Сіз солардың қайсысын айтып отырсыз?

Клара Рейнгольдовна Ақжановтың алдына бүктелген газетті тастай береді,— Москвадан, 1954 жылдың 22 майы күні шыққан, 61 санды «Әдебиет газеті».

— Екінші бетте! — дейді Янка Ақжановқа,— «Алыстағы жерде» деген очерк. Атақты ақын Илья Сельвинский жазған. Қөкшетаудан.

— Білем,— дейді Ақжанов, газеттің ішкі бетіне қарап ап,— бұл очеркті мен майдың аяқ кезінде, Тимирязев атындағы жаңа совхозда жүріп оқыған ем. Сонда бұған мен ғана емес, бүкіл совхоз қызметкерлері боп ренжіген еді.

— Неге?

— Тыңға әлдеқалай келген бірен-саран бандитты бар-

лық бейнесімен көрсетуге күшін жұмсап, тыңда істеліп жатқан ерлік істерден түк көрсетпегендігі үшін.

— Жоқ, жолдас Ақжанов,— сіз қателесесіз. Жазушы шындықты жазады. Ол көргенін қалпында жазады. Социалистік реализмнің принципі сондай!..

— Емес! — дейді Ақжанов даусын көтеріп.— «Социалистік реализмнің принципі шындықты жазу» дегеніңізге қосылам. Бірақ, жаңа совхоздың шындығы Сельвинский сыйпаттап отырғанның керісінше.

— Мәселен?

— Мәселен,— бүкіл жаңа совхоз атаулы, Сильвинскийдің очеркі жазылған кезде тыңды көтеруге жаппай кірісіп, әрқайсысы мыңдаған гектар жерді айырып тастаған еді. Осы істе нелер ғажап ерліктер көрінген еді. Бұл ерліктер партия және комсомол ұйымдарының, дирекциялардың тыңға келген жұмысшылар мен интеллигенцияны мемлекеттік мәні зор істің төңірегіне ұйымдастыра білуінен еді. Жаңа орнай бастаған совхоздар ауыр жағдайда қызмет атқарады: көбінде тұратын жылы мекен болмай, көктемнің дауылды қара суығында шатырларды мекендеді; қар еріп ала-сапыран боп кеткендіктен, азық та, киім де кезінде жетіспей, мұқтаждық та көрді; ешбір қыйыншылыққа қарамай, тыңға келушілер үкіметтің тапсырмасын күн сайын да, жұма сайын да асыра орындаудың үстінде болды... Осындай жақсы адамдар тыңға келгендердің жүзден тоқсан тоғызы... Міне, қайда, шындық!.. Тыңнан бірен-саран хулигандарды ғана көріп, күш-қуатын соларды жамандауға салғаннан, жолдас Илья Сельвинскийге, сол күш-қуатын ерлік істерді көрсетуге салу керек еді. Оны істемегендіктен, оның очеркінен «тың өлкесі — бандиттер өлкесі» деген жаман, шындыққа қайшы сөздің исі аңқып тұр.

— Сіз асыра айтып отырсыз,— дейді Янка.— Очеркте жақсы кісілер де көрсетілген, мысалы — Пилецкий.

— Я, бар ол. Бірақ, сіз жазушының жақсы Пилец-

киймен қатар, хулиган Бутовты сыйпаттауын қараңызшы, қайсысының образы күшті шыққан екен? Әрине,— Бутовтікі. Сонан кейін мына сөзіне қараңыз! — деп Ақжанов очерктің сөзін оқыйды: «Қайран қалатының, хулигандар мұнда жақсырақ, мықтырақ ұйымдасқан, бірін-бірі жақтаулары берік, қылықтары жылдам...» Рас деп ойлайсыз ба осыны?— дейді Ақжанов газеттен көзін алып.

— Жазған соң рас болады да. Көріп жазған уақыйға емес пе?

— Өтірік! — дейді Ақжанов кесіп түскен үнмен.— Хулигандардың ұйымшылдығы жақсы адамдардан басым болса, жеңіс солардың жағында болар еді ғой. Совхоздарды аралаңызшы, қазір хулигандар отыр ма екен, жақсы адамдар отыр ма екен?.. Жақсы адамдар отыр!.. Жақсы адамдарды хулигандар басқарып отырған жоқ, партия, комсомол ұйымдары, дирекция басқарып отыр. Совхоздар қазір бірен-саран хулигандардан тазарып та болды... Нанбасаңыз, барып көріңіз!..

Тыңға бармау қатандығы жұмсағандай болған Янка, әлі де қасаруын қайталағанмен, Ақжанов кесінді сөзін айтады:

— Босқа қорқасыз,— дейді ол Янкаға,— қорықпаңыз, барыңыз. Қорқуыңыздың қателік екенін көргенде, өзіңізге өзіңіз күлесіз.

— Жоқ, мен бара алмаймын..,

— Біз бала емеспіз,— дейді Ақжанов,— оқыған, саналы азаматпыз. Мемлекеттік тәртіп дегеннің не екенін білеміз. Мен сізді жіберуге міндеттімін. Сіз баруға міндеттісіз. Сөз осы. Мә, дипломыңыз! Сапарыңыз оң болсын!

— Мен бара алмаймын дедім ғой, сізге?

— Мен барасыз дедім ғой! Ал, хош болыңыз!..

Янка жылайды да шығып кетеді. Енді «бармаймын» деп адуындауынан ештене шықпасын ақылды әйел түсінеді. Екінің бірі: не тәртіпке көну керек, не сотталу керек, комсомолдан шығу керек.

Сотталу деген сөздің ұяты бетін күйдірген Клара Рейнгольдовна жылайды-жылайды да, тағайындалған «Украина» атты совхозға кете барады...

Бұл қызық әңгімені мен Янка жолдастың өз аузынан естідім. Оны біз, совхоздың әзірге үш-төрт-ақ кішкене бөлмесі бар больницасының есігінің алдында кездестірдік. Янка жаңа ғана босанған бір әйелдің баласын қабылдап, жайғастырып шығып келеді екен. Таныса, сөйлесе келе ол, басынан өткізген жоғарыдағы комедияны күліп отырып айтып берді.

— Расында қалай екен? — деген сұрауға,

— Тамаша адамдар! — деп жауап берді Клара Рейнгольдовна,— шын мағнасындағы патриоттар!.. Мәдениетті жастар!.. Олардың арасында қызмет істеу өте көңілді.

— Ал, хулигандар ше?

— Мен оларды көрген жоқпын. Бірен-саран бейбастақтар мұнда да болған екен, партия мен комсомол ұйымдары түзелетінін түзеп алыпты да, түзелмейтінін қызметтен шығарып, комсомолдық путевкасын берген ұйымдарына қайтарып хат жазыпты. Ауыр қылмыс істеген бірен-саран адам сотталыпты.

— Сонымен, енді, сіз бұл совхозға берік орнауға бел байлағансыз ғой, тегі?

— Әрине! Менің қарамағымда төрт медсестра бар. Әзірге пәтер совхозда аз болғандықтан, бесеуімізге екі бөлмелі үй берген еді, қызмет арасында оның іші-сыртын өз қолымыздан майлап, есік-терезелерін, сәкі-төбесін сырлап жатырмыз. Бұл араға мекендеген біздің алғашқы ұямыз осы болады.

Ұялар туралы біраз сөз: мен аралаған алты совхоздың, белгіленген жеріне олар кеп түскенде, «Жамбылдан» басқа біреуінде де салынулы үй болмағаны жоғарыда айтылды.

Арнаулы мекені жоқ жаңа совхоздар қар кеткенше маңайлас совхоздар мен колхоздарға уақытша орналаса-

ды да, қар ери салысымен, совхоздары орнайтын жерлерге кеп шатырларын тігеді.

Ол ара, қары ерігенмен «қара суық» аталатын ауа райы, кейбір жылдары нығыз айға созылатын тұс. Қара суықтың кезінде теріскейге шығып ап дамылсыз есетін өкпек жел, қардың суын тобарсытып, қар апрельді орталай кеткенмен, майдың ортасына дейін жерге қылтыйған көк шығармай қояды. Қыстан жүдеп шыққан малдардың да біразы ұшып өлетіні осы шақ.

Өткен көктемде, біз сыйпаттап отырған совхоздардың жерінде осындай «қара суық» боп тыңға келгендерге көп қыйындық туғызған.

— Киініп жұмысқа шыққан соң адам суықты, әрине, елемейді,— дейді бұл тақырыпқа сөйлескендер,— ең қыйыны жату мен тұру. Жұмыстан шаршап кеп, шатырдағы кроватына жата қалайын десең, іргесі көмулі, үсті жабулы, жыртығы жоқ шатырға қайдан кіретінін білмейсің, сыртта ызыңдаған желдің суығы етіңді жыландай жалап, жанынды түршіктіреді. Оранып-шымқанып жата қалғанынмен, суық төсекте денең тоңазып, біразға дейін ұйқтай алмайсың.

— Шатырларда пеш бар ғой? — деген сұрауға:

— Бар,— дейді олар.— Бірақ, пеш түні бойы жағылып тұра алмайды ғой. Жұрт жатқаннан кейін ол сөнеді. Содан кейін шатыр іші суып кетеді. Жағылған кезде де одан көрер рахатың шамалы: көп жақса, шатыр ішін қыздырып, моншаға айналдырып жібереді, аз жақсаң берекесі болмайды.

— Әсіресе, таңертең ертемен тұрғанда қыйын,— дейді біреулер.— Жылы төсектен шығайын десең, мұздап тұрған ауа, денеңді дірілдетеді де жібереді. Жөндеп жуына да алмайсың. Киінгенше жай таппайсың. Бірақ уақытында тез киіну керек, күтіп тұрған жұмыс бар.

— Ең қыйыны ас ішкенде,— дейді тағы біреулері,— жылы кухня, жылы асхана бізде алғаш болған жоқ қой.

Ашық даладағы қазаннан түсіріліп алдына келгенше ас атаулы суып болады. Жеп отырған асыңның майы ұртыңа қатып қалады...

— Жатақ жағдайы солай болғанменде,— деп қояды, ұйымдастыру жұмысында жүрген жолдастар,— ешбір адам жұмысына кешіккен емес. Совхоздағы адамдардың көпшілігі жастар ғой. Жастардың аты — жастар. Қаладан келген кейбір жастар, алғашқы кезде мұндай суықты тосырқағанмен, аз күнде үйреніп кетті. Далада өкпек жел ызындап, қара суық қақыйып тұрғанмен, шатырдан әйел жастар көйлекшең, еркек жастар көйлексіз жүгіре шығып, мұздай суға рахаттанып жуынып алады да, тобарсыған тамақтармен тойғанша қаужалып, жұмысына кете барады...

— Сонда да,— дейді тағы біреу,— суық тиіп ауырған жанды көрген емеспіз.

Шатырдың тындағыларға түпкілікті үй болмайтыны мәлім. Біржола орныға келген жұртқа тыңғылықты жылы үй керек. Басқарушы орындар, совхоз дирекциялары мұны да еске алып, күн бұрын даярлық жасаған.

Солтүстік Қазақстан облысында биыл жаңадан ашылған 12 совхозға үкімет құрастырулы даяр қалпындағы 234 үй береді. Алыстан поезбен келетін бұл үйлерді қабылдауда кездескен бір қыйындық: бір үйдің құрылуына керекті саймандардың топталып, бірге келмей, бөлшектеніп келуінде, кей бөлшектер адресімен кеп түспей адасып басқа станцияға кетеді. Осылай, керекті саймандардың жан-жаққа бытырап адасуынан көп үйлер, бір саймаңы болса бірі болмай, жоғалған сайманы қашан табылғанша іске аспай босқа үйіліп жатқан.

234 үйдің ашылығы ғана сегіз-он пәтерге арналған, одан көбірегі екі және төрт пәтерлік, басым көпшілігі бір пәтерлік. Бұл, әрине, тыңға келген адамдардың ашылығына ғана жетеді, көпшілігіне мемлекет күшімен де, жеке адамдардың күшімен де үйлер салдыру керек.

Солтүстік Қазақстанда тыңға келгендерге үй салу жұмысына мемлекет 1954 жылы 35 миллион сом қаражат береді. Жеке адамдардың үй салуына, 925 мың сомның кредиті ашылады. Совхоздарда көктемнен бастап үйлер салына бастайды.

Жаңа совхоздарда қазыналық үйлерді салу жұмысы СМУ аталатын мекемеге жүктелген екен. Бірақ, оның өндірген ісі әзірге шамалы. «Себебі неде?» деген сұраудың жауабын Украина және Докучаев атындағы совхоздарда СМУ-дің өкілі боп қызмет істейтін Ксефон Пантелеймонович Попов жолдас дәл беретін сияқты. Аласалау бойлы, семізше келген, орта жасты бұл жолдаспен танысып, жұмыс жәйін сұрай бастасаң, «Волга-Донды» да Түркмен каналының басын да өз колынан құрысқан адам боп көрінеді де, өз сөзімен айтқанда, «мұнда кеп шошкалық күркелер жасап жатқан бейшара» боп шыға келеді. Сөйлегенде бет-аузын, денесін көнілді түрде ұстауына қарағанда, Ксефон Пантелеймоновичтің бұл сөзін калжың болар деп ойлап қалсаң және өзінен «солай болар?» деп сұрасаң:

— Жо-жоқ, расым! — дейді ол басын сілкілеп.— Мен үлкен үйлерді, шлюздерді салып үйренген кісімін. Күрке салып көрген емен.

— Сізді кім қыстады мұнда бар деп?

— Ешкім де қыстаған жоқ, өзім келдім.

— Тіленіп келдіңіз ғой?

— Әрине.

— Бүйтеріңіз бар, неменеге келдіңіз?



— Мен ойлағам — мұнда үш-төрт этажды, архитектурасы көркем үйлер салынатын болар деп... Келіп көрсем, салынатын үйлер шынында — күрке!..

Қараңызшы өзіңіз,— дейді Попов түрегеп, терезе алдына барып,— күрке емей немене, анау тұрған үйлер?

— Үлкен үйді салудан, күркені салу оңай емес пе? — дейді Григорьянц жымыйып,— быйыл салынып бітуге тиісті күркелерді неге тездетпейсіз енді? Планның оннан бірін орындаған жоқсыз ғой әлі?

— Жағдай бар ма, оған? Ең аяғы, мінетін машинам да жоқ,— дейді Попов.

— Ол сізге керек жағдай ғой,— дейді Григорьянц салмақтанып,— жұмысқа керекті машинадан қолыңызды қаққан күнім болды ма?

Попов үндемейді.

— Жаман істейсіз жұмысты, жолдас Попов,— дейді Григорьянц,— қыс түсуге бірер ғана ай қалды, ал сіз, белсене жұмыс істеудің орнына, әлі күнге дейін «күркелерге» үрке қарап жүрсіз. Сізде, тегі, мемлекеттік, партиялық ұят деген бола ма?

— Мен партияда жоқ адаммын,— дейді Попов қырын қарап.

— Азаматтық ар-ұятыңыз ше? — деймін мен, Поповтың осынша жауапкерсіздігіне хайран қап.

— Сөздің қысқасы,— дейді Попов, әңгімені енді созудың реті жоғын көргендей тұрып кетіп,— қолымнан келгенді мен істеп көрдім. Басымнан жоғары қарғый алмаймын мен. Маған бұл үңгірден тезірек кету керек.

Тындағыларға үй салатын СМУ-дың хал-жайы,— біз аралаған совхоздарда осындай екен.

Жалпы алғанда, біз көрген совхоздардың бірде-бірінде, қолында бар адамын қысты күні жылы тұрғын үймен түгел қамтамасыз еткен әлі біреуі де жоқ. Салыстыра алғанда, біз көрген алты совхозда үйді көбірек салғаны Хрущев атындағы совхоз. Өйтуге мүмкіншілігі де болған — облыстан мыңнан астам арнаулы құрылысшылар берілген, құрылыс материалын тасуға жеткілікті тран-

спорт бөлінген. Сонша күшпен салынған үйлер совхоз адамдарына мол жететін. Бірақ, әлгі жұмысшылар сол маңайдағы тағы бір совхоз орталығын салып жатыр екен, сондықтан осы маңайда қыс бойы қалып қояды. Ендеше, оларға да жылы үй керек қой. Со жағынан қарағанда, бұл совхоздағы адамдардың да быйыл қыс пәтерден шекесі шылқығалы отырған жоқ. Онда да тығызшылық болатын.

Салынған үйдің саны көп болғанмен, Хрущев атындағы совхозда тосыннан барған кісінің көзіне бадырая қалатын бір өрескелдік бар сияқты, ол — көшелер мен орамдардың тәртіппен орнамауы. Мұнда, мына шетінен кіріп, ана шетінен шыға келетін тура көшені сирек көресің. Көшесінің көпшілігінің бойында көлденеңдей немесе қыйғаштай тұрған үйлер көп ұшырайды.

— Неге бұлай? — деген сұрауға, совхоздың бас инженері Петр Семенович Голованов жолдас:

— Кейбір көшелеріміздің алды осындай жабық болуға тиісті, ол көшелерде газондар өседі. Көлік кесіп өтетін көшелерде газон бола ма? — дейді.

Мен бұл пікірге рыйзаласпай дау айтам.

— Поселкеде газон болуына қарсы емеспін мен,— деймін мен,— бірақ, бұл, бір көшелерін ашық, бір көшелерін жабық жасайтын, соншама далыйған үлкен поселке ме? Ұзын көшесі үшеу-төртеуден, көлденең көшесі бесеу-алтаудан аспайтын шап-шағын поселкеге жабық көшелердің керегі қанша? Одан да, газонсырап бара жатсаңыздар, көше бойындағы үйлердің алдына неге екпейсіздер? Со газондарды орната қалған күнде, олардың жауы транспорт болмайды, «ешкі қарындас» пен «сыйыр апай» болады. Қайда ексеңіздер де газондар мен ағаштарды, мал кіре алмайтын шарбақпен қоршап тастамасаңыз, еккен өсімдіктеріңіздің аз күнде тұқылы ғана қалады.

— Білеміз оны,— дейді Голованов,— шарбақпен қоршамай өсімдік екпейміз. Ал, бірақ, кішкене поселкеде жабық көше, жабық алаң болмау керек деген пікіріңізге

қосыла алмаймыз. Егер керек болмаса, өзіңіздің Алматыңызда неге жасайды жабық көшелерді?

— Ол — Алматы ғой, жолдас-ау!.. Оның кең денесіне жабық көшелер сыя береді ғой. Кішкене поселкеге сыймайды ғой ол.

— Не де болса бітіп қалды,— дейді Голованов күмілжіп,— бұл үйлерді біз енді қайта бұзып сала алмаймыз.

— Солай десеңіз бір сәрі,— деймін мен,— әйтпесе, алақанның аясындай поселкенің жабық көшелері маған ұнап тұрған жоқ. Ол, еңалдымен, поселкенің сыйқын кетіріп тұр. Егер осы салынып болған үйлер біріне бірі қырын қарап қыйғаш келмей, көшенің өнбойына катарласа орнаса, поселке қазір қандай әдемі көрінер еді. Іркіс-тіркіс салынған үйлер көшелердің де, үйлердің де сәнін бұзып тұр.

Сөзден тосылған сыяқтанып:

— Біз жасаған жоспар емес бұл,— дейді Голованов.— Москвада жасалған жоспар, Одақтық совхоз министрлігі совхозға арнап жасатқан поселке жоспарларының бізге бірнеше вариантын ұсынды да, біз осыны қабылдадық.

— Жақсы вариантын қабылдай алмағансыздар.

Голованов жолдаска мен, поселкенің архитектуралық жайынан да білгенімше замечание айттым. Мұнда стандарттық даяр үйлер де, қолдан жасап жатқан үйлер де бар. Бастапқы түрлі үйлерді өзгертуге болмайды. Ал, қолдан жасалатын үйлерге біраз өнер жұмсап, көзге қызғылықты ғып салуға болар еді, Хрущев атындағы совхоздың үйлері олай емес, біркелкі, сопайғандау сыйықсыз түрде орнап жатыр. Со жағынан замечание айтайын десең Голованов:

— Мен архитектор емеспін. Мамандығым мебель жасау. Қалалық құрылыс пен архитектуралық шеберлікке мен де өзіңіздей,— деп келтесінен қайырады. Оған не дау айтасың.

Бұлар уақытша емес, түпкілікті орнап жатқан поселкелер және жай поселке емес, социалистік поселкелер, ендеше бұлардың әрқайсысы да тыңғылықты және көркем болуға тиісті. Облыстың және совхоздың басшылары бұл жөнде әзірге аз ойланған көрінеді.

Головановпен жаңа поселкенің көшелерін қыдыра сөйлескенде менің көзім,— поселке қасындағы Алыпқаш көлінде болды. Айналасы ат шаптырымнан артық бұл үлкен көлдің жалтырлары ғана болмаса, өзге денесінен су шілдеде тартылады да, сазды өнбойына қалың құрақ өседі. Маңынан ел кеткелі не арылмаған, не өртелмеген бұл құрақтар зәулім биік қамысқа айналып кеткен, жуандығы, өсіріп айтқан кісіге сырғауылдай дерлік.

Жүздеген гектарға жыныс боп өскен бұл қамысты көргенде менің есіме, Қазақстан Орталық Партия Комитетінің бірінші секретары жолдас Пономаренкомен, сол жаздың (1954 жылы) июль айында сөйлескен бір кеңесім түсті. Оның алдында мен Іле өзенінің бойындағы, Іле темір жол станциясының қасындағы қамыс заводында болғам. Қамыстан мал қораларын жасаумен шұғылданатын бұл заводтың ісі атам замандағы қол күшімен ғана орындалады екен, ешбір механизм жоқ екен. Сол жайды барып айтқанымда:

— Білеміз,— деген,— кемшілікті тез түзейміз... Жуық арада республикада техниканың соңғы табысымен қаруланған жыйырмадан астам завод салынып, олар қамыстан қора ғана емес, үйлер де жасайды. Қамыс байлығы Қазақстанда жетеді. Бүкіл Совет жерінде бес миллион гектарға қамыс өседі екен, соның үштен екісі Қазақстанда. Ол қанша үй, қанша қора-қопсы салсаң да жетеді. Жаңадан салынатын заводтарда даяр стандарттық төрт бөлмелі үйлер жасалады, олардың бағасы фин үйлерінен төрт есе арзан, ал жылылығы мен төзімділігі одан әлдеқайда артық. 1955 жылдың өзінде біз колхоздар мен совхоздарға осындай жүз мың үй жасап береміз. Аржағында

аз жылда колхоз, совхоздардың бәрін түгел қамтамасыз етеміз...

Алыпқаш көлінің қамысы сол маңайдағы төрт совхоздың бәріне жоғарыда айтылған стандарттық үй және қора-қопсы салуға мол жетеді... Одан басқа қамысты көлдер де бұл жайлауда әлденеше сан... Шіркін, солардан үй жасайтын завод сол маңда да жасалса!.. Ондай завод жасалады да...

Алыпқаштың бойында осындай бай құрылыс материалы барын айтып, мен Голованов жолдасқа, сол материалдардан болашақта жасалатын стандарттық үйлерді, ол үйлерден құралатын сұлу поселкелерді сыйпаттап кеттім...

— Оған мен де сенем,— деді Голованов,— бірақ, қазіргі мәселе болашақтың сұлу үйлерінде емес, быйыл салынып жатқан үйлердің сұлулығында, әсіресе жылылығында болып тұр ғой...

— Рас...

Қазақта «сұлуынан жылуы» деген мақал бар. Көруге сұлу болғанмен, ішінде жылуы жоқ үйдің немесе киімнің суық күндерге қажеті қанша? Сондықтан да қазақ қысқы мезгіл үшін «тоқсан қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» дейді.

Мұны айтып отырғанымыз — біз аралаған жаңа совхоздарда, алдымыздағы «қылышын сүйретіп келе жатқан қыс» үшін үйдің және киімнің сұлулығы емес, жылылығы қажет сияқты. Осы жайға біраз тоқтайық.

Еңалдымен үй туралы. Жоғарыда айтқандай, қызмет атқаратын адамдарын алдағы қыста түгелімен қамтамасыз ететін, біз аралаған жерде бір де совхоз жоқ. (Естуімізше өзге жердегі жаңа совхоздар да осылай деседі). «Неліктен бұл?» деген сұраудың жауабы біреу-ақ: облыстық басқарушы мекемелер де, совхоз дирекциялары да барлық күш-қуат, ақыл-ойын тың жерді көтеруге жұмсаған да, құрылыс ісіне ойдағыдай көңіл бөлмеген. Тынды

көтеруде бұл совхоздар шын мағнасындағы ерлік істер жасап отыр: біз сыйпаттап отырған облыстың бұрынғы ең күшті дейтін совхозы жылына ең көп дегенде, пары, зябы, залогы бар, бәрін қосқанда —18 мың гектар жер жыртады екен. Ал, біз аралаған жаңа совхоздардың әрқайсысы быйыл бір жаздың өзінде (октябрьдің он бесіне дейін), арты жыйырма, алды жыйырма бес мың гектар тың көтергені.. Ғажап емес пе бұл!.. Шын мағнасындағы ерлік емес пе?..

Осы ерліктің жорығында, совхоз дирекциялары құрылыс ісі туралы аса хажетті жұмысты екінші планға қойып, салақ ұстаған. Соның салдарынан хажетті құрылыстың біразы басталмай, біразы бітпей ғап отыр.

Мысалға «Докучаев» совхозын алайық. Мұнда бес жүзден астам тұрақты адам бар. Быйыл оларға арналып салынған: екі этажды, сегіз пәтерлі, әрқайсысында төрт бөлмеден бір үй; әрқайсысында екі бөлмеден, төрт пәтерлі алты үй; әрқайсысында үш бөлмеден, бір пәтерлі сегіз үй. Бұлар стандартты үйлер. Одан басқа, совхоз күшімен, саманнан төрт пәтерлі екі үй салынған. Далалық бригадалар шымнан, әрқайсысы кең бір бөлмеден сегіз үй салған. Сонда, барлығы 32 пәтер, 88 бөлме. Бұл көлемге, ең қатты сығарлағанның өзінде, 350 дей-ақ адам сыяды.

— Өзге жүз елуден артық адамды қайда қоясыз? — деген сұрауға, совхоздың директоры Қолтырин жолдас:

— Он төрт вагонымыз бар,— деп жауап береді.

— Не вагон ол?

— Кәдімгі, темір жолдың жүргіншілерге арнаған вагоны. Доңғалақтарын алып тастап, астына шана орнатқан. Тракторлармен сүйреп әкелеміз.

— Қашан?

— Облыстық Совхозтрест бермек. Қайдан келетінін, қашан алатынымызды әлі хабарлаған жоқ.

— Келмесе қайтесіз?

— Жоқ, келеді. Трест начальнигі Зинченко жолдас сендіріп отыр. 14 вагонге бойдақ адамнан 168 кісі сыяды. Онын жігіттерге, төртеуін қыздарға бермекпіз. Сонда, біраз тығызшылық болғанмен, қызметкерлеріміз жылы үйге түгел орналасады.

(Жақшаның ішінде айта кетейік: бүгін, міне октябрьдің 26-сы. Қолтырин айтқан вагондар совхозға әлі барған жоқ. Бұдан бес күн бұрын — октябрьдің 21 күні, Солтүстік Қазақстан облысының жерінде қар жауып, ұйытқыған қатты боран болды. Петропавл қаласындағы мен жатқан бөлменің терезесін түнде тарсылдата қаққан өкпек жел менің есіме Пушкиннің «Дауыл» атты өленін түсірді. Терезеден сыртқа қарасам, электрі әлсіз жанған бозамықтау көшеде алай-түлей сапырылысқан боран екен. Қазақша айтқанда «көзге түртсе көрінбейтін», орысша айтқанда «не видно ни зги» аталатын боран!.. Соған қарап тұрғанда, менің есіме тыңдағы шатырларда жатқан жолдастар түсті... Ертеңіне оянсам, боран басылған... Әйнектерге әдемі мәнерлі қалың қыраулар тұрған... Ендеше, далада аяз!.. Қыраулы терезе жылы үйде отырып қарағаң кісіге әдемі, шатырда жатқан кісінің жамылған көрпесіне тұрған қырау, ол кісі үшін әдемі емес...)

Салынған үйлердің жылылығы туралы бірер сөз: олардың көбі «стандарт» аталатын, жыйналатын бөлімшелері заводтарда даярланып келген үйлер. Ондай үйлердің қабырғалары тақтайдан жасалады да, арасына қағаз, кигіз немесе ағаштың ұнтағы сияқты заттар нығарлана толтырылады. Осы толтырылған заттар жолшыбайғы транспорттың теңселген жүрісінен түйгіштеліп, даяр қабырғалардың кейбір шеті қуыс қалған көрінеді. Ондай қуыс жерлер байқалғанда, құрылысшылар тақтайды сөгіп, бос орынды қайта толтырады екен. Бірақ, қабырғалар бір емес, мың сан, бәрін тексеріп шығу үшін сөгіп қарау керек, ол мүмкін емес. Сондықтан, құрылысшылар, «салын-

ған үйлерде қуыс қабырғалар кетті ме» деген қауіпті әр жерде айтады.

Білеміз деген адамдардың айтуынша, бұл жұқа қабырғалы үйлер суықтың сынынан өткендер, Дегенмен, Сібір қысының кей жылдары аса қатал болатынын ескеріп, совхоз директорлары стандарт үйлердің ішін астарлап, сыртын қаптап, цементпен сылатып жатқан көрінеді. Ендігі тілек — ол үйлер ылайымда жылы болсын!..

Біраз үйлер саманнан салынған. Көруге тұрпайы сыяқтанғанмен (өйткені,олардың сырты әзірге сыланбаған қара-қожалақ), мейлі қандай қатты қысық келсе де қасқыйып қарсы алатын үйлер бұлар. Совхоздардың кемшілігі — мұндай үйлерді салуға кешірек кірісіп, азғантай ғана үй бітіп үлгерген.

Басында саман үйлерге мән бермеудің бір түрі мынадай екен: «Украина» совхозында жаздың басында саман соғуға Ленинградтан келген бір топ қыздар бөлінеді. Қайсысының биографиясын сұрасаң да, заводтар мен фабрикаларда қызмет атқарғандар.

— «Саман» дегенді,— дейді бұл топтың бригадирі Кузнецова Валя жолдас, жуық арада сөйлескенде,— Ленинградта көрмек түгіл естіген де жоқпыз да. Сондай бізге директор «саман үй соғыңдар» дейді. Біз бармаймыз деп ек, директор бұйрығын өзгертпеді. Сонда да көнбеп ек, комсомол комитетінің секретары шақырып алды да, «директордың бұйрығы екі болмау керек, егер оған көнбесеңдер, мәселелеріңді комитетте қараймыз» деді. Енді көнбеуге амал болмай қалды. Өйткені, тәртіпке көнбеген комсомолдардың путевкасын алып, өзін жеріне қайтару туралы болған жыйылыстарға өзіміз де қатнасып, сөз де сөйлегеміз, қол да көтергеміз,

— Жеріне қайтқанда несі кетеді? — деген қалжын сұрауға Валя шын жауап берді.

— Еңалдымен, материалдық жағына оңай тимейді,— деді ол,— қызметтен шықса, СССР Совхоз министрлігі-

нің быйыл шыққан 118 санды бұйрығы бойынша артық берілген үш айлық жалақыны қайтарады, ол бірталай ақша. Қызметтен не себепті шыққаны еңбек книжкесіне жазылады. Ол да оңай жұмыс болып па!.. Материалдық жағы солай болса, моральдық жағы ше? Қолынан алынған путевкаға хат қосылып, жіберген ұйымға жөнелтіледі. Ондай адамды жіберген жері қалай қарсы алуы белгілі...

— Түсінікті. Өз жайыңызды айта беріңіз.

— Шынын айту керек, амалсыз көнуге тура келді. Енді, сол саман соғуды үйрететін кім?

— Бәсе?

— Бізге прораб берілді. Жұмысты бастадық. Әуелі тереңдігін жыйырма сантиметрдей ғып, радиусын жыйырма метрдей ғып дөңгелек ор қазады екеміз. Соған терең ордан қазып алған сары топырақты әкеп құлатып, үстіне су құяды екеміз. Содан кейін сабан сеуіп, ат жүргізсек, балшығымыз лайға айналады екен.

— Дұрыс қой бұл.

— Дұрысы солай болғанмен бұрысы да көп,— дейді Валя шегі қата күліп ап,— лай жасау үшін еңалдымен, атты жүргізу керек қой,

— Әрине.

— Сол атты жүргізетін кісі табылмады.

— Неге?

— Ылғый қызбыз. Ішімізде атқа мінбек түгіл, оның маңына жолап көргеніміз жоқ екен. Сондықтан, әуелі мінбек түгіл, қасына баруға да қорықтық.

— Біздің сорымызға қарай,— дейді Валя тағы да күліп ап,— прорабтың өзі де үнемі қалада тұрған, атқа мініп көрмеген кісі екен. Ол байғұс аттан қорықпай қасына барғанмен, тізгінінен ұстағанмен, денесін сыйпағанмен, үстіне міне алмайды, біз аяғынан көтеріп мінгізіп жіберсек, басын билеп жүргізе алмайды. Бұны ол өзінің білмеуінен көрмей, ат әдейі жүрмей тұр деп ойлап, басқа көзге жатады да сабайды. Содан кейін ерегісіп ала ма,

немене, ат басын кекжеңдетіп, ілгері жүрудің орнына, кейін шегінеді...

— Сөйтіп әуре боп, не істерге білмей тұрғанда,— дейді Валя күлкілі кескінін салмақтандырып,— қасымызға Орталық Партия Комитетінің өкілі жолдас Өтеғалиев Құлжан келе қалды. Біздің қылығымызды ол алыстан көріп күліп келді де, «маған бершi!» деп, аттың тізгінін прорабтан қолына алды. Атты ол басынан сыйпап, мойнынан, арқасынан қағып аз тұрды да, ешкімнің жәрдемінсіз-ақ, үстіне ырғып мініп, жортты да кетті. «Міне қайда атқа жүргіш!» дедік біз сүйсініп. «Мынау циркта ат ойнатқан адам болар!» десті бір қыздар...

Мұның бәрі мал бағып өскен елдің баласына күлерлік сөздер ғой. Сондықтан мен де күліп ем:

— Күлмеңіз! Рас! — деді Валя.— Содан Өтеғалиев жолдас бізді төңеректей атпен біраз шоқытып алды да, қасымызға қайта кеп, басатын балшыққа түсті де кетті. Су сіңген сазды балшықтан аттың шыққысы келгенмен, Өтеғалиев шығармады... Қалай екенін кім білсін, ат оның бұрған жағына жүрді... Сөйтіп біраз жүріп, сабан мен балшық қоймалжың боп араласа бастаған кезде Өтеғалиев қырға шықты да аттан түсіп, прорабқа,— «Ұрма, сен атты! Әсіресе, басқа ұрма! Өзіңді басқа ұрса қайтер ең. Хайуан да сондай. Егер ұрмай, былай мінсең» деп Өтеғалиев атқа қайта ырғып мінді де, «былай ақырын тебінсең, ат ұрмай да жүреді» деп тебініп, жүргізіп барып оралды. Содан кейін атты прорабқа беріп еді, Өтеғалиев жүргізген әдіспен, атты ол да жүргізіп әкетті! Қарап тұрған қыздардың біреуі,— «маған беріңіз, мен мінем!» деді прорабқа. Прораб қырға шығып, атты қызға беріп еді, қыз да кәнігі кісідей жүргізіп әкетті.

— Жақсы болды ғой бұл,— дедім мен.

— Әрине, жақсы болды,— деді Валя,— Өтеғалиевтің айтуынша, мұндай балшықты екі-үш атпен де басуға болады екен. Ол үшін бір аттың құйрығына екінші аттың

тізгінін байлайды екен. Біздің қыз тіркестірген аттарды да басқарып кетті.

— Ұғымды, өжет қыз екен,— дедім мен.

— Бірақ, іс онымен өнбеді,— деді Валя.

— Тағы не болды?

— Лайды дұрыс даярладық: жақсы да иленді, сабан да дұрыс қосылды. Ал, енді содан кірпіш құю керек қой.

— Әрине.

— Кірпішті құя бастадық. Қалыптарымыз бар. Бірақ, қалыпқа құйған кірпішіміз түспейді. Алғашқылары оңай түсіп еді, кейінгілері кебірленіп тұрып алады. Итеріп түсірейін десең сынады. Не істеу керек?

— Прораб оны да білмей ме екен? — дедім мен, айтар сөзім көмекейімде тұрып, бірақ, прорабтың хал-жайын біліп алайын деп.

— Білмейді екен,— деді Валя.— Ол тек тасты ғана шабатын маман екен. Кіршіп құйып көрген жоқ екен.

— Қап! — дедім мен, күле сөйлеп,— білмеуін қарашы!.. Ішіне лай құярдың алдында ғой, қалыпты суға малып алса, ішкі жақтауы дымданады да, құйған кірпіш оп-оңай сылқ етіп түсе қалады.

— Соны да бізге Өтеғалиев үйретті,— дейді Валя.— Үйренгенше біз — он шақты қыз, күніне жетпіс-сексен кірпішті әрең шығарушы едік, онда да кем-кетігімен... Үйреніп алғаннан кейін біз күніне жеті-сегіз жүз кірпіш шығардық. Саманның мың жарым кірпіші — төрт бөлмелі бір пәтер!..

Кузнецованың бригадасы тек кірпіш құйып қана қоймайды, ол үй де салады. Совхозда асханаға арналған кең үйді, екі-үш кең жатақхананы, тағы бірнеше жеке пәтерлерді сол бригада салған. Осы сияқты істі біз әр совхозда кездестіреміз.

Жеке құрылысшылардан, Жамбыл атындағы совхоздың шалдар бригадасын ерекше атап айту қажет. Сол

шалдардың бірі — Аңдамасов Серәлі мен оның әйелі Әсияні мен көп жылдардан білем...

1921 жылдың жазы. Қазіргі «Жамбыл» совхозының жеріндегі «Қара томар» аталатын, батыстан шығысқа қарай созылған сайға, ұзын тұрқы екі-үш километрдей, көлденеңі жарты километрдей боп біткен, тек бір-ақ жағында ғана жалтыр суаты бар, өзге жағы қорыс томардың жағасында бірнеше ауыл жайлап отыр. Олардың ішінде шылғый ақ үй Күрке, Көшке аталатын байларда ғана бар. Көп ауылдың төрінде ғана бірер ақ үй кездеседі, өзгелері қоңыр немесе жыртық қараша үйлер...

Қара томардың жағасында, ауылдардан оғашырақ, қазықтың басына байлаған қызыл шүберек желбірейді, ол — тіккен жалау... Жалау тұрған жерге аттылы-жаяулы көп кісі ағылып жатыр.

— Бұлар кімдер? — деген сұрауға:

— Батрактар! — деп жауап береді білетін адамдар.

— Қайда барады?

— Жыйналысқа.

— Ұйымдастырушы кім оны?

— Быйыл осы манда құрылған болыстық партия комитеті.

— Нешінші жыйналыс бұл?

— Бірінші.

Жыйналған жұрттың сыртқы түрі сыйықсыз-ақ: киімдері жыртық, өңдері жүдеу. Олай болуы заңды да, батрактардың байларда құлдықта жүрген кезі.

Жыйналыс ашылды. Шешен сөз сөйлеп, совет өкіметінің батрактарға не беретіндігі туралы айтып шықты. Жарыс сөзде батрактар шығып, байлардан көрген қорлық-зорлығын айтып жатыр... Жыйналыстың алдыңғы жағында толық бұжыр бетті жас әйел мен сирек сары мұрты бар, ашаң өңді жас жігіт отыр. Әйел жігітті анда-санда түрткілеп, «сен де сөйле!» деген белгі береді,

жігіт «қой деймін» дегендей қабағын түйеді де үндемейді. Бір кезде әйелдің өзі қол көтерді.

— Аңдамасова Әсияға сөз беріледі,— деді жыйналысты басқарушы.

Бұжыр әйел, сөзін қасында отырған жігітті сөгуден бастады:

— Жұрт сөйлегенде сөйлемей, неменеге жағы қарысып отырғанын білмеймін,— деді ол жігітті нұсқап,— Самайда Күрке мен Көшкені қоса, Көшебеде Майлы мен Мұсайтты қоса, бұның жалшылыққа тұрмаған байы бар ма? Не қорлық көрмеді ол байлардан? Енді, міне, совет өкіметі орнап теңдік тиіп тұрған кезде, сөйлемей кімнен жасқанады? Сөйле! — деді әйел жігітке дікіңдеп,— өзге батрактардай, байлардан сен де ақыларыңды сұра!..

Сұрастырсам, жігіт Әсияның күйеуі екен, аты Серәлі. Бірақ ол сөйлеген жоқ. Жыйналыс тарай жолықсам:

— Несіне сөйлеймін,— деді Серәлі,— байдан алған аз ғана ақы не болар дейсің маған? Байдан тіленгенше еңбегіме жалынсам болмай ма?

Келер жылы сол маңға тағы соқсам, сауатсыздар мектебінен оқып хат таныған Әсия, ауылдық советтің председателі болып жүр, Серәлі жұмыста. Содан бері ол әлі де жұмыста екен, кәсібі балташылық.

Серәлінің колхозы 1950-жылға дейін «Жарқын» атанған. Басқарушылардың нашарлығынан, бұл колхоз үнемі төмен сатыда тұрып келген. 1950 жылы колхоздар іріленгенде Жарқын, Суаткөл, Есперлі аталатын үш колхоз бірігіп «Жамбыл» атағын алған. Сонда да ол өркендеп кете қоймайды, оған себеп, колхозда 43 мың гектар жер бар, әлсіз колхоз еттің де, сүттің де, басқа алым-салықтың да бәрін осы жердің көлеміне төлейтін болғандықтан жыл сайын недоимка өсе берген де, колхоз үнемі борышта отырып, орталық қоры құралмаған. Ол қор қалай құралады, 43 мың гектардан, колхоздың өткен жылы еккені 2 700- ақ гектар жер. Мал басы, былай қарағанда, тәуір сияқты.

700 сыйыр, 1 400 қой-ешкі, 427 жылқы. Бірақ, 43 мың гектар жері бар колхозға мал ма ол? Бір жылғы салығына тең жартысы кетпей ме оның? Осындай жағдайда болғандықтан, колхоз мемлекетке 330 мың сомға борышты екен. Қалтасының тақырлығынан колхоз өткен жылы еңбек күнге он тыйыннан төлесе, сол маңайдағы Баян атты колхоз он сомнан берген...

Осындай, мұқтаждан шықпайтын, мүшелерін еңбек күннің ақысына жарытпайтын колхоздың құлағына, бұл маңайда жаңа совхоздар құрылады деген хабар шалынған соң колхозшылар «совхозға ауысамыз» деген мәселе көтерді, солардың бірі — Серәлі Аңдамасов. Колхоздың басқармасында және жалпы жыйналысында бұл мәселе талқыланып, совхозға ауысу туралы бір ауыздан қаулы алынады.

Болашақ «Жамбыл» совхозының алғашқы адамдары бұл араға марттың 14 күні келіп түседі, барлығы 270 адам, колхоз оларды жылы құшағын жайып қарсы алады: бөліп пәтерге түсіреді, қонақасыға екі семіз өгіз сояды, 6 центнер ақ ұн, тағы басқа тамақтар қарасады... Сол күннен-ақ, тыңға келушілер мен тұрғын адамдар тату-тәтті тұрып, шаруашылық ісінде біріне бірі көмекші болады.

— Тек алғашқы кезде ғана,— дейді колхоздың партия ұйымдастырушысы Сейтақ Жақыйын жолдас,— тыңға келгендердің ішінен бес-алты бейбастақ жігіт бір рет төбелес шығарып еді, көпшілік оларды басты да, путевкаларын алып, келген жеріне қайтарды. Содан бері ешбір дау-жанжал болған емес.

— Аз уақыттың өзінде-ақ,— дейді Сейтақ,— совхоздан көрген пайдамыз шаш-етектен: еңалдымен, 43 мың гектар жеріміздің 20 мың гектар тыңы жыртылды; совхоздың жәрдемімен, быйылғы егінімізді кезінде сеуіп, кезінде ордық. Совхозда жұмыс болған соң, колхозшыларға табыс көбейді.

— Мәселен?

Серәлі Аңдамасовтың аты осы арадан келіп шығады.

— Тыңға келушілер,— дейді Сейтақ,— колхозшылардың үйіне уақытша ғана тұрады ғой. Оларға өзіндік үй керек қой. Сондай үйлерді салуға бұл колхозда Серәлі қарт басшы болды. Жасы алпыстан өткенмен, өзі бас боп, ол осы колхоздан бес кісілік балташылар бригадасын құрды, бесеуі де 60—70 жастағы шалдар: Серәлінің өзі, Беркімбаев Шөкітай, Мұстафин Сейтжан, Мыңжықов Қабден және көршілес Майбалық колхозынан (Қарағаш бригадасы) Әлімбаев Ілияс.

Бес шал жаз бойы үздіксіз жұмыс істеп, ағаштан қыйып, совхоздың астығына бір кең сарай, жұмысшылар кооперациясының бұйымдарына бір кең сарай, екі пәтерліктен екі үй және елу кісілік жатақхана салады.

— Осынша көп жұмыста,— дейді, совхоздың директоры Татиевский жолдас,— тек хажетті материалдарды тасып бергеніміз болмаса, шалдар ешбір көмек сұраған жоқ. Үйлердің орнын қазып фундаментін орнатудан бастап, шатырын жабуға дейінгі жұмыстарының бәрін өз қолдарынан өткерді. Бұл — шын мағнасындағы ерлік іс, шын мағнасындағы патриотизм!

— Табыстары да аз болған жоқ,— дейді Сейтақ.— Айына мың жарым, екі мыңнан айналдырып тұрды. Совхоздан алты айда алған табысын ол шалдардың кейбіреуі, колхозда жыйырма бес жыл мүше болғанда алған жоқ екен.

— Алсын! — дейді Татиевский, — еңбектерінің жемісіне рахаттансын!..

«Алғашқы ұя» аталған үйлер, жаңа совхоздарда осылай салынып жатыр. Сол үйлерді жылыту мәселесі де жеңіл емес. Мысалы, «Жамбыл» совхозына отын онша уайым емес, өйткені, айнала қалың ағаш. Одан керекті уақытында кесіп алу аса ауырлыққа түспейді. «Украина» жерінде де аздап ағаш бар. Ал, Докучаев,

Тимирязев, Хрущев атындағы совхоздардың жерінде шіліктен басқа ағаш тұқымы жоқ. Соңғы екі совхозда шілік те аз, сондықтан, ол жерде революциядан бұрын қыстайтын «Күлмес» және «Алдай» атты ауылдар қыстай қасындағы «Алыпқаш» атты қопалы көлдің қамысын жағып шығатын; «Докучаев» жерінде отыратын Жаманшұбар мен Мамектің кедей үйлері қысына шіліктен бір-бір мая отын, байлары бірнеше маядан отын үйіп алатын.

Келген жерлерінің қысқы жағдайын білмейтін тыңдағы адамдар қамысты отын болады дегенге сенбей күле қарайды екен, шілікті отын болады дегенге құлақ түргенмен, қурайдан аз-ақ қалқыңқы шырпыларды меңсініп жыйнамайды екен.

Сонда, аржағында, жақсы отындары тіреліп тұрса бір сәрі-ау!.. Мысалы, «Докучаевқа» быйыл 260 тонна көмір, 300 текше метр ағаш беріледі екен, содан әлі, бір грузовик те отын тасылған жоқ. «Қылышын сүйреткен қыс» жақындап қалды.

Қыстың жабдығы туралы тағы үш сөз.

Бірінші сөз — овощь туралы. Мен көрген жаңа совхоздарда, қысына қажет картоп, сарымсақ және сәбізді өсіріп алған жалғыз «Украина» ғана. Қапуста онда да жоқ. Сырттан тасып қамтамасыз боп отырған «Богдан Хмельницкий» ғана. Өзге совхоздар қолдарындағы нарядтың қағаздарын тоқ санаумен отыр.

Екінші сөз — осы совхоздардан қысқа ат пен шана қамдаған біреуі де жоқ. Сонда сенетіндері трактор. Оған қыс жақсы боп тұрса жақсы. Егер жаман боп, Сібірдің «Жынды қыс» аталатын «пәлесі» туса, трактормен жолаушылау оңайға түсе бермейді. Қайдан оңайға түседі: он-он бес күннің бойына толастамастан соғып, көзінді аштыруға мұрша бермейтін борандарда немесе «тіфу» деген түкірік аузыңнан шықпай қатып қалатын аяздарда тракторлармен жолаушылау оңай боп па?.. Ондай жағ-

дайда ең қолайлы көлік — семіз аттар. Олар сонымен жол да сала алады, трактордан әлдеқайда жылдам да жүреді... Үскірік аязда не сұрапыл боранда трактормен тырылдап ұзақ сапарға шығудың сәні де болмау керек...

Үшінші сөз — тон туралы. Мен аралаған совхоздардың бірде-бір бастығында қаптал тон жоқ. Ондай тонсыз жолға шығуға болмайтынын жолдастар ескермейді екен. Қыс далада жұмыс істейтін адамдардың бәріне пима мен шолақ тон керек. Сауда орындарының айтуынша, алдағы қыста пима біраз болады да, шолақ тон болмайды. Мұны естіген жұмысшылар аса қынжылатын сыяқты.

Жалпы алғанда, сауда жұмысы совхоздарда жақсы қойылған сыяқты. Кездеме де, киім де, азық-түлік те, кесіптің басқа бұйымдары да мол. Алушылар да көп. Оған қуа — бір ғана үшінші токсанның өзінде жаңа совхоздарда жұмысшылар кооперациясының он миллион сомнан артық соманың саудасын жасауы. Совхоз қызметкерлерінің ақшасы молдығына тағы бір қуа, мысалы,— Хрущев атындағы совхозда соңғы алты айдың ішінде алыстағы туған-туысқандарына бес жүз адам 261 765 сом жөнелткен; «Докучаевта» 415 адам 367 650 сом жөнелткен; «Тимирязевта» 385 адам 582 755 сом жөнелткен. Сол совхозда алыстағы туғандарынан 205 адам, Хрущев атындағы совхозда 570 адам сәлем-сауқат алған.

Ақшалы адамдардың ауқатты, мәдениетті тұрғысы келеді, жақсы киінгісі келеді. «Украина» совхозында болған бір мәслихатқа қатнасушылардың тілектері мынадай:

— Овощь тұздайтын бір де бөшке жоқ, оны қайдан аламыз? — дейді Лукьянченко.

— Жақында ғана үйленіп ем, пәтер алып ем. Жақсы мебельдер қойғым келеді онда. Совхозда жоқ. Қайдан алуға болады? — дейді Петр Николаевич Краса.

— Мен той жасауға енді жыйналып жүрмін,— дейді Михаил Мацан жолдас.— Мастарға қарсы ашқан күреске мен де қосылам. Өзім маскүнем емеспін. Бірақ, арақшарапсыз той бола ма? Солардың соңғы екі айда көрінбей кеткені қалай?

— Менің тілегім кішкентай ғана,— дейді Федор Мацан,— ағамды үйлендірмей, мен үйленбеймін. Менің қазіргі көбірек ермегім кітап оқу. Біздің совхоздағы пәтерлерге электр әлі кіре алмай жатыр. Әзірге барымыз — кәрәсін шам. Түнде кітап оқыйын десем, шамымның шынысы жоқ. Со да қардар болғаны ма?

— Мен әдемі киінуді жақсы көрем,— дейді Василий Андреевич Пипа,— бойдақ болғансын, қыздар қызықса екен деймін. Ширпотребті алғым келмейді. Бастондар, коверкоттар, метролар, драптар керек...

Біреулер «оһо»-лап күлейін десе:

— Неге күлесің,— дейді Пипа.— Мен кейбіреулерше, ақшамды араққа шашатын кісі емеспін. Табысым жақсы, оны жақсы киімге ұстамағанда қайтем? Бірақ,— дейді ол маған қарап,— біздің магазинде ширпотреб көп те, жақсы киім жоқ...

Біз атаған, осындай адамдардың сөздерін әр совхозда, әркімдер айтады.

Бізге «Докучаевтағы» магазиннің меңгерушісі Макина Латипаның үйінде болуға тура келді. Күйеуі Қадір Макин совхоздың бас бухгалтері боп қызмет атқарады. Мебельдеріне және басқа жиһаздарына қарағанда, бұл үй өте жасаулы және мүліктері арзан емес, қымбат. Қымбат мүліктерді Латипа келін өте сәндеп орналастырған. Жыйналу жағынан бұл үй, селолық, ауылдық түгіл, қалалық жердің де ең мәдениетті пәтерлерімен таласады.

Совхозда мәдениетті тұрғысы келгендер осы үйді ауызына ала сөйлейді екен. Мысалы, бізге таныс бригадир Иванченко жолдас Макиндердің үйінде болып шыққаннан кейін:

— Міне, осылай тұруға болады! — деді маған.

— Сіз де тұрыңыз солай! — дедім мен.

— Қаражатым жетеді, — деді ол. — Соған алатын қымбат мүлік «Докучаев» түгіл, Петропавлда да жоқ.

— Бірақ,мен қымбат мүлікті табам! — деді Иванченко,— қыс демалыс кезінде Москваға барам да, содан әкелем. Өйтпегенде ше? Не үшін белсене қызмет істейміз? Әуелі Отан үшін, одан кейін өзіміз жақсы тұру үшін.

Бұл сөзді үйленгендер ғана емес, үйленбегендер де айтады.

Тракторист Владимир Александрович Коновалов көтерілген тыңдарды ұнтақтап жүр. Мен оның қасында отырмын. Айналамыз телегей теңіз жыртылған тың. Мезгіл шаңқай түс. Жаманшұбар жерінің ауа райы сол бір кезде аса маужырап, күздің салқын, құрғақ ауасы тыныстыр тым кең алдырады.

Екеуміз сөйлесіп отырғанда, алдымыздан жаяу көлденеңдеп әлдекім келе жатыр. Төңіректегі қап-қара бороздадан байқамаппыз, адам жақын кеп қапты.

— Коля Сечников! — деді Коновалов оны таный кетіп.

— Кім ол?

— Тракторист. Бұл неге келеді, бұл жаққа?

Қатарласа берген тракторға Сечников мініп алды. Алдымен маған амандаскан ол, Коноваловпен кенесе бастады. (Жақшаның ішінде айта кетейік, адамның үйренбейтін нәрсесі жоқ екен. Алғаш трактарға мініп жүргенде, оның күрілдеген даусы құлағымды тұндырып жіберіп, мен қасымдағы адаммен сөйлесе алмаған едім. Бірнеше рет солай жүргеннен кейін құлақтың гүрілге үйренгені сондай, қасымдағы адаммен мен бөлмедегідей сөйлесіп отыратын болдым)

— Ия, қайдан жүрсің? — деді Коновалов, Сечниковқа.

— Түнгі сменада істеп, күндізім бос еді, сенде жұмысым болып келдім.

— Иә, қандай жұмыс?

— Маған осы, үйлену керек пе, жоқ па? — деді Сечников, күлімсіреп.

— Сондай да сұрау бола ма екен? — деді Коновалов күліп,— жасың жеткен жігіт емеспісің сен?

— Ендеше, мен саған ақылдаса келдім.

— Нені? Үйленуді ме? Ол өзіңнің жеке басыңның жұмысы емес пе?

— Әрине. Той жайын ақылдаса келдім мен саған.

— Оның жөні басқа. Ақылдасуға болады бұл жайда. Ал, сонда, кімге үйленетін ең?

— Зуева Евдокияға.

— Дусяға?! — деді Коновалов қуанышты қатты үнмен.— Кәдімгі, біздің бишіге?!.

— Иә, соған!

— Тамаша!.. Құттықтаймын!

Екеуі қол алысты.

— Ол,— деді Коновалов маған қарап,— біздің совхоздағы Уланова! Билегенде ұршықтай үйіріледі. Әдемі де қыз: орта бойлы, сұлу кескінді!..

— Мен де құттықтаймын! — деп Сечниковтың қолын алдым.

Оның той жайын Коноваловқа ақылдасатын себебі — Коновалов осы совхоздағы комсомол комитетінің секретары.

Сечников тойды жаңаша, комсомолдар ұрпымен өткізбек екен. Сондағы планы — совхоз жастарының бәрін жыйнап сауық кешін құру да, артынан қалаған адамдарын қонаққа шақыру.

Сауық кешін өткізетін клуб бұл совхозда жоқ. Далаға өткізуге жуырда ашылған жауыннан жер дымқостау. Жастарға билеу керек. Дымқос жерге билеуге болмайды. Қонағына Сечников қырық шақты адам шақырады

екен, оларды сыйғызатын да үйі жоқ, өзі бұл уақытқа дейін жатақханада тұрып келген.

— Қаражат жағың қалай еді? — деп сұрады Коновалов.

— Немеурін қосудың хажеті жоқ,— деді Сечников жымыйып,— іркінкіреп жүрген он-он бес мыңдай ақшам бар, сол жетер деймін.

— Әрине! — дедік біз.

Коноваловтың ұсынысы: сауық кешіне пекарняға салынып жатқан кең саман үйді алу керек, оған қанша адам болса да сыяды, сәкісі төселген, төбелері жабылған, рамалары салынған үй, тек шыныларын ғана орнаттыру керек. Совхозда электр жарығы бар. Монтерға пекарняның ішкі өткермелерін түзеттіру керек.

Коновалов совхоз директорынан пекарня үйін сауық кешіне алып бермек болды. Қонақтарды ішін босатып стол және орындықтар қойған кең шатырға шақырмақ болды.

Ендігі керегі — гүл. Бұл маңайда гүл жоқ. Оны әкелу үшін не Анновка, не Дмитриевка сияқты жақын поселкелердің біреуіне бару керек. Коновалов совхоз директорынан машина сұрап, оған да жібермек болды.

Соңғы керегі — бөлме. Некесін қыйдырған ерлі-зайыпты екі жас бірге тұру керек, ондай бөлме екеуінде де жоқ.

— Әзірге,— деді Коновалов ол жайды ойлана кеп,— кішірек шатырдың біреуіне орналасу керек. Бөлме жайы жата-жастана шешілмесе, совхозда әзірге бос бөлме жоқ қой.

Олар осылай келісті де тарады. Сауық кешінің программасы жайында кейін кеңеспек болды...

Кешікпей той да басталды. Маужыраған тымық түн. Әне, аспанның батыс жақ еңісінде ораққа ұқсаған жіңішке ай қырынан жарқырай тігіліп тұр. Бұлты сирек аспанда тұнып тұрған қалың жұлдыздардың бәрі де

жымың қағып, өмірлерін мәңгі біріктіретін жастарға құттықтау айтып тұрған сыяқты... Салқындаған кештің тынысы да тым еркін... Әне, әлдеқайда, қаңқылдай ұшып бара жатқан қараша қаздардың даусы естіледі. Олардың қосыла қаңқылдауы да, бүгін қосылу тойы болғалы жатқан жастарға құттықтау сыяқты...

Поселкенің үйлерінде электр жанғанмен, маңдайшаға не көшеге орнаған шам жоқ. Тек бір үйдің маңдайында ғана үркердей топталып шамдар жарқырайды. Ол — пекарня. Сол үйге қарай сырнайлатып, өлеңдетіп топ-топ жастар кетіп барады... Олардан тұтаса көтерілген үн, кең жайлауға шалқый тарап, әлдеқайдағы, алыстан жаңғырығы естіледі...

Пекарняға біз де келдік. Есіктің маңдайшасына кең төрт бұрыш жыпырлай жағылған шамдардың ортасында, қатырма ақ қағазға қызыл бояумен, ірі, сәнді әріптермен «Хош келдіңіздер, құрметті қонақтар!» деген, одан төмен «Жас жұбайларға мәңгілік бахыт тілейміз!» деп жазылған сөздер.

Гүлі бар болғыры табылмаған ғой деймін, жастар костюмдерінің төс қалтасына, гүл орнына, бидайдың бір топ масағын қыстырып қойыпты. Олары тіпті жарасып, көтеріліп жатқан тыңның символы сыяқты боп тұр. Сондай масақтардан, қосылатын екі жас, бастарына венок та киіп апты...

Шамы жағылған пекарня іші тіпті кең екен. Әрі шаңқан жарық. Жаңадан ғана төселіп, әлі боялмаған, қарағай исі шығып тұрған сәкінің, болашақта пекарняның меші орнайтын биіктеу тұсында оркестр ойнап тұр. Оны басқарушы Горосов жолдасқа совхоз адамдарының қалжыңдап қойған аты — Глинка. Горосовқа орыстың ұлы композиторының атын совхозда бекерге қоспаған. Жасы алпысты алқымдаған, тістері түскен, беті әжімденген бұл жолдас, жас шағында Ленинградтың консерваториясын бітіріп, одан кейінгі өмірін, ұлы қаланың жұмысшылар

клубтарында музыка жұмысын басқаруға арнаған екен. Үстіміздегі жылда, Орталық Партия Комитетінің тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысы шыққанда, Горосов «тыңға мен де барам» деп арыз береді де, Ленинградтың Қалалық Комсомолдар комитетінен путевка алып, осы Докучаев атындағы совхозға келеді де, музыка үйірмесін құрып, өзі соны басқарады.

Өзі де музыка шығаратын ол, классикалық және қазіргі композиторлардың көп шығармаларын жатқа біледі. Сонда оның ерекше сүйетіні — Глинка. Оның екі сөзінің бірі «Глинка». Сондықтан да совхоз адамдары оның атын Глинка қойып алған.

Пекарняға кірген жастарды ол Глинка жазған маршты ойнап қарсы алды. Одан кейін би басталды. Сечников биші емес екен, сондықтан Зуеваға «партия» бола алмайды екен. Оның бұрынғы «партиясы» Саша Коломейцев екен. Қазір Дуся Володяның қалыңдығы. Ендеше, Сашамен билеу үшін, күйеуден ұлықсат сұрау керек.

— Осыдан өрт те тұтанып кетуі мүмкін,— деді маған біреу сыбырлап, Саша Дусяға иіліп кеп биге шақырғанда.

— Неге?— дедім мен.

— Володя қызғаншақтау да жігіт.

— Сізше ол жақсылығы ма, жамандығы ма?

— Білмеймін,— деді жігіт иығын көтеріп.

— Менімше қызғану дұрыс та,— дедім мен,— қызғанбағанын адам сүймейді де. Бірақ, бұл көзсіз емес, көзді қызғану болуы керек...

— Мүмкін...

Дуся мен Саша шынында биші екен. Уланованың да билегенін көргеміз. Ол өзінше, бұлар өзінше биші. Дәл мына жағдайда бұлар да Улановадан кем түсіп жатқан жоқ!..

Тойды Коновалов ашты. Ол совхоздағы комсомол комитетінің атынан екі жастың қосылуын құттықтап,

бахыт тіледі де, сол бахыттың тірегі бейбітшілік екенін, бейбітшілікті кімдер жақтап, кімдер жақтамайтынын айта кеп, демократтық жастардың гимнін орындауды өтінді. Мокроусовтың музыкасын оркестр ойнай жөнелгенде қалың жас ду етіп қосылды да кетті. Сөйтіп Советтік Отанның тыңында да бейбітшілік даусы тұтаса, күшейе көтерілді!..

Тыңдағы екі жастың жұбайылық бахытты өмірі осылай басталды...

V. МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫ

Біз аралаған совхоздардың ішінде құрылыс жұмысы, әсіресе мәдениет құрылысының жұмысы үлгілі түрде бара жатқан жаңа совхоздың бірі — Қостанай облысы, Урицкий ауданы, Богдан Хмельницкий атындағы совхоз, сондықтан оның тұрмысына арнаулы түрде жеке тоқтаймыз.

Папасы мен мамасының әлдеқайда кетуге жыйналғаны, оларды вокзалға әжесі Поля мен екеуі шығарып салғаны, вагонға мінер алдында папасы да, мамасы да қолдарына кезек-мезек алып, маңдайынан, көзінен, алақанынан иіскеп, бетінен сүйгені, қозғала берген поезға ырғып мінерде әжесінің қолына ұстатқаны, жүріп бара жатқан вагонның басқышында тұрған папасының күлімсіреген кескінмен қолын ғана бұлғап, мамасының жасты көзін орамалымен сүрткені, неге жылауына таңданып тұрғанда, бірін бірі қуған вагондардың алыстай бергені — үш жасар Татьянаның есінде берік сақталып қалды. Поезд жүре:

— Қайда кетті, папаң мен маман? — деп сұрады әжесі Танядан.

— Тыңға!— деді Таня.

Қішкене сәбидің «тыңға!» деп нық айтқан сөзін қызық көрген төңіректегі жұрт:

— О не, «тың» деген?— деп Таняны қоршай сұрап еді:

— Білмеймін, — деді Таня.

Одан әрі әркім жөніне кетті. Немересінің тәтті тілін қызық көрген Полина Кузьминична Бакаева «папаң мен мамаң қайда кетті?» деген сұрауды жаяу жетектеп әкеле жатқан Таняға неше берсе де жалғыз ғана жауап алды,—«тыңға!». Бұл сөзді жалғыз Таняның ғана емес, вокзалдан қайтқан адамдардың көбінің аузынан естуге болатын еді, өйткені, олардың көбінің жақындары тыңға кетіп бара жатыр.

Бұл уақыйға Каменск облысының Красный Сулин атты кішірек бір қаласында болған еді. Бакаева келіні Тамара мен жалғыз баласы Владимирді тыңға жөнелтті. Олармен бірге кетпеуіне екі себеп болды, бірі — Полина Кузьминична осы кішкене қаладағы балалар бақшасының меңгерушісі, немересі — Танечка да сонда; екіншісі — аты тыңға жөнелгені болмаса, ол тыңның дәл қайда екенін Бакаева түгіл келіні мен баласы да (олардың фамилиясы — Беликов) білмейді. Олардың білетіні — қайда жіберілсе де, жолшыбай Москвада анықталады. Мәлімсіз жерге кіп-кішкентай сәбиді қыс ішінде қалай сүйрейді...

Алысқа аттандырған баласы мен келінін Полина Кузьминична сағына бастады. Өйтпегенде ше? Жалғыз бала!.. Күйеуі жасырақ өлгенмен, Володясын әлдекімге көзге түрткі болар деп басқаға қосылған жоқ. Аз білім, аз жалақымен мәпелеп өсірген жалғызы ержетіп механизатор болды, үйленді, немере де сүйді... енді міне,— алысқа кетті — тыңға!.. Қайда ол «тың?»..

Полина апай солайша ұлы мен келінін аңсап жүрген кезде хат кеп қалды. Асыға ашып оқыса:

— «Москвадан біз Қазақстанның Қостанай аталатын қаласына кеп түстік,— деп жазыпты олар,— мұнда әлі қыс қатты екен. Біз барған күні боран боп тұр екен. Вокзалда бізді тұрғын халық музыкамен қарсы алды. Митинг болды. Обкомның өкілі және бізден бір адам сөз сөйледі...

«Бізге жасанды жібек фабрикасының клубы да-

ярланған екен. Бірақ, біз онда бір-ақ күн қондық та, ертеңіне, тракторға тіркеген кең шаналарға мініп, Қостанайдың шығысына қарай сапар шектік, баратын жеріміз — Богдан Хмельницкийдің атындағы жаңа совхоз.

«Таняны алмағанымыз жақсы болған. Бұл араның қары қалың екен, қыраң жерінде метр, саяң жерінде екіүш метрдей бар. Боран ашылған жоқ. Біз жүріп келеміз. Баласы бар семьяға шана үстінен фанер күркесін жасаған. Сонда да суық, балалар оранып-шымқанып әрең барады.

«Бұ жақтың жері қызық екен: қайда қарасаң да көзінді талдыратын жазық дала. Қостанайдың түбінен ғана Тобыл өзені ағады екен. Обаған атты тағы бір өзен бар дескен еді, онысы жылға сияқты бірдеме боп шықты, үстінен қалай өткенімізді білмей де қалдық. Осы екеуінен басқа, бұл кең далада өзен көрген жоқбыз. Тау түгіл биік төмпе де сезілмейді бұл далада. Ағаштары көбінесе қайың болады екен, бұтағы көбейе, тырбыя алаша боп өскен қайың шоқтарын бұл жақ «колки» дейді екен. Аралары жарты, бір, екі, үш... километр бұл «колкилар» далада көп-ақ, бірақ, дала одан да көп!.. Таусыз, өзенсіз, ормансыз кең дала! Бетінде қалың қар. Егер бұл даланың бәрі тың болса, не деген көп тың ол!..

«Арада бір қонып, біз Урицкий ауданындағы Анновка поселкесіне жеттік те тоқтадық, өйткені, жоғарыда аталған совхоздың әзірге қағазда аты ғана бар да, орынында үй түгіл, қаққан қазығы да жоқ. Ең қызығы осы сияқты, мама. Жаңа совхоздың тынын ғана көтеріп қоймай, үйлерін де қолдан көтеру қандай қызық!..

«Анновка кішірек поселке екен. Бізді құшақ жая қарсы алды да, үйлеріне бөліп түсірді. Шығыс жағында, мұзы қатып жатқан қамыссыз үлкен көл, аты «Жаркөл» деседі, қазақша ат, орысшасы «Береговое». Біздің «Богдан Хмельницкий» осы көлдің шығыс жақ жағалаш жағасына орнамақ. Ертең іргесі қаланып, үйлері салын-

ғалы тұрған совхоздың қазіргі жалаңаш орнына қарау қандай қызық. Одан да қызығы — біз 250-дей кісі Анновкаға барғанда, совхоздың директоры әлі тағайындалған жоқ екен. Бізге тек бухгалтер ғана келді де, заңмен тиісті ақшамызды берді.

«Кешікпей директор да келді. Евгений Иванович Оводов, Қорған облысынан. Жұмысқа кірісе бастадық. Өзге жайды кейін жазармыз, мамочка.

«Танечканы біз үшін сүйерсің. Тамара екеуміз оны сағынатын сияқтымыз. Көріскенше хош, мамочка!»

Бакаеваға біраздан кейін тағы хат келеді.

«Қымбатты мамочка! — деп жазады келіні мен баласы,— мұнда қазір қар еріп бітті. Жер беті кілкіген су және аяқ аттатпайтын лайсаң.

«Біздің совхозға ең жақын темір жол станциясы,— Қостанай, ол Анновкадан 150 километр. Совхозға деген машиналар Қостанайдан алынады. Мүліктер де, бізге келетін адамдар да соған түседі.

«Қостанайдан бұл араға шоссе жоқ екен. Шымға түскен селолық жолдардың мына сазда мыйы шығып кетті. Өйтпегенде ше? Біздің бір совхозға 50-ден аса трактор, ондаған автомашина келді, артқандары ауыр жүк... Бізге көрші жаңа совхоздарға да сонша машина, сонша жүк келіп жатыр. Шымның жолын езіп жібермегенде қайтеді олар!..

«Жол қазір өте ауыр, мамочка. Қостанай мен Анновканың арасында талай жерде автомобильдер батып қалады. Бірақ, олар ұзақ тұрмайды,— тракторлар суырып алады. Осындай хал болғандықтан, жол бойында әлденеше жерде, батқан машинаны шығаратын трактор күзеті тұрады.

«Жол сонша ауыр болғанмен, біздің «Богдан Хмельницкийдің» біраз жүгі тасылып та болды. Механизм түгел келді. Жаркөлдің шығыс жақ қабағына, совхоз орталығы салынатын орынға шатырлар тігіліп, жұмыс

адамдары Анновкадан сонда көше бастады. Тамарамен мен де көштім шатырға. Балалар Анновкада.

«Совхоздық сәлеммен — ұлың және келінің — Беликовтар».

Полина Кузьминична баласы мен келінінен үшінші хат алады.

«Міне, сізге дала!.. Не деген кең дала!.. Анновканың шығысында жатқан таусыз, ормансыз, өзенсіз, тек қана ара-тұра кішірек көлдері бар бұл жап-жазық, теп-тегіс боп жатқан даланың, білетін адамдар ұзын тұрқын 150 километр, көлденеңін 70 — 80 километр деседі.

«Ал, сапасы ше? Қара топырағының қалыңдығы метрден артық. Үстіне ұйыса өскен бетеге мен көдесінің қалыңдығы шүлем қойдың жүніндей!.. Егін мұндай жерге өспегенде қайда өседі. Осынша құнарлы өлкеге жер жаралғалы соқаның тілі тимей қалай жатқан!..

«Біздің совхоздың соқаларының тілі бұл араның тыңына бірінші рет тиді. Қырықтан астам трактордың кейбірі он, кейбірі бес корпусты плугты тіркеп, тыңды көтеруге кірісті. Жеріміз жыйырма мың гектар. Быйылғы көтеретін тыңымыз 14 мың.

«Плугтың тісі жерге тигелі, міне бірнеше күн. Жерді торкөздеп айырамыз. Әрбір торкөз 400 гектардан. Торкөз бен торкөздің арасына жүретін жол болсын деп, 20 метрлік белдеу қалдырамыз.

«Қазір талай торкөздер жыртылып та болды. Енді жан-жағыңа қарасаң, көтерілген тыңның қара бұйра теңізі!.. Кейбір теңіздердің о жақ, бұ жағына көз жетпеуге айналды...

«Көктемі еркін туып, күні жылынғаннан кейін, бұл араның ауа райы тамаша болады екен. Жанға рахат, әдемі қоңыржай жел еседі. Айналаңда сағым ойнап, алыстағы әлденелерді қалқытып қасыңа алып келеді... Бұл маңайдың жері тез және қалың көктейді екен. Жібектей жұмсақ сол көкті плугпен тіліп төңкеруге де аяйсың. Бі-



рақ, Отан үшін егін одан қымбат!

«Қазір совхоз орталығының орнына үйлер салына бастады, мама. Көбі даяр келген стандарт үйлер. Күн жылынды, қазір балалар шатырларға кеп, өте жақсы тұрып жатады.

«Соңғы сөзіміздің неге айтылғанын жорамалдап та отырған боларсың, мамочка. Сен балалар бақшасын басқарып үйренген кісісің. Ол, әрине, ардақты іс. Сол іс мұнда да бар: жұмысшылары, механизаторлары бар, біздің совхозға бес жүзден астам адам жыйналды, ішінде балалы семьялар да көп. Көп бала (мектеп жасына шейінгі балаларды айтамыз)· әке-шешесінің жұмысқа баруына бөгет те болатын сыяқты. Со балалар үшін бақша ұйымдастырсаңыз қандай жақсы болар еді!..

«Тыңға барам десең, сені ешкім де тоқтатпайды, мама!.. Қайта, құттықтайды. Қалалық оқу бөліміне сөйлес. Ол сөзсіз жібереді. Мұнда комсомолка боп келесің, мама, өйткені, тыңға келетіндерге путевканы комсомол комитеті береді.

«Сонымен, қымбатты комсомолка жолдас, сені асыға күтеміз, «комсомол путевкасы» аталатын қызыл книжканы тез арада Богдан Хмельницкий атындағы совхозға әкеп тапсырар деп сенеміз!»

Хатты апарып көрсеткен Полина Кузьминичнадан:

— Өз тілегіңіз қалай? — деп сұрады қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі.

— Барам! — деді әйел.

Ол Красный Сулиннің қалалық Комсомол Комитеті-

нен путевка алды да, Богдан Хмельницкий атындағы совхозға Таняны алып жүріп кетті.

Совхозға келгенде Полина Кузьминична өз көзіне өзі сенбейді: баласы «бос орын» деп жатқан жерде, кейінің іргесі, қабырғасы қаланып үлгерген қала!..

Осы қалаға біз октябрьдің бірі күні бардық. Оған жету оңай да болған жоқ. Ол — Қостанай облысының Солтүстік Қазақстан облысымен астасқан жеріне орнаған совхоз.

Балалық және жасөспірімдік шақты Жаманшұбарда өткізген маған, ол төңіректің жері-суы, жолы-сүрлеуі түгел таныс та. Жоғарыда аталатын Анновка (қазақша — Жаркөл) Жаманшұбардан 35 шақырым тұратын. Ол екі арадағы жолды, мен көзімді жұмып отырып табатынмын.

Енді ше? Еңалдымен, қазір бұрынғы таныс жердің өзін танып болмайды. Қайдан таныйсың,— сол маңайда, соңғы 25—30 жылдың ішінде адам баспаған кең далаға, Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан — үш облыстың он шақты совхозы орнап, әрқайсысы 20—25 мың гектардан тың көтеріпті. Солардың бәрі тұтасқанда қанша жерді алмақ!..

Тұтаса көтерілген тыңдардың бойларында кездесетін бұрынғы көштің сүрлеулері қазір жыртылып кеткен. Ендігі жол — торкөздер арасындағы белдеулер, олар тура тартады да, әлдеқайда алып кетеді.

Бұрын Жаманшұбардан Анновкаға баратын кісі 35-ақ шақырым жүрсе, енді бару үшін Докучаев, Хрущев атындағы совхоздарды аралап, жүз километрден артық жер жүреді екен. «Богдан Хмельницкийге» біз осылайша орағытып бардық.

Совхоз Жаркөлдің шығыс жақ жағасына орнаған екен. Бұл маған бала шақтан таныс жаға, сондықтан, сыйпаттап келе жатқан уақыйғаның ізінен бұлтарғаным үшін оқушылардан кешірім өтініп, осы жағада бұдан

41 жыл бұрын болған бір қызық уақыйғаны елестете кеткім келеді.

...1913 жылдың жазы. Қыс бір жерде, жаз үш ауыл болып отыратын біздің Жаманшұбар, теріскей жағында 8 шақырым жердегі Дос көлін жайлап отыр.

Бір күні шапқын келді — полиция уряднигі. Оның айтуынша, жуық арада осы тұстан Қостанайға қарай Омбының генерал-губернаторы Шмидт өтеді, қасында чиновниктері болады, повозка өздерінікі, атты жолшыбай лаулап мінеді. Губернатордың жолынан ауылдар көшіп, тек лау байлайтын үйлер қалу керек. Губернатор өтер шақта бұл маңайда адам жүрмеу керек, мал өрмеу керек, ит үрмеу керек.

Урядник кеткеннен кейін ол айтылған бұйрық тегіс орындалды. Губернатор дәм татар деген ойменен, лау байлаған жерге байлардың ақ киіз үйлері тігіліп, ішіне қымбат жасаулар жыйналды. Қазақтың ол кездегі ең қадырлы асы — марқайған қозының жас еті мен қымыз. Ол астар да даярланды. Губернаторды хұрметпен қарсы алуға сол маңдағы болыстық управительдер, ауылдық старшиналар, билер, байлар жыйналды. Былайғы халықты ол маңға жолатпайтын күзеттер қойылды. Тек, лау апаратын жігіттер мен ересек балаларға ұлықсат, олардың ішінде 13 жасар мен де жүрмін...

Губернатор келіп те қалды. Бір емес, көп кісі... Әлденеше пәуескеге мінген... Бәрінің де киімі жарқыраған. Күтіп тұрған қазақтарды чиновниктер менсініп сөйлескен жоқ, даярлаған асын татқан жоқ,— лау жектірді де, Анновкаға жүріп кетті... Бір пәуескеге жеккен екі аттың божысын мен ұстадым...

Күн кешкіріп қалған мезгіл еді. Түс ауа бұлт торланып, қарауыта қалыңдай бастаған. Жел Анновка жақтан...

Бір кезде қалың қара бұлт бізге қарай жылжып, аздан кейін дауылдата, найзағайын жарқылдата құйды

кеп. Чиновниктер пәуескелерінің төбесін жауып алды... Шелектеп төккендей жаңбырдан жердің жүзі сел боп кетіп, аттың тұяғы тиген жердің мыйы шықты... Аттар болдыруға айналды...

Кешікпей ымырт жабылды. Жаңбыр әлі төпеп тұр. Найзағай жарқылдағанда ғана болмаса, көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық. Ат атаулы пәуескені зорға сүйреп келеді. Тоқтауға болмайды — чиновниктер ұрсады, желкелейді... Бір кезде алдымыздан:

— Тоқтандар! — деген айғай шықты. Біріне бірі тақала аттар тоқтай қалысты.

— Не болды? — деп атшылар жыйналса, алда келе жатқан губернатордың пәуескесі көлдің биік жарқабағында тұр. Аттар енді бір аттаса жарқабақтан құлайтын, оның аты — губернатордың ең жеңіл дегенде мертігуі, әйтпесе өлуі...

Жаны қалғанға шоқынып қуанған губернатор, адасқан атшысын жазалауға бұйрық берді...

Артынан білсек, Омбыдан Қостанайға губернатордың нөкерлерімен жолаушылап шығу себебі — Петербурдан Қостанайға әйелінің інісі уездік начальник боп қызметке келеді екен, бұл соған амандасуға шыққан екен...

Осы уақыйға болған жарқабаққа қазір Богдан Хмельницкий атындағы совхоз орнапты.

Совхоздың орталығын көргенде Полина Кузьминичнаның хайран қаларлық жөні бар, өйткені, осы жылдың көктеміне дейін құлазып бос тұрған жерге, қазір көзге көрнекті поселке орнап қалыпты. Адалын айтқанда, бұл орталық, біз аралаған бес-алты совхоздың үйді ең көп салғанының және тәртіппен жақсы салғанының бірі. Совхоздың тұрғын үйлері, аздап қысаңқы болғанымен, қызметкерлеріне алдағы қыста түгел жетеді.

Мұнда тұрғын үйлермен қатар, мәдениет үйлеріне де көңіл бөлген. Мысалы, жаңа совхоздардың көбінде әлі клуб жоқ. Ал, бұл совхозда 250 кісілік орны, сахнасы бар

клуб қазір даяр боп, ішкі-сыртқы сылаулары аяқталып келеді. Залдың орындықтары, сахнаның шымылдығы, оны ашып-жабатын тетіктері, қажетті декорациялары даяр.

Мезгіл жаз болғандықтан, біз барған кезге дейін кинокартина немесе гастрольге келген артистердің ойыны күн ашықта далада, күн жауғанда кең шатырда болады екен.

— Октябрьдің онынан бастап,— дейді киномеханик Актемиров Анатолий жолдас,— кино да, спектакль де, концерт те осы клубта болады. Біз қазір де әзірміз, клубтың ішкі бояуы кебуін ғана күтіп отырмыз.

Біткен клубқа қызмет көп сияқты. Совхозда қазір іске кіріскен: физкультураның, хордың, драманың үйірмелері бар. Ақшасы төленген, жуырда келуін күтіп отырған оркестр және үйірме артистеріне қажетті костюмдар бар. Кіші-гірім пьесаларды үйірме мүшелері қазір де ойнап жібереді екен.

— Бірақ,— дейді Актемиров,— совхоз клубының сахнасында қоятын пьеса көп емес, әсіресе, тың тақырыбына жазылған пьеса жоқ.

Совхоздың радиолану жағы жақсы екен: далалық бригадалардың барлық шатырларында да радиоприемник, патефон, пластинка жеткілікті, шахмат, дойбы, домино.

Тыңдағы барлық совхоздардай, мұнда да жұмысшылар мен механизаторлардың басым көпшілігі комсомолдар. Еңбекті өндіре атқаруымен қатар, олардың моральдық жағы да тәртіпті екен. Тәртіптен шығушылар мұнда өте сирек кездеседі. Оған екі-үш-ақ мысал бар.

Шофер Губанов арақ ішуден қол жазбай жүріп бір жолы машинасын да, оған мінген адамдарды да апатқа ұшырата жаздайды. Сол қылығын қоймаған оны, комсомол ұйымы мүшеліктен, қызметтен шығарып, комсомолдық путевкасын алады да, жеріне қайтарады.

Жеріне бара жазған хатында,— «Құрметті достар! — депті ол совхоздағы жастарға,— өзімнің қаншалық қателескенімді мен Ужгородқа келген соң көрдім. Маған мұнда, өзге таныстар былай тұрсын, өз туыстарым да теріс қарайды. Мен оларға, қотыр болған шошқа сияқтымын. Сендерге қайтып барайын десем, жергілікті комсомол комитеті енді путевка берер емес. Сендерден өтінем, достарым,— мұнда хат жазып, маған путевка әперіңдер. Енді барсам, ең үлгілі адам болуға барлық ар-ұятыммен ант берем!»

Совхоздағы комсомол комитеті хатты талқылап, Губановты шақыруға ұйғарыпты.

Партиясыз Анатолий Дьяков жұмысты атқарып көңілді жүреді де, біраздан кейін өзінен өзі тұнжырауға, жұмысқа салақ қарауға айналады. «Бұған не болған?!» деп комсомол комитеті тексеріп көрсе, Каменск облысында оның ғашық қызы қалған екен. Қызы бар болғыры «соңыннан барам» деп мұны шығарып салады да, уәделі кезінде келмей қояды. Арада хаттар жүреді, әрине, келу-келмеу туралы хаттар. Қыз алғашында жігітті емексітіп жүреді де, бір хатында «бармаймынды» гүмп еткізеді.

Анатолийдің иығы салбырауы осыдан басталады. Бұл жайды білген комсомол комитетінің бір бюро мүшесі қызға хат жазса, дүп-дұрыс драмасын бүлдіріп алған жігіттің өзі екен. Қыздың көңілі болат сияқты емес пе, балқыта білмесе, икемге келмейтін?.. Қара күшпен ием десе, сынып кетпей ме ол?..

Сыпайы сөздеріне көне қоймаған қызды қорқытпақ боп, Анатолий бір хатында «ендеше сенен безем!» дейді. Жақсы көрген қызға, бұдан ауыр сөзді тауып ала ғой!.. Қыз шарт сынады да, «безсең жолың болсын!» дейді.

Қызды ондай сөзге барар деп ойламаған Анатолий, мына өкпелетуіне жатады да сасады. Енді не істеу керек? Әрине, қатесін мойындау керек!.. Қызға ол осылай хат жазса, «жігіт болсаң сөзіңде тұр!» деп жауап береді қыз,

оның аты «жібімеймін» деген сөз!.. Тағы хат жазса, тағы сол жауапты алады...

Енді не істеу керек? «Шайтанымa керек пе?» деп қол сілтейін десе, жанындай жақсы көреді.

Жүрегіне, еркіне берілген жігіт, асылмақ та, атылмақ та болады. Онымен не бітіреді,— тіршілік деген қымбат.

Анатолий қызды іздеп барып түсінісейін десе, директор ұлықсат бермейді,— жұмыстың қауырт кезі, заңды демалыс алуына ерте.

Амалы құрыған жігіт «ашығу» жариялайды. Сөйтіп әуре-сарсаң боп жүрген кезінде, ғашығы келіп қалады. Жігіттің айы да шығады, күні де туады.

— Өлер халге жеткізгенің не? — деп жігіт наз айтайын десе:

— Қыздың көңілін таба білу керек, оны өкпелетпеу керек! — дейді қыз.

Осы сияқты инциденттер «Богдан Хмельницкийде» кейбір кезде ұшырасқанмен, қазан бұзар тентегі, шідер үзер асауы жоқ екен.

«Богдан Хмельницкийде» жақсы құрылған мәдениет ошағының бірі — 7 жылдық мектеп. Ең қызығы — осы мектептің үйін оқытушылар мен оқушылардың өздері қолдарынан жасаған.

Тың жерде мектептер ашылуы туралы хабарды Полина Георгиевна Турова «Правда» газетінің бетінен, Закарпат облысының Севлуш атты қаласында оқыйды. Тың туралы материалдарды бұған дейін де оқығанмен, Полина Георгиевна өзін бұл зор іске хажет адам деп ойламайды, өйткені, оның қолынан келері — мектепте бала оқыту ғана, ал тында мектеп ашылады деген хабар жоқ.

Бұл хабар «Правдада» жарияланa салысымен, Полина Георгиевна қалалық Комсомол Комитетіне арыз береді де, путевка алып аттанады. Москвада РСФСР Оқу министрлігі одан «қайда қалайсыз?» деп сұраса «маған бәрібір, хажетті жерге жібере беріңіз» дейді. «Онда,

Қостанай облысының Пресногорьков ауданына барыңыз» дейді министрлік, «Хұп болады» дейді жолдас Турова.

Пресногорьковкаға келсе, жаңадан құрылған тыңның совхозы әзірге жоқ. Аудан басшыларының айтуынша, ондай совхоз бұл ауданда 1955 жылы құрылады. Оған дейін не істеу керек?

Аудандық оқу бөлімі Полина Георгиевнаға, Пресногорьковтағы онжылдық мектепке мұғалім болып қалуды ұсынады.

Оқушылардың есіне сала кетейік,— Пресногорьковка аталатын казак-орыс станицасы 18 ғасырдың алғашқы жартысында салынған. Со кезде салынған Петропавл (қазақтың) мен Троицкийдің арасында бұл ең зор станица. Бұнда шекаралық казак-орыс әскерінің бір штабы тұрған, сондықтан да қазақтар оны «Стап» («штаб») дейді.

Екі жүз жылдан артық жасаған зор станица, алғашқы күнінен бастап, күні бүгінге дейін төңірегіндегі станицаларға, крестьян селениелеріне, қазақ ауылдарына мәдениет ошағы боп келеді, өйткені, революцияға дейін бұл маңайда бастауыштан жоғары мектеп сонда ғана болған, революциядан кейін онда орта мектеп ашылды. Құрылыс жағынан да Пресногорьковка көркем станицалардың бірі: үйлерінің бәрі ағаштан қыйылған, екі этажды жақсы мектебі, клубы, магазині, больницасы бар. Станицаның екі жағында екі шалқар көл, олардың маңы жыныс орман!..

Осындай станицада тұру қызық қой әрине. Бірақ, жолдас Турова оған қызықпайды да, жақын маңайда тыңның совхозы болса, соған барғысы келеді. Ондай совхоз табыла кетеді.

— Бізге жүріңіз! — дейді әлдеқалай танысқан «Богдан Хмельницкийдің» директоры Евгений Иванович Оводов,— бірақ, бізде мектептің үйі әлі жоқ. Оны салудың басына өзіңізді қоям.

— Оқасы жоқ, — дейді Турова, — мен құрылысшы

емеспін, сонда да басқаруға тырысам. Тек маған шебер адамдар берсеңіз болғаны.

— Оны бара сөйлесеміз.

Турова Оводовтың машинасына мініп кете барады.

Москвадан шыққан поезбен Қорған қаласына кеп түскен Турова, Қорғаннан Пресногорьковкаға автомашинамен келген екен. Бұл екі ара жыныс орманы, шалқар көлі көп, табиғат байлығы тамаша жер. Бұған дейін Қазақстанды «шетіне кірсе-ақ шөлейт дала» деп түсінетін Турова, Қорған мен Пресногорьков арасындағы көркем табиғатты көріп, тамашалығына «аһ» ұрады...

Енді «Хмельницкийге» беттесе, Пресногорьковтан әрі ормансыз жазық дала!.. Шетсіз-шексіз дала!.. Тек, көлдері көп!.. Бірақ, — көбі кішкене көлдер... Көлдердің бетінде қалың құс!.. Әне, Украинада, тек хайуандар паркінде ғана көретін аққулар да отыр!.. Көл басы екеу-екеуден ғана!.. Одан көп те емес, аз да емес!.. Ал, жердің шөбі ше? Майдың аяғы. Көктің жетіліп болған кезі. Көк-орай шалғын адамның тізесінен келеді!.. Түрлі түсті гүл араласа өскен бұл маңайдың шалғыны ең сұлу тоқылған кілемнің беті сияқты!.. Міне — кілем!.. Осынша сәнді бояп нәзік жарату тек шебер табиғаттың өзінің ғана қолынан келеді... Мынау, адам қолынан келмейтін көркемдік!..

Пресногорьковтан «Хмельницкий» аттай жүз километр. Жолда тек бұрынғы «Чапаев» совхозының бір фермасы ғана бар. Мал бағатын бұл ферма, егінді аз салады. Оның бес-он мың гектар егіні мына кең даланың мұртын да сындырмапты. Көркем, кең жатқан даланы айнала шолып тамашалаған Турова:

— Осының бәрі тың ба? — десе:

— Бәрі тың! — дейді Оводов.

— Осының бәрі көтеріле ме?

— Бәрі!..

— Қалай күш келеді мұның бәріне?

— Тек жер болсын десеңізші, Полина Георгиевна,—

біздің ер совет халқы игере алады оны. Оның алып жүрген қыйын камалы бір бұл ғана емес.

— Ол рас!

«Хмельницкийге» келсе, кей үйлердің іргесі, кей үйлердің қабырғасы жаңа қаланып жатыр. Соның бәрін көрсетіп ап:

— Жай осындай,— дейді Оводов Туроваға,— мектептің әзірге өзі түгіл фундаменті де жоқ. Оны салатын кісі тағы да жоқ. Ендеше, өзіңізге салуға тура келеді...

— Қалай?!. «Құрылыс жұмысынан мен түк те білмеймін» деген жоқпын ба сізге?

— Айттыңыз. Бірақ, менің сізге берер құрылысшыларым жоқ. Қайдан алам, мен оларды? Аз ғана құрылысшылар өзге үйлерді салу жабдығында. Бәрі де керек үй. Әсіресе — пәтерлер. Алдағы қысқа дейін совхоз адамдарына жеткілікті пәтер салып бітіруіміз керек. Өзге үйлер содан кейін хажет. Әр мекеме, соның ішінде сіздің мектеп те бар, өз үйін пәтерлермен қатар бітірем десе, көлденеңнен күш күтпей, өзі салуға кірісуі керек.

Оводовтың бұл сөзі қалжың ба дейін десе, бет-аузы бүлк етпейді... Шыны сыяқты... Сонда, Турова мектеп үйін қалай салмақ?!

Туроваңың ойында осы толқын барын ұққан Оводов, хал-жайды оған тағы баяндап кетеді.

— Мысалы, клуб,— дейді ол.— Жұртқа әсіресе жастарға клуб керек, салатын кісі жоқ. Не істеді, деңіз, жастар: өзге ауыр жұмыста жүрген жастар, клубты жұмыс арасында, сменадан босаған кезде салып бітіруге уәде берген еді, әне, іргесі, қабырғасы қаланып, төбесі жабыла бастады...

Турова Оводовқа еріп барса,— рас: клубтың қабырғасы бітіп қапты!..

— Шеберлер салған болар! — деді Турова таңданып.

— Ешбір шебер жоқ. Жалғыз ғана прораб бар. Өзгесі балта ұстап көрмегендер.

— Қалай жақсы салған сонда?!

— Іс үстінде үйреніп кетті. Сіздер де сөйтесіздер.

— Кісіні қайдан аламыз?..

— Әзірге сіз жалғызсыз. Сізді мен мектеп директоры ғып тағайындаймын. Оқу бөлімінің меңгерушісі менің әйелім — Валентина Георгиевна Оводова болады.

— О кісі қайда?

— Қорғандағы ауыл шаруашылық техникумында агрономиядан сабақ беруші еді. Жуырда келеді. Сіздей емес, ол толық әйел. Бірақ іске оңтайлы. Коммунистка. Ауылшаруашылық школаларында директор боп жүрді.

— Ендеше, соны неге директор қоймайсыз, бұл школаға? Мен партияда жоқпын.

— Оның оқасы жоқ. Патриоттық сезіміңіз жоғары болмаса, сонау Закарпатьеден осында келмейсіз ғой. Ендеше, сіз де билетсіз коммунистка. Сонымен, қысқасы, — іске кірісіңіз. Кісіден,— жалғыз-ақ прораб берем. Өзгесін жолдас Оводовамен екеуіңіз табасыз. Алты бөлмелі бір стандарт үйдің материалы сіздердікі. Содан уақытша мектеп құрайсыздар. Түпкілікті үйін салуды 1956 жылға пландап отырмыз...

Турова іске кірісе бастайды. Оводовтың оған прорабтан басқа бергені тоғыз қыз,— бәрі де балта ұстап көрмеген қыздар.

— Ал, сонда, жұмыс қалай болды? — деген сұрауға,

— Тамаша болды,— дейді Турова,— Оводовтың айтқаны рас екен, қыздар тез үйреніп кетті. Оларға біз — учительдер қосылдық: Фролова, Соснова, Балашева, мен, Оводова және Борис Корнеенко.

Бұл топ мектеп үйін августың аяғында бітіреді де, сабақ бірініші сентябрьде басталады. Жеті жылдық мектеп, жеті класы да түгел, 70 бала, 7 учитель, оқу кітаптары мен оқу құралдары түгел... Мектептің өзге сәніне тірі гүлдер де қосылады...

Гүл туралы аз сөз: Валентина Георгиевна Оводова табиғатты сүюшілердің бірі екен.

— Менің әкем де агроном еді, өзім де агрономмын, күйеуім де агроном, ұлым Сергей де агроном болғалы жүр,— дейді ол,— мен табиғатты, әсіресе өсімдікті сүйем. Онсыз мен тұра алмаймын. Мұнда келсем,— ағаш жоқ. Үйлерде гүл жоқ. Оларсыз тұруға мүмкін емес қой. Мектептегі бұл гүлдерді мен Қорғаннан әкелдім. Жуырда аквариум ұйымдастырамыз. Совхоз орталығының қасында бақша өсіруді мектеп міндетіне алды. Жерін белгіледік. Енді жас өсімдіктерді отырғыза бастаймыз. Қысты күні жылылықта өсімдік өндіретін жердің де орнын даярлап қойдық.

Біз мектепті көруге барғанда, оның педагогикалық советі болып жатыр екен. Мәселе бақша жайы екен, өйткені, Турованың айтуынша, мектеп үйін мұғалімдердің өздері салуы сияқты, бақшаны да олар балалардың күшін қоса, өздері салып бітпек. Бұл ойдағы сөз ғана емес, басталып жатқан қыймылдағы іс. Оның сәтті бітуіне ешкімнің күдігі болмайтын сияқты.

Соның бір кепілі — пионерлер достығының мәжілісі. Бір мезгілде мектепке тағы барсақ, оның тірі гүлдер қойған бөлмесінде отряд бастықтарының мәжілісі боп жатыр екен, басқарушы — аға пионер вожатый Балашева Галина. Ол отряд бастықтары Нина Губановамен (шофердің қызы), Валя Кудинамен (темір ұстасының қызы) және Света Рыковамен (пеш қалаушының қызы) ертеңгі жексенбіде, пионерлердің бәрін бақша орнын дұрыстай түсу ісіне шығаруды тапсырып жатыр екен.

— Бақшаны өсіруіміз керек,— дейді ол, отряд бастықтарына,— өйткені, онда өзіміз серуендеп, өзіміз демаламыз! Совхоздың өзге игіліктерін совхоз адамдарының қолдан құруы сияқты, біз де өз бақшамызды өз қолымыздан құрайық!..

Соңғы сөз балалар бақшасы туралы: оның директоры,

бізге белгілі Бакаева жолдаспен біз сарай алдында жолықтық. Орта жасты, толықша бұл әйел, грузовиктегі овощьты өзі түсіріп, сарайға өзі үйісіп жатыр екен. Бізбен аз уақыт сөйлесіп, бақша жайын қысқаша айтқаннан кейін:

— Кешіріңіз! — деді ол,— бұл совхоз быйыл овощь егіп үлгерген жоқ, овощьты көрші поселкелерден тасыймыз. Мезгіл өтіп барады. Үлгеруіміз керек. Машинаны тез босатып, тағы да әкелуге кетуіміз керек. Өзге әңгімені кешке сөйлесеміз. Сіз әзірге балаларды көріңіз. Қастарында тәрбиешісі — Клавдия Георгиевна Середа бар. Қазір еңбек үстінде отырған кездері...

«Еңбек үсті!..» Не еңбек ол, кішкене балалар үшін?

Расында олар еңбек үстінде отыр екен, қазақта «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақал бар. Дәл айтылған сөз. Совхоз балаларының «ұяда көргені» — құрылыс. Үйлерінен не бақшасынан шығып төңірегіне қараса, айнала құрылыс жүріп, үйлер салынып жатыр.

— Сондықтан,— дейді Клавдия Георгиевна, столды айнала «құрылыс» жұмысымен шұғылданып отырған кішкентай үш ер баланы нұсқап,— бұлар да «үй» салады...

— Кішкене Таня неге тесіле қарап отыр оларға?

— «Кірпіштерді» қалай қалауын бақылап...

Бергі жақ шетте куыршақпен шұғылданып отырған кішкене қызға:

— Бұның не? — десем,

— Артисканы сәндеп отырмын,— дейді.

Аржағында түрегеп екі кішкене қыз сөйлесіп жүр, құлақ тіксем,— «үй» ішін сәндеп жыю жабдығы...

Социалистік Ұлы Октябрь революциясын қолдарынан жасаған, социализмді қолынан құрып, аршынды адыммен коммунизм құрылысының ішіне кірген советтік ер халықтың ісіне, оның кішкентай ұрпақтары да қосылып, олар да «құрылысқа» араласса, көңілге бұдан артық қуаныш бар ма!..

Жаса, жеңімпаз құрылысшы ұрпақ!.. Бүгінгі де, болашақ та сенікі!..

VI. БОЛАШАҚТЫҢ ЖОЛДАРЫ
(ЭПИЛОГ ОРНЫНА)

Біздің жайлаудың бойында быйыл ғана құрылып, тың көтеріп жатқан совхоздарды айға жуық уақыт аралап, мен енді Петропавлға жүруге жыйналдым.

Соңғы күндердегі менің резиденциям, «Докучаевтың» орталығы — Батпақкөлде. Одан Петропавлға беттеп, шығысқа қарай тура тартатын жол бар, бірақ, мен оған түспей, теріскей-батысқа қарай кеттім.

Ол бетте, бізге таныс Дос көлі бар. Достың күнгей жақ жағасы дөңес екені де бізге мәлім. Айнала жапжазық далада тұрған бұл дөңес, сол араның тауы сияқты, оның үстіне шықсаң, әлдеқайдағы алысты көресің. Менің ойым — сол дөңеске шығып, айналадағы тыңы көтерілген кең даланы көзіммен тағы бір шолу. Одан Петропавлға тура кететін жол бар.

Достың дөңіне шығып тұрмын. Қай жағыма қарасам, шетсіз-шексіз көтерілген тың!.. Ол тыңдардың келешегі де маған айқын көрініп тұр: ендігі жылы көктемде келсем, бұл көтерілген тыңның беті тұтасқан жап-жасыл көк-алжын боп жатады; одан кейінірек — июнь, июль айларында келсем, сабағы өсіп боп, енді бойына дән жыйнап жатқан, шетсіз-шексіз егін теңізі толқып тұрады; одан аз кейін — август, сентябрь айларында келсем, жүздеген (мүмкін мыңдаған) комбайн егін теңізінің әр тұсында қалқып, бетіндегі қаймағы — дәнін қалқып алып жатады, ол дәндерді жүздеген (мүмкін мыңдаған) автомашиналар астық үйілетін пункттерге тасып жатады!.. Мұның бәрі фантазия емес, көзге айқын көрініп тұрған шындық!..

Біздің жайлаудан, оның ішінде Жаманшұбардан Отанымыздың астық қорына осынша мол үлес қосылуына

қуана тұра, менің бүйірімде бір ғана кірбің жатыр, ол — жол мәселесі.

Қазақстанның солтүстік облыстары, олардың ішінде біз сыйпаттап отырған Солтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстары жол мәселесіне мақтана алмайды. Олардың біреуінде облыс пен облысты немесе аудандар мен облыс орталығын қосқан шоссе (тас төселген) жол жоқ. Кейбір облыстарда «грейдер» аталатын, сол маңайдың топырағынан биіктеу төселген жолдар бар, бірақ олардың бетіне тас, гравий (ұнтақ тас) немесе асфальт сияқты қатқыл заттар төселмегендіктен, соңғы жыйырма бес-отыз жылдың ішінде үздіксіз ағылатын машиналар кедір-бұдыр ғып ойып тастаған, сондықтан шоферлар оларды жанасалай жүретін жабайы тарам жолдарды грейдерлерден әлдеқайда артық көреді.

Грейдердің жайы осындай болса, жабайы жолдар да оңып тұрмайды. Бұрынғы көшпелі ауылдың ұғымында,— «жол атасы — туяқ». Ол кезде малдың туяғынан басқа жол түсіретін құрал жоқ. Россияға бағынғаннан кейін, орыс үлгісімен, қазақтар көлікке арба жегіп жүруге айналды. Содан кейін, салт ат кезіндегі бір тарам ауыл арасының жолдары үш тарамға айналды.

Ат пен арбаға ол жолдар әдемі болушы еді. Жеңіл машиналар үшін де тамаша болатын. Ондай жолдармен (Солтүстік Қазақстанның, қалың шымның бетіне түскен жолдарын айтам) жеңіл машинаны ызғыта, сағатына 80—90-ға қойып айдаған шоферлар «мұндай жолдың қасында асфальттың да керегі жоқ» десетін.

Енді шоферлар олай дей алмайды. Соңғы жыйырма-жыйырма бес жылдың ішінде Қазақстан өлкесінде де жыл сайын көбейе ұйымдасып келе жатқан МТС-терге, совхоздарға жүздеп келетін машиналардың, әсіресе тракторлардың салмағын даланың жабайы жолдары көтере алмай, көбі қазылып, кедір-бұдырға айналып кетті... Ал, быйыл, тыңға шабуыл жасаған жылы, жабайы жолдар-

дың жүгі бұрынғыдан әлдекайда көбейді... Көп жолдар ыңқылдап көтере алмай қалды...

Сондай жолдардың біразымен быйыл мен де жүріп көрдім. Көбі бұрынғы таныс жолдар. Бұрын сағатына 80—90-ды қойып айдайтын жеңіл машина, қазір көп жерде жыйырма-отызды да айдай алмайды. Кейбір тұста машинаның жүруі мүмкін емес, жолдың торабы терең қазылып, ор боп кеткен, машина бауырынан шөгіп отырып қалады... Ондай тұстарда, шоферлер екі жақтағы соны жерді орағыта кезіп, тыңнан сүрлеу салады. Көп жерде қазір ондай сүрлеу салу мүмкін де емес, жолдың екі жағына да тақала көтерілген тың, машина одан жүре алмайды...

Жолдың жайы осылай болса, быйыл миллиондаған гектар тыңға ендігі жылы өсетін егіннің ондаған миллион пұт дәнін тиісті жерлерге тасудың жайы қалай болмақ?.. Мысалы, мен аралаған совхоздарға ең жақын темір жол станциясы екі жүз километр. Астық сарайы мен элеватор сол станцияларды бойында ғана. Егер алдағы жылда астық мол шықса, мындаған машиналар станцияларға екі-үш айдың ішінде үздіксіз тасымақ. Соларды тоқтатпай өткізіп тұратын жол қайда?.. Алдағы жылдың күзі құрғақшылық боп турса қуба-құп... Сібірдің кейбір жылдары болатын үздіксіз жаңбыры басталса ше?..

Бұл сұрауларды алдына қойғанда, мен аралаған совхоздардың директорлары «грейдер саламыз да... Мүмкін шоссе салынар...» деген сыяқты жалпылама жауап айтып, нақтылы жауап бере алмайтын...

Аралаған совхоздардан бұл сапарда біржола аттанып, Достың дөніне шығып тұрғанда менің ойыма осы сұрау тағы да келе қалды... Шынымды айтайын, жол жайы есіме түскенде, көңілім жүдеген сыяқтанды. Жүдемегенде ше?.. Тыңды не үшін көтеріп жатырмыз? Егін себу үшін ғой!.. Сепкен егіннен мол астық алу үшін ғой!.. Ондай астық алдағы жылда болатынына (тіпті, жаңбыр

жаумаса да), көтерілген тыңды көрген, оның егін себуге бапталуын көрген кісінің ешбір күманы жоқ.

Бұл арада, тағы бір көлденең сөз: агрономиялық ғылымның егіс өлкесіне ықтырма белдеулерін жасауды ұсынуы баспасөзден мәлім. Осы ықтырма көп совхоздарда, әсіресе «Украина» совхозында жақсы жолға қойылған. Біз аралаған кезде «Украинаның» быйыл көтеріп, баптап қойған тыңдар өсірген ықтырмасының (күнбағыстан, жүгеріден) биіктігі кісі бойындай. Жалпақтығы бес метрдей, араларының алшақтығы жүз метрдей ықтырма белдеулері ұшан-теңіз көтерілген тыңдардың өнбойларына жарысып кеткен. Қар оларға тоқтамағанда қайда тоқтайды, егін ондай жерге шықпағанда қайда шығады!..

Егін, әрине, шығады!.. Және қалың шығады!.. Қалың шыққан егіннің бір түйір дәнін де шашпай, шірітпей, мемлекет қазынасына жыйып беру — партиялық, халықтық зор мәні бар іс. Шын мағнасындағы совет адамы бұл мәселеге бұдан басқаша қарай алмайды...

Хош, алдағы жылда мол астық шықсын... Жолдың жамандығынан машиналар ол астықты жақсы сақталатын жерлеріне түгел жеткізе алмай жатсын... Сол кезде жаңбыр басталсын... Сонда не болмақ?!.

Достың дөңінде осы ой жүректі шымшыңқырап тұрғанда, көңілімізді машинаның гудогі бөліп жіберді. Жалт қарасақ— дөңнің Дос жақ етегінен екі-үш «ГАЗ-69» көтеріліп келеді екен. Олар бізге беттеп келеді. «Не қылған машиналар, бұлар?!»

Машиналар таянып кеп тоқтады. Алдыңғы машинадан бірінші боп, полковник киіміндегі, орта бойлы, толықша адам түсті. Оған ілесе, үш машинадан да тағы бірнеше әскери және азаматша киінген адамдар түсіп жатыр... Жалғыз Калининнен басқасы біз көрмеген адамдар. Андрей Андреевич Калинин жолдас — Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары.

— Сіз мұнда екенсіз ғой! — деді Андрей Андреевич маған қолдасып.— Танысыңыз! — деді ол маған полковникті нұсқап,— СССР Жол құрылысы басқармасының өкілі, Қазақстан территориясында салынатын шоссе жолдар басқармасының начальнигі — Иван Иосифович Левитан.

— Қазақ жазушысы,— деп таныстырды мені Калинин Левитанға.

Әңгіме жолдан басталып кетті. Левитанға мен жолдар туралы басымда жүрген ойларды қысқаша айтып ем:

— Оның бәрі түзелетін іс! — деді Левитан күле сөйлеп,— сіз аңсаған шосселерді, міне, біз салуға келдік.

Сол арада отыра ғап, Левитан біздің алдымызға 1955—57 жылдары Қазақстанның солтүстік облыстарында салынатын шосселік жолдардың планын жайды. План бойынша Қостанайдан Петропавлға, Петропавлдан Көкшетау, Ақмола арқылы Қарағандыға, Ақмоладан Атбасар, Рузаевка, Урицкий арқылы Қостанайға, Көкшетаудан Қызыл-ту арқылы Павлодарға, Павлодардан Баян, Қаркаралы, Шыңғыстау арқылы Аягөзге... дегендей, біріне бірі жалғасқан, бірін-бірі кесіп өтетін шимай-шытырық шоссе жолдар салынады екен, біразы асфальтпен жабылады екен. Сонда, тыңдары көтерілетін жерлер түгел қамтылады, олардың ішінде біздің жайлау да!..

— Керемет қой, мынау! — деймін мен, болашақ тас жолдардың планымен танысып алғаннан кейін, Левитанның кескініне қарап.

— Жолы жоқ өлке үшін, әрине, керемет,— дейді Левитан күліп,

— Тағы бір кереметті естіп пе едіңіз? — дейді Калинин маған қарап,

— Не керемет ол?

— Тыңы көтерілген өлкелер арқылы бірнеше темір жолдар да салынғалы жатыр ғой.

— Қойыңызшы?!

— Рас! — деп Қалинин далалық сумкасынан жылтырауық қағазды суырады да, бүктесінін жазып, алдымызға жаяды, Қазақстанның солтүстік облыстарының картасы, беті айқыш-ұйқыш сызық...

— 1955—56 жылдары тың өлкелеріне салынатын темір жолдар — осылар! — дейді Қалинин, қай жерде қандай темір жолдар салынатынын түсіндіріп ап.

Бұл план бойынша да Қазақстанның солтүстік облыстарында, жалпы ұзын тұрқы 2132 километрлік темір жол салынып, шоссе жолдары сыяқты, бұл жолдар да аталған облыстарды айқыш-ұйқыш темір рельстермен байланыстырады!..

Атбасардан Қорғанға тартылатын бір темір жол біздің жайлау-жайлаудың қалың ішін жарып, Жаманшұбардың желкесін, Достың ығын басып өтеді!.. Бұл жолдың бойына станциялар салынғанда, біреуі Достың жағасына орнайды!.. Сол жағаға мыңдаған тонналы астықты сақтайтын элеватор жасалады!..

— Жолдастар! — дедім мен, бұл планмен де танысып алғаннан кейін қуанышты кескінмен ұшып түрегеп,— мына көріп отырған пландар менің фантазиямнан әлдеқайда биік, мына пландар маған өңім емес, түсім сыяқты болып отыр!.. Жоқ, өңім емес, түсім!

Мен жолдастарға, шынында көріп жүретін бір түстерім туралы әңгіме айтып бердім.

Дәл қай жылы екені және дәл кім жазғаны қазір есімде жоқ,— отызыншы жылдардың бастапқы кезінде көрнекті жазушыларымыздың біреуі «Әдебиет газетінің» бетіне шығармаларын қалай жазуы туралы мақала жариялап, сонда «мен кейбір болашақ шығармаларымды түсімде көрем» дегенді айтты. Біреулер бұл сөзді «идеалистікке» жорығанда, мен өзім жазушының пікіріне қосылдым да.

Расында, «түс» деген не ол? Ғылымның бізге ұғындыруынша, ол — өндегі ойлардың бытысқан елестері емес

пе? Жазушының шығармасы, көп күндерге, кей кезде көп жылдарға созылған ойлардың салдарынан туады. Ол ойлар, әрине, өмір шындығына негізделеді. Шындықтан туған ойлардың кейде қағазға түспей тұрып, жазушының фантазиясында образға айналып жүретіндері болады. Кей кезде тұтас образдар да жасалып, ақын немесе жазушы жоспарланған бұл ойын өңінде ауызша айтып та бере алады. Сондай баста жасалып жүрген ойдың образдары кейде түске де кіріп, өңінде таба алмай жүрген кейбір әдеміліктерді ақын немесе жазушы түсінде тауып жүреді... Бұл айтылғандар — менің құрғақ теория жасауым емес, өзімнің жазушылық шындығымда басымнан өткеріп жүретін уақыйғаларым...

Жақсы көретін Жаманшұбар мен Дос туралы да мен көп ойлайтын ем, сонда, әрине, ойлайтыным — 1954 жылдың екінші тоқсанына дейін құлазып бос жатқан олардың гүлденуі, яғни: ел орнауы, үйлер салынуы, жерінің пайдаға асып жеміс беруі...

Иланыңызды өтінем, құрметті оқушы!.. «Кезеңі кеп қалған жерге қыйсындыра салған» деп ойламауыңызды өтінем!..

Өңімде де әрдайым ойымда жүретін Жаманшұбар мен Дос, менің әрдайым түсіме де кіретін еді. Сонда, мен өсіп тұрған ағаштар, қонып отырған ауылдар сыяқты... жайылып жүрген малдар, жайқалып тұрған егіндер сыяқты... бірдемелерді көретін ем... Оянғаннан кейін бұл түсімді есіме алсам, маған ол, шындықтан тысқары шарықтаған құрғақ фантазия сыяқтанатын еді... Мен ауыр күрсінетін ем...

Міне, енді ол фантазиям біздің жайлауда, оның ішінде Жаманшұбар мен Доста 1954 жылдың көктемінде жасалып жатқан істердің әлдеқайда артында қалды!.. Расында мен, менің жасым жетіп өмірмен қоштасқанға дейін Жаманшұбар мен Достың төңерегінде мұнша тың көтеріледі деп өңімде де ойлағам жоқ, түсімде де көр-

гем жоқ. Жаманшұбар мен Досты басып темір жол өтеді деген ой да не өңімде, не түсімде менің басыма кірген емес...

Бірақ, халықтың хыялы менің хыялымнан әлдеқайда озық екен. Олай дейтінім, құрметті оқушы, алғашқы варианты бұдан он бес жыл бұрын жарияланған «Менің мектептерім» атты кітап естеріңізде. Сол кітапта бұдан қырық бір жыл бұрын, яғни —1913 жылы, біздің жаманшұбарлықтар, Жаманшұбар мен Достың арасына темір жол салынуын арман етілуі айтылатын еді ғой...

Міне, енді қараңыз,— халықтың сол арманы бүгін кеп іске асқан жоқ па?!. Халық ол кезде арасы сегіз шақырымдық Жаманшұбар мен Достың арасына темір жол салынуын арман етсе, енді, міне, Дос пен Жаманшұбарды баса, арасы үш-төрт жүз километрлік Атбасар мен Қорғанның арасына темір жол салынғалы жатқан жоқ па? Біздің советтік шындықтың барлық фантазиядан да жоғары екендігіне айқын дәлел осы емес пе?

Өндегі және түстегі осы армандарды және солардың іске асуын біраз сөз ғып алғаннан кейін мен Левитан мен Калинин жолдастардан, салынуға пландалған шоссе және темір жолдардың қалайша іске асу жайларын сұрадым.

Бұл игілікті жұмысты таяу уақытта мүлтіксіз орындайды екен. Жолдардың тез салынуына хажетті құрал-саймандар жақын жердегі станцияларға келе бастаған екен.

— Ұзын сөздің қысқасы,— дейді Левитан жолдас, жолдардың салыну жұмысы қалай басталып, қалай аяқталуын айта кеп,— алдағы жылдың август айында бұл тұсқа машинамен келсеңіз, әдемі шоссе жолдармен жүресіз, әйтпесе, дәл осы отырған жерге поезбен кеп түсесіз!..

Болашақтың жолдары осындай!..

Октябрь — декабрь, 1954 жыл.



КӨЗІ АШЫЛҒАН БҰЛАҚ



Әлдекім мені аяғымнан қаттырақ жұлқып қалды. Шошып ояна келсем, мен ұйықтаған үйдің іші тастай қараңғы екен.

— Тұрсайшы, тезірек, Михаил Кузьмич! — деген әйел дауысы естілді құлағыма.

Сонда ғана есіме түсе кетті,— бұл әйел мені, Рославль совхозының директоры Михаил Кузьмич Чуриков деп оятып тұр, өйткені, мен соның кроватына ұйықтағам, оның өзі, осы бөлмедегі үлкен сандықтың үстіне жатқан.

Электр шамы жағылса, Михаил Кузьмич орнында жоқ боп шықты. Оның қашан және қайда кеткенін осы үйдің қартаң хозяйкасы да біле алмай ғапты.

Келіп тұрған әйел совхоздың астық қоймасының меңгерушісі Анна Филипповна Сорокина екен,— басында түбіт шәлі, үстінде келте тон, аяғында, үй ішінде ғана киетін жеңіл башмақ, үсті-басы қар.

— Қар жауды ма? — деп сұрадым мен.

— Жауғаныңыз сол,— қалыңдығы тізеден келеді!..

Әйелдің директорды неге іздеуін баяндаудан бұрын,

оқушыларды совхозбен таныстырып алайық. Одақта тыңның ең көп жері Сібір мен Қазақстан екені мәлім. Қазақстандағы тыңның көбін, әдетте, Солтүстік облыстарында деп ойлайды, Оңтүстік облыстарда да тыңның ұланбайтақ кең өлкелері барын, географиямен тығыз таныстығы жоқ адамдар білмейді.

Сондай тың жатқан жері жақсы кең өлкенің біреуі — Алматы облысы, Жамбыл ауданында. Бұл ауданда, советтік құрылыстың алғашқы жылдарынан бері жасап келе жатқан Дегрез совхозы бар, негізгі шаруашылығы — мал өсіру.

Үстіміздегі жылдың басына дейін Дегрезде жарты миллион гектарға жақын жер боп келді, мұншама кең жерді жалғыз совхоз меңгере алмай, мыңдаған гектар егіндік, шабындық, жайылымдық жақсы жерлер құлазып бос жатты.

Осы бос жатқан жерден 150 мың гектарды бөліп, жаңа совхоз ашу туралы Одақтық үкімет өткен жылдың декабрінде қаулы алады. Совхоздың орталығы Жамбыл мен Алматы қаласының орталығында, Түрксиб темір жолының Отар атты станциясының қасында құрылмақ болады, сыбағалы жері — темір жолдың теріскей жағында. Землемер мен агрономдардың бағалауынша, совхоздың сыбағасындағы 150 мың гектардың алпыс мың гектардайы егіндік, өзгесі шабындық пен жайылымдық жер. Егіндік жерді совхоз үш жылда түгел игереді, өзге жерді де толық пайдалану үшін, совхоз алдағы көктемнен бастап отыз бес мың қой, мың сиыр, бес мың шошқа және мыңнан астам жылқы өсіреді. Қаншама байлық ол!..

Чуриковтің айтуынша, бұл араның қысқы қары апрельдің бірі күні күрт ериді де, бірер күнде жер тазарып болады. Өткен күз жаңбыр болмай, қар кенет жауғандықтан, құрғақ жер тоңданып қатқан жоқ екен, сондықтан, совхоз бұрын жыртылған жерге тұқым себуді, тың жерді көтеруді қар кете сала бастайды. Міндет — даяр

он үш мың гектарға, быйыл көтерілетін бес мың гектарға тұқымды он күннің ішінде сеуіп бітіру керек. Жердің дымқос кезінде егу, егіні жаңбырмен ғана шығатын бұл сыяқты өлкеде, тұқымның тез өнуіне талассыз кепіл. Жақсы өну болашақ бай егін өсуіне жол ашады.

Тың көтеру және тұқым себу жұмысы совхозда қызу қарқынмен басталып кетті. Планды мезгілінде орындауға күш жетеді,— совхоздың төрт бригадасында қырық алты трактор бар, бәрі де заводтан быйыл келген, ақаусыз жаңа тракторлар. Өзге саймандар да жеткілікті. Қажетті адамдар түгел: 400 жұмысшы, 6 агроном, 5 механик, 95 тракторист, 108 прицепщик бар. Көктем егісіне керек 170 тонна жанармай станциядағы цистерналарда құюлы тұр, 21 мың центнер тұқым қоры астық сарайларында үюлі тұр.

Мұншама жақсы жағдайда егіс планын тез орындау тек адамдардың ғана қолындағы іс. Осы істі ұйымдастыруды бастауыш партия ұйымы мен (секретары Қатпин Қасым жолдас) дирекция бірлесе отырып қолға алады. Совхозда ұйымдасқан төрт бригада өзара социалистік жарысқа түсіп, қызметіне кіріседі. Он күндіктің алғашқы алты күнінде совхоз көктемнің планын тоқсан процентке апарып тастайды, сонда ерлік еңбекпен ерекше көзге түскендер: тракторист Мельников Николай Яковлевич, оның «ДТ-54»пен күнделік көтеруге тиісті тыңы үш жарым гектар, орындауы бес, алты гектар; Хомутецкий Николай Иванович күніне 36 гектар даяр жерге тұқым сеуіп шығуға тиісті, ал орындауы — 45-тен 72-ге дейін; Менжинский мен Безродныйдың да пландарын орындауы сондай...

Көктем егісін орындап шығуға социалистік жарысқа түскен совхоз адамдарының планын асыра орындау кілті жоғарыда аталған Анна Филипповна Сорокинада екен, өйткені, тұқым қоры түгелімен соның қолынан өтеді, қажетті жеріне кезінде жеткізіп тұру соның міндеті. Сов-

хозда автомашина әлі аз, оның үстіне, тас жолы жоқ бұл арада, жолға шыққан машиналардың біразы көктемнің сазына батып, кезінде оралап келе алмайды, сондықтан, алысырақ жердегі кейбір бригадаға қажетті тұқым қорын темір жол арқылы вагонмен жеткізу керек.

Совхоздың бір бригадасы Қопа аталатын разъездің тұсында болады. Оған бүгін түнде Отар станциясындағы сарайдан он тонна тұқымдық бидай жіберу керек. Түн ортасына дейін Сорокина грузовиктер келеді деген үмітте болады, бірақ олар кезінде келмейді. Тұқымды Қопаға жеткізуге Сорокина міндетті.

Грузовиктер «әне келеді, міне келеді» деген үмітпен, Сорокина жүк артатын адамдарын ұстап отырғанда, төпеп қар жауады да кетеді. Ол борандата, дауылдата қалың жауады. Не істеу керек?

— Үйге қайту керек,— дейді кейбір жеңіл киініп келген жұмысшылар тоңазып.

— Ол болмайды,— дейді Сорокина.— Он тонна тұқымды түнде Қопаға жеткізіп беруге міндеттімін.

— Бірақ, бұл тұқымды бүгін түнде жеткізудің қажеті жоқ қой,— дейді біреулер.

— Неге?

— Қалың қар жауып тұрған жоқ па? Ертең кетпейді бұл қар, ендеше егін де себілмейді. Асығудың керегі не онда?

— Қардың қашан жауып қашан кетуінде менің жұмысым жоқ, мен өзіме тапсырылған жұмыстың кезінде орындалуын ғана білем.

— Сонда неменеге артасын? — дейді жұмысшылар,— қар жауғанға дейін келмеген грузовиктер енді боранда келмейді.

Ойланып қалған Сорокинаның көзі, сол арада тұрған жүктің бос вагоніне түседі.

— Артамыз, мына вагонға,— дейді Сорокина.

— Ұлықсатың бар ма?

— Ешбір ұлықсаттың керегі жоқ. Күнде осындай жүгімізді артып жүрген вагон. Ақшасын төлейміз.

Тұқым қорын үйген сарайдың есігіне таяу тұрған жүк вагоніне, Сорокина басқарған жұмысшылар он тонна астықты бірер сағатта тиейді, сонан кейін Сорокина вокзалдың дежурныйына барады. Жүкті вагонге ұлықсатсыз тиегеніне кейіген дежурный:

— Ал, енді, ақшасын төлеңіз вагонның,— дейді Сорокинаға,— таңға жақын келетін жүк составы бар, соған тіркеймін де Қопаға жөнелтем.

— Қанша болады бағасы?

— Бес жүз сом. Немесе, совхоздың чековая книжкасын алып кел, қол қойып берем.

Чековая книжканың бас бухгалтерде екенін білетін Сорокина, башмағымен қарды кешіп алыстағы пәтеріне барса, ол іңірде бригадаларды аралап жұмысшылардың еңбек ақыларын үлестіруге кеткен екен. Дежурныйға қайтып келсе, әріптің басын мүжіп үйренген ол:

— Не ақшаңды, не книжкеңді әкел, әйтпесе, бидайыңды сарайға кәзір қайта төк те вагонды босат, оны істемесең екі есе простой төлейсін,— дейді.

Бидайды қайта төгу — көп машақат, әрі тұқым уәделі кезінде жеріне жетпей, кінә мойнына мініп қалады. Осы жағдайды ойлаған Сорокина ақша қарастырса, қалтасында үш жүз қырық жеті сом сексен бес тыйын бар. Жұмысшылардың қалтасынан жетпіс сомдай ақша шығады, сексен екі сом жетпейді. Оны қайдан табу керек?

Директорды Сорокинаның түнде, боран-шашында пәтеріне іздеп кеп тұрған себебі сол екен. Бірақ, директор жоқ. Ол қайда?

Бұл сұраудың жауабы табылмағанмен, Сорокина іздеген сексен екі сом табылды да, қуанған ол вокзалға жүгіріп, вагонның ақшасын төлеуге кетті. Біреулер:

— Башмақпен қалай жүресін қарда? Ауырарсын, етік табайық,— деп еді.

— Түк те етпейді! — деп Сорокина қараңғы түнде төпеп тұрған боранға сіңді де кетті.

Таңға жақын директор да келді. Оның айтуынша, қар іңірде біз жата салысымен-ақ жауған. Соны көрген ол, киініп шоферінің пәтеріне барған да, екеуі «Газ-69» бен бригада басына кеткен. Оның солайша әбігерленетін реті де бар. Быйыл ғана ұйымдасқан совхоздың егін басында жылы баспана өте аз, жұмысшылардың көпшілігі брезент шатырларда жатыр. Олардың халын ойламай, боранды күні жылы пәтерде жата беруге бола ма?

Біз директорға Сорокинаның жайын айттық. Адал қызметкердің ұқыптылық ісіне риза болған Михаил Кузьмич, вагонды не халде екен деп барса, жақын арада ғана келген составқа тіркеліп, тағайындалған жеріне жүріп кетіпті, Сорокинаның өзі совхоздың жатақханасына дамылдауға кетіпті.

— Егер директор келіп, бригада басына баратын болса, мені ала кетсін,— деп тапсырыпты ол, сарайдың күзетінде қалған адамға.

Түндегі боран таң ата ашылып, жел тынды да, Алматы өлкесінің маужыраған әдемі бір күні басталды. Күн шыға біз бригада жаққа аттандық. Жолда Сорокинаны ала кеттік. Оның үйі, біз беттеген жақта, Мәтібұлақ атанатын жердегі, осы совхоздың жаңа құрып жатқан поселкесінде екен.

Мәтібұлақ өлкесінде мен бұдан бұрын да болғам. Отар станциясында, Жамбылдың ең жақсы көретін шәкіртінің бірі, атақты ақын және композитор, жетпіс жастағы, Кенен Әзербаев тұрады. Бұдан үш-төрт жыл бұрын осы қарттың үйіне барғанымда, «Мен саған туған, өскен өлкемді көрсетейін» деп, салт атпен мені ертіп шыққан.

Отар станциясы Тянь-Шань тауларының сілемі саналатын белесті екі адырдың арасындағы ойпатта тұрады. Кененнің айтуынша, сілемнің сол тұстағы аты — «Мәтібұлақ».

— Неге олай атаған? — десең,

— Адырдың арасында сондай бұлақ бар — дейді.

Белесі көп адырлардың арасын жара аққан бұлақтың бойын өрлей салт атпен келе жатқанда:

— Бұл бір керемет бұлақ еді,— деген еді Кенен.— Қазақтың Дулат деген руына жатамыз ғой біз, оның ішінде Қасқарау, оның ішінде Сатый-Ботый аталамыз. Соның өзі бірнеше болыс ел болатын. Жаз айларында біздің ауылдар биік тауға шығып кететін де, көктем мен күзде осы Мәтібұлақтың басында болатын. Сонда, ондаған ауылдың мыңдаған малы ішкенде сарқылмайтын бұлақ еді бұл. Соңғы жылдарда ел мекендемей, бірнеше сарқылмас бұлақтың көзі бітеліп, суы азайып барады. Маңында колхоз жоқ. Алыстағы колхозға бұл бұлақтардың керегі жоқ. Сөйтіп, есіл бұлақтар қор боп суалуға айналды!.. Елдің анасындай, көп жыл сусын болған бал бұлақтардың бүйтуіне жаным ашыйды, бұлардың көзін кім кеп қашан ашар екен!..

Мәтібұлақтың аржағына шықсақ, «Қараой», «Бозой» аталатын, қайқаң жатқан кең дала бар екен, жері қара топырақ, шалғыны белуардан.

— Қандай тамаша жер! — деген еді Кенен, сол кең даланы атпен аралап жүргенде.— Малдың құлағы, егіннің сабағы қаптай көрініп тұрған жоқ па, бұл арадан? Осындай құнарлы жер де соңғы жылдарда ешбір пайдаға аспай бос жатыр!...



Мәтібұлақтың жерін де, суын да пайдалану туралы халық ақыны Ке-

неннің арманды ойы быйыл ғана іске асты. Быйыл бір жылдың өзінде Мәтібұлақ өлкесіне 18 мың гектар егін себіледі. Өткен жылы Дегрез совхозы бірінші рет сепкен үш мың гектар жердің әр гектарынан орта есеппен отыз центнерден астық алған, алды — 40—50 центнерден!.. Егер быйыл 18 мың гектардан, 1957 жылы елу мың гектардан осы мөлшерде астық алынса, жалғыз Мәтібұлақ өлкесінің астығы қайда кетіп жатыр!..

Бұлақтың өзі ше?

Чуриковтің айтуынша, Мәтібұлақ — оннан астам бұлақтан құралады. Кейін ел мекендемегендіктен, ол бұлақтардың біразының көзі жабылып қалған, Мәтібұлақтың өзінің көзі де быйыл совхоздың қолынан аршылған, өзгелері де солай аршылады. Су шаруашылығын білетін мамандардың айтуынша, Мәтібұлаққа қосылатын барлық бұлақтың көзін ашып, таудан сазға кетер алдын бөгесе, мыңдаған текшеметр су іркіледі. Ол су нақ сол араға орнайтын совхоз орталығының адамдары мен хайуанаттарын ғана сусыннан қамтамасыз етпейді, жүз гектардан артық бақшаны суарады. Судың сағасына совхоз елу гектардай жеміс және серуен бағын өсіреді.

Мәтібұлақты осылай бөгеп, суын пайдаға асыру үшін, үкімет совхозға алдағы жылы жарты миллион қаражат береді. Міне, көзі жаңадан ашылатын бұлақтардың болашағы осындай!..

Чуриковтің машинасымен Мәтібұлақты жағалап келе жатқанда, біз осы жайларды кеңестік. Одан әрі егін өлкесіне шықсақ, Мәтібұлақтың нақ қайнар көзінің қасында, тың көтеруге қыздырылған тракторлардың тұтаса гүрілдеген дауыстары кең даланы солқылдатып тұр екен. Біз бір бригадаға жақындасақ, қызған тракторлардың арасында көп адам шоғырланып тұр. Таянып келсек, ұзын столдың төңірегінде, жұмыс киіміндегі еркектер мен әйелдер әлдене қағазға кезектесе қол қойып жатыр, ортала-

рында бастауыш партия ұйымының секретары Қатпин Қасым жолдас.

— Бұл не? — деген сұрауға,

— Дүниежүзілік бейбітшілікті қорғау советінің үндеуіне қол қою,— деді Қасым.


Кезек комсомол, прицепщик Ахметовке келді. Ол жуырда ғана Қасқелен механика школасын бітіріп, осы қызметке орналасыпты. Сауатты ол, бригадада үгітшілердің бірі екен. Қол қоярдың алдында жан-жағына қарап аз тұрды да:

— Жолдастар! — деді қатты дауыспен.— Біз бұл үндеуге саусағымызбен ғана емес, мынау кең далада тың айырған трактордың табанымен, плугтың түренімен, тұқым отырғызатын сеялканың жүзімен, қысқасы, өндіріс планымызды асыра орындаумен қол қоямыз. Бұл өлке быйылға дейін бос жатқан дала еді. Енді бұған совхоз орнап, мыңдаған гектар егін сеуіп жатыр. Ертең он мыңдаған мал кеп жайылады. Сөйтіп, бұл дала — социалистік құрылысқа мол пайда береді. Тез арада Мәтібұлақтың да бұрын бітеліп қалған көзі ашылып, бойындағы бар суы тасқындай ағады. Бұл маған, халықтың сарқылмас күшінің бейнесі сияқтанады. Мен бұл үндеуге қолымды, «біздің совхоз тың көтеруде, егін және мал өсіруде алдыңғы қатарда жүреді, бейбітшілікті қорғау ісіне ол сөйтіп жәрдем береді» деген үмітпен қоям!

Шапалақ ду етті. Ахметов үндеуге қол қойды. Трактористер қызметіне аттанды. Мәтібұлақтың көзі қайнай, ашыла түсті.

18—IV—1955 жыл.





ТЫҢҒА ШАҚЫРАМЫН[1]



Овечкин жолдастың негізі жақсы жасалған баяндамасында елеулі кемшілік болды. Ауыл шаруашылығы тақырыбына орыс тілінде жазылған көркем шығармалар мен очерктерге ол толығырақ тоқтады да, ұлттар әдебиетінде, оның ішінде қазақ әдебиетінде бұл тақырыпқа жазылған шығармаларға шолу жасамады. Мен сөзімде Овечкин жолдастың осы кемшілігін толықтыруға тырысамын және сөзімнің көбін тың тақырыбына жазылған және жазылуға тиісті шығармаларға арнаймын.

Шығармаларға тоқталу алдында айтарым,— тың мәселесі сөз болғанда біз Қазақстанды ерекше атамай өте алмаймыз. Өйтетін себебіміз — соңғы екі жылдың ішінде Отанымызда мол мөлшерде игеріліп жатқан тыңының көпшілігі Қазақстан мен Сибирьде. Сибирьдің тыңы көбірек көтеріліп жатқан жері — Алтай аймағындағы «Құлынды» аталатын дала. Қазақстанның Семей және Павлодар облыстарымен шектесіп жатқан бұл кең

[1] 1955 жылы 26 октябрьде Москвада өткен жазушылар мәслихатында айтылған сөз.

дала, тарихи деректерге қарағанда, бір кезде Қазақстан өлкесінің территориясына кіріп, Сибирьге кейінірек ауысқан. Бірақ біздің ол далаға ешбір претензиямыз жоқ, өйткені, өз республикамыздың тыңы да жеткілікті.

Тек қана айтарымыз: революциядан бұрын ғасырлар бойына көшпелі өмір сүргенмен, кеңдігі жеті Франциядай, он бір Англиядай, тоқсан сегіз Бельгиядай, топырағы аса құнарлы кең даланы жаудан аман сақтап кеп, XVIII ғасырда Россия территориясына еркімен қосқан қазақ халқына мың сан рахмет!..

Профессор Қылыш Бабаев марқұмның жобалауынша, Қазақстан даласында егістікке жарайтын жер 40 миллион гектардай. Осынша мол өлкеден біз — қазақстандықтар — 1954 жылға дейін, яғни, Бүкілодақтық Орталық Партия Комитетінің февраль-март айларында өткізілген пленумының тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулысына дейін не бары тоғыз-ақ миллион гектарды игердік те, өзге құнарлы жерлеріміз құлазып бос жатты. Бұл өлкелердің тез пайдаға асуын тұрғын халықтар көп жылдың бойына арман етті...

Осы арада, Овечкин жолдастың баяндамасындағы бір қате пікірге тоқтай кету қажет. Галина Николаеваның романын катты сынға алған ол, екі мәселеде қате жіберді. Бірінші қатесі,— романның героинасы Настя Ковшова Орталық Партия Комитетінің тың және тыңайған жерлерді игеру туралы қаулысы боларын күн бұрын болжайды, оны Овечкин қате деп ойлайды. Неге қате болады? Партиялық басқарушы ұйымдарымыздың әрбір қаулысы халықтың тілегінен тумай ма? Ендеше, ондай тілекті Настя чеге айта алмайды?

Екінші,— Овечкиннің ойынша, Настянің ақылы мен ісі жас мөлшеріне лайық емес сияқты, одан артық сияқты.

Менімше лайық. Олай дейтінім,— 1954 жылы Қазақстан 8 миллион гектар тың көтерді. Осы тыңды көтерушілердің жүзден 99-ы Настя сияқты жастар. Сол жылы

Қазақстанға туысқан елдерден 60 мың адам, 1955 жылы — 417 мың адам келді. Бұлардың да басым көпшілігі жастар.

Өткен жылы біз «Литературная газетаның» бетінен Илья Сельвинскийдің тыңдағы жастар туралы кейбір очерктерін оқыдық. Оның ойынша, Қазақстан тыңына туысқан елдерден келген жастардың көпшілігі бейбастақтар. Расы — керісінше. Тыңдағы жастардың басым көпшілігі шын мағнасындағы отаншылдар, адамгершілігі, ар-ұяты, сана-сезімі биік жастар. Әрине, кей жерде бейбастақтар да ұшырасады. Бірақ олар теңіз ішіндегі тамшылар ғана.

Жергілікті адамдардың, туысқан елдерден оларға жәрдемге келген адамдардың бірлесіп еңбек атқаруының арқасында, 1954 жылға жоспарлаған алты жарым миллион гектардың орнына Қазақстан сегіз миллион гектар тың көтерді. Быйыл,— 1955 жылы, жеті миллион гектардың орнына, сентябрьге дейін тоғыз миллион гектар тың көтерді. Жердің тобарсуына дейін әлі де талай мың гектар тың көтерілуге тиісті, өйткені,— кәзір жер жыртуға жұмысында алпыс екі мың трактор жүр!..

Тың көтеруде Қазақстанға жәрдемге келген жастар басқа істерде де ғажап ерліктер көрсетіп келеді. Мысалға құрылыс жұмысын алайық. Туысқан елдерден тыңға келушілер үскірік аязда, жалаңаш далаларға кеп түскені, шатырларға орналасқаны, бірақ оған ренжімей, міндетті істеріне қызу кіріскені бізге мәлім.

Қар еріп жаз шыға тыңды мол көтерумен қатар, олар алдағы күнде өздері тұратын үйлерді, астық сақтайтын сарайларды және басқаша қажетті құрылысты қызу қарқынмен қолға алды. 1954 жылы олар 213194 шаршы метр тұрақ үйін, быйылғы жылдың 1 октябріне дейін 326 153 шаршы метрлік тұрақ жайын салып үлгерді...

Құрылыс жұмысын осындай қарқынмен өркендете отыра, тыңды игерушілер республиканың астық өнімін

жылдан-жылға арттырып, мемлекетке мол өнім берді, өздеріне де сарқылмас азық жасады. Бұл ерлік істердің бәрі көркем әдебиетімізде өз бейнесімен сыйпатталуды тілейді.

Тыңдағы ерлік істерді көрсетуде Қазақстан жазушылары аз еңбек атқарып жатқан жоқ. Өткен екі жылдың ішінде Қазақстанның 30 шақты жазушысы тыңы көтерілген өлкелерге барып, ерлік еңбек атқарғандардың ішінде жүрді де, олардың ісі, тұрмысы туралы көптеген өлеңдер, поэмалар, очерктер, әңгімелер, мақалалар жазды. Қазір пьеса, повесть, роман сыяқты көлемді шығармалардың да беті көріне бастады. Осы шығармалардың жетістігі және кемшілігі неде екенін Овечкин жолдас баяндамасында талдау керек елі, оны істеген жоқ. Баяндамада тек Иван Шуховтың «Новый мир» журналында жарияланған очеркі мен менің очеркім ғана сөз болды.

Қазақстан тыңына туысқан елдерден де бірнеше жазушылар келді. Мәселен, Москвадан Бубеннов, Погодин, Сельвинский, Кожевников, тағы басқалар. Қырғызстаннан, Украинадан, Азербайжаннан келген де жазушылар бар. Солардың ішінде тың тақырыбына шығарманы көбірек жазған адам — Грузияның белгілі жас ақыны Иосиф Нонашвили. Оның өлеңдері Қазақстан газет, журналдарында да, Москваның, Тбилисидің газет, журналдарында да көп басылды. Қазір ол өлеңдер Москвада, «Совет жазушысы» баспасында жыйнақ боп шыққалы жатыр.

Жазушыларымыздың жоғарыда аталған еңбектерін бағалай келіп, біз әдебиетімізде бұл тақырыпта көркемдік және идеялық бағасы зор күрделі шығармалар әлі де аз екенін айтпай кете алмаймыз. Бұндай шығармалар алдағы күндерде тууға тиісті.

Қазақстандағы тың тақырыбына бұған дейін жазылған шығармаларымызда бес түрлі елеулі кемшілік болғанын айта кетуіміз қажет.

Бірінші кемшілік — қазақстандық кейбір жазушылардың да, туысқан елдерден келген кейбір жазушылардың да сыйпаттауына қарағанда, «тыңды көтерушілер» дегеннен «туысқан елдерден келушілер» деген ұғым ғана туатын сияқты. Ол қате ұғыныс. 1954 жылы көтерілген сегіз миллион гектар тыңның екі жарым-ақ миллионын туыс қан елдерден келген адамдар көтерді, өзгелері тұрғылықты адамдардың қолынан көтерілді.

Екінші кемшілік — Қазақстан халқының тең жарасына жақыны қазақ. Республикамыздың колхоздары мен совхоздарында көтерілген тың істеріне қазақтар да белсене қатынасты. Олардың ішінде трактористер де, бригадирлер де, комбайнерлер де, колхоздардың председательдері де, совхоз директорлары да, басқа түрдегі еңбектің ерлері де толып жатыр. Ал, Илья Сельвинскийдің сыйпаттауынша, тың көтеру ісінде қазақтар «тракторге соқаларды тіркеушілер ғана». Бұлай көрсету, әрине, дұрыс емес.

Үшінші кемшілік — соңғы екі жылда қазақтың көптеген колхоздары совхозға айналды. Тыңды игеру жұмысында олар да Отанға зор қызмет атқарды. Сондай совхоздардың бірі — бұрын «Жарқын», «Суат көл». «Есперлі» аталатын колхоздардан (Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы) құралған «Жамбыл» совхозы. Осы совхоздағы жұмысшылардың басым көпшілігі қазақтар екенін біле тұра, сол маңайда туып өскен жазушымыз Иван Шухов, совхозды сыйпаттаған очеркінде, бірде-бір қазақтың атын атамайды. Меніңше бұл да дұрыс емес.

Төртінші кемшілік, — тың көтеру жұмысына Совет Одағындағы барлық халықтар да қатнасып жүр. Мәселен, Көкшетау облысының Айыртау ауданындағы «Сандықтау» совхозында 32 ұлттан жұмысшы бар. Бұндай совхоздар Отанымыздағы халықтар достығының айнасы.

Шығармаларымыздан бұл зор іс те тиісті орнын ала алмай жүр.

Бесінші кемшілік — Қазақстанның және басқа да жерлердің тыңына Қытай, Болгария, Чехословакия сыяқты халықтық демократия елдерінен де адамдар келді. Олардың да ерлік істерін әдебиетте көрсетуіміз қажет.

Ұзын сөздің қыскасы,— тың көтеру мәселесінің төңірегінде халықтар достығының бейнесін айқын көрсететін материалдар көп. Жазушыларымыздың ол материалдарды игеруі қажет. Ол үшін тыңы көтерілген өлкелерде еңбек ерлерінің арасында көп болып, өмір шындығын терең зерттеулері керек.

Біздің кейбір жазушыларымыз өйтпейді. Тындағы өмірдің арасында болып, жан-жақты терең зерттеудің орнына, олар тыңның материалдарымен самолет пен машинаның терезесінен танысады. Бұндай жағдайда ірі жазушы да ойдағыдай шығарма туғыза алмайды. Оған айқын мысал — Николай Погодин. Советтік драматургияға бірнеше жақсы пьеса беріп, аты классиктердің тізіміне заңды қосылған бұл жолдас, тың тақырыбына жазған пьесасында құлады. Өйтпеуіне мүмкін емес еді: тың өлкелерін ол автомашинамен, самолетпен ағызып жүріп, аз-ақ күн аралады. Бұлай жүріп көркем әдебиетке қажетті материалдарды жыйнауға болмайды.

Өмір шындығын көзімен көрмей, сырттан топшылап жазғысы келгендерге, немесе, терең зерттемей үстірт қана шолып өтушілерге мен, 1838 жылы 30 май күні орыстың атақты ақыны Жуковскийге орыстың белгілі тіл ғалымы Даль жазған бір хатты ескертер едім.

Даль мен Жуковский дос адамдар болған. Бір шақта Жуковский Петербургта қалып, Даль Орынборға қызметке кеткен. Сонда, алыстағы Дальға Жуковский хат жазып, «Маған қырғыз-қайсақтың тіршілігінен материалдар жібер, шығарма жазамын» депті. Осы хатқа Даль былайша жауап қайырыпты:

«Мен сізге жергілікті халықтың тіршілігі туралы материал жібермек болған едім, өрмегі менікі, арқауы сіздікі болсын деген едім. Ол әдемді ешуақытта ұмытпаймын. Тек қана айтарым,— өзіңіз ойлаңызшы: бұндағы халықтардың өмірі туралы шығарма жазу үшін жерімен, елімен, халқымен, әдет-ғұрпымен, барлық сәулелі және көлеңкелі жақтарымен танысып көруіңіз қажет қой, әйтпесе, сіз ол халық туралы қалай жазасыз? Шалағай болады ғой ол жазуыныз. Ондай шығарманың башқырттікі, қазақтікі, оралдікі, немесе басқа ұлттікі екенін ешкім айыра алмайлы ғой. Ешбір елдің өмірі болып шықпайды ғой ол. Қазақтың өмірін сыйпаттауға жеткілікті материалды мен сізге хатпен қалай жеткізе аламын?..»

Тамаша хат! Күні бүгінге дейін жазушыларымызға сабақ болатын хат!..

Сөзімнің аяқ жағында совхоздарымызды көркем әдебиетте көрсету жайына тоқтамақпын. Өйтетін себебім — бүкіл совет әдебиетінде, оның ішінде қазақ әдебиетінде колхоз өмірінен шығарма көп те, совхоз өмірін көрсететін шығарма өте аз. Бұл арада маған кейбір жолдастар «біздің максатымыз өндірісті сыйпаттау емес, адамды сыйпаттау ғой? Ендеше, колхоз адамын сыйпаттадың не, совхоз адамын сыйпаттадың не,— бәрібір,— адамды сыйпаттау емес пе?» деген сұрау беруі мүмкін.

Менімше, кандай адамды сыйпаттасаң да, атқаратын еңбегінен бөліп алуға болмайды: шахтасыз шахтерді, трактарсыз тракторист, лабораториясыз ғалымды, аудиториясыз профессорды... көрсетуге болмайды. Колхоздағы еңбек тәртібі мен совхоздағы еңбек тәртібі екі басқа. Ендеше, осы екі түрдегі өндірісте еңбек атқарып жүрген адамдарды өз еңбегінің жағдайында сыйпаттау қажет.

1954 жылы Қазақстанның тың өлкелерінде жаңадан 250 совхоз ұйымдасты. Быйыл оның саны 350-ге жетті. Жаңа совхоздар ғажап көп жұмыс атқарды. Олар Қа-

зақстанда өткен жылы 3 миллион гектар, быйыл 5 миллион гектар тың көтерді. 1957 жылы Қазақстан 27 миллион гектар егін септек, соның 60 процентін совхоздар орындамақ. Бұл аса зор және сыйпаттауды тілейтін іс.

Жолдас Овечкин өзінің баяндамасында, біздің селоларымызда да жұмысшы табы құрала бастағанын, оның ұйымдасар орны — МТС екенін айтты. Дұрыс сөз. Бұл жағынан қарағанда, совхоздарымыздың орны МТС-терден әлдеқайда зор. Колхоздарымызда жұмысшы табы азшылық болса, совхоздарымыздағы еңбекшілердің бәрі түгелімен жұмысшы. Ендеше, жұмысшы табын ұйымдастыруда біздің совхоздарымыз ауыл шаруашылық орнынан гөрі кәсіп орнына ұқсайды.

Біздің совхоздарымызда, әсіресе тында ұйымдасқан совхоздарымызда, көптеген интеллигенция бар. Мысалы, 1954—1955 жылдары Қазақстандағы совхоздарға туысқан елдерден 867 агроном, 974 инженер мен техник, 782 инженер мен техник құрылыс жағынан, 264 зоотехник, 240 ветеринар, 487 бухгалтерия қызметкерлері, 384 директор, 250 орынбасар келді.

Оқу жағынан алғанда бұл мамандар төмендегі жүйеге бөлінеді: 264 зоотехниктің 193-і жоғары білімді, 71-і орта білімді; 261 мал дәрігерінің 209-ы жоғары білімді, 52-сі орта білімді; 586 агрономның 470-і жоғары білімді, 110-ы орта білімді, 6-ы ортаға жақын білімді; 587 инженер мен техниктің 366-сы жоғары білімді, 115-і орта білімді, 106-сы ортаға жақын білімді...

Бұл цифрлардан және совхоздар туралы жоғарыда айтылған материалдардан, біз жазушылар үшін де тақырып көп екенін көреміз.

Жазушы жолдастар! Сонымен, біз,— Қазақстандықтар сіздердің тың өлкелеріне, онда атқарылып жатқан ерлік істерді сыйпаттауға шақырамыз!..

26 октябрь 1955 жыл.

ӨЗБЕК ТУЫСҚАНДАРҒА[1]



Қазақтардың арасында атамзаманнан бері келе жатқан «Өзбек өз ағам» деген сөз бар. Бұл әлдеқалай жасала салған сөз емес, тарихи терең тамыры бар сөз. Тарихи фактыларға қарағанда, қазақтар мен өзбектер бағы заманда бір халық болғанға ұқсайды. Оның куәсі — «қазақ» деген атқа кіретін рулардың көпшілігі күні бүгінге дейін «өзбек» аталатын халықтың ішінде де бар. Одан да зор факт,— Тұрсын ханның заманынан кейін, яғни 1598 жылдан кейін, 250 жылдың бойына бұл елдер бір мемлекеттің қол астында болып, орталығын Ташкент қаласында жасады.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап Орта Азияны мекендеген және қазақ даласын мекендеген руларды әртүрлі хандықтар бөлшектеп әкетіп, орта ғасырдың ең қатал заңымен өзбектің қыстақтарын, қазақтың ауылдарын қатты құлданып қанап келді.

Өткен ғасырдың орта шенінде өзбек халқының басына одан да ауыр хауіп төнді. Бұл кезде Индияны біржо-

[1] Қазақстан Жоғарғы Советінің 21 январь, 1956 жылғы шақырылған сессиясында айтылған сөз.

ла өзіне қаратып алған Англия империализмі Орта Азия халықтарын да өзіне бағындырудың амалына кірісті. Бұндай аса ауыр халден Орта Азия халықтарын ұлы орыс халқы ғана құтқарып, өзінің өмірлік қамқорлығына алды.

Бұндай бақытқа қазақ халқы өзбектерден бұрын ие болған еді. XVIII ғасырдың орта тұсынан бастап, Россияға өз еркімен бағынуға кіріскен қазақ халқы, толып жатқан тарихи жағдайлардың себебінің салдарынан, бұл мақсатына жүз жылдың бойында әрең жетіп, өткен ғасырдың орта кезінде қазақтың барлық рулары да Россияға түгел бағынып болды. Бұл бағынуды біздің бақытқа санайтын себебіміз — патша өкіметінің отаршылдық саясатты қаталдықпен жүргізуіне қарамай қазақ халқы орыстың бай мәдениетінен жыл сайын мол суарыла бастады, сонымен өзінің артта қалған мәдениетін өркендете бастады. Орыс мәдениетіне суарылудың жемісін біз XIX ғасырдың өзінде-ақ тата бастадық. Ол мәдениет бізге қазақтың ұлттық жаңа мәдениетінің алғашқы аталары Шоқан Уәлихановты, Ыбырай Алтынсаринді және Абай Құнанбаевты берді. Олар тек орыс мәдениетінен мол суарылу арқылы өз заманындағы алдыңғы қатардағы мәдениеттің биік шыңына шықты.

Ол кезде өзбектердің жағдайы өзгешелеу болды. Феодалдық тәртіпті жүргізуші хандықтарға бағынған олар, мысалы, XIX ғасырда, мәдениетін жоғары өрлетудің орнына, бұрынғы мәдениет мұраларының өзінен айрылуға айналды. Бұл жайда қазақ халқының бірінші просветителі Шоқан Уәлиханов бұдан жүз жыл бұрын былай деген еді: «Ескі замандағы шығыста (XIV-XV ғасырда) ең оқымысты, ең бай ел болған Мавраннаһар (кәзіргі Бұхара, Хиуа және Қоқан *С. М.*) қазір ешуақытта көрмеген надандық пен кедейлікке жетті. Самарқанның, Ташкенттің, Ферғананың (Қоқан хандығында),

Хиуаның, Бұхардың кітапханалары, Самарқандағы обсерватория татар діншілерінің және Бұхар қанішерлерінің қолдарымен аяусыз талауға түсіп, қайтып оңалмастай түрде жоғалуға айналды... Орта Азияның билеушілері кәзір бұрынғы бабаларындай өлеңдер жазбайды, өлеңдер, мемуарлар жазбайды, астрономиялық таблицалар жасамайды, оның орнына шұбыра мешітке барып, молдалардың алдында мүлгіп құлдық ұрады».[1]

Ислам дінінің қуғынына ұшырап осылайша құруға айналған өзбек халқының классикалық мәдениетін тек орыс халқы ғана сақтап қалды. Өзбек ғылымының, искусствосының, әдебиетінің тамаша мұраларын орыс халқы революциядан бұрынғы уақыттың өзінде-ақ қамқорлығына алып, қадірлеп сақтады.

Бірақ өзбек халқының ұлттық мәдениеті де, Россиядағы өзге ұлттардың мәдениеті де кең өріске социалистік Ұлы Октябрь революциясынан кейін ғана шықты. Октябрь революциясының совет халықтарына берген ең негізді және ең зор жемісі — Коммунистік партияның тәрбиесінің арқасында жасалған, лениндік халықтар достығы. Осы достық құшақта отанымыздағы барлық халықтар да коммунизм құрылысының ісіне түп-түгел теңдес және сыбағалас болып белсенді түрде қатнасады.

Территориялық жағдайына қарап біздің Отан бірнеше ұлт республикасына бөлінеді. Бірақ, осы ұлттардың ішінде республикасының жерін «өзімнің ғана жерім» деп ойлайтын ешбір азамат жоқтығына біздің күдігіміз болмауға тиісті. Коммунистік партияның тәрбиесінде өскен олардың сана-сезіміне, советтік отанның барлық бұрышында өз жерім деген сенім мықтап орнаған. Бұл ойдың айқын бір бейнесін Ұлы Отан соғысы кездерінде де көрдік. Белгілі кинорежиссер Довженконың баспасөзде жа-

---

[1] Мақалалары мен хаттары (орысша), Алматы, 1947 жыл. 66—67-беттер.

риялаған бір мәліметінен, 1944 жылы, біздің жеңімпаз армия шегінген фашистерді қуып Украина жеріне кіргенде, бір қазақ солдаты украина жерін жата ғап сүйіп, көзіне жас алғанын оқыдық. Қөңіл аса сүйсінерлік бұл оқыйға жалғыз қазақ солдатына ғана емес, советтік отандағы халықтардың бәрінен шыққан солдаттар мен олардың командирлеріне түгел арнаулы қасиет. Олардың бәрі де советтің барлық жерін осылай қорғады.

Советтік азаматтардың патриоттық сезімі осылай бола тұра, әр республиканың азаматы, советтік Конституция белгілеп берген жерін ерекше сүйетіндігіне, онда ешбір артық өлке бар деп ойламайтындығына біздің күмәніміз болмауға тиісті. Егер бұл республиканың кейбір өлкесі әлі пайдаға аспай жатса, оның тез пайдаға асуына ешбір азаматтың күмәні жоқ. Оған айқын дәлелдің біреуі — соңғы екі-ақ жылдың ішінде Қазақстанның 17 миллион гектар тың көтеруі.

Қазақстанның жері Франциядан жеті есе үлкендігі бізге мәлім. Соны біле тұра біз — Қазақстан азаматтары ешуақытта «бізде артық жер бар» деп ойлаған да емеспіз және ойламаймыз да, өйткені әзірге пайдаға аспай тұрған жер болса, оны тез игеруге күшіміз жетеді. Солай бола тұра бүгін, біздің Жоғарғы Советтің сессиясына туысқан Өзбек республикасынан жер сұрап өкілдер келгенде, Қазақстан Жоғарғы Советіне депутаттың бірі болғандықтан, мен бұл өтінішті қолдаймын.

Өзбекстан бізден жарты миллион гектардай жерді және Ташкентке жақын отырған Бостандық ауданын беруді сұрайды. Мен бұл өтінішті орындауға қол көтеремін.

Қол көтерумен бірге өзбек ағайындарға менің бір тілек айтқым келеді. Біз сіздерге Бүкіл Совет Одағындағы ең күшті, ең сұлу ауданның бірі — Бостандықты бергелі отырмыз. Бұл ауданды сіздерге бергенде біз сүйікті қызымызды күйеуге бергендей қатты қуанамыз да, қатты өкінеміз де. Бірақ біз сіздерге қыз ұзатып отырған жоқпыз,

әрі жас, әрі сұлу, әрі сау жігітті беріп отырмыз. Менің тілегім, бізден алған жерлеріңіздің бәрі, өзбектер мен өзбечкалардың ерлік еңбектерінің арқасында, әлгі жас жігіттей өркендеп гүлденсін, республикаларыңыздың мақтанышы болсын.

Бұл қысқаша сөзімді өзбек әдебиетіндегі менің құрдастарым, қаламдас достарым, төмендегі үш адамға үш ауыз өлең арнаумен бітіргім келеді:

Өндеуі, күтілуі түгел сай боп,
Бұл жерге өнсін мақта аса бай боп.
Томдаған романдар жазсын одан,
Қаламдас менің достым — Мұса Айбек!..

Ақындық асқақ үнін қосып бұған,
Тілімен поэзия салып ұран,
Тамаша поэмалар жазып берсін,
Қаламдас менің досым — Ғафур Ғұлям.

Мақтаға толғандығын қыр мен ойдың,
Үстінде көрсететін ұлы тойдың,
Тамаша пьесалар жазып берсін,
Баласы Атагөздің досым — Ойғұн.


Қалған соң реті де, кезі кеп те,
Демеуге «бізге сәлем — сөзі көп пе?»
Жолдаймын сансыз сәлем шын жүректен,
Туысқан, теңдес халық — Өзбеккe!..

21—I—1956 жыл.
Алматы





ТАСҚАБАҚТЫҢ ТӨБЕСІНДЕ



Сылдыр ете қалған телефонның трубкасына құлағымды тостым да, аржағынан естілген үнді таный кеттім,— Алматы облыстық партия комитетінің бірінші секретары жолдас Рымбек Ильяшев.

— Ертемен қалайша ояу отырсыз? — деді ол маған, амандықтан кейін, қалжыңды дауыспен.

— Өзіңіз ше?..

Олай дейтініміз — сағатқа қарасам таңертеңгі төрт; терезеден қарасам, көше электр сәулесінен жарқырап тұрғанмен, түнерген аспанда және жырағы көрінетін қаланың төңірегінде буалдыр қою қараңғылық; осы қараңғылыққа сүңгі тұтасқан Іле сыртындағы Алатаудың тіршілігін биік жотасында ақ-жолақтанған мәңгілік қары ғана дәлелдеп тұр.

Ильяшевтің ұйқысы қанбағандығы сөз арасында есінеген үнінен байқалады. Бірақ, ұйықтауға бола ма оған?.. Облыста егін жыйнау науқаны қызу жүріп жатыр. Егінді ойдағыдай жыйнауға ауа райы да жағдай жасап, көптен бері ашық болып тұр. Осындай жағдайда қыймылдап қалу керек, әйтпесе, басына мәңгілік мұз бен қар жамыл-

ған Алатаудың бусанып бұлттана қалуы да, қалың бұлты биігінен етегіне қарай айдап, нөсерін төге салуы да оп-оңай. Өйте қалса егінді жыйнатпайды. Ал, быйылғы шығымы мол егін түгел пісіп, дәні төгілуге дайын тұр. Осы қауіптен сақтанған облыс, көбі жыйналып болған астығының ендігі азын алдағы бес-алты күнде жыйнап бітірмек, сондықтан облыстың бар басшылығы ат үстінде,— колхоздар мен совхоздардың егіс даласында жүр.

Сондай жорықта жүрген Ильяшев, бұдан екі күн бұрын Алматыда ашылған мәслихатқа келді. Республикалық, облыстық, аудандық басқарушы актив түгел қатнасқан бұл маслихаттың қарағаны бір ғана мәселе, ол— Қазақстанның құнарлы топырағында өскен быйылғы бай астықты төкпей-шашпай жыйнап алу.

Мәслихатта Қазақстанның тарихында бұрын болмаған бір зор игілікті оқыйғаның беті ашылды, ол — 1954 жылдың аржағында, ең көп дегенде 60—70 миллион пұт астық өнетін Қазақстан жерінде быйыл орта мөлшермен алғанда бір миллиард төрт жүз мың пұтқа жақын астық өну!..

Бұл тек соңғы екі-үш жылда Қазақстанда кең көлемді тың көтерілудің ғана жемісі. 1953 жылы не бары тоғыз миллион гектар егін себетін Қазақстан, соңғы үш жылда он тоғыз миллион гектардан артық тың көтеріп, 1956 жылы 23 миллион гектар жерге егін өсірсе, одан миллиард жарым пұтқа жақын астық жыйнағалы отырса, бұл мәселеде ол тыңға, кең көлемде тыңды көтеру туралы қаулы алып, сол жоспарды жүзеге асыруға толық жағдай жасаған Бүкілодақтық коммунистік партия мен советтік өкіметке міндетті де, борышты да.

Осы борышын және міндетін жақсы түсінетін Қазақстан, жоғарыда аталған республикалық мәслихатта 1956 жылы өкіметке бір миллиард пұт астық тапсыруға қаулы алды. Бір миллиард пұт астық!.. Бұл тек айтуға ғана жеңіл!.. Бұл быйыл бүкіл Россия Федерациясы мем-

лекетке беретін астықтың тең жарасына жақын!.. Бұл, бұған дейін бүкіл Совет Одағының астық қоры атанып келген Украинаның мемлекетке беретін астығынан екі есе көп!.. Бұл советтік республикалардың ішінен астық өндіруде бұрын төртінші-бесінші орын алатын Қазақстанның кәзір екінші орынға шығуы!.. Бұл тым тез өсу!.. Бұндай өсу тек советтік құрылыста ғана мүмкін!..

Соңғы екі-үш жылда астық өндіру жұмысында осынша тез өскен Қазақстанда Алматы облысының орны қандай? Бұл сұрауды Ильяшевқа берсең күмілжіп қалады, өйткені, егіс көлемі жағынан Алматы облысы быйыл Қазақстанда он екінші орын алады, республиканың ең озық облысы — Қостанаймен салыстырғанда, жеті-сегіз есе кем. Алматы, негізінде, мал шаруашылығы облысынан саналады. Бұл жағынан республикада Алматының салмағы ауыр, ол, мысалы, ең көп мал, қойды өсіруде екінші орын алады.

Егін шаруашылығында Қазақстанның алдыңғы қатардағы облыстарымен теңдесе алмайтын Алматының бұл шаруада соңғы екі-үш жыл ішінде табысы да аз емес. Мысалы, 1954 жылы бұл облыс 166 мың гектар егін сеуіп, 14 миллион пұт астық алса, 1956 жылы 400 мың гектар егін сеуіп, 35 миллион пұт астық алады, мемлекетке 1954 жылы бес-ақ миллион пұт астық берсе, быйыл 20 миллион пұт астық өткізеді. (Уәдесі-— 15 миллион пұт).

Көлемі шағын болғанмен, бұдан біз Алматы облысының да соңғы екі-үш жылда егін шаруашылығында зор табысқа жеткенін көріп отырмыз. Енді, осы жетістіктің себебіне басқаша тоқталып өтейік.

Алматы негізінде мал шаруашылығы облысы екені жоғарыда айтылды. Олай болатын себебі,— Европаның бірнеше кіші мемлекеті сыйып кетерлік, он бір миллион гектар жері бар бұл облыстың территориясында құм, тау көп те, егіндік жер аз,— жарты-ақ миллион гектардай.

Оның да көпшілігі сусыз шөлде, азшылығы (150 мыңдайы) жаңбыры көп, өзені бар таудың сағасында, қалғаны таудың теріскей жағында 20—30 километрден басталып, батыстан шығысқа созылатын «Қараой», «Бозой», аталатын кең және ұзын ойпатта. Өзенсіз, көлсіз шөл далада керілген бұл ойпаттардың бірі «қара» аталатын себебі,— бетіне басқа қылтанақсыз ылғый қара жусан өседі, одан арғы, құмға жақын ойпаттың «боз» аталатын себебі,— жусанға аралас боз бетеге өседі.

Қараой мен Бозой 1954 жылға дейін, тек көктем мен күз айларында ғана пайдаға асқан: қысты күні Балқаш төңірегіндегі құмды жайлаған малдар, жаз тауды жайламақ боп көшкенде, суы, оты мол апрель-май айларында Қараой мен Бозойды басып өткен; күз таудан құмға көшкенде, сентябрь — октябрь айларында басып өткен, одан басқа айларда Қараой да, Бозой да елсіз, малсыз құлазып бос жатқан, онда тұрақты мал өсіруді, егін салуды ешкім ойламаған...

1954 жылдың февраль-мартында болған Бүкілодақтық партия комитетінің пленумы тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулы алғаннан кейін, тыңы көп Қазақстан бұл қаулыны іске асыруға кіріседі. Әдетте, «тыңы көп өлкеге» Қазақстанның солтүстік облыстары жатады. Олар (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар) Орталық Комитеттің қаулысы жариялана салысымен тың көтеруге әзірлік жасап, бұрынғы МТС-тер мен совхоздардың егіс планын көбейтеді, жаңадан МТС-тер мен совхоздар құра бастайды...

Бұл — тыңы көпке саналатын облыстардың ісі. Сонда, тыңы азға саналатын облыстар (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы т. б.) не істемек?

Мысалға Алматы облысын алайық. Он бір миллион гектар жері бар оның өзге өлкелерін шұқыламай қоя тұр-

ғанда, жалғыз Қараой мен Бозойдың өзінде 250—300 мың гектардай тың жер жатыр.

Орталық Комитеттің тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулысы жарияланғаннан кейін, территориясындағы тыңды көтеру мәселесі Алматы облысының басшылары арасында сөз болады. Біреулер бұл мәселенің көтерілуіне күле қарайды.

— Міне, қызық! — дейді олар,— тапқан екенсіңдер тың көтеретін облысты!.. Алматы Қостанай ма, бес-алты миллион гектар тыңы бар?.. Әлде, Көкшетау ма, екі-үш миллион гектар тыңы бар?... Тіпті, Солтүстік Қазақстан облысы да емес қой Алматы, қысылса миллионнан астам гектар тың тауып кететін?.. Алматы — сенің шөл де болса бар сенетін тыңың — Қараой мен Бозой... Оның да қанша тыңы бар?.. Бас-аяғы көп болса 250—300 мың гектардай ғана!.. Республиканың өзге облыстары тыңды миллион гектарлап көтеріп жатқанда, сен ұялмай, 2—3 жүз мың гектарды да тың деп көтермекпісің?

Бұл шешендерге қарсы жақтар тоқтаулы сөз айтты.

— «Жүз мың гектар» деген Қазақстан масштабына ғана аз сыяқты көрінеді,— десті олар,— Отанның жері тоғайлы және батпақты Солтүстік облыстарына, немесе Балтық түбегіне баршы, жүз мың түгіл он мың гектар да тың таба алмайсың. Ол өлкелердің кей колхозына жүз гектар жер де қат. Ал, сен жүз мың түгіл, үш жүз мың гектардай тыңды да менсінбейсін. Ондай астамшылықты қойып, бос және тың жатқан жерді пайдалану керек.

Бұл дәлелден жығылған оппортунистердің екінші жармасқаны Қараой мен Бозойдың сусыз шөлейттігі және топырағының сортаңдығы еді, агрономия ғылымының мамандары оларды бұл мәселеде де жығып кетті.

— Ең алдымен,— десті агрономдар,— біз кеңес қып отырған өлкенің көп жерінде топырақ сортаң емес, майтопырақ, сондықтан, су болса-ақ, егін оған бітік шығады. Тауға жақын ол өлке көп жылдарда жауынсыз тұрмай-

ды. Жауын болмаған жылы агротехниканың күшімен де егінді жақсы шығаруға болады.

Оппортунистер жеңілгенмен, тың көтеру мәселесі Алматы облысында узаңқырап барып, республиканың өзге облыстарындай 1954 жылдың басында емес, аяғында шешілді.

Бірақ, бұл облыста, мысалы, Қостанай облысындай, бір жылда 92 жаңа совхоз құрылған жоқ. Алматы облысында 1954 жылдың аяғында төрт-ақ жаңа совхоз ұйымдасты: Іле, Қаскелең, Ақсеңгір, Рославль. Жер көлемі жағынан да, егіс көлемі жағынан да бұлардың ірілері Іле мен Рославль. Бұл екеуі 1956 жылы 93 мың гектардай егін өсіргенде, Қаскелең мен Ақсеңгір 31 мың гектардай ғана егін өсірді. Рославль мен Іле совхоздары 1956 жылы мемлекетке, 1953 жылы бүкіл Алматы облысы өткізген астықты берді. Тың көтерудің пайдасы Алматы облысына да осылай болып шықты!..

Меніңше, советтік жазушының басты міндеті — социалистік құрылысты жырлау. Тың көтеру осы зор құрылыстың бір бұтағы. Ендеше, ол туралы жазу да совет жазушылары — біздің міндетіміз. Ол міндетті өтеу үшін біз жұмысты тыңы көтеріліп жатқан өлкелердің ісін зерттеуден бастау қажет. Тыңның не екенін біліп алмай, тың туралы жазу, әрине, қыйын.

Осы мақсатпен мен 1954 жылдың жазын Қазақстанның тыңы ең көп көтеріліп жатқан солтүстік облыстарында өткіздім. Онда көрген-білгендерім очерк түрінде республикалық және одақтық баспасөздерде жарияланды.

1955 жылдың жазында мен, Алматы облысының жоғарыда аталған Рославль совхозымен байланысты болдым. Бұл совхоздың бірінші қадасын, Москвадан келген оның директоры Михаил Кузьмич Чуриков 1955 жылдың апрелінде қолынан қаққан шақта, мен оның қасында едім. Қардың жерде әлі қалың жатқан кезі еді ол. Совхоз Алматы мен Жамбыл қаласының ортасындағы Отар

темір жол станциясының қасына, қазақтың кәзіргі атақты ақыны және композиторы Кенен Әзірбаевтың ата мекені — Мәтібұлақтың жағасына келіп түсті. Біз ол жағаға, осы совхозға келген бірінші автомашина «Газ-69»-ға мініп бардық. Одан әрі, совхоздың жерін аралап кеттік. Оның жері Қараой мен Бозойдың батыс жағы екен. Жер көлемі жүз жыйырма мың гектар, егістігі 50—60 мың гектар.

Екі-үш күнде бұл өлкені әрең аралап боп, Отарға қайтып келгеннен кейін, совхоздың сол жылғы планымен таныссам, қырық мың гектар тың көтермек, оның жыйырма мың гектарына сол жылы егін сеппек; ал, Чуриков маған бұл планды таныстырып отырғанда, орыс мақалының тілімен айтсақ, совхоздың әлі «қазығы да, қорасы да жоқ», сондықтан, Чуриковтың планы маған фантазия сыяқты көрінді, бірақ ол планын нық сеніммен баяндады.

Ақыры, Чуриковтың сөзі расқа шықты. Совхоз көктемдегі екі айдың ішінде 20 мың гектар тынды көтеріп те, оған тұқым сеуіп те үлгерді. Жаздай жауын тамбауына қарамай, егін совхозда бітік шығып, жер жаралғалы жалғыз сабақ дән өспеген шөл, 20 мың гектардың бәрінен мемлекеттің қапшығына орта есеппен 12 центнерден астық құйды!.. Совхоз ол жетістігін қанағат етпей, күздік егінге тағы 20 мың гектар тың айдады.... онымен де қанағаттанбай, 5 жүз шаршыметрлік тұрғын бар үйлерді, клубты, мектепті, моншаны, пекарняны, әртүрлі мастерскойларды салып бітірді... Әлсіз бұлақты бөгеп, шөлдегі совхоз орталығының қасына шалқар көл жасады, жағасына жемістің кең бақшасын тікті... Совет адамдарының ісі, міне, осындай!..

Быйыл — 1956 жылы, Рославль совхозы егіс көлемін 1954 жылдан екі жарым есеге жақын өсіріп, 48384 гектар жерге тұқым шашты. Мен бұл кең көлемді егіннің жапатармағай әдемі көктеу қызығын көрдім де, өсу, өру қызығын көре алмадым, себебі,— майдың жыйырмасында

Қытай республикасына сапар шектім де, Алматыға июльдің 23-і күні ғана оралдым. Бұл кезде Алматы облысы да, Рославль совхозы да егіндерінің денін орып, азы ғана қалған екен. Осы жайда обкомның секретары Рымбек Ильяшевпен сөйлесе қалғанда,

— Сіздің мұртыңыздың Рославль совхозына бұрып тұратынын білем,— деді ол маған күлімсіреп қарап,— бірақ, мен сізден, бұл жолы Рославльға емес, Іле совхозына баруыңызды өтінем. Олай деуіме үш себеп бар: бірі,— Іле совхозының жері Алматының түбінде жыйырма километрден басталғанмен, сіз әлі оған барып көрген жоқсыз; екіншісі,— егіс көлемі жағынан да, күш-қуат жағынан да Іле Рославльмен қатар түседі; үшіншісі,— егін жыйнауда, мемлекетке астық тапсыруда, Іле совхозы быйыл облысымыздың алдында келеді...

Рымбек Ильяшев екеуміз осыған келістік те, июльде Алматыда өткізілген республикалық мәслихаттан кейін Іле совхозына жүрмек болдық.

— Ертең ертемен, таң қараңғысында аттанайық,— деді Рымбек, жүрер күннің алдында,— күн қызғанша совхоздың біраз жерін аралап үлгерейік, одан кейін аралау,— деді Рымбек жымыйып,— шаруашылық жұмысымен көбірек шабуылдап күн-қақты болған мына біз сияқты адамдарға болмаса, сіз сияқты көлеңкеде көбірек отыратын жазушыға қыйындау соғады, өйткені, күн көптен бері өте ыстық боп, күндізгі градусы 40—45-тен түспей тұр ғой. Ava райын зерттеш станцияның жорамалынша, ертең де өте ыстық болады.

— Кімнің ыстыкка қалай шыдауын қырға шыға көрерміз,— дедім мен,— ал, ертемен аттануға қарсылығым жоқ. (Олай дейтінім,— жақын арада ғана мен Қытайдың Синьцзян провинциясын, оның ішінде Такла-Макан құмының төңірегін аралап келдім. Сонда, 60—70 градустық ыстықта жүргенде де іштенеміз кеткен жоқ).

Рымбек соққан телефонның сылдырынан кейін тез тыс-

қа шықсам, есігімнің алдындағы Абай көшесі әдемі бір тыныста тұр екен: ауа қоңыр салқын, желсіз тымық, биіктігі бес этажды үйден асатын қаз-қатар өскен жасыл жапырақты шынарлар ұйықтағандай мүлгіп тұр, сыбдырсыз жапырақтардың арасында таң жаршысы — бұлбұл даусын құбылта сайрайды, арықтарды бойлай сылдырап аққан сулардың сылқылдаған күлкісі естіледі, электр сәулесі себілген газондағы гүлдер ерекше көріктеніп кеткен, жуан шынарлар мен жарқырағаң гүлдер арасында тасаланған бірен-саран ғашықтар болмаса, көшеде жанмақлұқтың қыбыры жоқ, қала рахат ұйқыда...

Газигімен Рымбек Ильяшев та келе қалды, біз жүріп кеттік. Теріскей-шығысқа қарай тартқан асфальтты жолмен біз он жеті километр жердегі Дмитриевкаға дейін бардық та, одан әрі ауыл арасының соқпағымен совхозға бұрылдық.

Біз — қазақстандықтар, өзгеге мақтансақ та жол құрылысына мақтана алмаймыз. Кеңдігі жеті Франциядай жеріміздің бетінде аралары аса алшақтанған бірен-саран ғана шоссе кездеседі де, өзге жолымыз түгелімен шымдық болады. Ат, түйе, екі доңғалақты қазақ арба, тарантас қана жүретін кезде жайлы болған бұл жолдарды соңғы 25—30 жылда көбейген машиналар қопара ойып тастап, көзір жүріп көрсең, селкілдеген машинада шекқарның үзіле жаздайды. Ол азапқа шаң келіп қосылады. Әсіресе, республиканың оңтүстік облыстарында...

Осы «рахатты» біз Дмитриевкадан Іле совхозына бұрылғанда да көрдік. Алыстан қарағанда теп-тегіс сыяқтанып иреленделей жатқан сары-сұр жолға кіре бере, толқып соққан кемедей машинамыз секенделей шайқала бастады. Неге бүйтетіні, бұндай жолмен талай жүрген маған мәлім: сыртынан қарағанда жолдың теп-тегіс сыяқтанатыны — торабы қою шаңға толып тұрады да, машина жүре шаң көтеріліп, доңғалақтар астынғы кедір-бұдыр қатқылға ұрылады. Содан секенделеген машинадағы жанның бір

азаптанса, екінші көретін ауыр азабың,— доңғалақ көтерген қою шаң машина ішіне лақ етіп құйылады да, дем алдырмай тұйшықтырып жібереді...

Дмитриевкадан шыға, осы азапқа біз де ұрындық. Машинаның секендеуі, қою шаңның құйылуы аздай-ақ, біз қаладан шыға көтерілген жел, Дмитриевкадан шыға күшейіп алды да, артымыздан үдей есіп, доңғалақтан көтерілген шаңға бізді тұншықтыра қамады да отырды. Бұл азаптан құтылудың басқа жолы болмаған соң, кей жерде машинаны тоқтатып, жел жақ артына қарай қашуға, жел қуған шаңның ыққа қарай алыстауын күтуге тура келді...

Сөйткен бір шақта, көркем әдебиетті көбірек оқыйтын Рымбек, жазушы — менің эстетикалық сезімімді бүлдіріп алдым ба дегендей:

— Жолымыз әлі нашар... Әсіресе, жаңа совхоздардың... Бүгін жексембі... Демалыс күні... Әрі шаңсыз, әрі қоңыр-жай, орманы, бағы, гүлі көп, өзені, бассейіні бар тауда рахаттанып бүгін тыныстайтын сізді мұнша азапқа батырғаныма кешірім өтінем,— деді.

Менің бұл сыпайы сөзге сыпайы жауап қайырмай, ойдағы шын сөзімді айтқым келді.

— Дмитриевка мен совхоз орталығының арасы неше километр? — деп сұрадым мен.

— Сегіз я он.

— Іле совхозы ұйымдасқан екі жылдың ішінде, совхоздың өзге жеріне жол салып үлгермегенмен, осы он километрге жол салып үлгеруге болатын ба еді?

— Әрине, болады,— деді Ильяшев ұялғандай,— жол салғымыз келсе тас та, шыйыршық та, құм да осы маңнан табылады. Көңілді көп жұмысқа бөліп, осындай азға немқұрайды қарайтынымыз рас. Кешіріңіз! «Аз» деген сөз аузымнан қапыда шықты. «Жол» деген аз жұмыс емес және әлде қалай да жұмыс емес. Жолымыздың осындай нашарлығынан автомашиналарымыз көп бүлінеді. Ол

зор шығын. Жасыратыны жоқ, қарсы келген машиналар осындай қою шаңнан бірін бірі көрмей қатты соқтығып қыйрағаны да, кейде адам шығыны болғаны да бар. Бұндай олқылыққа біз де ортақ болғанмен, бас жауапкер — Қазақстанның Жол құрылыс министрлігі. Жұмысқа ол әлі де салақ, бейғам қарап келеді. Басқарушы мекемелердің оны тәртіпке шақыруы әлі жеткіліксіз.

Жол азабын осылайша көре отыра, таулық, суы аз Қаскелең өзенінің жағасына орналасқан Іле совхозының орталығына жеттік. Соңғы екі жылда ғана салынған бұл орталық, әдемі көшелері, үйлері бар тәп-тәуір қалаға айналып қалыпты.

Таң жаңада ғана сіберлей бастағанмен, совхоз басшылары конторында екен. Жан-жақта және көшелерде ерсілі-қарсылы ағылған көп машина. Олар, әрине, астық тасып жүр...

Конторда бізді екі адам қарсы алды: бірі,— совхоз директоры Павел Иванович Михалкин, екіншісі,— совхоздың бас агрономы Лидия Петровна Савиных. Бізге, әрине, егін жыйнаушыларға тезірек бару керек, бірақ, оның алдында совхоз жайынан аз да болса материал алу керек. Осы жайды айтқанда,—



— Бұл совхоздың патриаршасы Лидия Петровна,— деді қартаң өңді Михалкин,— мен мұнда осы жылдың апрелінен ғана қызмет атқарам, ал Лидия Петровна,— алғашқы күнінен бастап. Ол осы совхозға келген бірінші бес кісінің біреуі.

Біз Савиных жолдаспен кеңесе бастадық. Жас шамасы отызды орталаған, биік, толық денелі бұл әйелдің өңі табиғатында аққұба болу керек. Күн кө-

зінде көп жүрген оның түсі күреңденіп кеткен, әрі майлаған опайкедей жып-жылтыр. Әдетте, өндірісті басқарушы мұндай адамның қалтасында, өз өндірісінің хал-жайын цифрлармен баяндайтын справочник жүреді. Біз сөйлесе бастаған Лидия Петровна қалтасынан ондай книжкесін суырмастан, сұрауларымызға жауабын жатқа соға берді.

Савиныхтың айтуынша, Іле совхозын ұйымдастыру туралы бұйрыққа 1954 жылдың 1 декабрінде қол қойылады да, сол айдың аяғынан совхоз іске кірісе бастайды. Совхозда жер көлемі 83475 гектар,оның егінге қолайлысы 50 мың гектардай. Совхоз осы жердің 45 мың гектардай жерін пайдаланып үлгерген. Быйылғы сепкен егіні — 44596 гектар, оның әр гектарынан орта есеппен 14 центнерден астық алады. Ең шығымды участоктер бұл совхозда 30—32 центнерден берген. Біз барған күні совхоз 38 400 гектар егінін жыйнап бітірген, қалғанын алдағы бес күнде бітіреді. Өз егінінің дені жыйналып болған соң, совхоз қызметте жүрген 148 комбайнның бір жүзін Қазақстанның солтүстік облыстарының егінін жыйнасуға жіберген. Қалған 48 комбайнды сол жаққа жуырда тағы жібереді. Бұл совхоз быйыл мемлекетке екі миллион алты жүз мың пұт астық тапсырады, қалғанын өз керегіне жаратады... Бұдан екі жыл бұрын қара жусаннан басқа түк өспейтін Қараой мен Бозойдың Іле совхозына быйыл берген сыйы осындай!..

Біздің совхоздар мен колхоздарда әзірше болып келе жатқан бір жағдай,— егіні аз жылда өзі игеріп алады да, көп жылда сырттан көмекші сұрайды. Іле совхозы да быйыл сөйткен. Оған жәрдемге Москва университетінің заң және тарих факультеттерінен 240 студент, Алматыдағы Түрксиб қызметкерлерінен 100 адам келген. Олар комбайннан құйылған астықты токтарға төгу, тазалау, сарайларға үю, грузовиктермен темір жол станциясына жөнелту жұмысында екен.

Осы мәліметтерді алғаннан кейін, біз егіні жыйналып

жатқан жерлерді аралауға кеттік. Аттанар алдында, Михалкин бізге қызық бір цифрды атады.



— Сіздер,— деп сұрады ол, машинаға мінерде,— жеке участоктерге барасыздар ма, әлде, барлық бригадаларды да аралайсыздар ма?

— Мүмкін болса, бәрін! — дедім мен.

— Ол мүмкін болмас,— деді Михалкин күліп.

— Неге?

— Анықталған өлшем бойынша, біздің совхозды түгел аралап шығатын жолдың ұзындығы 750 километр... Онда да, негізгілері ғана, егер ішкі шимайын араласа мыңнан асады. Оның бәрін бір күн түгіл, екі күнде де аралап тауыса алмайсыз.

Бірер күндік қана уақытымыз болғандықтан, біз тек егіндік өлкенің ғана ішін араламақ болып жүріп кеттік.

Енді ғана есіме түсті, теріскей-батысқа қарай жөн тартқан бұл жолмен менің бұдан төрт жыл бұрын жүргенім бар... Әркімнің де туған жерін сүюі талассыз факты. Мен де өз туған жерім — Досты сүйем. Ол — Солтүстік Қазақстан облысы мен Қостанайдың шекарасында. Көлемі тар менің бұл туған жерімді советтік дәуір кеңітті де, соңғы қырық жылдық өмірімде мен туған жерімді, бері салғанда, Қазақстан деп, әрі салғанда,— Совет Одағы деп атайтын болдым. Сонша кең туған жерді көңілмен ғана сүйіп қоймай, көзбен де сүюді арман еттім де, қолдың, уақыттың босауына қарай, жыл сайын көрмеген бір пұшпағын аралап отырдым. Соңғы 25 жылдың ішінде мен советтік отанның көп жерін араладым... Қазақстанды да көп араладым. Бірақ, қанша көп аралағанмен, ол тез таусыла қоймайтын өте кең өлке, сондықтан,

бірнеше жыл аралағанмен, оның бар түкпірін әлі күнге дейін түгел көріп үлгерген жоқпын...

Мысалы,— Алматы облысы, әсіресе, оның теріскей жағы. Күнгейі Алатаудың асқар белімен көмкерілген Алматы қаласының бір биігіне шығып, теріскей жағына көз тіксең, сағымдана мұнартып, белестенген ұшы-қыйырсыз кең дала жатады. Бұл даланың тура үстінен тек самолет қана ұшып өте алады, ол да екі сағатта әрең өтеді. Басқа көлікке тура жол жоқ: бергі жүз километрі сусыз шөл, одан әрі миллиардтап жусаған түйедей шөгіп, Сарытау құмының қырқалары жатыр, одан әрі ертегінің айдаһарындай көлденең шұбалып, ұзын тұрқы 750 километрлік Балқаш көлі жатыр...

«Балқаш» деген қазақ сөзі, архаикалық мағнасында,— малдың оты тұнып өсетін жайылым. Балқаш көлінің жағасы да сондай. Жаз айларында қалың маса-сонасының тыйышсыздығы болмаса, мұнда миллиондаған малға жазы-қысы оты таусылмайтын жайылымдар бар. Қазақтың революциядан бұрынғы көшпелі ауылдары оның осы байлығын кең пайдаланып, жылдың шыбынсыз айларын түгелімен сонда өткізген. Анық бір мәліметтің айтуынша, Балқаш көлінің тек күнгей жақ (Алматы жақ) жағасында ғана 1913 жылы 480 мың қой, 31 мың сыйыр, 21 мың жылқы, 9 мың түйе өрістеген...

Кейінгі 25-30 жылдың ішінде Балқаштың бай жайылымын колхоздар мен совхоздар аз пайдаланып, оның жағасын мекендеген жалғыз Балқаш ауданы ғана (Алматы облысы) болмаса, өзге аудандар сыйырдан басқа малды көлді сағалай апармайды.

Алматы облысының бірнеше ауданынан сыйырлар барып жататын жердің аты — Топар. Ол, Іле өзенінің Балқаш көліне құятын сағасы. Алматыдан тура тартса 200 шақырымдай бұл сағаның жолында Сарытау құмы шөгіп жатқандықтан, оны орап Топарға баратын жолдың ұзындығы — 450 километр. (Осы арада еске Хлебниковтың

ертеректе оқыған «Азия» атты өлеңі түседі. Өлеңнің өз сөздері есімде сақталмағанмен, мазмұны төмендегідей сыяқты еді: «Азия — сауатсыз ел. Оның жазуы — ұзай жасаған жорығымен, ұзай көшкен жерлеріне көліктері түсірген іздер. Осы жолында, жүз жылда бір кідірсе,— жазуына қойған үтірі (запятая), мың жылда бір тоқыраса — қойған ноқаты». Қазақтың бұрынғы көшпелі ауылының жолы да, оның ішінде Топардың жолы да осындай).

1952 жылдың күзінде осы Топарға барып қайтуды ниет ете қалдық. Сенімді көлік деп сапарымызға «Газ-69»-ды алдық. Бірақ, ол көлік сенімімізді ақтамады. Шөл даланы кезе көшкен колхоз отарының иреңдей шұбалған тар, қыйқы-шойқы, кедір-бұдыр жолы, жүз километр шамасында, біз мінген машинаның тұмсығын, құрғап қалған кең арнасының орталығында ғана, суы аппақ жыландай жіп-жіңішке боп жылжый жыбырлап жатқан Күрті өзеніне тіреді. Суы сонша жіңішке болғанмен, арнаның жол өтетін тұсы былқылдаған кең саз екен. Бұрын бұл арадан жергілікті шөп-шаламды жыйнап көпір салынған екен, кәзір ол бұзылып қапты.

Осы халды көрген машина тәуекелге бел буып өтем дегенде, сазға батты да қалды. Шығам деп тырмысқан машина, қыймылдаған сайын қоймалжың сазға кіре берді. Сол әурешілікпен сөткеге жақын қыйналған кезде, сәті түсіп, үстінде жазысы бар бір топ семіз түйе айдаған қазақ келе қалды. Сазға бауырынан батқан машинаны төрт түйе шірене тартып, кейінгі жақта, төрт бес метр жердегі қатқылға әрең шығарды. Бұған біз қатты қуандық, өйткені, маңымыздағы ең жақын ел жүз километрде екен. Оған жаяу жеткенше діңкеміз қатпай ма?..

Түйелі қазақ әуелі Алматы облысының басшыларына қатты кейіп алды.

— Топарда жатқан бірнеше ауданның қара малына қатынасатын жол,— дейді ол,— атпен, түйемен қатынасу үшін жеті-сегіз күн керек. Машинаға бір-ақ күндік жер.

Колхоздың бәрінде машина бар. Ұзын жолдың үстінде осындай үш-төрт өзен кездеседі. Бұлардың суы кіші болғанмен, сазы үлкен және былқылдаған қорыс. Осы саздан машиналар өте алмай, ылғый бырылдап батады да жатады. Көбі өте алмайды. Осыны неге ойламайды облыс? Осы өзендер арқылы көпір салуға көп күш керек емес қой. Тас көп бұл маңайда. Көпірге жетерлік ағаш та бар. Сол материалмен бұл маңдағы көпір атаулының бәрін аз адам, аз машинамен бір жазда бітіріп кетер еді. Бірақ, облыс бұны істемейді. Сонда, айтпайды емеспіз. Жыл сайын қақсап-ақ келеміз. Облыс ол сөзімізді естісе де естімейді, ал істі шығынсынады да, көп залалға ұшырайды.

Бұл сөзді менің қасымдағы облыс бастығының біреуі қызаңдап ұялған кескінмен тыңдады. Оның кім екенін білген түйеші, намысына тие түскісі келгендей,—

— Жолыңның түрі осы, жолдас! — деді сөзін нығарлап,— бұдан машинамен өте алмайсын. Өтем десең көпір салдыр!..

Біз кейін қайттық. Бірақ, артымызда машинаны тоқтатар ешбір бөгет болмағанмен, келердегідей аңқылдап айдаса Алматыға жетуге бірер сағат қана қажет болғанмен, жол ортасында біз, құлаққа ұрған танадай, «тәк!» деп тоқтадық да қалдық. Олай тоқтауды шофер мана, Күртіден кейін ораларда-ақ болжаған.

— Саздан шығам деп машина түні бойы тырмысқанда,— деген ол,— жанармайын азайтып апты, енді оның бізді Алматыға жеткізуі екіталай.

Майы біткен машинаның тоқтаған төбесінің аты Тасқабақ екен. Жайшылықта көзге түспейтін, шоқысында шоғырлана үйіліп кесек тастар жатқан бұл төбе, үстіне көтерілгенде біп-биік боп шықты. Ең алдымен, оның күнгей жағына қарағанда, Алматы қасында аспанға шаншылып тұратын Алатаудың қарлы жотасы Тасқабақтың күнгей бетіндегі белестерге батып көрінбей кетті де, тек

Талғар, Үлкен Алматы, Кіші Алматы сыяқты шоқылары ғана, әр жерде қардан соққан аққаладай шошайды.

Алатауды артына жасырып қойғанмен, Тасқабақтың төбесінен төңіректегі көп жер көрінеді екен: кешкіріп бара жатқан күннің көлеңкесінде мұнартып, батыс-теріскейде Аңрақай тауы қарауытады, шофердің айтуынша, ол тау бұл арадан кемінде жүз километр; шығыс-теріскейде мұнартқан бір шоқы, шофердің айтуынша, 70-80 километрдегі Құланбасы; одан шығысқа қарай қырқаланған көгілдір жота — Арқарлы тау; шығыста семіз түйенің өркешіндей тікейген шоқы — Алтын-Эмел, оның алыстығы 150 километрдей...

Күн кешкірген сайын Тасқабақтың төңірегі қарауыта түсті.

— Бұл тұс ерте қарауытады,— деді қасымдағы облыс қызметкері,— өйткені,— жерінің түгі қара-жусан, ол кешкірген күннің көлеңкесін бозды жерден гөрі өзіне ертерек тартады...

— «Тасқабақ» аталуы содан ба екен?

— Мүмкін. Менің естуімше, осы бір тұс, шаруаға қолайсыз шөл болғандықтан, жазы-қысы желі, боран-шашыны көп болғандықтан, сонысынан қорқып, тек көшіп өткенде ғана болмаса, ел қоныстамағандықтан, қаһары қатты жер деп, ел атын «Тасқабақ» қойған...

Біз ол күнгі түнді Тасқабақтың төбесінде өткіздік: майынан ауысатын машина келмеді, жаяу кетуге, маңайдағы ел алыс — 60-70 километр. Амалсыз қондық. Сөткеден артық нәр татпаған қарын да аш қасқырдай ұлып барады. Бүгін үйге жетеміз деген сеніммен мана Күртіден су да алмаппыз. Аш кісінің сусағыш келетін әдеті,— ындынымыз да кеуіп барады... Осы халды ауырлата түскісі келгендей, күн бата жел де көтеріліп кетті, күндіз ашық аспанды қалың бұлт та қоршап алды... Көзге түртсе көрместей, көрдей қараңғы түн басталды... «Жерде

жылан көп болады» дегенмен, біз жаңбырдан ығып ұйысқан ешкілердей, машинаның тар ішіне тығыла отырмыз. Жел ме, жылан ба? Қою қараңғылықта әлденелер машинаға ысылдай кіріп, жорғалап шығып жатқан сияқты. Солардан сескеніп, қараңғы төңірекке бақырая қараған көзге, алысырақта ағараңдап кең көлемді бірдеме шалынды, ол — суы құрған, аппақ сортаңы ғана қалған «Сор көл»... Бұл маңайдағы ат жетер жердің жалғыз көлі осы...

Тасқабақ 1952 жылы бізді осындай қорқытумен қарсы алса, 1956 жылы август айының басында жазық қабақ, жарқын жүзбен қарсы алды. Ол кәзір Іле совхозындағы егін жайларының нақ ортасында қалған екен, совхоздың быйылғы 44510 гектар егіні осы Тасқабақта айнала өсіпті...

Совхоздың егін өлкесін күнұзын аралаған біз, күн бата дамылдамақ болғанда, Ильяшев Рымбектің ұсынған жері — Тасқабақтың төбесі.

— Олай дейтінім,— деді Рымбек жолдас,— біз екі рахатқа бірдей батамыз: бірі,— самалы бар биік төбеде еркін тыныстаймыз, екіншісі — айнала егін жыйнаған жұртты және алыстан көрінген өлкелерді тамашалай көріп отырамыз.

— Жыланы ше? — дедім мен.

— А-а-а, оны қойыңызшы! — деді Рымбек, күлкілі дауыспен қолын сілтеп,—«ит қорыққанды қабады, жылан қорыққанды шағады» демеп пе еді аталарыңыз? Қорықпаған кісіні жылан шақпайды. Егер қорқам десеңіз, машинаны айнала бензин септіріп қояйын, жылан оның исіне жоламайды...

Тасқабақтың төбесіндегі кеш аса көңілді өтті. Моторлары гүрілдей, фарлары жарқырай қалың егінді орған, орылып соғылған егінді тиісті орындарға тасыған машиналар түні бойы да дамыл-тыйыштық тапқан жоқ. Ол күнгі түн де қараңғы болғанмен, қалтаған қалың маши-

наның жарығы, өткір фарлары, түннің үстіне айқара бүркеген қара жамылтқышын ерсіл-қарсылы қайшыдай қырқып, аржағында жасырынған күн сәулесін еріксіз сүйреп әкелгендей, кең дала жап-жарық боп кетті.

Жазық, кең далада тұтаса гүрілдеген көп мотордың дыбысын баса, биік аспанға шырқай, егін жыйнау жұмысындағы көптеген әйел, еркектердің үндесе айтқан үні ұшты. Ол әнге әлдеқайдан гармонь, гитар, скрипка сыяқты музыка құралдарының күшті және сазды дыбыстары қосылып кетті. Кең далада тұтасқан еңбек күйі шертілді... Бұдан екі жыл бұрын, бұл мезгілде тым-тырыс ұйқыда жататын Тасқабақ өлкесінің бүгінгі тіршілігі осындай...

Еңбегі қайнаған даланы біраз тамашалай қарап көзді тойдырғаннан кейін, біраз тыныстап дем алғаннан кейін, қазақтың тыңы көтерілген кең даласының орасан мол табыстарын айтумен қатар, тың төңірегіндегі кейбір елеулі олқылықтарға да тоқталмай кете алмадық.

Басты олқылықтың біреуі — астықты сақтау мәселесінде. Партия мен Үкімет бұл мәселе туралы да кезінде тиісті қаулы алғанмен, өзге жерді білмеймін, біздің Қазақстанда бұл мәселеге ойдағыдай көңіл бөлініп жүрген жоқ.

Тыңды көтеруден мақсат — бай астық алу ғой, одан мақсат — алынған астықты төкпей-шашпай жыйнап, жыйналған астықты ірітпей-шірітпей мемлекеттің, халықтың пайдасына жарату. Мақсат осылай болғанмен, бұл мақсатты іске асыруға келгенде, Қазақстанның мен көріп жүрген жерлерінде көп олқылық бар.

Мысалға біз хал-жайын баяндап отырған Іле совхозын алсақ, мемлекетке уәделі астығын өтеп болғаннан кейін оның өз қажетін өтейтін сегіз жарым мың тоннадай астығы қалады. Осынша көп астықтың дұрыс сақталу жайына келгенде, совхоздың қарамағындағы жалғыз сарайға үш-ақ мың тонна астық сыяды, өзге бес жарым мың

тонна ашық аспанның астында сақталады. Бұл астық кәзір бригада стандарының төңірегіне мая-мая боп үйіліп жатыр, жаңбыр жауғанда су тез өтпеу үшін, маялардың үсті қоян жондана жасалып жатыр. Бұл бірақ аз жаңбырға ғана қорғауыш қой, ал егер көп жаңбыр жауып кетсе нетті?..

Басыма осы сұрау туғанда, менің есіме 1948 жыл түсіп кетті. Сол жылы күзді күні мен туған облысыма— Қостанайға бара қалсам, басталуына айға жақын уақыт болған жаңбыр күні-түні төпеп құйып тұр екен. Сол жылы қалың шыққан егіннің жаңбырға дейін жыйналып болмаған көпшілігі, толассыз төгілген судан жатып қап, сабағында шіри бастапты, шабылып болған астық үйген жерінде шіріп жатыр...

Быйыл да сондай жаңбыр жаумасына кім кепіл?.. Ал, жауды-ақ, сұмдық болады, әсіресе, егіні ең көп солтүстік облыстарда, өйткені, онда соңғы үш жылда жаңадан ашылған үш жүзден астам совхоздың астық сақтау халы, Іле совхозының жоғарыда сыйпаттаған халінен ауыр болмаса жеңіл емес.

Жыйналатын астыққа қажетті сарай салу міндеті СМУ (Строительно-монтажное управление) аталатын мекеменің мойнында. Тыңы көтерілген соңғы үш жылдың ішінде осы мекеменің совхоз құрылысы ісіндегі қателіктері мен кемшіліктері талай рет қатты айтылғанмен түзелмей-ақ, ісі алға баспай-ақ қойды. «Тәңірім» быйыл тек қалың жаңбыр жібермесін де; егер жібере қалса, талай мыңдаған тонна астықтың шіруі, ол талай Григорьянцтің басын жұтуы ғажап емес...

СМУ-ды кәзір қанша сөккенмен, быйыл барлық астықты қорғап қалатын пана жасай алмайды, ендеше, кәзіргі міндет — қолда бар мүмкіндікті пайдалану, оның бірі — жыйналған астықты жақын тұстағы астық сарайларына тез тасу, ол үшін, Қазақстанның есептеуі бойынша, күз айларында 130 мың грузовик қызмет атқару керек; өзінде

45 мыңдай-ақ грузовигі бар Қазақстан одақтық тиісті мекемелерден астық жыйнау кезінде пайдалануға быйыл 84 мың машина сұрап отыр. Бұл санды біз аламыз да. Ендігі мақсат — жыл сайын сұранбай, машинасы жеткілікті өз паркімізді жасап алуымыз қажет.

Егін шаруашылығына байланысты айта кететін бір мәселе — тамақ. 1954 жылдың күзінде осы мәселе Қазақстан Орталық Партия Комитетінің пленумінде арнаулы сөз боп, егін жыйнау науқаны кезінде бұл мәселеге салақ қараған кейбір колхоздар мен совхоздардың бастықтарына жаза да берілді. Бірақ онымен бұл қыйсықтық ойдағыдай түзелмегенін біз жуық арада Іле совхозының тіршілігінен көрдік. Бұл совхоздың егін жыйнау жұмысына Түрксиб темір жолының қызметкерлері мен Москва университетінің студенттері келгені жоғарыда айтылды.

Ол жолдастар жұмысты аса жақсы істеп жүр. Мысалы, Москва — Алматы арасына жүретін поездың начальнигі Сергей Антонович Городков, Алматы — Петропавл арасында жүретін поездың начальнигі Мұхаметқалиев Қали, Алматы станциясындағы парткомның секретары Тихон Павлович Сидоренко бастап, алпыстан аса түрксибшілдер ай жарымнан бері жыйналған астықты үю, арту жұмысында. Москвадан келген 250 студент бригадасын комсомол Владлен Иванович Иванов басқарады. Глафастов сыяқты бірен-саран жалқаулар қызу еңбектің қарқынына бөгет жасаса, студенттер коллективі оларды сын мен өзара сынның қатты тезіне салып, тез түзеп алады. Буранғұлов Вансет (башқырт), Надежда Бардыжева, Васильев, Козлова, Климова сыяқты студенттер мен студенткалардың жақсы ісі қабырға газетінен түспей жазылып тұрады. Заң факультетінде оқыйтын студент келе-сала комбайнды игеріп, алдыңғы қатардан орын алған. «Көтерілмеген тың» атты күлкілік қабырға газетінде жас ақын Веселыйдың совхоздағы кемшіліктерді сықақтаған фельетондары мен өлеңдері үздіксіз жазылады. Демалыс

кездерінде студенттер әртүрлі ойын-күлкілер ұйымдастырады...

Совхозда еңбек пен тұрмыс қызық болғанмен, тамақ жағы онша қызық емес. Бұл жайда сөз қозғай бастасаң, совхоз адамдары, әсіресе жәрдемге барған түрксибшілер мен студенттер, аш я қарнымыз олқы деуге ұялады да, «тіршілік жасауға болады» деп жүре жауап беріп, қадағалай сұрай бастасаң шынын айтады. Сонда, бәрінің аузынан шығатын бір ғана сөз — «аздап күріш салған сұйық сорпадан басқа ыстықты сирек көреміз. Май, ет, балық анда-санда бір келеді. Нанға тоқпыз. Шай бар».

Неліктен бұлай? Біздің отанда, әсіресе ауыл шаруашылық өнімі көп Алматы облысында, азық жоқ дегенге ешкім нанбайды. Мысалы, Алматыда не көп — картоп көп, ал Іле совхозының егін жыйнау жұмысында жүргендер ең алдымен картопқа да ділгер боп отыр!..

Егін себу, егін ору сыяқты жұмыстың аса қауырт кезінде, азық-түлік отанда толы бола-тұра, жұмысшылардың асқа жарымай, ауыр еңбекті олқы қарынмен атқаруы жалғыз Іле совхозында емес және жалғыз сезонда ғана емес, Қазақстан совхоздарында көп жылға созылып келе жатқан кемшілік. (Отанның өзге өлкесіндегі совхоздарда бұл мәселе қалай екенін мен білмеймін). Бұл мәселеге бас жауапты — Казпотребсоюз. Оған да, оның председателі жолдас Царевқа да бұл кемшілікті айта-айта жағымыз ауырды. Бұл мәселеде қоғамдық дабылдың таяғын жей-жей терісі көнтақа боп кеткендей, жолдас Царев ешбір дабылды елең қылмауға айналды. Оған айқын бір дәлел — июль айының аяғында, Алматы қаласында өткен республикалық мәслихатта сөйлеген сөзі. Онда жолдас Царев партия мен үкімет басшыларына, республикалық активке жалпылама уәденің бәрін берді де, бүгінгі іске, мысалы, асқа қатнасатын мәселеден тұк айтқан жоқ. Сонда ол, совхоздың жұмысшылары олқы қарынмен қызмет атқарып жүргендерін білмей тұрған жоқ,

білсе де айтпай тұр, айтуға «пәлеге соқтығып пәлеге қалармын» деп қорқып тұр.

Қазпотребсоюзға және Қазақстан Мәдениет министрлігіне байланысты екінші кемшілікке тоқтайық. Біздің совет адамдарына тән азығы — тамақ қана емес, жан азығы да керек, мысалы — әдебиет. 1954 жылдың көктемінде тың көтеру ісіне жәрдемдесу үшін туысқан елдерден Қазақстанға мыңдаған адам келді, оның басым көпшілігі жастар. Ал, біздің жастар сауатты, мәдениетті жастар. Олар әдебиетті де көп оқыйды. Осы жастармен 1954 жылдың жазында жолыққанда, маған бірінші айтқан сөздері: «Біз Қазақстанға келдік. Оның тарихын, әдебиетін білгіміз келеді, искусствосын көргіміз келеді. Бірақ, қайда солар? Кітаптар неге келмейді жаңа совхоздарға? Әсіресе, Қазақстан туралы жазылған кітаптар неге келмейді? Қазақ артистері неге келмейді мұнда?..»

Бұл заңды тілекті біз кезінде баспасөз арқылы тиісті орындардың құлағына жеткіздік. Бірақ, онымен кемшілік түзелген жоқ, ауыл-селода кітап саудасын жүргізетін Царев жолдас, өзге алыстағы совхоздар былай тұрсын, Қазпотребсоюздың қасында, 20 километр жерде тұрған Іле совхозына да кітап саудасын жеткізген жоқ. Қазақстан Мәдениет министрлігі (министрі жолдас Әмір Қанапин) артистерін жіберген жоқ. Сондықтан, тыңға келушілер бұдан үш жыл бұрын қойған сұрауын маған әнеу-күні Іле совхозында да қойып: «Қазақ жазушыларының кітаптары қайда? Қазақ артистері қайда?» десті. Бұл сұрауға Царев пен Қанапин жолдастар үшін мен ұялдым...

Шынында бұл ұялатын да, ойланатын да іс. Егер цифрынан қателеспесем, Қазақстанның тыңын көтерісуге, соңғы үш жылда туысқан елдерден 200 мыңнан астам адам келді. Быйылғы жаздың бай егінін жыйнасуға ғана туысқан елдерден Қазақстанға үш жүз мыңдай адам келді. Бұлардың 99 проценті жастар және сауатты жастар. Бұлардың тек қара жұмысты ғана атқарғысы келмейді,

туысқан Қазақстан халқының, әсіресе қазақ халқының өткен тұрмысын, кәзіргі тұрмысын білгісі келеді, ол үшін, Қазақстан туралы, әсіресе қазақ туралы жазылған шығармаларды, ерекше — көркем әдебиет шығармаларын оқығысы келеді. Ондай шығармалар көп. Олар орыс тілінде де бар. Осы кітаптарды тың өлкелеріне жеткізу керек. Қазақ артистері де тынды көп аралауы керек... Осы мәселені тиісті орындар білмейді емес, біле тұра салақсыйды...

Жоғарыда аталғандай, кейбір елеулі кемшіліктер болғанмен, Қазақстанда тың көтеру ісі де, одан өнім алу ісі де ойдағыдай кетіп барады, оған дәлел,— соңғы үш жылдың өзінде Қазақстанның он тоғыз миллионнан астам тың көтеріп, егіс көлемін үш есе өсіруі; оған дәлел — бұдан төрт жыл бұрын мемлекетке 70-ақ миллион пұт астық тапсырған Қазақстанның 1956 жылы бір миллиард пұт астық беруі!..

Бірақ, бұл Қазақстанның тың көтерудегі, одан бай өнім алудағы соңғы сөзі емес. Оның алда да айтар сөзі әлі көп. Сол сөздің бірін жолдас Рымбек Ильяшевқа берейік.

Тасқабақтың төбесінде аздап тыныстаған біз, түні бойы да егін жыйнаған жүрттың арасында жүріп, таң біліне Алматыға қайтпақ болдық. Жол бізді тағы да Тасқабақтың төбесіне шығарды. Сол арада Рымбек өзі жүргізіп келе жатқан машинаны тоқтатты да,

— Сусаған жоқсыз ба, жолдас жазушы? — деді.

— Аздап,— дедім, аузы-мұрным шаңға толған мен.

— Ендеше, термоста қымыз бар. содан сусындаңыз...

Қымыз тастай суық та екен, дәмді де екен. Қымызды құмарта сіміріп отырған шақта:

— Сәке, сіз Балқаш ауданында болдыңыз ба? — деп сұрады Рымбек.

— 1953 жылы күзді күні барып қайтқаным бар.

— Сонда оның не аудан екенін біле алдыңыз ба?

— Қай жағынан дейсіз?

— Мысалы шаруашылық жағынан.

— Малдарын, егіндерін көрдім. Жері от, малы ажарлы екен. Суарып шығаратын егіні шығымды екен. Колхоздарында да, орталығы — Бақаназта да балық көп екен, онысы түсінікті,— Іле өзенінің жағасында отыр ғой ол аудан.

— Қанша егіні, қанша малы барын сұрадыңыз ба аудан басшыларынан?

— Сұрадым. Жазып та алып ем, ол книжкам кәзір қалтамда жоқ.

— Менің книжкам қалтамда,— деді Рымбек, үлкен қоңқақ мұрнын бір тартып қойып, үлкен қара көзін күлімсірете маған қарап қойып, орташа дене мөлшеріне бәлкім үлкендеу біткен басындағы толқынды қара шашын саусағымен тарап қойып,— жазып алған цифрыңызды есіңізге түсіруіңізге болады...

Ол қалтасынан книжкасын суырды да, бетін ашып оқый бастады: «Ең алдымен, бұл ауданның жер көлемі туралы: облыстағы 11 миллион гектар жердің 5 миллионы Балқаш ауданында, оның аты — жалғыз бұл ауданның жеріне Европаның он шақты ұсақ мемлекеті сыяды деген сөз. Мысалы, Балқаш ауданының жері Европада кеуде мемлекеттің бірі болып саналатын Голландиядан (оңын, солын қосқанда) бес есеге жақын көп. Осынша көп жерде отырған Балқаш ауданының үй саны мың жарымдай ғана. Барлық егісі 5-ақ мың гектар. Бүкіл ауданда жалғыз МТС бар, ол қажетін өтейтін радиус — 300 километр. Аудан өткен жылы мемлекетке 1 500 қаракөл елтірі, соншалық центнер жүн, он екі мың центнер ет, 500 центнер май тапсырды...»

— Сізше, бұл атаған цифрлар көп пе, аз ба?..

— Аз!.. Жер көлеміне қарағанда түкке тұрмайды!..

— Көбейту үшін не істеу керек?

— Мәселе осында. Зерттеліп болған материалға қа-


рағанда, Балқаш ауданындағы егіс көлемін кәзіргі 5 мыңнан 150 мың гектарға жеткізуге болады, оған қолайлы жер де жетеді (жалғыз «Ақ тақыр» аталатын жерде егінге аса қолайлы 50 мың гектарлық массив бар), су да жетеді... сонда,— деді Рымбек жымыйыңқырап ап,— кейінгі жылдардың тәжрибесіне қарап, орта есеппен алғанда, жалғыз Балқаш ауданының өзі он — он бес миллион пұт астық өндіреді!..

— Мал шаруасы ше? — деді Рымбек, книжкасына қарап ап,— бұл да кәзір Партия мен Үкіметтің ерекше қолға алып отырған мәселесі ғой?.. Әсіресе — Қазақстанда. Өйткені бізде жайылымдық жер көп қой. Нақтылы есеп бойынша, жалғыз Балқаш ауданында жарты миллионнан астам қой өсіруге болады, сонда бұл аудан кәзіргі мың жарым центнер жүннің орнына, мемлекетке жылына 10—12 мың центнер береді, 1500 қаракөл елтірінің орнына 108—110 мың елтірі береді...

— Ет ше?.. Май ше?..— деді Рымбек даусын көтере сөйлеп,— Қара малдың да басын көбейтуге бұл ауданда жағдай толық. Оны да ойдағыдай өсірсек, біз бір бұл ауданнан мемлекетке, кәзіргі 12 мың центнердің орнына, жылына 60 мың центнер ет, 500 центнер майдың орнына 3 500 центнер май береміз!.. Осы жағдайларды еске ала жоспарлағанда, бір Балқаш ауданынан жаңадан сегіз қой совхозын ашуға болады...

— Астық совхозын ше?

— Оны да ашуға болады. Бірақ, бізше, бұл ауданда егіншілікті мал совхозына көмекші шаруа есебінде өркендету жөн.



— Ал, осы істерді жасауға бөгет не?

— Уақыт! — деді Рымбек күліп,— Тың көтеруде бұрын тым-тырыс жатқан Қазақстанның соңғы үш жылда бұл мәселе жөніндегі ісі ғажап зор. Ендігі міндет — сол зор істің өркендеу темпін бәсеңдетпей, ілгері өрбітіп қыздыра беру. Осы мақсатпен біз, Алматы облысының басқарушылары, Қазақстан үкіметінің алдында, барлық дәлелдерімен, Балқаш проблемасын қойып отырмыз және ол проблема тез шешілер деген үміттеміз.

— Үмітіміз,— деді Рымбек салмақты дауыспен,— шет пұшпақтап іске де асуға айнала бастады. Мысалы — Қапшағай мәселесі. Іле өзенінің Алматыға 70 шақырым жерінде «Қапшағай» аталатын тұсына бөгет салу, сол араға, бүкіл Алматы қаласы мен Алматы облысын қуатымен қамтамасыз ететін электр станциясын орнату мәселесін естіген боларсыз?

— Естідім. Сол құрылыс қашан басталады?

— Зерттеу ісі бітті. Проектісі Ленинградта жасалып жатыр. Құрылысқа 1959 жылы кірісіп, екі-үш жылда бітірмекпіз. Ол құрылыс, республика астанасын және Алматы облысын электр қуатымен түгел қамтамасыз етумен қатар, миллион гектар шөлді суарып, егістік, шабындық және жайылымдық өлкеге айналдырады. Балқаш проблемасын да ол құрылыс шет-пұшпақтап шешеді, бірақ, ол проблема Қапшағай құрылысы біткен соң да Қазақстан үкіметі жекелеп шешетін проблема болып қала тұрады...

Қазақстан өкіметінің алдағы күнде шешетін проблемасы осы ғана ма?.. Мысалға Орталық Қазақстанды суландыру мәселесін алайық. Үстіңгі топырағы да,



астыңғы кені де аса бай бұл кең өлкені «тәңірісі» судан тартқан. Оның бойында советтік дәуірде ашылған өндірістік гиганттар: Екібастұз, Майқайың, Бозшакөл, Теміртау, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған көп уақытта судан тапшылық көріп жүреді. Одан әрі, Балқаш көлінің желкесінде, бір өзі бүкіл Францияның жеріндей боп Бетпақ даланың шөлі жатыр. Оның да топырағы асыл: егер су берсең мыңдаған гектар егін өсіруге, миллиондаған бас малды азықтандыруға дайын тұр...

Бұл проблеманы шешуге Қазақстан өкіметі 1947 жылдан кірісіп, Одақтық өкіметтің алдына, Ертіс өзенінің суын Орталық Қазақстанның жоғарыда аталған өлкелеріне бұрып әкелу мәселесін қойды. Каналдың жалғыз магистралы ғана 1 700 километрге созылмақ. Бұтақтарымен қосқанда 3 000 километрдей. Жұмыс көп. Оған сәйкес, біздің отанда күш те көп...

Теориялық жағынан дәлелденген бұл мәселені Одақтық өкімет қолдап, 1950 жылдан бастап, тиісті орындарға мәселенің практикалық жағын зерттеуді тапсырды. Зерттеу кәзір жүріп жатыр. Егер бұл іс тез арада орындалса, ондаған ірі кәсіп орындары суға қанумен қатар, Қазақстанның егін шаруасына тағы да миллиондаған гектар қосылады, малына тағы да миллиондаған бас қосылады!.. Бұл ұзаққа созылмай шешілетін проблема...

Қазақстанның алдында тағы бір зор проблема тұратын, ол — «Мырзашөл» аталатын кең даланы меңгеріп, социалистік құрылыстың пайдасына асыру. Бұл арада бір ескерте кететін нәрсе — Сырдария өзенінің күнгей бетін алып жатқан бұл кең шөлді орыс әдебиетінде «Голодная степь» деп, яғни «Аш дала» деп атайды. Жергілікті халықтың «Мырзашөл» деп атауына «Аш дала» қарама-карсы келеді, «өзі аш болса, ол қалай мырза (береген) болады?» деген заңды сұрау туады.

Менімше, бұл екі аттың да мағнасы бар: «Мырзаның» мағнасы бар дейтініміз — су берсе бұл шөл мейлінше

мырза, оған шықпайтын өсімдік жоқ, сондықтан да, өзбек ақыны Навоидің «Фархат, Шырын» поэмасы осы шөлді суландыру идеясынан туған; «аштың» мағнасы болатын себебі — су бармаса, бұдан құтсыз жер жоқ. Ал, оған су апару мәселесі жеңіл емес. Бұл мәселенің төңірегінде шөлді шалағай мекендеген елдер сан ғасыр басын қатырғанмен, мақсатын іске асыру қолынан келмей қойған.

Советтік дәуірде де бұл мәселе соңғы кезге дейін қолға алынбады. Көпшілігі Қазақстан территориясына қарайтын бұл «Аш дала», жылы — быйылға дейін шет жағалап қана игерілді де, дені аш қалпында сұп-сұр боп, шала-жансар жата берді.

1956 жылдың январь айында Қазақстан Жоғарғы Советінің сессиясы болды да, туысқан Өзбекстан мемлекетінен өкіметтік арнаулы комиссия кеп, Қазақстаннан Тәшкенге жақын отырған Бостандық ауданын және Мырзашөлдің біраз жерін қалады. Қазақстан Жоғарғы Советінің бір депутаты — мен сөз алғанда, өзбек туыстардың қалауын беру жағында болдым. Сондағы ойым: «Бостандық ауданы Тәшкеннің түбінде отыр, оны бермеу ұят; ал Мырзашөлден жер бермеу тағы ұят, өйткені, менің ойымша, Қазақстанда Мырзашөлден басқа да тың толып жатыр, бізге тез арада соларды игерсек те жетеді...»

Ішіне Бостандық ауданын қоса, Мырзашөлдің жартысын қоса, Өзбекстанға жарты миллион гектар жер беру туралы Қазақстан Жоғарғы Советінің сессиясы қаулы алды. Қаулыға қосыла тұра, маған Мырзашөлден жер беру емес, Бостандық ауданын беру қызғаныш та көрінді, өйткені, ғажап көркем тау ішін мекендеген, жеріне тропикалық жемістер өсетін бұл аудан, шын мағнасындағы жердің жұмағы. Сондықтан да мен сөзімде өзбек туыстарға: «Өзіңнен туған сүйікті қызыңды ұзатқанда қуанышы мен қызғанышы қандай болса, бұл жерді бер-

гендегі менің қуанышым мен қызғанышым сондай!..» дедім.

Одан кейін өткізілген Өзбек Жоғарғы Советінің сессиясында, менің қаламдас досым Ғафур Гулям маған өлеңмен жауап қайырып: «Шын көңілден берген сүйікті қызыңызды, шын көңілден қабылдаймыз, оның бойын түрлі түсті тамаша жібектермен, түрлі түсті қымбат металдармен, тастармен безендіреміз!..» деді...

Өзбек туыстар уәдесіне тез жететін болды, оған кепіл — Бүкілодақтық Коммунист партиясы Орталық Комитеті мен Одақтық Үкіметтің «Аш даланы» игеру туралы, одан алдағы бес жыл ішінде 300 мың гектар тың көтеріп, мақта өсіру туралы «Правда» газетінің быйыл, 11 августа шыққан санында жарияланған қаулысы.

Бұл қаулымен Совет Одағындағы шаруашылық зор проблемалардың бірі тағы шешілді. Қаулы бойынша, жуық арада «Аш даладан» 34 жаңа совхоз ұйымдасып, алдағы бес жылда 300 мың гектар тыңды мақта егісіне пайдаланбақшы, оның 200 мыңы Өзбекстанда, 100 мыңы Қазақстанда.

Бұл цифрлар айтылуға оңай болғанмен, орындалуға оңай емес, өйткені, бір бес жылда Өзбекстанның тыңды игеріп егетін мақтасы Совет Одағының мақта қоймасы аталатын республиканың бұл жүйелі шаруасына 20 процентten артық өнім қосады. Мұншама тыңды игеру көп техниканың, көп адамның күш-қуатын тілейді. Бірақ, бұл тез жеңілетін қыйындық, оған бір Қазақстанның соңғы үш жылда ғана 19 миллион гектардан артық тың көтеріп, бұрынғы егісін үш еседен артық өсіруі куә.

Сөйтіп, енді аз жылда, «Аш» аталып келген тақыр шөлден 300 мың гектар тың көтеріледі. Ол көтерілген тыңға суды теп-тегіс боп жатқан жалпақ даланы ерсіл-қарсыл терең тілгілеген, ұзын тұрқы мыңдаған километр каналдар, арықтар апарады. Каналдар мен арықтарды бойлай «Аш далаға» аққан сулар, жаралғалы сусыны қанбай,

өліктей сұп-сұр боп жатқан кең шөлдің мейірін еркін қандырады да, жусан мен көкпектен басқа түк бітпеген тақыр далаға, ашық аспанда жыпырлап жанған жұлдыздардай жарқырап қалың мақта шыға келеді... Ол — 300 мың гектарға өседі...

Бұл сыйпаттап отырғанымыз Мырзашөлдің бәрі емес, тек тең-жарасы ғана. Алдымыздағы он — он бес жылда оның екінші жартысы да игеріледі, сонда, Мырзашөлдің бойында жарты миллион гектардан артық жерге мақта өсіп, біздің Отан одан 100 миллион пұттан астам өнім алады!.. Мырзашөлдің болашағы осындай!..

Көтерілген тың «Аш далаға» мақта егісін ғана апармайды. Онда қазылған каналдар мен арықтардың жағасына ондаған қала, жүздеген қыстақ пен ауыл орнайды. Олар «Аш далада» мақтаны ғана емес, жеміс және сәулет бақтарын да, гүл бақтарын да өсіреді. Қала, қыстақтарда театрлар, клубтар, мектептер, емханалар, радиолар, телеграф, телефондар, электр станциялары орнайды. (Бұл аталған мәдениет орындары жазушының фантазиясы емес, іс жүзінде болып жатқан шындық. Оған куә — Қазақстанның соңғы үш жылда тыңы көтеріліп жатқан өлкелері). Сөйтіп, «аш» аталып келген шөл, халық қойған «мырза» атына тарихында бірінші рет ие болады да, Совет Одағының ең бай мақта қоймасына айналады!..

Біздің советтік отанда, оның ішінде Қазақстанда, тез шешілгелі тұрған бұл сыяқты проблемалар толып жатыр. Оның бәрін бұл мақалада санауға орын да жоқ және санап қажеті де жоқ. Тек қана, бұл арада айтарымыз,— біздің советтік отанда және социализм жолына түскен өзге мемлекеттерде коммунистік партия бастаған социалистік қоғам түпкі мақсатының қалың ішіне кірді, ол — тап күресін аяқтағаннан кейін, табиғат байлығын жылдан жыл молырақ меңгеру. Осы меңгеру жолында қазақ жері отанға талай миллиард пұт астықты да, талай миллион пұт мақтаны да, өзге түрлі дән мен жемісті де береді

әлі!.. Әлі ойдағыдай миллиард пұттаған дән мен жеміс социалистік сарайларға тез арада-ақ құйылады...

Тақырыбымызға оралайық: Тасқабақтың төбесінде Рымбек Ильяшев екеуміз жоғарыда аталған проблемалар жайын біраз фәлсафалағаннан кейін:

— Әу, жолдас! — деді маған Рымбек,— баяғыда, мал баққан көшпелі ауылда шешелеріміз айтатын еді, «әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді» деп. Сол айтқандай, әңгімелесіп отырып уақытты өткізіп аппыз ғой!.. Қараңыз, күн шығуға жақын ғапты!..

Қарасам — түрлі түспен тотының қанатындай құлпырған таңды тікейген кірпік-сәулелері түре, алтын күннің жиегі көрініп келеді екен.

— «Москваға ұшатын күнім» дедіңіз ғой бүгін,— деді Рымбек маған,— сізді енді аттандырам да, өзім осы маңда қалам.

— Неге?

— Біз, қазақстандықтар, быйыл мемлекетке бір миллиард пұт астық тапсырамыз деп партияға уәде бердік қой, енді сол уәдені орындауымыз қажет емес пе?

— Әрине, қажет!

— Көршіміз — Сібір де мемлекетке бір миллиард пұт астық бермек боп бізбен социалистік жарысқа түсті ғой!..


— Білем.

— Жарыстан мақсат — озу ғой. Ол үшін республикамыздың барлық облыстары жарыста. Солтүстік облыстарда егін әлі көк. Оңтүстіктің егіні пісіп болды. Алматы облысының егіні түгел пісті. Бұндағы хауіп жаңбыр емес, жел. «Эбінің желі» аталатын, Тарбағатай мен Тянь-Шань арасындағы «Жонғар қақпасынан» кей жылдарда күзді күні есетін сұрапыл соғып кетсе, тік тұрған егіннің басы сау етіп түсе қалады. Ондай орылмаған егін облыста да, бұл совхозда да бірталай. Бір жұмада бұл іс орындалып болуға тиісті. Осы істі аяқтамай Алматыға мен қайтпаймын.

Рымбек жолдаспен қоштастым да, Алматыға жүріп кеттім. Бұл облыстың да, бүкіл Қазақстанның да быйылғы бай егінді кезінде жыйнап алуына, миллиард пұт астықты мемлекетке кезінде және артығымен тапсыруына күдігім жоқ менің басымды бүгінгі миллиардтан гөрі болашақтағы миллиардтар туралы ойлар көбірек биледі...

Ол миллиардтардың да тез болуына сеніміміз берік, өйткені, біздің советтік шындықтың беталысы сондай!..

19 август. 1956 жыл.
Москва.





ТЫҢДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ



Біздің заманның адамдарына, әсіресе, алыс жолдарға көбірек сапар шегетін адамдардың бірі — маған темір жол таңсық емес. Сөйте тұра, соңғы бірер жылдың ішінде ғана, «Қорған — Пески» деген атпен салынған темір жолды көруге быйыл құмарттым да тұрдым.

Әдетте темір жолдың көрінген өлкеге салына бермейтіні бізге мәлім. Ол — не үлкен қалалар арасын, немесе зор құрылыстар мен өндірістер арасын жалғастыру үшін ғана салынады. Менің ата-мекенім Жаманшұбар мен Достың маңында ондай қалалар да, құрылыстар да, өндірістер де жоқ және ондайлар ол маңға жасалады деп соңғы үш-төрт жылға дейін ешкім ойлаған да жоқ, қиял да еткен жоқ.

Ондай ой мен қиялды 1954 жылдың февраль-март айында болып өткен Бүкілодақтық Коммунист Партиясы Орталық Комитетінің пленумында қабылданған тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулысы ғана туғызды.

Советтік Отанымыздың барлық өлкесіне кең жайылған бұл қаулының бір тармағы «Дос жайлауы» аталатын менің ата-мекеніме де жетті. Радиусы жүз километрдей, топырағы аса құнарлы, соңғы ширек ғасырда Отанның ешбір пайдасына аспай құлазып бос жатқан бұл жайлауға жоғарыда аталған қаулыдан кейін ондаған жаңа совхоз орнады. Олар 1954 жылдың көктемінен бастап, мыңдаған гектар тыңды көтеруге кірісті.

Құнарлы жерден көтерілген тыңға бай егін өсуінде ешкімнің шегі болған жоқ. Одан арғы ой — тыңға өскен егінді төкпей, шашпай жыйнап, мемлекет қоймасына тапсыруда ғана.

Бұлай тапсыру тым оңайға да түспейді, өйткені Дос жайлауына ең жақын темір жол станциясы 250 километр жерде. Ол станциялардан Достағы жаңа совхоздарға мыңдаған тонна құрылыс материалдарын, тұқым қорын, жанармайды және басқа қажетті материалдарды автомашинамен кезінде түгел жеткізу оңай емес. Қыйындықпен жеткізе қалған күнде, тыңға себілген егін бай боп шықса, астықты сақтайтын сарайлар жайлауда жоқ, оларды темір жол станцияларына тасу керек, ол үшін өте көп машина керек. Мемлекет көңіл бөліп мұнша автомашина бере қалған күнде, сол машиналар кідіріссіз жүріп тұратын жақсы жолдар жоқ. Бары — шым жолдар. Ондай жолдар жауынды кезде шұбаған машиналарды көтере алмай, мыйы шыққан сазға айналып кетеді де, табанынан тартып, тырп етуге шамасын келтірмейді. Қазақстанның тың көтеруде шешуші орын алатын солтүстік облыстарында көп жылдардың күзі жаңбырлы болып өтеді. Бұл кезде тез тасылмаған астық шіриді...

Солтүстік Қазақстанның, оның ішінде Дос жайлауының осындай жер және ауа жағдайын білетін адамдар ол өлкенің тыңы көтерілуіне қуана отыра, көтерілген тыңға бай астық шығуына сене отыра, сол астықтың мемлекет сарайына шығынсыз құйылу жайын да ойламай қойған

жоқ. Сонда, оларды қорқытқан құбыжық — көп күздерде кездесетін нөсерлі жауын. Жауынды жылдары машиналардың бұл өлкедегі жолдарға саздап батып қалуынан қауіптенген тұрғын адамдардың, Достың жайлауына жаңа совхоздар орнап жатқан кезде, «шіркін, осы жайлауға темір жол неге салынбайды екен?! Егер салынса, қанша астық шықса да тез тасып әкетер еді-ау!»— деп арман еткенін өз құлағымызбен естідік.

Халықтың бұл үні үкіметтің құлағына шалынды да, тыңы көтерілетін өлкелерге тез арада темір жолдар апару туралы қаулы алынып, құрылысшылар іске кірісе бастады, солардың бірі — біз жоғарыда атаған «Қорған — Пески» аталатын темір жол.

1954 жылдың ноябрінен бастап салынып, 1955 жылдың август айында пайдалануға берілген бұл темір жолды көрудің сәті маған 1956 жылдың күзінде ғана түсті. Мен оны көруді, Оңтүстік Орал темір жолының бір зор станциясы Қорған қаласынан бастадым, өйткені, біз сыйпаттағалы отырған жол сол қаланың шығыс жақ қасындағы Утяк разъезінен бұтақталады...

Қорған қаласына мен өткен жылғы сентябрьдің бас кезінде, Москва жақтан поезбен келдім. Қалаға жақындаған шақта, оған соңғы рет қашан қатнасуымды еске түсірсем, аттай отыз бір жыл болған екен...

Ол — 1925 жылдың жазы еді. Онда Қорған да шағын қала болатын: ұзын тұрқы екі километрдей, көлденеңі жарты километрдей ғана бұл шағын қаланың орталық бірер көшесінде кірпіштен салынған екі-үш этажды біреннсаран ғана үйлер бар екен, асты кірпіш, үсті ағаш біраз үйлер бар екен, өзгесі бір қатарлы шағын үйлер, көшелері егілген ағашсыз жалаңаш, бірер көшесіне ғана кедір-бұдыр тас төселген, өзгелері жаңбыр жауса іріп кететін тақыр шым... Ауыз толатын завод-фабрикалары жоқ, бары: шағындау болып жасалған ұн, былғары, сабын, ет, ағаш аралау заводтары ғана...

Ол жылы Қорған Түмен облысына қарайтын ауданның ғана орталығы екен. Қалада аудандық газет шығады екен. Сол газеттің редакторы (атын ұмыттым) қаланы маған тарантасты атпен біраз аралатты да, батыс жақ даласына алып кетіп, бес-алты шақырым жерде, Тобыл өзенінің жағасына салынған биік обаның төбесіне шығарды.

— Он бесінші — он алтыншы ғасырларда бұл тұста татардың «Көшім» атты хандығы дәурен сүргенін, ол хандықты он алтыншы ғасырдың аяқ кезінде Ермактың жойғанын тарихи материалдардан білетін боларсыз?— деді редактор маған.

— Аздап хабарым бар,— дедім мен.

— Осы оба сол соғыста өлген адамдардың көмілген моласы деседі. «Қорған» түріктің «қамал» деген сөзі екенін білесіз. Бұл араның «Қорған» аталған себебі — Көшім хандығының Ермактан қатты қорғанып, көп соғысқан, көп қырғынмен берілген тұсы болса керек. «Қорған» атты орыс қаласы бұл араға 17 ғасырдың орта кезінде ірге тепкен...

Үш жүз жылға жақын тарихы бар қаланың мән-жайын айта кеп, редактор төңірегін кең шолып алды да:

— Қорған революциядан бұрын Сібір саудагерлерінің қазақ даласымен тығыз байланысты кішірек бір қаласы еді, советтік дәуірде сол қалпынан ілгерілей қойған жоқ. Қайдан ілгерілейді? Бұрынғы кішкене заводтары тозған, жаңа заводтар салынған жоқ және қашан салынары белгісіз. Жаңа заводтар, жаңа фабрикалар салынбаған соң, жаңа үйлер де салынбайды. Ескі үйлердің көбі тозуға айналды. Көршіміздегі индустриялы Челяба, Свердлов сияқты қалалардың өсуімен салыстырғанда, Қорған түкке тұрмайды. Бұның сәнді қаланың санатына қашан қосыларын кім білсін!— деп, демін кеудесін кере тартты...

Редактордың бұнысы алдын алыстан болжай алмау

екенін мен Қорғанға 1956 жылдың күзінде барғанда көрдім. Москва поезы Қорғанға түн ортасы ауа жетті де, қаланы біраз уақыт жағалай жүріп отырды, сонда, жұлдыздай жиі жанған электр сәулесінен менің сезгім — Мариям екеуміздің көргеніміз — кәзіргі Қорған Москваның бір бөлшегі сықты: мұнда да аспанға аскактаған зор, биік үйлер!.. Сол күні сіркіреп тұрған жауынмен шыланған асфальтты тура көшелер электр жарығына шағылысып айнадай жарқырайды!... Мұның да төңірегінде, мойындары қараңғы аспанға сүңгіген зәулім заводтар!.. Бұрын шап-шағын қаланың, енді электр сәулесімен жарқыраған ол шеті мен бұл шетіне көз жетерлік емес!.. Көрмеген отыз бір жылда Қорған қаласы мұншама қалай кеңіп, қалай зорайып, қалай сәнденіп, қалай көріктеніп қалған!..

Қалада біз, соңғы жылдарда салынған салтанатты мейманхананың люксіне түстік. Ол да барлық қажетті орындарымен, жасау-жиһаздарымен зор қалалардың әдемі номерлеріне ұқсайды. Ертеңінде қаланы араласақ, маңында көбейген ірі завод-фабриктерден, салтанатты жұмысшы поселкелерінен басқа, үш зор жетістігі бар екен: бірі — орталықтағы көшелерінің көбі жаңа зәулім үйлермен сәнденген; екіншісі — барлық көшелеріне асфальт төселген, үшіншісі — көше атаулының бәріне екі жақ шетіне дейін каз-қатар сәулет ағаштары егіліп, олар жайқала, әдемі, қалың болып өскен!..

Қорған кәзір облыстың орталығы, оның соңғы жылдарда жасалған көркемдігіне сүйсіне жүре, мен екі жақ көршісі — Қостанай мен Қызылжар қалаларын еске түсірдім. Олар да көп жылдан бері облыстың орталығы бола тұра, жыл сайын мемлекеттен Қорғанмен бірдей ақша ала тұра, көркею жағынан бой теңестіру түгіл, тобығынан да келетін емес. Міне қайда іскерлік пен олақтық!..

Бұл пікірді Қорғандағы қалалық советтің председа-

телі Михаил Андреевич Перлыгин жолдас та қолдайды. Сонда оның айтары:

— Әрбір істің жақсы я жаман болуы басқарушы адамның іскерлігі мен олақтығына байланысты екені рас. Мәселен, Қорған қаласының бұлай көріктенуіне бас себепкер адам — облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары Георгий Апполниарович Денисов жолдас. Қазір Саратов обкомында бірінші секретарь болып қызмет атқаратын бұл жолдас қалалық құрылысқа ерекше көңіл бөліп, тез арада осындай халге келтіріп түзеп кетті. Біз сол бастаған істі ілгері дамытып бара жатырмыз.

Перлыгиннің айтуынша, қазір Қорғанның халқы жыйырма бесінші жылдағыдан бес есе, қалалық бюджет жыйырма бес есе өскен.

Қаламен бірер күн танысқаннан кейін, іздеп келген темір жолымның мәселелерімен шұғылданбақ болып, жақсы білетін адамды сұрастырғанымда:

— Прокофий Иванович Челочев!— деді Перлыгин,— «Қорған — Пески» темір жол құрылысының начальнигі. Бұл жолдың «а»-сынан бастап «я»-сына дейін тарихын да, ісін де түгел білетін сол ғана. Одан басқадан сұраудың қажеті жоқ. Және ол кішіпейіл, кеңескіш, адаммен тез жақындасып, үйір бола кеткіш, болған оқыйғаны өсірмей де, өшірмей де, дәл болған халінде айтқыш, сөзі ісіне, ісі сөзіне лайық адам.

— Түрлі себеппен ол кісімен кеңесуді ұсынғым келіп отыр,— деді танысканнан кейін күлімсіреп.

Перлыгин Челочевті менімен телефон арқылы жалғастырып берді.

— Мен сізді білем,— деп бастады Челочев телефон арқылы сөзін, таныс адамдай шүйіркелесе кетіп,— Сізді оқып жүрміз ғой, білем.

Челочев менің номеріме уәделі сағатта келді: ашаң, ортадан жоғарырақ бойлы, аққұба кескінді, күлімдеген

көгілдір көзді, иығында полковниктік жұлдызы бар сұр шинельді адам екен. Бұрын көрмеген адамым.

Мен қысқа танысудан кейін, жаңа темір жолды көруге келгенімді айттым.

— Құп болады,— деп жауап берді Прокофий Иванович,— бірге жүруге, қалаған жерлеріңізді түгел көрсетуге дайынмын.

Ол күні күн кешкіріп кеткендіктен, біз ертең ертемен жүруге уәделестік.

— Үш түрлі транспорттың қайсысымен жүрем десеңіз де еркіңіз,— деді Прокофий Иванович,— біріншісі — поезд, ол Сулы аталатын станцияға дейін, Қорғаннан 160 километр жерге; екіншісі — дрезина, онымен 263 километр жердегі Пески станциясына дейін баруға болады; үшіншісі,— автомобиль, «газигіміз» бар және барлық маркесі табылады...

— Өзіңіз қайсысын қолдайсыз?

— Поезд жаңға тыныш, бірақ сылбыр жүреді, жол бойында жүк, әсіресе астық тасып жатқан составтар көп, сондықтан пассажирлық поезд көп бөгеледі; дрезина одан жылдамырақ кетеді және жан-жақты көріп отыруға да жақсы, бірақ, ол беймаза,— дырылы көп; автомобильдің жолы ауыр,— әрі кәзір саз, әрі ойығы көп тыйышсыз; оңайына қызықсаңыз бастапқы екі транспорттың бірімен кетесіз, қыйынына шыдаймын десеңіз тағы да ықтыярыңыз.

— Меніңше,— деді Челочев жымыйып ап,— жұбайыңыз қарсы болмаса, әуелі «Газикпен» кеткеніңіз жөн. Олай дейтінім: сізге жаңа жолдың рахаты мен қатар бейнетін де көру қажет болар. «Газикпен» кетсеңіз, құрылысшылардың материал тасыйтын жол азабын қалай көруінен аз да болса әсер аласыз. Тым болмаса, алпыс километр жердегі Сумки станциясына дейін жүріп көріңіз. Оған қыйналып жетсеңіз, аржағына темір жолмен кетерсіз.

Біз Челочевтің соңғы ұсынысын қабылдадық. Бірақ, бізге ертеңіне аттанудың сәті түспеді. Таңертең сағат тоғызда келем деген Челочев кешікті. Біз бұған қайран қалдық, өйткені, кешегі қылығына қарағанда, Прокофий Иванович жалған сөз айтуға, уәдесінен жаңылуға тиісті емес еді, ендеше, мұнысы не?!

Неге кешіккені біраздан кейін ғана мәлім болды: Москвадан, құрылыс министрлігінен, министрдің орынбасарының бірі келіп қалыпты да, Челочевқа «төрт-бес күн менімен бірге боласын» депті, Челочев менімен бірге жүрер жол жайын айтса, начальник «айттым, болды» деп қысқа жауап қайырыпты.

Орынбасардың Челочев ие алмаған сірескен еркін біз де ие алмадық. Әуелі тәтті, одан кейін катты айтқан сөздеріміздің біріне де ол илікпей, қауырт түрде ешбір қажеттігі болмаса да Челочевті алып қалатын болды. Орынбасардың мейрімінен күдер үзген біз:

— Тым болмаса жаңа темір жолдың материалдарымен таныстыруға рұқсат етіңіз!— деп өтіндік.

Сірі мінезді орынбасар оған да әрең көніп, Челочевқа бізбен бірер сағат қана сөйлесуге рұқсат етті. Бірақ, бізді Челочев кеңсесіне емес, үйіне апарды.

— Сізге қажетті материалды қағазға қарамай-ақ айтам,— деді ол маған, орынбасардан аулаққа шыққаннан кейін,— қонаққа үйінен дәм татыру қазақтың ғана емес, өзге халықтың да ғұрпында бар. Біздің үйге жүріп су-суан ішесіздер. Дастархан үстінде керегіңізді айтып берем.

Ол әйелі Ирина Викентьевнаға телефон соғып, тезірек шай әзірлеуді өтінді.

Челочевтің үйінде шайдан бұрын жаңа темір жолдың тарихымен қысқаша таныссақ, төмендегідей екен: жоғарыда айтқандай, бұл темір жолдың тууына Дос жайлауында көтерілетін тың себеп болады; Доста және оған іргелес өлкелерде отызға жақын жаңа совхоз орнайды,

олардың әркайсысы 25 мың гектардан егін сепкенде де, жеті жүз елу мыңдай жер; бұл жердің әр гектарына орта есеппен он центнерден (тіпті құрғакшылық бола калған күнде де, тың жерге бұдан кем астық шықпауы сөзсіз) астық өнгенде де,— 45 миллион пұт астық; сонша мол астықты сактайтын орындарға тек темір жол ғана тез жеткізе алады.

«Қорған — Пески» темір жолының идеясы осыдан туады, «Қорғаны» бізге белгілі. «Пески» дегені де маған таныс жер боп шықты. Ол Есіл өзенінің терiскей жақ жағасына орнаған кішкене поселок, қазақша аты «Қызылшың». Қорған мен Пескидің екі арасы 263 километр екен, ол араға жол салынса, жоғарыда айткан отыз шақты жаңа совхоздың қақ ортасын жарып өтеді, ең алыс деген совхоз оған қырық-елу километр жерде ғана тұрады.

Жоспары Ленинградта жасалған бұл темір жол әлі тар торапты боп, 1954 жылдың ноябрінен басталады. Бұл істі басқаруға кірісе тұра, Челочев орталыққа наразылық білдіріп, тар торапты жолды кең тораптыға айналдыруды ұсынады, сондағы дәлелі,— біріншіден, тар торапты жолдың вагондеріне жүк атаулының бәрі сыя бермейді, мәселен,— комбайн мен трактор, ал жаңа совхоздарға ондай ауыр механизмдер жүздеп емес, мыңдап тасылады, оларға өз аяғымен жүрсе, ұзақ уақытта әрең жетеді; екіншіден,— кең торапты жол жүкті де көп тасыйды, жүрісі де өнімді болады; үшіншіден,— тар торапты жолдың жүгін кең торапты жолға ауыстырып артуға тура келеді, оған өлшеусіз көп уақыт керек...

Челочевтің бұл ұсынысы қабылданады да, қырық километр жерге дейін салынып қойған тар торапты жол тоқтатылып, 1955 жылдың мартынан кең торапты жол салынады. Мақсат — осы жылдың калған айларында темір жолдың тұрқын 160 километрге жеткізу. Бұған тез жетуге техника күші де, адам күші де толық: құрылыстың алғашқы күнінен 25 экскаватор, 56 скрепер, елуден

астам бульдозер, тағы толып жатқан техника, үш мыңдай адам іске кіріседі.

Жаңа жолдың өн-бойы Шайқайдың, Титовтың, Фроловтың және Разбиринің участоктері аталып төртке бөлінеді де, барлық участокте жұмыс қаз-қатар басталады.

Жұмыс аса ауыр жағдайда басталады. Март — сібірлік үскірік аяз бен жынды боранның құтыра ұлып тұрған шағы.

— Сол жылғы қыс ерекше суық болғандықтан,— дейді Прокофий Иванович,— жердің тоңы екі метрге дейін тас боп қатып қалған екен, оны қазуға машиналардың тісі батпаған соң, күшті талқандағыштармен бұзуға тура келді. Бұндай тоң жеке участоктерде емес, жолдың өнбойында кездескендіктен, талқандағыш та көп керек болды. Тоңға қосымша қыйындық — ағаштар.— Жол қалың орманның ішінен өткендіктен, ағаштарды да тамырымен қопарып отыруға тура келді. Ең күшті жауымыз қар болды. Жер жаралғалы тыйыш жатқан қалың орманның мазасын алғанымызға өшіккендей, боран да дағдыдан тыс көбейіп кетіп, құрылыс өлкелерін, әсіресе ағашы сирек өлкелерді қалың күртікке көмді де тұрды, оны аршу да оңайға түскен жоқ.

— Бірақ,— дейді Прокофий Иванович кездескен қыйындықтарды санай, әсерлі түрде сыйпаттай кеп,— қуаты мол техникамен қаруланған біздің құрылысшылар, ешбір қыйындыққа бөгелмей, қызметін өндіре атқарды да отырды. Соның нәтижесінде, 1953 жылы салынатын 160 километрлік жол 200 километр боп бітіп, қызметіне кірісті.

— Бұдан, сіз,— дейді Прокофий Иванович күлімсіреп ап,— жол әуелі бітіп, жүк тасуға содан кейін кіріскен екен деп ойламаңыз. Жаңа жол шетінен салынып та жатты, салынып біткен жеріне қажетті жүк тасылып та жатты. Ол өзге түгіл өзіне қажетті материалдардың көбін салынып болған жағымен тасып үлгерді. Көлденең жүктен, 1955 жылы совхоздарға он мың вагон құрылыс ма-

териалын жеткізді, олардан он үш мың тонна астық тасып шығарды, сол совхоздарға 1956 жылдың басында жыйырма бір мың тонна тұқым қорын, 22 мың тонна жанармай жеткізді...

Одан әрі Челочев құрылыс ісінде ерлік көрсеткен адамдарды сыйпаттай бастайды да:

— Көзбен көрмеген істің жазушыға қызығы азын білем,— дейді, кенет тоқтап,— оларды менің сырттан сыйпаттауымнан гөрі өз көзіңізбен көргеніңіз пайдалырақ болар.

— Әрине,— деймін мен.

— Ендеше,— деп Челочев жаңа жол құрылысында алдыңғы қатардан орын алатын еңбек ерлерінің тізімін айта бастайды. Әңгіме ұзаңқырап кетуіне шыдамсызданған Ирина Викентьевна:

— Шай суып барады, ендігі кеңес стол төңірегінде болса! — деген өтінішін айтады.

— О да болсын!—дейді Прокофий Иванович күліп,— «құрғақ қасық ауыз жыртады» деген мақал бар ғой орыста. Қонақтарды құрғақ сөзбен ғана азықтандыруға болмас.

Шай үстінде мен Прокофий Ивановичтің өмірбаянын сұрап кеттім.

— Қысқа ғана баяндағанда,— деді ол,— Белоруссияның Могилев облысында, 1917 жылы II Николай тақтан тайғанын жариялаған Евдокимович селосында (Луполов ауданы), 1911 жылы, батырақ семьясында туыппын.

Прокофий Ивановичтің одан арғы өмірбаяны өзге батырақтардың өмір-



баянына өте ұқсас: туғанына он бір ай толған оны жұмыс іздеген әкесі Белоруссиядан Сібірге, одан кішкене Прошка тоғыз жасқа шыққанда Кавказға алып кетеді. Краснодар аймағына барған әкесі он жасар Прошканы совхоз сыйырының соңына салады, бақташы қылады.

— Сол қалыппен жүре берер ме ем, қайтер ем, егер Краснодарда қатты безгекке ұшырамасам,— дейді Прокофий Иванович.— Үздіксіз ұстайтын осы безгектен өлер халге келіп көтеремге айналған соң, әкем бақташылықтан шығарып алды. Айыға бастағаннан кейін де біраз жыл жұмысқа жарамаған соң, он үш жасымда әкем сабаққа беріп, туған тілімде бірінші рет «әліп-би» таныдым.

Бастауыш мектепте бес класс бітірген Прокофий Иванович, 1929-32 жылдар рабфакта оқыйды да, оны бітірген жылы армияға алынады. Қызмет үстінде қатардағы жауынгерден қосынның командирі дәрежесіне көтерілген ол, 1937 жылы Соғыс транспорт академиясына түседі де темір жолдың құрылыс инженері боп, 1941 жылы бітіреді.

Ұлы Отан соғысын ол Батыс Белоруссияда жүргенде кездестіреді. Соғыс аяқталғанша майданның ең ауыр жерлерінде жүрген ол, әр қайсысы бір повестіге тұрарлық керемет көп ғажап оқыйғаларды айтады, сол кеңестеріне қарап отырсаң, ол талай көпірлер мен темір жолдарды өз қолынан қыйратқан да, түзеген де!..

Соғыс біткеннен кейін, жау қыйратып кеткен темір жолдармен көпірлерді түзеуге кіріскен Челочевті құрылыс министрлігі шақырып алады да, 1951 жылы «Өскемен-



Зырян» деп аталатын жаңа темір жолды құруға жұмсайды.

— Ол қысқа жол,— дейді Прокофий Иванович,—ұзын тұрқы 175-ақ километр. Бірақ, оны салу ұзындығы екі жүз километрден артық «Қорған—Пески» жолын салудан әлдеқайда ауыр болды, себебі, «Қорған—Пески» жолында қалың орман кездескенмен, тегіс жер арқылы жүрсе, «Өскемен-Зырян» ылғый тау-тас арқылы жүрді, сондықтан, ұзын тұрқы 263 километр «Қорған—Пески» жолынан барлығы екі миллион текше метр жер қазылса, 175 километрлік қана тұрқы бар «Өскемен—Зыряннан» он екі миллион текше метр жер қазылды және «Қорған — Пески дей» топырақ емес, ылғый тас!.. «Өскемен — Зырян» жолында бірі 330, бірі 280 метрлік тунель қазып өтуге тура келді, Ертіс, Бухтарма сияқты екі зор өзен арқылы және бірнеше жыралар мен өзенсымақтар арқылы көпірлер салынады. «Қорған — Пески» темір жолында ондай бөгеттердің бірі де жоқ. Бұл араның да қысы суық болғанмен Өскемен жағының суығы бұдан да қатты. Дегенмен ол жолды да 1953 жылы, мемлекет жоспарлаған уақыттан бәлкім бұрынырақ тапсырдық. Одан осы «Қорған — Пески» құрылысына келдік...

Темір жол құрылысының қайдағы қыйын участокте-рінде қызмет атқарып келе жатқан және барлық қызметін де абыроймен тыянақты ғып атқарған инженер-полковник Прокофий Ивановичтің ерлік істеріне аса рыйза болдым да:

— Сонда, осы қызметке кіріскеннен бері неше километрлік темір жолды түзеуіңіз я салуыңыз есебіңізде бар ма?— деп сұрадым.

— Бір еріккенде мөлшерлегенім бар,— деді Прокофий Иванович күлімсіреп,— темір жол қызметіне кіріскеннен бергі әр күніме километрге жақын жол келетін сияқты. Мәселен, дейді полковник қарындаш пен қағаз алып есептеп жіберіп,— темір жолда мен үздіксіз он алты

жыл қызмет атқардым, жылына 360 күн бар дегенде, он алты жылда 5 760 күн болады, осы күндерде, түзегені, салғаны бар, менің қолымнан бес мың километрден астам темір жол өтті...

Ықласты хозяйканың дәмді асына түшіркене отыра, біз ара-тұра қалжың да айта бастадық. Ол қалжыңды хозяйканың өзі тұтатып жіберді.

— Сіз,— деді Ирина Викентьевна маған,— Прокофий Ивановичтің соңғы он алты жылда неше күні темір жолда өткенін сұрадыңыз да, неше күн үйде болғанын сұрамаған жоқсыз...

— Аз күн!— деп іліп әкетті Прокофий Иванович күлімдей сөйлеп,— соғыс күндері болса-болмаса да түзде, семьясыз жерде өтті. Одан бергі күндерде де үйде аз болатыным рас. Бұл сыяқты тәуір тұраққа да осы Қорғанға келгелі ие болдық, оған дейін қысқа қысынша, жазға жазынша даярлаған палаткаларда тұрып келдік.

Біздің әңгімемізді телефон даусы бұзып жіберді.

— Зам... министра!— деді Прокофий трубканы алақанымен басып,— кешіктің деп қысып жатыр..

— Қазір!.. Осы минутта!..— деп Прокофий Иванович трубканы ілді де,— мәжілісімізді созудың сәті болмады,— деді бізге,— кешірім өтінем. Қазір замға кетуге тура келеді. Сіздерге деген екі «газик» даяр. Бірімен сіздерді бастап «Қорған—Пески» темір жол құрылысының саяси бөлім бастығының орынбасары, өзіңізбен мана танысқан Григорий Михайлович Лебедев жолдас жүреді. Мен сізді үш-төрт күнде қуып жетем.

Екі машинамен аттанған біз Қорғанның күнгей жағынан ағатын Тобыл өзенінен өттік те, әрі қарағайы, қайыңы, терегі аралас қалың орманға кірдік. Бұл жолмен бұдан отыз бір жыл бұрын атпен жүргенде, тамаша бір рақатқа сүңгіген едім. Мен туып-өскен Достың жайлауы ормансыз жалаңаш дала. Қайыңы, терегі, талы аралас

шоқтала өскен сирек ағаштар Достың теріскей жағында отыз-қырық километрден ғана кездеседі. Ал, қарағай араласқан орман, жазушы Ғабит Мүсіреповтің кәзір «Жаңа жол» аталатын ауылының қасындағы қазыналық «Бүркеу» дачасынан басталады. Одан солтүстіктегі Қорғанға қарай жүргенде орман да, оның ішіндегі қарағай да қалындай беріп, Қорғанға, шамасы, отыз-қырық шақырым қалғанда «ит мұрны өтпейді» дейтін, арасында алаңы жоқ жынысқа және көп жерде қарағай жынысына айналып кетеді.

Бұл жердегі тұтасқан қалың орманның арасын тек шалқар көлдер ғана бөледі. Төңірегін циркульмен дөңгелете қолдан сызғандай, сақинадай дөп-дөңгелек көлдердің айнала жиегіне, суға төне өскен қалың ағаштың, қайран көлдердің мөлдір суға түскен сәулесі бұл араның жерінің үстіне ғана емес, астына да қалың орман өсіп тұрғандай әсер береді. Көлдің беті сықыса отырған құс болады. Көп аңшының атуынан запы болған бұл араның құстары шалқар кең көлдің оқ жетпейтін тереңінде жүзеді, солардың ішінде, онсыз да сұлу көлді көріктендіре түскісі келгендей, не үш, не бес, не жеті, не тоғыз ғана боп, бірақ, одан артық болмай мойындарын иіп денелері теңкиген аққулар отырады. Көлдің алыстағы ортасында жүзген шат құстарға мылтықшылар бара алмайды, барар еді — жасырынып жетер жері жоқ, көлдің беті айнадай жалтыр!..

Бұл араның орманы, әсіресе күздігүні ерекше көріктенеді: мәңгі жасыл қарағайдың түсіне күз жапырағы қызарған теректер мен жапырағы сарғайған қайың араласқанда, орманның ағаштары қолдан құрған букеттің түсіне айналып кетеді. Дәнін төгуге айналған қалың бетегелердің, көлдердің, кейбір алаңдағы егін орнына шыққан жусан мен ерменнің, көл жағалай өскен шалғынның иістері күзде ерекше бұрқырап, адам ішке тартқан дәмін ерекше рақатпен жұтады... Осындай рақат дүниесінің

ішінде, тарантастың тегіс, шаңсыз, жіңішке жолымен, атпен жүру қандай тамаша!..

1925 жылы бұл жолмен жүргенде мен Қорғанға жақындаған жердің тамаша көркем табиғатына ерекше әсерленіп, ерекше тыныстап, рақатына ерекше батқан едім. Ал, бұл жолы ше?

Бұл жолы — 1956 жылы табиғаттың көркі бұрынғы болғанмен, жолдың, рақаты олай емес екен. Челочевтің сақтандыруы расқа шықты. «Қорған — Пески» темір жолын салысуға қатнасқан жүздеген автомашинаның бір тобы осы жолмен жосылғандықтан, жолдың өзі түгіл төңірегінің де тас-талқанын шығарып, ойдым-ойдым ғып қазып тастапты. Оның үстіне, соңғы күндерде үздіксіз жауған жаңбырдан жол бойы мыйы шыққан саз. Ағаштың сиректеу жерінде біз мінген машиналар, жолдың қыйын тұсынан қашқалақтап, оңайлау өткел тапқанмен, орманның жыныс жерінде қыйын жолға еріксіз түседі де, көп жерде күшке сала, шірене сүйреп отырып, кейбір қорысқа айналған батпаққа отырады да қалады. Ондай жерлерде екі машина бірін бірі көп азаппен әрең сүйреп шығарады. Ал, батпаған жерде, суы аралас батпақты кешіп отырып, қазылған жерлерге шайқалғанда, ерсіл-қарсыл теңселген адамның шек-қарны үзілгендей, өкпе-бауыры өңешіне тығылғандай болады. Сол кезде Мәкеңе:

— Халың қалай? — десем, басын да, денесін де машинаның теміріне талай соғып, кей кезде зақым да түсіріп алғанмен, сыр бермегенсіп,

— Оқасы жоқ, бұнымен жүретіндер де біз сияқты адам шығар! — дейді.

— Адамы адам ғой,— деймін мен,— бірақ, біз сияқты емес олар. Біз бір күннің жолына қыйналып келе жатсақ, олар көп күннің жол азабын осылай шегеді...

Шофер де бұл сөзді мақұлдап:

— Темір жолмен қатар шоссе де неге салынбайды

екен!.. Сонда қандай рақат болар еді, мынау керемет азап,— дейді.

Ауыр жолдың азабымен сазды сыза жүрген біз құрғақшылықта жақсы жолмен машина бір-ақ сағат жүретін Сумка станциясына бес жарым сағатта әрең жеттік. Мезгіл түн, қараңғылық түсіп кетті.

— Трактормен жүрген кісі де әлдеқашан келер еді,— деді шофер, машинасының табаны салқын түнде тобарсыңқыраған тегістеу, қатқыл жерге тигенде,— біз одан да шабан жүріп келдік.

— Мұнда қонасыз ба, ілгері жүресіз бе? — деді Лебедев Сумкаға жеткен соң,— егер қонсақ, станциядан бес-алты шақырым жердегі деревняға барамыз, оның да жолы қыйын,— кемінде бір сағат жүреміз: бұл станцияда қонуға лайықты мекен әзірге жоқ. Палатканың біреуіне жатамыз десеңіз ықтыярыңыз. Ал, жүрем десеңіз —дрезина даяр. Іші жылы. Қешікпей ай да туады. Жол орман арасымен жүреді. Төңіректі көріп отырамыз. Табиғаттың тамаша жерлері бар. Алдымыздағы Половинное станциясына сағаттан артық уақытта жетсек, жайлы орындар да, гостиница да бар.

— Онда, дрезинамен жүрейік,— дедік шаршаған біз.

Денесі дірілдеп даусы дырылдағанмен, дрезинаға міне жөнелгенде біз тулаған аттан түсіп, тайпалған жорғаға мінгендей болдық. Қешке қарай кейде қарын ұшқындатып, кейде жаңбырын сіркетіп, аспанды қалың қоршап тұрған кара сұр бұлт, біздің жадыраған көңіл күйімізді елтігендей, біз дрезинаға міне жөнелген соң-ақ сирей бастады, жан-жаққа ыдыраған жұқа бұлттың арасына, теңізде жүзген кеменің шамындай сырғып, жұлдыздар көріне бастады. Іле, үлкендігі дөңгелек кең столдай дөп-дөңгелек боп, шығыс жақ көкжиектен күп-күрең түсті ай да көтерілді... Ай биіктеген сайын аспан да бұлттан ажырай түсті, бетін көшкен жұқа бұлт жуғандай, айдың да күрең жүзі әуелі қызғылттанып, одан бозғылданып, көк-

ке биік көтеріле аппақ сүттей болып жарқырап кетті. Ай сәулесіне бөленген қалың орман ұйқыға кеткендей тымтырыс мұлги қалды. Осындай тамашаға әсерленіп келе жатқанда, көзіміздің рақатын молайта түскісі келгендей, орман арасында айнадай жарқыраған шалқар көл де кездесті. Шіркін, дүниеде, толыққан айдың шалқар көлге түнгі түскен сәулесінен де көркем көрініс бола ма екен!..

Дрезинада келе жатып, айлы түндегі табиғат көркімен қатар, мен Половинноені де еске түсіріп келем. Бұл үлкен деревняның қазақша аты — «Ақсыйыр». Неге олай атанған тарихын 1925 жылы сұрағанымда, бізді үйіне қондырған, қазақтың тілін де, ғұрпын да жақсы білетін орыс шалы, күліп отырып былай деген еді:

— Патша өкіметі ерте заманда ел мен елді жауластырып ұстаған ғой. Сол кезде түскен біздің осы деревня көшпелі қазақтардан «жасырынып кеп жаулайды» деп қорқады екен және біздің аталарымыз қазақты «ақ киім киеді» деп ойлайды екен. Бір түнде, әлдеқайдан адасып, біздің деревняға ақ түсті сыйыр келеді. Оның келе жатқанын көрген біреу «қазақтар кеп қалды!» деп деревняны дүрліктіріп, қорғануға әзірленген деревня түні бойы ойран-ботқа болады... Артынан білсе, жау дегені — ақ сыйыр!.. Сол оқыйғаны естіген қазақтар біздің деревняға күліп, «Ақсыйыр» атап кетеді...

Ақсыйырдың күнгей жағына жақын жерде Марай аталатын бір поселок бар. Сонда тұратын менің бала кездегі досым Есембай Шынбаев деген әнші, гармоншы жігіт революциядан бұрын орыс әйеліне үйленіп, «шоқынды» деп естігем.

1925 жылғы сапарда Марайдан іздеп тапсам, Есембай туралы хабар рас екен. Бірақ оның баяғы серілігі — серілік, баяғы әншілігі — әншілік, баяғы сырнайшылығы — сырнайшылық. Мені қуана қарсы алып, Ақсыйырға дейін шығарып салған Есембай: «Шіркін, деревня болса Ақсыйырдай болсын. Бұл маңайда салтанат жағынан

оның алдына түсер қала жоқ!» деп мақтаған. Ақсыйырдың көшесіне біз түнде, көзге түртсе көрінбейтін қою қараңғыда кірдік те, көркемдігін көре алмадық.

— Енді ше?

Енді дрезинамен келе жатқанда, орманда электр лампалары жұлдыздай жиі жарқыраған бір қала кездесе кетті.

— Половинное аталатын деревня мен станция,— деді Лебедев.

Станциядан тоқтаған дрезинаны қарсы алған адам өзін «осы арадағы құрылыс участогінің начальнигі Александр Николаевич Титовпын» деп таныстырды. Шаршап келген бізді ол гостиница ролін атқаратын кішірек бір ағаш үйге қондырды да, әңгімені ертең бастамақ болып кетіп қалды.

Титов та кеңесшіл, ақ-жарқын адам болып шықты. Ертеңіне ол мені құрылыс істерімен таныстыра бастады...

Құрметті оқушы! Сізге осы арада жазушының басына түсетін бір жағдайды баяндай кетуге тура келеді. Көркем әдебиет шындық өмірдің айнасы екенін бәріміз жақсы білеміз. Оның бетіне тек шындық өмірдің ғана сәулесі түседі. Өмір жоқ жерде көркем әдебиеттің бетіне түсер сәуле де жоқ. Сондықтан да жазушыларға ақылшы және жетекші Коммунистік партия әрдайым «халық өмірінен үйрен, ол үшін халық өмірімен тығыз байланысты бол» дегенді айтады. Бұл дұрыс және қонымды ақыл.

Партияның ақылын еске және нұсқауға алатын әрбір совет жазушысы хал-қадары, мүмкіншілігі жеткенше халық арасына, халық қолынан жасап жатқан социалистік құрылыс арасына барғысы, зерттегісі, болашақ шығармаларына тақырып тапқысы келеді. Ол соны істейді де.

Халыққа, ол жасап жатқан құрылысқа, атқарып жатқан іске барған жазушы, телегей теңіздей мол материалдың ішіне сүңгиді де кетеді. Енді мықты болсаң, одан малтып шығып көр және зор, терең теңіздің түбіне тұнған баға жетпес асылдарын сүзіп алып көр!..

Жазушы аталатын адамдардың біразының бойында кездесетін кемшілік — халық арасына барып, оның телегей теңіз өмірінің ішінде алатынын қолына ілестіре алмай әуреленеді де жүреді. Ал, енді біреулері, тапқанын батпағынан асылын айыра алмай қыйналады. Оны айыру оңай да іс емес. Ол көп күндердің, көп еңбектің, жаңа тәсілін тауып атқарған еңбектің ісі.

Мысалға «Қорған—Пески» темір жолын, оның бір бөлшегі, біз сыйпаттағалы отырған Титов участогін алайық. Бұл участоктегі екінші бригада жол бойындағы төрт бригаданың үнемі алдында келе жатыр екен. Осы ерлік істі сыйпаттағанда Титов нелер тамаша эпизодтарды айтып кетеді. Бірақ, оның бұл сөздері көп жағдайда полковник Челочевтің әңгімелеріне ұқсап тұрады.

Титовтың да айтары, «Бұл құрылыска қатнасу туралы хабарды 1954 жылдың қысында Баку төңірегінде жүргенде алдым да, мұнда тез жеттім, мен келе құрылыс басталып кетті, аса қыйын жағдайда басталды: қыс, аяз, боран, жердің тоңы тас болып қатып қалған, оны тек талқандағышпен ғана бұзу керек... қалың орманды жара өтетін жол бойындағы ағаштарды тамырымен қопару керек.. тағы тағылар...»

Осы сыяқты қыйыншылықтарды баяндай келе, Александр Николаевич Титов совет адамдарының ол қыйыншылықтарды қалай жеңгенін жалпы түрде де, эпизодтық түрде де қызық қып айтып береді. Өз бригадасының ғана емес, осы жол бойындағы өзге бригадалардың да жұмыс жайын жақсы білетін Титов жолдастың айтуынша, «Қорған — Пески» темір жолының құрылысына қатнасқан үш мыңнан астам адамның тоқсан бес процентке жақыны комсомолецтер — жастар. Жастардың тәртіптілігін, іскерлігін, қайратын әдемі эпизодтармен дәлелдеп айтып берген Титов:

— Тапсырмасын орындамаған, тәртіпке бағынбаған

бірде-бір адамды көрген емеспіз,—дей кеп, еңбегімен ерекше озат шыққан адамдарын да атамай өте алмайды.

— Мысалы,— дейді ол,— менің бригадама Владимир облысынан келген, биыл 22 жастағы Владимир Александрович Одинцов. Өзі комсомолец. Елінде тракторист болған. Мұнда скрепер қызметін атқарады. Жылдық нормасын сегіз айда орындады. Машинасы тоқтаусыз жүрді. Бүкілодақтық Комсомол Комитетінің Орталық Комитетінен «Тың жерді игеру» значогін алды. Қорғанның облыстық комсомол комитетінен алты рет грамота алды.

Одинцовтың өзімен жолыксам зор, балуан денелі, жуан дауысты, қалың қабақты, кескіні сұсты, сөзге аса сараң жігіт екен. Бұл жолдастың ауызынан сөз шығару тоңы қалың боп қатқан жердегі жуан ағаштарды тамырымен сыырудан оңай емес екен. Ал, бірақ, қозғай, түртікілей берсең, бір қопарылса молынан қопарылады да, алдына салмағы ауыр оқыйғаларды кетпектей ғып тастай береді.

Москваның Рамен ауданынан келген 26 жастағы Лошенков Василий мінез жағынан Одинцовка қарама-қарсы адам. Берген сұрауынан ол лып етіп тез тұтанып кетеді де, оны тоқтату қыйын болады. Еңбектегі ерлігі Одинцовтан кем соқпайтын оның сөз жағы молдау, сұйықтау келеді...

Азербайжаннан келген, ұлты лезгин, мұрынды, қасты, талдырмаш денелі Әбдұлсамат Гасан Нәжмеддинов та Титов бригадасының ең үлгілі ерінің бірі.

Оның өзгешелігі,— жолдастарының айтуынша,— ойынсауыққа бейімділігі. Ол, әсіресе, биге құмар. Титовтың айтуынша, «Лезгинка» аталатын биді аяқты адамда бұдан шебер көрсететін жан болмауға тиісті.

Еңбек өнімінде біріне бірі өте ұқсас болғанмен, мінез-құлықтарында біріне бірі ұқсамай дараланып кететін мұндай адамдар Титов бригадасында да, басқа бригадаларда да толып жатыр. Олардың әрқайсысын мінездеу жеке бір очерктің, немесе жеке бір әңгіменің тақырыбы. Олай жа-

зуға кәзір уақыт та жоқ және олай жазу бұл очерктің мақсаты да емес. Мұның мақсаты жалпылама шолу түрінде, «Қорған — Пески» аталатын жаңа темір жол құрылысының сыртқы бейнесін көрсету. Сондықтан, бұл жолдың бойындағы ерлік істердің көркем бейнесін жасауға, құрметті оқушы, сіздің алдыңызда борышты болумен қатар, очеркіміздің ізіне біз тағы да түсеміз.

Бригадасын ұзақ күн аралап, істерімен танысқаннан кейін Титов бізді кешке үйіне мейман болуға шақырды. Хозяйканың аты Вера Николаевна екен. Толықшалау биік денелі, ойнақы көркем кескінді бұл әйел бізбен тез шүйіркелесе кетіп, аз уақытта, бойына біткен бір өнерін көрсетіп алды, онысы — әншілік. Ол үйде радио бар екен. Содан естілген орыстың бір әдемі әніне, стол даярлап жүрген хозяйка қосыла кетті. Дауысы құлаққа жаға қалған соң, біз одан «ән өнеріне бейміңіз жоқ па?» деп сұрап ек:

— Бар,— деді бізбен мәжілістес болып отырған, өзін осы бригададағы әйелдер кеңесінің бастығымын, бас инженердің әйелімін, аты-жөнім Любовь Федоровна Гайчук — деп таныстырған әйел.— Вера Николаевна көп жерлерде олимпиадаларға қатынасып, талай рет бәйге алған, кей әндері пластинкаларға жазылған, бұл бригадада талаптылардың ән үйірмесін басқаратын адам.

— Ә, солай ма? — деп таңданған біздің сөзімізді Любовь Федоровна кие жөнеліп:

— Бұл үйде одан да қызық бар,— деді күле сөйлеп, — хозяйн Александр Николаевич гармоншы, кәзір егін жыйнау жұмысында жүрген, тоғызыншы класта оқыйтын Валерий дейтін ұлы гитаршы, анау отырған, екінші класта оқыйтын Володясы мандалинші,.. сонымен, бұл үйде музыкалы әдемі трио ойналады да, Вера Николаевна оларға қосылады!..

— Маған,— деді Вера Николаевна,— Любовь Федоровна қосылады, ол кісі де біздің үйірменің белсенді мү-

шесі. Жақын арада Қорған қаласында өткізілген облыстық олимпиадада біздің үйірме бірінші бәйге алды, сол абройға Люба да ортақ.

— Онда, тыңдаймыз! — деп шу ете қалдық біз.

Әкесі, шешесі, тоғыз жасар ұлы боп, оларға жолдас Гайчук және біраз адам қосылып, «Солдат вальсі» атты сарынды музыкалата, әндете жөнелгенде бақытты семьяның шаттық үні бөлмелерді, кішкене тарлау пәтердің ішін құлаққа жағымды, жүрекке жылы, назды да, сазды да ән үйді лық толтырып керней жөнелді.. Одан кейін де талай әлемі ән-күйлер орындалды... Алыста, Қорған өлкесіндегі қалың орманның ішінде, біздің бақытты түніміз осындай шаттықпен өтті...

Аксыйырдан көп ұзамай, біз Қазақстан өлкесіне кірдік. Одан арғы жақтың әр дөңі, әр сайы, әр орманы, әр алаңы, әр төбесі, әр томары, әр ауылының ескі жұрты, әр колхозы түп-түгел менің алақанымда, өйткені оның бәрі менің туған-өскен, жүрген-тұрған жерлерім. Бұл жерлердің бәрін мен көзімді жұмып отырып табам.

«Қорған — Пески» темір жолының Қазақстан мен Қорған облысының шегінде салынған станциясын «Борок» дейді екен, ол «Қамыстау» аталатын қазыналық қарағай дачасының қасында. Одан арғы «Троебратное» станциясы бұрын «Нұрымбет» аталатын ауылдың жұртына, «Қара камыс» станциясы «Тәкейдің қара камысы» аталатын көлдің жағасына, «Қайран көл» станциясы «Коралының қайран көлінің» жағасына орнапты. Жол одан әрі, мен туып-өскен көл — Достың ығымен, біздің ауылдың қыстауы — Жаманшұбардың, «Алыпқаш» аталатын зор көлдің ығымен өтіп, «Сулы», «Сұлтан» аталатын екі көлдің арасымен Есіл жағасындағы «Пески» селосына тартыпты.

Мен бұл станциялардың өздерін де, төңірегін де асықпай-саспай, машинамен кең шолып араладым. Соңғы ширек ғасырда ел жайламай құлазып бос қалған бұл

ұлан-байтақ жайлауға соңғы үш жылда отызға жақын жаңа совхоз орнаған екен де, жаралғалы соқа тимеген тыңды айырып, мыңдаған гектар егін өсірген екен, ол егінге қанша астық шыққаны кең даланың өнбойына жиі жайылып, мая-мая боп үйілген дәндерден көрініп тұр.

Бұл егістер жер бетінің бейнесін, әрине, өзгерткен, құла-дүзге селолар, бригадалар, станциялар, разъездер каптап кеткен, бұрынғы көш жолдары түгел жыртылып, егін өлкелерінің арасына совхоз салған грейдерлер жүрген. Жер бейнесі осынша өзгергенмен, адам туған-өскен өлкесінің келбетін ұмытпайды екен. Мен де оларды ұмытпаппын. Көрмеуіме көп жылдар болғанмен, Достың жайлауына жиі біткен көлдердің бәрін де жазбай танидым, бәрінің де аты есімде берік сақталыпты. Шіркін, туған жер қандай ыстық,— көрген өлкенің бәрі көзіне сағынып жолыққан туысындай ұшырайды!..

Туған-өскен жердің былай да жылы бейнесі кәзір көргенде жүрекке тіпті жылы тиіп, көңілді ерекше шаттандырып жіберді.

Өйтпегенде ше?

Менің балалық шағымда бұл маңайды жүздеген ауыл жайлайтын еді. Ол ауылдардың барлы-жоқты көркі күндіз ғана көрінетін еді де, түнде қою қараңғылық баскан далада, әр үйдің жерошағында жылтыраған әлсіз от іңірге шейін ғана жанып сөнетін еді, одан кейін ұйқыға кеткен ауылдардың кигіз үйлері қою қараңғылыкка көміліп, қасына жақындағанда ғана үйген тезектей шошайып қараятын еді. Ол шақта, ауылды алыстан торыған қасқырдың иісіне шәуілдей үрген иттер мен алыста жайылған жылқылардың кісінеген бірен-саранының даусы болмаса, кең далада түк сыбыс болмайтын еді.

Енді ше?

Енді Дос жайлауының қай тұсымен жүрсең де жер жыртқан тракторлардың, шым жолдардың бойымен астық тасыған машиналардың, Қорған — Пески темір жо-

лының бойымен ағылған составтардың, совхоз орталықтарында, бригадаларында, темір жол станциялары мен разъездерінде жұлдыздай жиі жанған шамдардың жарығынан біз аралап жүрген кездегі түннің қою қараңғылығы тұс-тұстан жыртыла айрылып, шұғыласы айқасқан жарықтар кең даланы да, оның төңкерілген кең аспанын да ақ-жолаққа айналдырып жібереді. Жан-жақта қыймылда жүрген сансыз машиналардың дауыстары жерді солқылдатып, аспанды дірілдетеді. Советтік түннің бейнесі осындай!..

Менің туған ауылымның бұдан отыз жыл бұрынғы мекені «Жаманшұбар» аталатынын, оның жел жағына кәзір Қостанай облысының Богдан Хмельницкий атындағы совхозы, ық жағына Солтүстік Қазақстан облысының Докучаев атындағы совхозы, күнгей жағына Хрущев атындағы совхоз орнауы, бұдан бұрынырақ жазған бір очерктерімде айтылған. Бұл совхоздарды 1954 жылы аралағанда, бәрінің де егіс көлемі шағын еді, ал быйыл —1956 жылы араласам, 20—25 мың гектарлап сепкен егіндері телегей теңіз боп кеткен, құрылыстары да екі жыл бұрын көргеннен әлдеқайда көбейген, көркейген.

Жалпы өсу жағынан Богдан Хмельницкий маған ұнады. 18 мың жарым гектардай егін сепкен бұл совхоз быйыл орта есеппен гектарынан 15 центнерден дән жыйнаған да, үкіметке 25 мың тоннадай астық өткізген. Директор Евгений Иванович Оводов жолдастың айтуынша, бұл совхоздың егіні он сегіз күнде түп-түгел жыйналып біткен. Егінді жыйнасуға Ульянов қаласындағы ауыл шаруашылық институтының 300-дей студенті, Болгария халық республикасынан келген 162 жас қатнасқан.

Астық жыйнау жарысында екі комбайнер көзге ерекше түскен: бірі — совхоздың өз қызметкері Томбовцев, екіншісі — Болгариядан келген Атанасов. Алыстан жәрдемге келген бұл қадырлы конақ жарыстың алғашқы күндері күн сайын 45 гектар егін жыйнап, «Совхозда бі-

ріншімін» дейтін Томбовцевтің танауын қусырып тастапты.

— Содан кейін Томбовцев намыстанып — дейді Оводов,— күні-түні дамыл алмастан қызмет атқарды да, күн сайынғы нормасын елу гектарға апарды.

Екі озаттың 18 күндік жарысын қорытқанда, Атанасов 442 гектар егін шауып, 6305 центнер астық соққан көрінеді, Томбовцев 578 гектардан 8618 центнер астық соққан көрінеді. Жалпы қортындысы солай болғанмен, болгар жолдас орыс жолдасты көп күндердің бойына састырғанға ұқсайды.

Жолдас Оводов егінді тез жыйнауға, мемлекетке беретін астықтың жоспарын асыра толтыруына мақтанғанмен, сол астықты жақсы бабында сақтау жағына келгенде мақтана алмайды, өйткені біз оның совхозына сентябрьдің аяқ кезінде бардық, сонда оның жақын жердегі Қайранкөл темір жол станциясына, үкіметке беретін 25 мың центнер астықтан тапсырғаны бес-ақ мың. Өзгесі «бунты» аталатын далада-ғы маяларда. Жаңбыр бірнеше күннен бері төпеп, астық маялары астынан көктеп өсіп жатыр, оның аты — жыйнап алған астықтың елеулі проценті бүліну деген сөз.



Достың жайлауындағы мен көрген совхоздардың бәрінің де астық сақтау туралы хал-жайы осындай екен. Олардың халы бұдан да жаман болар еді, егер осы жайлаудың ортасын жарып Қорған — Пески темір жолы өтпесе; жаңа темір жол жан-жағындағы совхоздардың быйылғы бай астығын күн сайын мыңдаған тоннамен қабылдап, ондаған эшелондарға артып, үлкен те-

мір жолдардың бойындағы астық сарайларына жөнелтіп жатыр. Егер азғантай астық болса, бұл екпінмен әп-сәтте бітіріп тастайтын. Быйылғы астық орасан көп. Достың жайлауындағы отыз шақты совхоздың әрқайсысынан миллион жарым, екі миллион пұт астық шығады, кейбірінде одан да мол, бұлардың бәрін тасып үлгеруге, ұзын тұрқы 263 километрлік Қорған — Пески темір жолының әлі келмейді.

Совхоздар темір жолдың бұл әліне қарамастан, «өз мойнынан парыз аударғысы» келеді де, маяларында жатқан астықтарды жақын жердегі темір жол станциясының көрінген жеріне төге салады, өйткені, жақында ғана салынып біткен темір жолдың станциялары мен разъездеріне әзірге салынған сарайлар астықтың жүзден біріне ғана ие болатын, асфальтты алаңдар атымен жоқ, ендеше жерге төкпегенде қайда төгеді, ал «жер» дегенің, жоғарыда айтқандай, мыйы шыққан саз. Мысалға Қарақамыс станциясын алайық. Ондағы астық даярлайтын мекеменің директоры Иван Иванович Дурмановтың айтуынша, аталған станцияда 67 мың тонна қабылдануға тиісті, содан біз барғанда қабылдап үлгергені — 25-ақ мың тонна, өзгесі даладағы маяларда жатыр.

Ал, қабылданған астық қандай жағдайда екенін білу үшін, мысалға біз Қарақамыс станциясына барған күнді алайық: бұл арада қарлы жаңбыр екі күннен бері толассыз төпеп, жердің мыйы шыққан саз екен, сол сазға жүздеген төңкерілгіш машиналар кеп, тонналаған астықты бұрын төгіліп, биіктігі мая боп кеткен астықтың іргелерін ала құлатып жатыр. Теңкиіп жатқан астықтарға арт жағымен кеп қосымша астық құлатқан төңкерілгіштер, талай пұт астықты доңғалақтарына жапсырып әкетіп жатыр... Осындай жағдайда үйілген астық маялары-ның төңірегінде саз бен дән жентектеле иленіп, жүздеген метр жерді алып жатыр... Бұған адамның жаны қалай ашымас!..

Астықтың орылған жерінде сақталмауына, темір жол бойына тасылуына себеп: колхоз бен совхоз атаулы жыл сайынғы өнімнен өз қапшығында қалатын дәнді ғана сақтайтын орын (сарай, жабылған ток, асфальттаған алаң, тағы басқалар) даярлайды екен де, мемлекетке өткізетін астықты дұрыс сақтаудың қамын ешбір колхоз бен совхоз ойламайды екен. Егер бұл кемшілікті жергілікті орындар тез жоймаса, жыйналған астықтың елеулі проценті алдағы жылдарда быйылғыдай шіруі сөзсіз, сондықтан бұл кемшілікті түзеу — кәзірден бастап қолға алатын іс.

Біз Достың жайлауын аралап жүргенде, соңымыздан жолдас Челочев қуып жетті. Быйылғы бай астықты сақтауда кездесіп жүрген қыйындықтардың бәрін көзінен өткерген ол болған қателік-кемшіліктерге ренішін айта отыра, болашақтың қамын да сөйлеп кетті.

Оның айтуынша, алдымыздағы бірер жылдың ішінде Қорған — Пески темір жолы, батысында екі жүз километрдей жердегі Қостанай қаласының темір жолына, шығысында екі жүз километр жердегі Көкшетау қаласының темір жолына, күнгейінде жүз елу километрдей жердегі Атбасар темір жолына қосылады. Ол темір жолдарды салу міндеті де Челочевке жүктелген.

— Сонда,— дейді Прокофий Иванович, болашақта салатын темір жолдарының жоспарын менің алдыма жайып қойып,— Дос жайлауындағы совхоздың астықтарын біз, кәзіргідей бір жақтап емес, төрт жақтап тасыймыз. Сонда ғана бұл кең жайлаудың тыңына өскен бай астықты кезінде тасып үлгере аламыз.

Прокофий Иванович мені өзі салатын темір жолдардың ғана жоспарымен емес, Қазақстандағы тың өлкелеріне салынып болған және бірер жылда салынып болатын темір жолдармен де таныстырады. Олардың бәрін жыйнағанда, бес мың километрден асып кетеді.

— Бұл жолдарды бұрын құлазып бос жатқан бұл өл-


келерге тек көтерілген тың ғана әкелді,— дейді Прокофий Иванович.— Әйтпесе, әлі де темір жолсыз жата берер еді ол далалар...

— Дұрыс! — деймін мен.— Сіз, енді, өзіңіздің басқаруыңызбен тың өлкелерінен салынатын темір жолдарды тез бітіруге тырысыңыз!

— Әрине,— дейді Прокофий Иванович,— қарқыны күшті өміріміз, ол жолдарды маған ықтырымнан тыс қарыз тездеттіреді. Аталған жолдарды жоспарланған кезінде ғана емес, одан бұрын бітіруге ойлаймын. Оған адам күші де, техника күші де молынан жетеді.

Жолдас Челочевтің күлімдеген көгілдір көзінде болашақ ісіне сенімнің ұшқындары ойнайды...

20/IX 1956 ж.





САРЫАРҚАДА



Қыңы көтерілген өлке осы арадан бітеді де, бұдан әрі елсіз дала кетеді, — деді бізді бастап келе жатқан Серік Мыңбаев, машинамызды Нұра өзенін біраз жағалап жүргеннен кейін тоқтатып,— енді біз «Хан жолына» түсеміз. Айдаланы жара тартатын бұл жолдың бойында, Жаңаарқа ауданының (Қарағанды облысы) орталығы — Атасуға дейін ел жоқ. Ол бұдан, шамасы екі жүз елу километрдей. Атасуға апаратын тағы бір жол бар, оның бойында жүз, жүз елу километрден жайылым малын баққан отарлар кездеседі, ол жолдың «Хан жолынан» жүз километрден артығырақ алыстығы бар. Осы екі жолдың қайсысымен жүремін десеңіздер де ыхтыярыңыз.

— Өзіңіз қайсысын қолайлы көресіз? — деп сұрадық біз.

— Маған екеуі де қолайлы,— деді Серік үлкен көгілдір көзін ойнақшыта, қалың буырыл мұртын қозғалта жымыйып.— Қайсысымен болса да, мен бала жасымнан кезіп үйренген адаммын. Сіздерді мен Атасуға жолсыз даламен де апара алам, бала жасымнан ойы-қырын кезіп көшкен, аңын аулаған бұл кең даланың қай жерінде не

бары менің алақанымда. Мен өзіме емес, сіздерге қолайлы жағын ойлап тұрмын. Машинамыз жалғыз. Өзі «ЗИМ». Қай жолмен жүрсек те шөл даланы кезіп кетеміз. Бұлақ немесе тұщы көл өте сирек ұшырайды. Шақатты, сазды жерлер де бар. Солардың біріне батып қалсақ, ұзақ отыруымыз мүмкін, себебі,— жазды күні бұл маңайды мекендейтін елдер, кәзір алыстағы күздігіне тарап кеткен, жүргінші дегендер кәзір бұл жолда өте сирек. Алыстағы елге жаяу жетуге болмайды. Егер бір жерде тоқтап, азығымыз бен суымыз таусылса, қатты қыйыншылықта қаламыз...

Бұл сөздер өзгемізден гөрі, шофер — Анатолий Предэнің зәресін көбірек ұшырғаны, үлкен көк көзін Серікке кең аша қарап, сарғылт қалың қасты қабағын түйе қалуынан байқалып тұрды.

— Шайтаным жүре ме ондай жолмен,— деді ол жуан саусақты қолдарын бір-ақ сілтеп,— кім қуып барады бізді, көрінеу көзге азап жолына түсетін? Одан да мына Нұраны жағалаған жолмен неге кетпейміз? Жолшыбай ел, және өзі даңғыл да жол көрінеді. Ал, мынау «Хан жолы» деп тұрғаныңыз көмескілеу бірдеме ғой. Машина көптен бері жүрмеген ғой өзінде, жаңа ізден белгі жоқ!..

— Рас,— деді Серік байсалды кескінмен,— ізден келе жатқан еліміз — Атасудың шаруашылық мұхтажы Қарағанды қаласынан бітеді де, Ақмола жағына ілуде біреу болмаса машинамен қатынаспайды, көлікпен жүруге ит өлген жер...

Маған салса «Хан жолымен» кеткім кеп тұр, себебі,— алдымыздағы кең даланың батысымен де, шығысымен де менің жүріп көргенім бар, ал «Хан жолы» деген ізге бірінші рет түскелі тұрмын. Естуімше,— бұл өте ұзақ жол. Оның теріскей жағы Омбы қаласынан басталады да, алдыңғы жағы Бурабай курорты арқылы, Ақмола қаласы арқылы, Нұра, Сарысу сыяқты далалық өзендер арқылы, атақты Бетпақтың шөлі, Шу өзені арқылы, Жамбыл,

Шымкент қалаларын басып, Тәшкенге барып тіреледі. Ұзын тұрқы үш мың километрден астам бұл жолдың «хан» аталатын себебі,— алғашқы сүрлеуін Орта жүздің он сегізінші ғасырдағы ханы — Абылай салған екен деседі. Қазақтың кең даласын тұс-тұсынан кесіп өте жүре, «Хан жолымен» жүрудің сәті маған бұл күнге дейін түскен емес.

Бірақ, менің өзіме бұл жолмен жүру қажет. Олай дейтінім,— соңғы үш жылдың ішінде, яғни Бүкілодақтық Орталық Партия Комитетінің тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулысы шыққаннан бері, көп айлардың бойында, мен тыңы көтерілген өлкелерді аралаумен шұғылданып жүрмін. Бұл өлкелер ұшан-теңіз байлығын быйыл — 1956 жылы ерекше көрсетіп, миллиард жарым пұттай астық өсірді, мемлекетке миллиард пұттан артық астық тапсырды. Жалпы халықтық бұл зор қуаныштың мен де басы-қасында болып, мемлекетке миллиард пұттан артық астық берген Қазақстанды үкімет Ленин орденімен наградтағаннан кейін, мекенім — Алматыға октябрь айының аяқ кезінде қайтып келем.

Бұл сапарға мен «ЗИМ» атты өз машинаммен шыққан едім. Асфальтты жолға арналып жасалған машина, тың өлкелерінің тракторлар ойып тастаған жолдарына оншалық қолайлы емес екен. Оның үстіне, мен аралаған өлкелерде күздің басынан жаңбыр төпеп тұрды да, мыйы шыққан саздарға сан жерде батып қап, кездескен грузовиктер мен тракторлар сүйреп әрең шығарып жүрді.

Сол жаңбыр жақында ғана толастады да, жер аздап дегдігеннен кейін, өз «ЗИМ»-іммен жөнелдім, сондағы ойым — «Арқа» аталатын даланың бұрын көрмеген бір өлкесін осы жолы көре кету.

Қазақтың «Арқа» дейтіні, географияда Орал — Ертістің су бөлігі ғой, оның батысы Мұғалжар тауынан басталып, шығысы Ертіс өзенінің Семей тұсына тіреледі ғой, ұзын тұрқы үш мың километрдей осы екі арада жалғаса

біткен ұсақ таулардың қырқа жоны мен екі қапталын «Арқа» дейміз ғой.

Осы Арқаны басып өтетін «Хан жолымен» жүріп көрмегенмен, өзге жолдарымен үстін сан рет кесіп өттім, сонда көргенім: селеуі, бетегесі, жусаны араласа өскен ұшықиыйырсыз кең дала.

Қазақтың «мал жерге бітеді» деген сөзінде, бақташы елдің мыңдаған жылдық тәжрибесінен шыққан мән бар. Осы мән қазақтың ауыз әдебиетінен де кең орын алады. Мысалы: «Түйелі бай қонады сортаңды алып» деген өлең, «Тауға қойды жая ма құмақ тұрып» деген өлең, «Жылқымды айдап салдым калың қауға» деген өлең, «Өленді жердің өгізі семіз» деген мақал босқа айтылмаған. Түйе шынында да сортаңды, шөбі ащылы жерде, қой — жайылымы көп құмақ жерде, жылқы — қауы қалың жерде, сыйыр — «өлең» сыяқты жұмсақ шөпті жерде өзге жерлерден көбірек өсетіні рас. Арқаға малдың өзге түрінен гөрі жылқы малы көбірек өсуіне тарихи толып жатқан фактілер бар. Олай өсуі заңды да, өйткені, ұшы-қыйырсыз кең Арқаның өнбойы жылқы сүйіп жейтін қалың қау мен бетеге.

Арқаның өз құнары сондай болса, оның арғы — күнгей жағында, бір өзі Европаның бірнеше мемлекетін сыйғызарлық Бетпақтың шөлі жатыр. Мен әзірге онда болған жоқпын. Бірақ, ол туралы естіген сөздерім көп болғандықтан, көруге құмартып жүргем. Міне, енді, оны көрудің сәті түскелі тұр. Ол үшін «Хан жолымен» жүру керек.

Олай жүру басында маған оңай да сыяқтанды: Қостанайдан Қызылжарға, одан Көкшетауға, одан Ақмолаға біздің машинамызды мықты бір «Газик» бастап отырды. Ол бастаған жерде «отырып қалудың» уайымы естен шығады екен, «нар жолында жүк қалмайды» дегендей, «төс табаны жер сызған, атан жүрер жол екен» дегендей, біздің заманның нары да, атаны да газик екен, ол өте

алмайтын, батқан машинаны сүйреп шығара алмайтын саз болмайды екен!..

Осындай сеніммен келе жатқан бізді Ақмола қапы соқтырды. Ол да «газик береміз, арттарыңнан қуып жетеді» деп бізді жөнелтіп салды да, уәдесін орындамады. Жолда жүз шақырымдай жердегі колхозда отырған Серік Мыңбаевты біздің басшылыққа алған себебіміз де сол.

Басшымыздың Атасуға баратын екі жолды атауы, біреуін алыс болғанмен жеңілдеу, біреуін жақынырақ болғанмен ауыр атауы мені ойландырды. Жоғарыда айтқандай, маған салса, қыйындау болғанмен, «Хан жолымен» жүруім керек. Бірақ, бұны қасымда келе жатқан жұбайым — Мәрияммен ақылдасуым қажет, өйткені, қыйыншылыққа ұшырап жаяулауға тура келсе ауыр азапқа батуы мүмкін.

Бір қызықты айта кетейік: әнеу күні, Қызылжар қаласынан Түмен облысында отырған бір туыстарымызға бармақ боп аттандық, жол білетін басшы алдық, көлігіміз, — «Газ—69». Қанша мықты машина болғанмен ол да сазға батады екен. Түнделете қалың орманды кезіп бара жатқан шақта, бір сазға отырдық та қалдық. Шығуға бұлқынған машинаны саз сора төмен тартты да, доңғалақтары көміліп кетіп, түтін ататын түтігі құмығып тұншықты да қалды. Одан кейін машинаның қыймылы тоқтап, үні өшті. Сүйреп шығаруға жәрдемдесетін ел, басшымыздың айтуынша, төңіректе жоқ. Іздеп келе жатқан еліміз алда жыйырма бес километрдей. Мезгіл әлі қызыл иір. Түн ұзақ. Қары ұшқындап тұрған күн суық. Киіміміз жұқа, сондықтан, машинада отырсақ тоңамыз, төңірегінде жүруге, жолдан басқа тескіндігі жоқ жыйы орман.

Ақылдаса кеп, шофер мен киімі жылы бір серігімізді машина маңында қалдырдық та, басшымыз бен Мәриям үшеуміз жаяу тарттық. Бұл бір өткелсіз қалың орманның іші екен, ағашты есіп салған ба, немене,— жіңішке жол-

дан басқа жүрер жер жоқ; жолдың бойы тобарсыған саз, — табаннан тартып әрең жүргізеді, кейде малтығып қап әрең шығамыз. Түн қараңғы. Желкем күннен қалың орман теңселе шуланқырап тұр. Оның үстіне «қорыққанға қос көрінеді» дегендей әлдене аң төңіректе ұлыған, әлде не аң маңымыздан жүгіріп өткен сыяқтанады. Осындай жағдайда, былай да елеңдеп келе жатқан адам қос-үрей боп, өз дауысын шығаруға қорқып, тым-тырыс жүре береді екен.

Аяқты басқан сайын қауіп күткен біз, амалсыздан жүре бердік... Жүріп келеміз,... жүріп келеміз... Көп жүрдік. Қанша уақыт өткенін білмейміз, өйткені білегіміздегі қолсағатқа қарайық десек, қалтамызда жағатын сіреңке де жоқ екен... Бастаушымыз қате айтқан ба, немене,—«25» дегені одан әлдеқайда артық сыяқты. Бірақ, артық болғанмен амал қанша! Үміт дүниесі бізді артқа емес, алға жетектейді, «әне жетеміз, міне жетемізбен» ілгері жылжый береміз... шаршаймыз... Ара-тұра құлаған ағаштарға отырып тыныстаймыз. Отырғанда жүргеннен гөрі үрейлене түсеміз. Кей кезде тыныстың қатты алудан қорқып, демді мұрыннан ақырын ғана шығарамыз. Ондай шақта, не біреу «тәйт!» десе, не бірдеме арс етсе, жүрегіміз жарылып кететін сыяқтанады. Тек, көңілге жалғыз медеу, — басшымыз Әбілхайырдың «жолымыз осы, түнде жердің алыс көрінетін әдеті, кешікпей жетеміз» деген сөзі.

Әбілхайыр жолдан расында жаңылған жоқ екен. Іздеген ауылды ол тура тапты. Біз жүріп келген жол мөлшерінің 25 километр екендігі де дұрыс болып шықты. Сол жолда біз жеті сағаттай жүріппіз. Қуанып қарсы алған біздің туыстар, мынадай қараңғы түнде сазды жолмен қалай жаяу жетуімізге қайран қалды. Жолшыбай сыр бермей келген Мәкең, тыныстағаннан кейін, қаға-беріс бір сәтте:

— Құдай енді мұндай ауыр жолмен жүргізбесін, енді мұндай жолды желкемнің шұқыры көрсін! — деді.

Сол сөзі есімде. 25 километрге сонша қыйналған Мәкеңнің халы, егер Атасудың жолында, жүздеген километрге жаяу жүрсе не болмақ?..

Осы жайды ақылдасканда:

— Тәуекелге бел байлайық,— деді Мәкең,— қай жол болса да жақын көрінбейді ғой. «Хан жолымен-ақ» тарта берейік. Зәві-сайтан бөгеле қалсақ, төрт-бес күнге жетерлік азық бар, мына өзеннен екі термосымызға да су толтырып алайық. Одан әрі «өлмейтінге өлі балық кездеседі» дегендей, тағы бір жөні болар...

Шоферден сұрасақ, машинаға қажетті майлар жеткілікті екен. Ол да ынтымақтан шықпады. Біз «Хан жолымен» тартып кете бардық.

Таусыз, тоғайсыз, сусыз жазық даланы жара жүрген көмескілеу керуен жолымен айдап келеміз. Көптен бұл маңайға мал жайылмағандықтан, төңірегіміз жусан араласа өскен кер бетеге тусып, жабағыланған қойдың жүніндей ұйыса қалыңдап кеткен. Оның күзгі сары-сұрланған біркелкі өңін ара-тұра шоқтала өскен қызыл тобылғылар мен қоңыр қарағанның келбеті ғана бұзады. Адамның белуарынан келіп түптеле өсетін бұл ұсақ ағаштар, кең далаға қараудан көз талған шақта, қалың орман сияқтанып кетеді.

Шөл құсы атаулыдан бұл маңайда ара-тұра бұлдырықтар ғана кездесіп, топтала ұшады да, көшкен бұлт сияқты бізді төңіректей төңкеріле ауытқып, әлдеқайдағы қалың қарағанның ішіне қонып жоқ болады. Не жерде, не көкте олардан басқа тірі мақлұқ кездеспейді... Не деген көңілсіздік!.. Біздің бұл көңілсіз күйімізді серпілткісі келгендей, осы даланың туған ұлы — Серік, аңшылық өмірі туралы ертегі сияқты қызықты әңгімелер айтып кетеді...

Кейде ол, бізге ешбір көз тоқыратарлық белгісі жоқ кең даланың әр тұсына ел қойған аттарды айтып отырады.

Нұрадан елу-алпыс шақырым жерде, сарғылт даланың біркелкі түсін бұзған кең, жалтыр көл кездесе кетті.

— Сапақ көлі! — деді Серік, қуанып кеткендей,—бұрын жыйырма мың жылқысы бар Сапақ дейтін бай жайлайтын көл екен бұл. Суы сортаң. Бірақ, малға, әсіресе жылқы малына майдай жағады. Шөбі қандай тамаша бұл араның,— бір ай жайлаған мал семіздіктен шаялап қалады...

— Қазір кім иемденеді бұл жерді?

— Алыстағы бір совхоз. Бірақ, ол кейбір жылдарда ғана пайдаланып, көбіне құлазып бос жатады...

«Сапақтан» шыға, Серік бізге: «Енді бұдан жүз шақырымдай жерде «Сұлу» аталатын көл кездеседі, аратұра жолдан алысырақ, бірен-саран құдықтар мен бұлақтар да бар. Қысылар күн болса, оларды тауып алармыз. Менің ендігі қаупім суда емес, сазда. Сұлу көлге дейін ұшырайтын сортаңды екі саз бар. Айналып өтуге алыс, тура өтуге қыйын. Сол араларда байқау керек» деді.

Сазға жақындағанымызды Серік ескерткенмен, ұзақ жолдан жалықты ма, әлде тәуекелшілдігі ұстап кетті ме, — жайшылықта сақ-ақ Анатолий, беті оялана ағарып қалың өсіп тұрған ойпатқа екпіндей қойып-кеп кетті. Кебір саз табанынан тарта ұстай алғанмен, мықты машина соқадай тіліп ілгері ұмтылғанда, алды ғана құрғаққа ілегіп, артқы екі доңғалағы қорысқа батты да қалды. Шірене дырылдаған мотордың, машинаның батқан бөксесін сүйреп шығуға әлі келмеді, артқы доңғалақтар қыймылдаған сайын сазға бата түсті... Дырылдағанмен дәрмені жоқ моторды шофер сөндірді... Енді не істеу керек?

Серіктің айтуынша, 250 километрлік жолдың нақ орта кезінде тұрды. Жүз километрден жақын жерде ел жоқ. Ендігі амал,— батқан доңғалақтың астына қараған шауып тығу керек те, машина оған да шыға алмаса, ас-судың бар шағында, бірер адам машина қасында қалып, бірер адам ең жақын деген елге жаяу кету керек.

— Ол, әрине, ең кемінде екі-үш күндік жол,— дейді Серік,— барған жерде машина бола қойса жақсы, егер көлік болса оралып келгенше бес-алты күн өтеді. Және, мынадай ауыр машинаны көп көлік болмаса, аз көлік саздан сүйреп шығара алмайды!

Біз әуелі өз қолымыздан келуі мүмкін деген істі атқармақ болып, балтамен қараған шаптық та, тікеннің қолға кіруіне қарамай, құшақ-құшақ тасып, сазға батқан машина доңғалағының астына жентектей тықтық. Саз тым терең екен, қарағанның әлденеше құшағын жұтты. Ақыры, «көп түкірсе көл болады» дегендей, былқылдақ саз бекіп, ілгері ұмтылған машина, әрең дегенде құрғаққа шықты!.. Машинаның шығуына қуанған біз, үш-төрт сағатқа созылған ауыр бейнетке ренжіген жоқпыз... Шофер одан кейін кездескен саздарға қойып кетпей, әуелі машинадан түсіп байқап ап, аса сақтықпен, тәуірлеу тұстарын ала жүріп отырды...

Саздан қашқалақтаған біз, Сұлукөлді жақын тұстан жанай өткенмен, жағасына барған жоқпыз.

— Барсақ қонуымыз керек,— деді Серік.— Қонбасақ түнделетіп жүруге тура келеді. Өйту өте қауіпті. Сазға түнде батсақ, тырп ете алмаймыз. Атасуға бүгін жеткіміз келсе асығайық, көз барда ел қарасын көрейік.

Асыққанмен Атасуға біз түнделетіп жеттік. Айдың кеш туатын шағы еді. Күндіз ашық аспан кешке қарай бұлттанып алған, сондықтан, іңір бастала, түннің қалың қара көрпесі кең даланы шымқай бүркеді де кетті. Түннің қара жамылтқышын тіле ілгері көсілген екі фардың жарығына ерегіскендей, қараңғылық қоюлана түсті, сәуле сеңбілген алдыңғы жағымыз болмаса, терезе арқылы үңілген төңірегімізден түкті де көрмейтін болдық.

Әдетте, бұндай түндерде, машинаның жарығымен ойнап, жол бойын өрлей қосаяқтар қашып отырады. Артқы аяқтары ұзын, алдыңғы аяқтары қысқа, сондықтан, жүгіргенде серпіні қатты ол, үшінде ақ түймелі құйрығын

бұлғаңдата секеңдеп, анау-мынау машинаға, көпке дейін шалдырмайды. «ЗИМ», әрине, оның қылжағына көнбей, әп-сәтте қуып жетеді, қанша жалтарғыш болғанымен, кейбірін басып та кетеді...

Тыңы көтерілген жерлерді аралағанда қосаяқтар бізге көп кездесті, дала ұшқырының обалына қалып, біз кейбірін басып та кеттік. Ал, мына жүріп келе жатқан ұзақ жолдың өнбойында бізге не күндіз, не түнде бірде-бір қосаяқ ұшыраспады. «Неге?» деген сұрауға:

— Тың өлкелерінің жолында машинеден түскен дән көп,— деп жауап берді Серік,— олар соны тереді. Бұл жолмен ондай машинелер жүрмейді. Дәні жоқ жолдан қосаяқ не алсын?

Жаздың жылы кезі болса, фардың жарығына шыбын-шіркей үймелеп, машинаның маңдай шынысына соғылып өлер еді де, сатпақтап жіберер еді. Қазір олар да жоқ. Кейде сирек, кейде қалың боп түптеле өскен шилер мен жолды бойлай өскен тобылғылар мен қарағандар болмаса, фардың жарығы түскен алдымызда көңіл бөлінерлік іштеңе кездеспейді. Ол өсімдіктер де қарай беруге кейде жалықтырады... Кейбір шақта қорқытады, өйткені, шилі жерде сазды шақат көп кездеседі, оған батсақ қой, сорымыз қайнайды...

Біз түн бастала сондай көңілсіздікке түстік. Артта отырған Мәкең мен Серікке ара-тұра ғана тіл қатам да, қысқаша бірдемелерді айтам. Олар да сөйтеді. Уақыттың көбі тым-тырыспен өтеді...

Сөйтіп келе жатқанда, Серіктің арт жағымнан естілген үніне селк ете түстім.

— Менің шамалауымша, — деді ол тамағын кенеп ап,— енді жақындаған болуымыз керек. Төңірегіміз көрінбегенмен, осы бір тұс екі таудың (атын ұмытып қаппын. *С. М.*) арасындағы белес қой деймін, содан ассақ, аржағында Атасудың жарығы көрінуге тиісті.

Серік жершіл екен, айтқаны дәл келді,— аз уақыт өт-

пей-ақ, жиі жұлдыздай жарқырап, бір өңірге кең жайылған қалың электр шамдарының көздері күлімдей қалды...

— Ура!— деді Анатолий қатты және қуанған дауыспен.— Жаса, сәуле!..

Біз де оған үн қостық. Түнгі әсерден бе, әлде расы солай ма, біз жақындаған сайын электрге бөленген Атасу қаласының көлемі кеңи берді... Ол ғажап үлкен қала сыяқтанды...

Бұл қала, «Атасу» аталатын өзеннің Сарысу өзеніне құятын сағасында екенін мен географиядан білетінмін. Жол қалаға таяна сол Сарысу өзенін кешіп өтеді екен. Тереңдігі доңғалақтан асқанмен, қайраң түбі машинаны тоқыратқан жоқ, есігі қымтаулы ішіне су құйылған жоқ...

Бұл қаладан менің іздеп келе жатқаным — көп жылдардан бергі досым Сары Телбаевтың үйі. Онымен мен бұдан аттай отыз жыл бұрын Қызылжар қаласында, «шала қазақ» мешітінің имамы — Мәһди Ағисевтің үйінде пәтерде тұрып танысқам. Сары ол жылы имамның үйінде жалшылықта жүрген жігіт. Менімен танысқаннан кейін, еңбек ақысын бермей жүрген имаммен ол дауласқан, осы жайда «Бостандық туы» газетінде, Жақан Сыздықовтың фельетоны басылған. Фельетонның —

«Сары, Сары дегенге,
Салыпты да жүріпті,
Мәһди молда сөзіне
Наныпты да жүріпті» —

деген бір шумақ өлеңі ел аузында мәтел болып кеткен. Мәһдимен дауласып ақысын алған Сарыны біз сауатсыздар мектебіне түсіргенбіз. Одан кейін кейбір қысқа уақытты курстерде ғана оқып білім алған Сары партия қатарына өтті де, пысықтығы мен іскерлігінің арқасында аудандық, облыстық, республикалық біраз мекемелерде қызмет атқарып, Ұлы Отан соғысы бастала майданға ат-

танды. Онда ротаның саяси басқарушысы болған Сары, үнемі от аузында жүргендіктен, талай рет жараланып жазылған, ерлік істері үшін үкіметтен талай награда алған, ақыры, соғысты өз қолынан аяқтап, зор жеңіспен үйіне қайтып келген.

Майданнан келе ол туған жері — Жаңаарқа ауданына, оның орталығы — Атасуға көшті, сондағы дәлелі— майданда өлген інісінің уақ-түйек балаларын ауылдық жағдайда күтіп өсіру, қалада өсіруге қаражат мүмкіндігі жетпеу. Осындай жаймен барған Сарыны райком аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне бастық қояды.

Сол қызметте жүрген Сары өткен жылы Алматыға, өз қызметінің қысқа уақытты курсына келді. Ол менімен түйдей құрдас — жасы быйыл елу алтыға толады. Бірақ, екеумізді қатар қойса, қасымда үлкен балам сияқтанып тұрады: менің сақал-шашым ақ-буырыл, онын жылқының ту құйрығындай қатты қап-қара сақал-шашында бір қылтан да ақ жоқ. Кейінгі жылдары шарланып, аздап толыққан оның ортадан төменірек денесі, бәйгеге шабатын ат сияқты тығыршықтай және жүрген-тұрғанда ұршықтай үйірілген шапшаң. Түлкідей ойнақшыған томпақ қара көздері қағаздағы жазуды баладан жіті көреді.

«Қабырғадан қан жауса» елең қылмайтын, уайым-қайғыны білмейтін, ыстық-суыққа төзімді, әрдайым көңілді, ойыншыл, қалжыңшыл біреулер болады ғой. Сары мінез жағынан сол. Біздің үйге келген сайын ол опар-топар думан ғып, шегіңді қатыра күлдіріп кетеді. Және көп жылдан бері тату құрбы, айнымас дос болғандықтан, «құрдаспын» деп Мәриямді қытықтай, жұлқылай, «әкеңмін» деп балаларды сүйе, «астауыңды текпілей», барлы-жоғыңды сыпыра ішіп-жей, еркінси келеді... Сонысының бәріне көнетін Мәкең, кейде оған:

— Әй, сен осы біздің үйден қашанғы ішіп-жей бересін?.. Өз үйіңнен де дәм татар күніміз бола ма, жоқ па?— десе:

— Е, кел! — дейді Сары қалжыңын доғара қойып.— Бұрынғы батырағың емеспін мен, кәзір. «Құдайға» шүкір, саған қонағасы берерлік күшім бар.

Сары быйыл жаз Алматыға келіп, Мәкең екеуміздің күз Арқа жаққа сапар шегуімізді естіді де:

— Ал енді, осы сапарда әдейілеп кеп үйіме түсіңдер. Түспедіңдер бар ғой, мен де бұл үйге бұдан былай бас сұғуды қоям,— деді.

— Неге?— деген менің қалжыңды сұрауыма, Сары да қазақы қалжыңмен жауап берді:

— Е, мына қатының, үйіңнен ішкенімді мұрнымнан сығып ап жүрген жоқ па, «бізден қашанғы іше бересің?» деп? «Сенен де ішер күніміз жетті» деп жүрген жоқ па? Енді, жетті сол күн. Қонағасымды сенен асырып түспесем, сәлемімді алма. Менен де же!.. Ал, жемедің бар ғой, қатыныңа енді көзге түрткі болмаймын, енді үйіңе келмеймін.

Сарының бұл сөзін шын көргендей, Мәкең:

— О не дегенің? Қашаннан бері ойынды білмейтін болып ең? — деп еді, Сары расына көшіп:

— Менде көп оқу жоғын білесіңдер ғой өздерің. Үкімет пен партияның арқасында, адал еңбегіммен ғана күн көріп жүрген адаммын ғой. Азар болса, «қарап отырып қатының мақтады» деп күлерсіңдер. Күлсеңдер де айтайын: біздің Раямен былай таныссыңдар да, жақын білмейсіңдер. Ол қолы берекелі, жыйнақы адам. Барсаңдар көрерсіңдер,— үйді қуыршақтай ғып ұстап отыр. Біріңді екі ғып, азыңды көбейтіп ұстай білетін адам. Еркек деген не ол?.. Әсіресе, мен сияқты, іші бос бөшкедей уілдеген еркек?.. Үй ішінің жақсы болуы да, жаман болуы да әйелден. Сенің де осы үйіңді бүлдіршіндей ғып ұстап отырған әйелің. Рас па?

— Әрине, рас...

— Мақтанды деме,— Раяның бірімді екі ғып ұстауынан шаруашылығым да, үй тұрмысым да жаман емес.

Осындай бір толып тұрған шағымда үйімді көріп дәм татыңдар, өтінем!

— Сендерге,— деді ол,— менің үйімді ғана көру таңсық емес, туған жерімді, ауданымды көру де таңсық. Бұрын көрмеген жерлерің. Барсаңдар талай қызықтарды көрсетем.

Біз баруға уәде бердік, бірақ, барарда емес, қайтарда. Сары оған көнді. Соғар шағымызда біз оған телеграмма беретін болдық.

Алматыға қайтуға беттеген біз, Көкшетаудан Сарыға телеграмма соғып, барар мөлшерімізді хабарладық. Сол хабармен үйіне келген бізді Сары және оның әйелі Рая достық жылы қабағымен қарсы алды. Тыпыршыған жеңіл мінезді Сары, кіре сала бізді үй тұрмысымен таныстырып шықты. Саманын да әйелі мен екеуі қолынан соғып, кірпішін де қолдарынан қалап, сәкі мен төбе тақтайларын да қолынан төсеп, өз еңбектерімен салып алған бұл төрт бөлмелі үйдің іші де өте мәдениетті жыйналған екен. Қалаша отырып жатамын десең де, ауылша отырып жатамын десең де жағдай толық. Қызметті балалар яслиінде атқаратын Рая, Сары айтқандай, таза да, ұқыпты да адам екен. Ол үй салтанатын өте шеберлікпен, көз қызығарлық қып құрыпты. Үй ішін көрсеткеннен кейін, Сары бізге:

— Айтқаным келді ме? — деп мақтанып бір қойды да.— Ал, қатын,— деді Раяға.— мына достар бізді сынауға келді, іргеңді түріп шабуға келді. Әсіресе — қатыны. Бұл қатын мені үйіне барған сайын майға жығады. Ал, сен де сөйтпедің бар ғой, ертеңнен бастап қолыңа талақ қағазыңды берем. Үш қой әкелдім ғой, кеше. Соның бәрін бұлар жеп аттанады. Ол жетпесе, қара-қасқа сыйырды соямын. Көңілдес достың бәрін шақырасын осы үйге. Бұлар аттанғанша, үйде лық толы болады. Қәне, не дейсін, істей аласын ба, осыны жоқ па?

— Көпірмесейші— деді мінезі салмақты Рая, Сарыға күлімсірей қарап,— істе көрсетсейші, мырзалығыңды.

Жолдан шаршаңқырап келген біз, «қонағасыны ертеңге қалдырсақ қайтеді?» деп ек,

— Жо-жоқ, болмайды ол — деді Сары,— сендер келген күні осы Атасуды бір дүрліктермесем, достығым қайда менің? Шақыратын кісімнің бәрін кәзір төсегінен сүйреп тұрғызам. Әлі түн ұзақ. Қонағасы жемей жатпайсын!..

Сары дүрліктірген жұрт таңға жақын тарады. Ертеңіне ертемен Сарыны машинаға мінгізіп ап, біз қаланың іші-сыртын аралап түстік. Бұл он бес мыңдай халқы бар үп-үлкен қала екен. Қалада үш жүйелі жұрт тұрады екен: осы қаланы басып өтетін Қарағанды — Жезқазған темір жолының қызметкерлері, машина-трактор станциясының қызметкерлері, аудандық қызметкерлер; олардан басқа колхозшылар, ұсақ өндірістің жұмысшылары бар, үш орта мектептің, бір техникумның оқушылары мен оқытушылары бар.

Совет өкіметі құрылудың алғашқы жылдарында Сарысу болысының орталығы қалана бастаған бұл қоныста, әуелі азғантай ғана үй салыныпты да, отызыншы жылдардың орта кезінде жаңа темір жол өткеннен кейін көбейіпті. Ағашты да, кіріпішті де алыстан пойызбен тасыйтын бұл қаладағы үйлердің басым көпшілігі жергілікті саманнан, шатырсыз, тапалтақ, шағын боп салынған екен. Дегенмен, кәзір мұнда екі-үш этажды зәулім үйлердің талайы бар. Бертінде салынған электр станциясы қаланы жарықпен қамтамасыз ете алады екен. Сарысу өзенінің де, Атасу өзенінің де суы сортаң, халық құдықтан ішеді екен. Сарының айтуынша, «бұл араның жерін шұқыса болды,— суы лып етіп шыға келеді, үш метр құдықтың суын үш көше жабылып тауыса алмайды».

Ауданның хал-жайын бізге райкомның бірінші секретары Берниязов Рахман жолдас таныстырды. Ол көптен

білетін адамым: соғыстан бұрынғы бір жылдарда Алматы қаласындағы мемлекеттік қазақ драма театрының директоры де болған. Одан кейін жауапты қызметтерде жүріп, 1954 жылы жаңадан ашылған тың совхозының біріне (Қарағанды облысында) директор болып кеткен. Содан быйыл Жаңаарқа ауданындағы райкомға секретарь болып ауысыпты деп естігем.

Әдетте, аудандық мекемелердің басшыларына жолыға қалсаң, сол ауданның шаруашылық және мәдениет күйлері туралы мәліметтер жазылған қалта книжкесін суырып алады да, цифрларын атай бастайды. Берниязов та әуелі соны істеп: «Халқымыздың саны — 57 мың, 14 колхоз, 3 совхозымыз бар, быйылғы егіс көлеміміз 81 мың гектар, 70 мың қойымыз, 15 мың ірі қарамыз, үш жарым мың жылқымыз, 280 түйеміз бар, бұл — колхоздың малы; совхозда 50 мың қой, мың жеті жүз жылқы, үш жарым мың сиыр, жүз түйе бар...» деп книжкесіндегі цифрларды атай бастады да,

— Цифрлар сізге қызық емесін білем,— деді, маған жымыя қарап,— сөйтсе де атап жатқаным,— шаруашылық күйімізден хабардар болсын дегендік. «Арқа» аталатын жердің кен байлығы мол екенін білесіз. Сол байлық біздің ауданда да бар, мысалы,— Қаражал, Жамбыл, Успен, Шалғын сияқты кен ошақтары. Бұлардың бәрі ірі өндірістер және тез таусылмайтын қазыналар. Географиялық зерттеулердің мәлімдемесіне қарасақ, ауданда жақын арада әлі де талай кен ошақтары ашылады. Ол цифрларды атамай-ақ қояйын. Мүмкін, сіздің өз сұрауларыңыз бар шығар, соларға жауап берейін.

— Әрине, бар— дедім мен,— бірінші сұрау: ауданның жер көлемі қанша?

— Жүз мың шаршы шақырым! — деді Рахман Қайырович книжкесіне қарамастан, дауысын қалыңдата, күле сөйлеп,— яғни, бүкіл Белоруссияның жартысындай.

— Апырау, солай ма?!— дедім мен, бұл теңеуге таң-

дана ғап.— Қаншасын игере алып отырсыздар сонша көп жердің.

— Жүзден бірін ғана,— деді Рахман.

— Өзгесін қашан игермек боласыздар?

— Ол біздің ауданның қолынан келмейтін, үкіметтің ғана қолынан келетін іс. Біздің ойымызша, бұл ауданның жері, негізінде, егіндік емес, малдық. Партияның тың жерді игеру туралы қаулысына байланысты, біздің аудан да соңғы үш жылда біраз тың көтерді. Мысалы, 1953 жылы не бары мың алты жүз-ақ гектар егіні бар аудан, быйыл сексен бір мың гектар егін жыйнады. Бұл біздің аудан үшін тым биік шарықтау. Бірақ, алдағы жылдарда егін шаруасынан бұлай шарықтай алмаймыз, өйткені, егіндік тыңымыз енді көп емес. Ал, мал шаруасын өсіруде қалай шарықтаймыз десек те мүмкіндігіміз мол. Қазір барлық малы жүз елу мыңнан аз-ақ асатын ауданның жерінде бірнеше миллион мал өсіруге болады.

— Мысалы, қандай мал?

— Әрине, қой мен жылқы. Сыйырды бұл ауданда он мыңдап я жүз мыңдап өсіруге болмайды, себебі — жердің қысы қатты. Сыйыр қысты күні қорада ғана тұратын мал. Қораның азығын мол даярлайтын шабындық бұл ауданда аз. Біздің шамалауымызша, сыйыр санын бұл ауданда он мыңнан асыруға жағдай жоқ.

— Қой ше?

— Оның басын бірер миллионға жеткізуге болады ғой деймін.

— Одан көбейтуге болмай ма?

— Болмайды: қысы жақсы жылдары ғана қой таулардың күнгей бетіне бір мезгіл жайылып, қалған уақытта қораның жеміне тұрады, қысы қатты жылдары үнемі қорада тұрады. Қазіргі шабындығымыз көп болса екі-үш жүз мың қойға ғана жетеді. Қойдың басын одан асырамыз десек, аудан жеріндегі өзендерімізді бөгеп, көктем кезінде ғана көбейетін суын тоқтатуымыз, шабындық бо-

ла алатын жерлерге жаюымыз керек. Бұл аса көп қаражат керек қылатын жұмыс және бұл жұмысты атқаруға аудандағы адамдардың күші жетпейді.

— Ал, жылқы ше?

— Ол түлікті біздің ауданның жерінде қанша өсірсе де болады ғой деймін. Жеріміз түгелімен жылқы отының жері. Бұл маңайда он я жыйырма жылда бір кездесетін жұт болмаса, жылқы малы жыл тәулігіне даладан оттайды. Қария адамдардың айтуынша, дәл осы ауданның жерінде жұт жылы да жылқы науыт боп көрген емес,— мұздақ болмаса жылқы тау-таудың саласынан тебін тебе, жем таба береді екен, ал мұздақ бола қалса, қарағанның басын шалып та қыстан бұрлықпай шығып кетеді екен. Жер жағдайы солай болғандықтан да, бұл маңайдың байлары бұрын өзге түліктен жылқы малын көбірек ұстаған. Мен жыйнаған бір мәлімет бойынша, осы ауданға қарайтын елдің бұрынғы байларында жүз мыңға жақын жылқы болған сыяқты.

— Кәзір ше?

— Одан әлдеқайда аз.

— Көбейту жолын ойлайсыздар ма?

— Әрине.

— Қалай?

— Осы бір қызық мәселе болғалы тұр,— деді Бернияз ов қызыңқырай сөйлеп.— Быйылғы августың басында ғой, Алматыда республикалық мәслихат өтті. Оған екеуміз де қатнастық. Сонда ғой, жолдас Хрущев сөз сөйлеп, жылқы малын көп өсіру және соғымдық жылқы малын көп өсіру жайын айтты. Жылқы етін ғой, ол жоғары бағалады? Ал, енді, осы мәселені, яғни жылқы малын тез өсіру мәселесін қолға жедел алуымыз керек пе?

— Әрине, керек.

— Расында да сөйту керек,— деді Бернияз ов.— «Жеріміз жылқының жері» дедім ғой. Жайылым жүз мың

жылқы түгіл, миллион жылқыға жетіп жатыр. Бес жүз қойға екі бақташы керек десек, бес мың жылқыны бес бақташы да баурай алады, онда да қыстықүні, жаздықүні бірер жылқышы да жетеді. Жоғарыда айтқандай, мұздақ болмаса, жылқыға жем-шөп керегі жоқ, аздаған арықтұрағы мен тай-жабағысына әзірлік қора да, шөп те табылады, өзгесіне керегі жоқ... Тек, ит-құстан қорғап, боран-шашында сырттан ие болса жетеді. Ығын-шығынсыз, өз бетімен өсе беретін мал. Мемлекетке тегін түсетін жақсы ет. Қымызына бақташылар кенеледі. Рас па осылар, жазушы жолдас?— деді Рахман қуланған кескінмен маған қарап қойып.

— Рас,— дедім мен.— Жылқы малын өсіру туралы менің де ойым осы. Шоқан Уәлихановтың бұдан жүз жыл бұрын жазған бір мақаласына қарағанда, Балқаш төңерегінің байы — Азна дейтін кісіде 17 мың жылқы болған. Керей руында Мәті, Дәулен деген ағайынды екі байға он екі мың жылқы біткен. Мен оқыған архивтік бір мәліметке қарағанда, он тоғызыншы ғасырдың орта кезінде, «сібірлік қазақтар» аталатын алты дуан елде екі миллионнан артық жылқы болған. 1921 жылы, бұрынғы Көкшетау үйезінің Көкшетау болысында мен ревком председателі болып қызмет атқардым. Болыста тоғыз жүз жетпіс үй бар еді. Сол жылы бір себеппен, жылқы саны жүзден асатын байлардың малын есепке алдық. Сонда бір болыстың қырық жеті байында 24 мың жылқы болып шықты. Ол кездегі Ақмола губерниясында жүзден астам қазақ болысы бар еді, солардың бәрінің жылқысын қосқанда қайда кетеді. Ауыл шаруашылығын колхоздастыру кезінде, жергілікті ұйымдардың бұрмалауы салдарынан, көп жылқыны азайтып алдық. Кейінгі жылдарда одан біраз өсті. Бірақ, әлі де жеткіліксіз,— мүмкіндігімізден әлдеқайда төмен. Енді, міне, республикамызда мал мәселесінде де тың көтерудің қарсаңында тұрмыз. Партия мен үкімет мал басын өсіруге де егінді өсірудей мән

берсе, өзге түліктермен қатар жылқы түлігі де тез қаулап кетуге ешқайсымыздың күдігіміз болмауға тиісті.

— Әрине, болмайды,— деді Рахман кимелей жөнеліп. — Қазақстан Орталық Комитетінің мүшесісіз, сізге айтуға болады,— республикамызда мал шаруасын өсіруге кәзір үкімет пен партия соңғы үш жылда егін шаруасын өсіргендей мән берілгелі жатыр, бұл мәселенің материалдары астанамызда даярлануда. Жақын арада одақтық басқарушы ұйымдардың қаулысы шығар деген үмітте отырмыз...

Жылқы түлігін болашақта өсіру туралы ойымыз түйіскендей болған соң, Берниязов жолдас қой шаруашылығын өсіру мәселесіне қайта оралды.

— Ауданымызда,— деді ол — қойдың санын алдағы бес жылдықта миллионға апаруға, яғни кәзіргіден сегіз еседен астам өсіруге болады дедік қой. Бұл санды қыс асырауға ауданымыздың шабындығы жетпейтіні айтылды. Оны жеткізу үшін ауданымыздағы өзен атаулыны бөгеу керек, олардың саны жетпіске жақын. Егер бәрін бөгеп, көктемде суды жайып жібере алсақ, онда шөп дайындығымыз миллион қойға артығымен жетеді.

— Үкімет мал басын өсіру туралы қаулы алса, бұл мәселені ойлауға тиісті ғой деймін,— дедім мен.

— Әрине. Мал шаруашылығында жем-шөп даярлаудан басқа да тез шешуді тілейтін маңызды мәселелер бар, мысалы, қойға қолайлы қора. Ондай қора болашақтағы көп қойлар түгіл, кәзіргі аз қойда да жоқ; бақташылардың қысқы, жазғы тұрағына жылы және мәдениетті үй керек, олар да жоқ, барымыз қанағаттандырмайды...

Одан әрі Берниязов Рахман қоралар мен үйлерді қалай қамтамасыз етудің жайларын сөйлеп кетті. Жақсы және іске асыруға мүмкіндігі мол ойлар жүреді екен оның басында...

Атасудан біз Бетпақтың шөлін жарып, Шу өзенінің аяқ тұсындағы «Ұланбел» аталатын мекенге тартпақ

болдық. Онда Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық Академиясының Қазақстандағы филиалы ашқан тәжрибе станциясы бар. Соғыстан кейін ұйымдасқан бұл станция туралы, оның жетістіктері туралы естіген әңгіземіз ұлан-байтақ. Енді соны көзбен көруіміз керек.

Сарының айтуынша, Ұланбел Атасудан алты жүз километрдей жер. Ол бетте жүз елу — екі жүз километрге дейін ел кездесіп отырады да, одан әрі елсіз, сусыз шөл дала кетеді. Жолшыбай аралары алшақ бұлақтар, құдықтар кездеседі дейді, бірақ, оларды білетін кісі ғана табады.

— Мұның бәрін естумен ғана айтып отырмын,— дейді Сары,— өзім Бетпақ шөлінің бергі шетінен әрі өтіп көрген емен. Бірақ, көргім келеді. Қазақстанның ішінде Антарктика сияқтанып жатқан шөл ғой ол. Көруге қажет қой оны. Сенімен бірге жүрудің сәті түскенде көріп қалайын.

Жол жайы райкомда сөз болғанда, бізге жәрдемші машина және кісі беретін болды. Кісіміз,— Сары. Машинамыз,— «Газ — 63». «Ремонттық» аталатын, үсті жабық, қаңқыйған бұл биік машина, «ине-жіптен жаңа ғана шығып», машина-трактор станциясына жуырда ғана келген екен. Ол ерген жерде бөгелу қаупі болмауға тиісті. Сары осы машинамен бізді Ұланбелге апарып сап қайтпақ болды. «Әлдеқалай күнді» еске алып, машина бір тонна бензинді запасқа алды.

Атасудағы достармен хоштасқан біз, тура күнгей бетке тарттық. Далалық даңғыл жол. Кейде қалың, кейде селдір ши өскен жап-жазық дала. Алдыңғы жақ оңымызда және солымызда бұлдырап екі тау көрінеді. Оңдағыны Сары «Ақтау», солдағыны «Ортау» дейді. «Ол таулар,— дейді Сары,— бұл арадан сексен-тоқсан километрдей». Жүре келе алдымызда төбесі қылтыйған бір тауларды Сары: «Үлкен қызыл тау, Кіші қызыл тау, Қалмақ қыр-

ған, Алабас...» деп атап, қай елдер мекендейтінін баяндайды...

25 километр шамасында Манақ өзені кездесті. Жағасына қалың тал шыққан, қамысы әдеттегі өзендікінен биік, тұщы суы кәзір үзіліп, әр жерде жалтыр боп қана қалған өзен екен. Жағасын жаздай ел жайлағандықтың белгісін көрсетіп, қалған-құтқан сынық бірдемелер, кигіз үйдің жұрттары, малдың тезегі жатыр. Жердің шөбі тақыр.

Бірінші бақташының ши арасына тіккен жалғыз үйі бізге Ақтауды бөктерлей өте бергенде кездесті. Ақтау дегеннің атағы зор болғанмен, қасына жеткенде ап-аласа екен. Әдейі бұрылып барған кигіз үй маңында бірер түйеден басқа мал көрінбейді.

Бізді барқылдай үрген сабалақ жүнді жаман қарала төбет қарсы алды. Машина тақала, үйден қалаша киініп, өрген шашын қазақша түйген бойжеткен қыз бен мосқал әйел шықты. Амандықтан кейін сұрастырсақ Шәленнің Елеуі деген кісінің үйі екен, қожасы жайылымдағы қойда екен. Түсі қоңырқай болғанмен, кигізі бүтін, іші жапжақсы боп жыйналған жасаулы үй. Әйел бізді асқа қаратпақ болған еді, біз дәм татып қана жүреміз дедік. Бірсыдырғы кескіні бар қоңыр өңді қыз алдымызға дастарқан жайып, құрт пен май әкеп қойды.

— Мал бағып отырған жоқсыздар ма, қарындасым, ақ қайда? — деді Сары қалжыңдап.

Әдеп сақтаған қызы үшін шешесі жауап беріп: «Бұнда бірер сыйырды бағу қыйын, қойды күздігүні саууға бригадир ұлықсат бермейді, жалғыз түйеміз суалды» деді.

— Жергілікті бригадирлердің осындайы бар,— деді Сары кейіген кескінмен.— Кеш қозылаған қойлардан жыйырма-отызын көгендеп сауды бар ғой, осы үйдің шайқап ішіп, ұрттап төгуі түгіл, біз сыяқты мейман жолаушыларға да мол жетер еді. Сүтін саумай баққан

қойдың, бұл сыяқты қара шай ішкен үйге несі қызық. Қойды сауса, күзгі айраны қандай тамаша,— үстіне шаншсаң қасық тік тұрады, ішсең дәмі де, дәні де піскен сүттің қаймағы сыяқты.

Әйел бізге тағы бір шағымын айтты.

— Осы үй мың жарым қой бағады,— деді ол.— Тәртіп бойынша оған алты бақташы керек. Біз үшеу-ақпыз: күйеуім, мен, мына қызым. Күйеуім күндіз бағады да, мен түнде күзетем. Осы маңда қасқыр қатты. Сақтанып бақпасаң, қойды алдыңнан тартып жеуге бар. Әсіресе түнде. Көрер таңды көзден атырам. Серік боп жүрген бір тәуір итіміз бар еді, қораға шаба алмаған қасқырлар, алдынан үріп шыққанда, әнеугүні жеп кетті. «Қора» дегеніміз,— сирек сырғауыл. Қасқырға ол бөгет бола алмайды. Итті жегеннен кейін көп қасқырға жалғыз өзім төтеп бере алмайтын болған соң, быйыл сегізінші класта оқыйтын мына жалғыз қызымды, күзетте серік болсын деп, мектептен шығарып алдым. Сонымен, бағын байладым, бұл балам — тәп-тәуір оқып жүр еді, енді оқудан қалды.

Әйел күрсініп еді, көзіне жас келіп қалды.

— Малшылардың баласын оқытуда біраз қыйындық бары рас,— деді Сары,— олардың біраз балалары оқый алмауына екі себеп бар: бірі,— мына жеңгей айтып отырған,— әке-шешелеріне жәрдемге келіп мал бағысады, (әрине, бұдан жастар малшы болмасын деген ұғым тумайды, олардың болуы керек, бірақ, олар ең кеміне жеті я он жылдық білім алу керек. Мал бағуда әке-шешесіне амалсыз жәрдемдесетін біраз балалар бастауыш кластардың білімімен қалып қояды). Екіншісі,— мектептен алыста, малдың жайылымында жүретін адамдардың балаларына жеткілікті интернатты аудандарымыз салып үлгерген жоқ, пәтерде тұрып оқуға біраз баланың мүмкіншілігі жоқ...

— Бұлардың бәрі де тез арада жойылуға мүмкіндігі бар кемшіліктер ғой,— дедім мен,— бірақ, тиісті мекеме-

лердің алдына бұл мәселені жалпыламай, конкретті түрде қою керек, яғни, мысалы, біздің осы Жаңаарқа ауданында мал жайылымында жүрген қанша адамның неше баласы интернатқа орналаса алмай жүргенін үкіметке конкретті түрде хабарласа, соған қарай шара қолданылған болар еді.

— Дұрыс,— деді Сары.— Ал, анау бірінші мәселені тіпті оңай шешуге болар еді.

— Бақташыға жәрдемшілік мәселесін бе?

— Соны айтам.

— Ие, қалай шешуге болады оны?

— Мысалы, мына жеңгей ит мәселесін айтты. Өте бір ойланатын мәселе бұл. Осы үй сияқты қолқабысы аз малшыларға қасқыр алатын иттер неге берілмейді екен? Мен білетін бір совхоздың директорында ұялас өскен екі овчарка бар, екеуі тізе қосқанда, қасқырды қояндай алады. Сондай қасқыр алғыш иттер осы маңның бұрынғы байларында да көп болатын, ол иттерден қасқырлар қой алу түгіл маңына да жолай алмайтын еді. Осы үйде сондай екі-үш ит болды бар ғой, қойға түнде күзетшінің керегі жоқ. Сондай иттерді өсіріп, бақташыларға таратуды шаруашылық мекемелер қолына неге алмайды екен? Бір рет таратып берсе, аржағында иттердің өздері де өсіп кетпей ме?

Мен күліп те, ойланып та қалдым. Күлуім,— Сарының айтуы қызық; ойлануым,— мысалы, Көкшетауда, ерте кезде «төре тұқымының көк шолағы» аталған, «Әшімнің сар-қасқасы» аталған иттер болған. Бұл иттерді көңіл жететін адамдар аттан артық көріп қалап алатын. Ондай иті бар ауылдың қотанынан қасқыр қой ала алмайтын. Бақташыға еріп малды бірге бағып кететін және баққан малға қасқырды жолатпайтын иттерді талай жерде көзімізбен көрдік. Тайкөктің Сүлеймені дейтін адамның қолына түскен бір «Сарқасқа», аз жылда жападан жалғыз

қырық шақты қасқыр алғанын білеміз... және Сібірдің тайдай үлкен қасқырларын!.. Ендеше, пайдасы осынша көп иттерді өсіруге халық шаруашылығын өркендету ісінде неге мән бермейміз?..

Осы арадан мылтық мәселесі кеп шықты. Шудың, Бетпақдаланың, Арқаның бойын кезіп жүретін атақты аңшы Рамазан былтыр мен биыл ғана жүзден артық қасқыр атып алған.

— Осындай аңшылар көбейсе,— дейді Сары,— қасқыр да азаяр еді. Бірақ аудандық мекемелер оны істемейді, аңшылықты серілік деп ұғып, көп жерде онымен шұғылдануға қарсы болады. Екінші мысалға жүйрік атты алайық. Қыс басындағы сонарда колхоздарда осындай аттар болып, қасқырларды біріге қуса, әрі санын азайтар еді, әрі қуғын көрген соң қасқыр жаны тыйыш алысқа ауар еді. Бұл маңайдың совхоздары мен колхоздары оны істемейді де, қуғын көрмеген қасқырлар еркіндеп, басынып алады. Олардың жайылымдағы малға шабу түгіл, қыста қораға түсетін себебі осыдан. Естуімше,— деді Сары хозяйкаға қарап,— сіздің отардың қысқы қорасына өткен жылы қасқыр түсіп, 80 қой шығын болды дейді, рас па, осы?

— Рас,— деді әйел төмен қарап.— Қолда қару болмағандықтан, қораға түскен көп қасқырдың біреуін де өлтіре алмай қалдық...

— Малды көп өсіреміз десек,— деді Сары маған,— қасқыр соғатын жүйрік ат пен қасқыр алатын мықты ит өсіруді ойлау керек, бақташыларды мылтықпен камтамасыз ету керек. Бұлар шаруашылық мәні аса зор істер.

— Дұрыс сөз,— дедім мен.

Кешке біз Дарат аталатын мекенге қондық. Бұрын кен зерттейтін партияның тұрағы болған бұл мекенге, осы маңайды отарлайтын бес колхоздың мәдениет орталығы орнапты: радио, почта, аурухана, қасында интернаты бар жеті жылдық мектеп, онда алты мұғалім бар, өткен жы-

лы 141 бала оқыған екен, быйыл 51 бала оқыйтын бопты.

— О қалай?! Неге азайған?! — деген сұрауға, мектеп директоры Омаров Әбдікәрім жолдастың айтары:

— Мәдени орталығымыз бұл араға былтыр ғана ауысты. Оған дейін Айшырақ деген жерде болған ек. Ол араға қыстыгүні жан-жақтан қатнасу бұл арадан әлдеқайда жеңіл. Айшырақтың маңы кең жазық, ал, бұл Дарат қалың таудың қамауында, сондықтан төңерегімізге қар аса қалың түседі де, не машине не көлікпен қыстыгүні қатнасуға болмайды. Осы маңдағы «Абай» аталатын кен өндірісінің бір инженері өткен қыс Даратқа «С-80» маркелі трактормен келмек болып, қардың аса қалыңдығынан, он екі километрден бері аса алмай қойған. Почта қыстыгүні тек самолетпен ғана келіп жүрді. Қатнастың қыйындығы сондай болғандықтан, радиусымыздағы бақташылардың көбі балаларын быйыл оқуға бермей қойды.

— Радиустарыңыз қанша?

— Жүз километрдей. Осы радиуста отыз мыңдай қой, 1500-дей сыйыр, сол шамалы жылқы қыстайды. Ол малды күтетін жеке үйлердің аралары, бері салғанда жыйырма-жыйырма бес километр, әрі салғанда қырық-елу километр. Соншалық алыста тұратын әке-шешелері, оқудағы балаларын қыстай көрмей тұра алмайды, көбінің быйыл балаларын оқуға жібермеген себебі осы.

— Ендеше мәдениет орталығы Байшырақтан неге көшірілген?

— Өзіміз де білмейміз неге көшірілгенін. Алдағы жылдан бастап Байшыраққа қайта көшу мәселесін аудан алдына қойдық, қалай шешерін кім білсін!..

Мектеп пен балалардың жатақханасымен таныссақ, тұрпайы тастан қаланған үйлері сәнді болмағанымен, іші жап-жақсы ұйымдасқан екен. Әсіресе жатақхана. Қырық балалық бұл үйлердің іші де, кроватьтары да, төсек-орындары да тәртіпті және таза жыйналған.

Бұл арада мектептен басқа үйдің саны тоғыз-ақ екен

және олардың бәрінде тек қызметкерлер ғана тұрады. Бір жақсысы — осы үйлердің бәрінде де радиоприемник бар. Қаладан алыс жапан-түзде, тастақ таулардың арасында орнаған азғантай үйлердің тұрғын адамдары Москваның, Алматының және басқа қалалардың күн сайынғы тіршілік лебін әлгі приемниктер арқылы сағат сайын емес, минут сайын естіп отырады. Алыстағы ауылдың құлағын бұлайша ашып, дүние жүзінің қыймылымен күн сайын тығыз байланыстыру, тек советтік дәуірдің ғана ісі!..

Әбдікәрім Омаров қызық кісі болып шықты. Быйыл қырық төрт жасқа шыққан, Қарағандының мұғалімдер институтын бітірген, партия қатарына 1942 жылы кірген, Ұлы Отан соғысын қолынан өткеріп, ерлік істеріне наградтар алған бұл жолдас, мектепте директорліктен басқа да көп міндеттер атқарады екен. Оған, мысалы, осы радиустегі партия ұйымдастыру қызметі жүктелген. Радиустің кендігі жүз километр екені есімізде. Әр отарда біреп-саран болса да коммунистер бар. Олардың және малшылардың арасында саяси-партиялық, саяси-көпшілік істерін үздіксіз жүргізіп тұру — партия ұйымдастырушысының міндеті. Радиустің қатнасы, әсіресе, қысқы қатнасы қандай қыйын болғанмен, Сарының айтуынша, Омаров жолдас партиялық қызметін ойдағыдай атқарып, міндетті істерін ақсатпайтын көрінеді. Сондағы бір жәрдемшісі — рация екен.

Омаровты іскер адам деп ұғынған аудан, кейде оған қанша тырбанса да күші келмейтін жұмыстарды тапсырады екен. Мысалы, жақын арада ауданнан Омаровқа: «Дарат тоғанына мектеп балаларымен бар да, ремонтын тез бітір!» деген бұйрықты телеграмма келеді.

— Бұл, енді күлетін іс,— деді Омаров, телеграмманы маған көрсетіп.— Неге күлетін іс екенін тоғанның басына барсаңыз ғана көресіз. Ол осы маңайда жақын және сіздің оны көруіңіз қажет.

Ертеңіне Дарат тоғанына барсақ, екі таудың арасындағы сай екен, сайдың тарлау жеріне тоған соғылған екен, мақсат — осы сайдан құлайтын өзенсымақ пен көктемдегі қардың мол суын бөгеп, алдыңғы кең жазықтағы егін өлкесіне пайдалану. Әбдікәрімнің айтуынша, алдына тоған соғылған бұл сайға көктемде 45—50 миллион шаршы метрдей су жыйнауға болады, егер оншалық су жыйналып, пайдаға дұрыс асса, алдағы кең жазыққа үш мың гектардай егін себуге болады. Бұл маңайдың жағдайында ол ұлан-байтақ көп жер және егер су берсе, топырағы құнарлы, егіні шығымды жер...

— Сондай пайдалы болып келе ме? — деген сұрауға тура жауап берудің орнына, Әбдікәрім осы тоғанның байлануының тарихына кетіп қалады.

— Бұл тек халықтың өз қолынан ғана жасалған іс,— дейді Әбдікәрім.— Бұдан жыйырма жыл бұрын біздің ауданда райкомның Сүлейменов Жақан дейтін секретары болған. Іске аса ынталы, халыққа өте беделді кісі еді. Қазір Қарағанды жақта бір қызметте деп есітем, не қызмет екенін білмеймін. Сол Сүлейменов ауданның халқын үгіттеді де, көп адамды жыйнап, кетпеннің ғана күшімен, аз жылда екі үлкен тоған соқтырды, бірі,— осы Дарат, екіншісі, — мына таудың аржағындағы — Кесік.

Кесікті біз көрген жоқпыз, ал, Дарат,— адамды хайран қалдырады. Өйтпегенде ше?.. Ұзындығы 800 метрдей, биіктігі онбес метрдей, табанының жалпақтығы отыз метрдей, жонының жалпақтығы он метрдей, тас пен талды байланыстыра салған, 250 мың текше метрдей тас пен топырақ үйілген бұл тоғанды, техника жоқ кездегі жұрт кетпенмен қалай бітірген!..

Жақан Сүлейменовтің бастауымен, халық аз жылда бітірген бұл екі тоған, бастапқы жылдары суға лық толады да, колхоздарға өте көп пайда береді: егін өлкесін де, шабындық пен жыйылым өлкесін де мол суарып, керемет өнім шығады. Одан кейін Сүлейменов басқа жақ-

тың қызметіне ауысып кетеді де, соғылған тоғандарды бабында күтіп ұстау ісіне ешкім көңіл бөлмейді.

«Су» дегеннің бұзғыш күш екені бәрімізге мәлім. Бетін бөгей қайырып тұрмаса, оның бұзбайтын дүниесі жоғын білеміз.

Аталған тоғандардың суы да осыны істейді. Жоғарыдан төмен сарқый құлаған судың екпіні Дарат пен Кесік тоғандарының әр жерін тесіп, жырып... дегендей, бөгеттен өтетін жолдар таба бастайды. «Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су» деп Абай айтқандай, иненің көзіндей тескіндік тапқан су, әуелі жылап аққан жерін ілезде кеңейтіп әкетеді. Бұл жыртық-тесіктерді ешкім жамамайды. Жолы ашылған су, тоғанға тоқтамайтын болады. Тоған жылдан жылға тозып, бүліне береді. Кейінгі жылдары тіпті іске аспайтын болып қалады...

Тозған, бүлінген тоғандар туралы халық тарапынан қағылған дабылдар, ауданның құлағына тек былтыр ғана шалынып, колхозшылардың күшімен аздап жөнделген болады, бірақ оған техника қатнаспайды, сондықтан шала-шарпы ғана жамалған жерлер, быйылғы көктемнің іркілген көп суына бөгет бола алмай, ыдырай сөгіліп кетеді. Тоғандарға су тағы да тоқырамайтын болады. Бұл іске мән беріп, қажетті күшпен тыңғылықтап жасатудың орнына, тағы да қағылған дабылдан қорыққан аудан, «өз мойнынан парыз аударып», отыз шақты-ақ ересек баласы бар мектеп пен оның директоры Омаров Әбдікәрім жолдасқа жоғарыда аталған телеграмманы соғады!.. Міне, қайда, Салтыков-Щедриннің геройлары!..

— Отыз шақты баламен мен не бітірем онда? — дейді Әбдікәрім ызалы күлкімен.— Мұртын да сындыра алмаймын ғой мен бұл жұмыстың. Егер техника араласпаса, балалар түгіл үлкендер де іштеңе істей алмайды бұған. Жыл сайын жамап-жасқаудың керегі жоқ ол тоғандарды. Техника араласу керек те, су ұратын сағаларды да, бассейннің астыңғы төсегін де цементпен тас қып бекіту ке-

рек. Су ағытылатын жерлерді темір бетонмен шегендеу керек. Суды механика заңымен ағытатын болу керек.

— Осының бәрі де,— дейді Әбдікәрім қызына сөйлеп, — проблема емес қой кәзір... Отанда не көп — техника мен құрылыс материалы көп!.. Біздің екі тоғанды мықтап бекітуге көп техника да, көп құрылыс материалы да керек емес. Сұраса-ақ берілетін нәрселер осылар. Соны біздің ауданда сұраушы жоқ.

— Сұраса мол сұрау керек,— дейді Сары.— Бұл ауданның мен білмейтін тауы да, сай-саласы да, өзен-бұлағы да жоқ. Осы Дарат пен Кесік сыяқты тоғандардың ауданда талайын соғатын, бұлардан да үлкенін соғатын талай жерлер бар. Плотина соғуды тілеп тұрған өзендеріміз де аз емес. Көтерген соң, осы мәселенің бәрін тұтас көтеру керек.

— Ол дұрыс қой,— дейді Әбдікәрім жымыйып,— ауданда көп тоғандар соғылуға, көп плотиналар жасалуға мен қарсы емеспін және олардың жақын кездің істері екеніне де сенем. Тек, менің айтарым,— аз жұмыспен көп пайда бергелі тұрған мына екі тоғанды тезірек қызметке қосу...

— Ол дұрыс сөз! — дейді Сары.

Ол күні біз «Жамантас» аталатын кен ошағына қондық. Бертінде ғана ашылған, шағын ғана өндіріс екен. Одан әрі, қырық-елу километрден Бетпақтың даласы басталады екен.

— Ал, құрдас,— деді маған, қонған үйімізде Сары.— Менің білетін жолым осы араға дейін ғана. Бұдан арғысын білмеймін. Сұрастырып көрсем, бұл маңайда жалғыз ғана адам біледі екен, ол — ВАСХНИЛ-дің[1] осы маңайдағы тәжрибе пунктінің бастығы Ораз Нұрғалиев. Соған кісі жіберіп алдыру керек те, Ұланбелге жеткізіп салуын өтіну керек.

[1] Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық академиясының Қазақстандық Филиалы.

— Болсын.

Оразымыз менің үлкен балам — Арыстанмен құрдас, жыйырма тоғызға жаңа толған жап-жас жігіт болып шықты. Алматыдағы Ауылшаруашылық институтын 1948 жылы бітіріп агроном болып шыққан Ораз, тура Ұланбелге келіпті де, Бетпақтың бергі бетіндегі бос жерге Ұланбелде сол жылы құрылған тәжрибе станциясының бөлімшесін ұйымдастырыпты, тұрған жерінің аты — «Шолақеспе», қызметі — Ұланбелдің көктем кезінде Шу бойынан келетін қойларын өсіріп ғылми жақтан зерттеумен қатар, осы маңның ауа райын, табиғи өсімдігін зерттеп бақылау, мәдени өсімдіктің қай түрлері өсе алуын тәжрибеде сынап көру.

Сегіз жарым жыл үздіксіз зерттеудің нәтижесінде жас маман Шолақеспеден ғажап көп мәлімет жыйнапты, мәдени өсімдіктердің бірталайы бұл араға жақсы өнетінін іс жүзінде дәлелдепті. Оның айтуынша, өсімдігі кедей сыяқтанған бұл маңайға шөптің жүзден артық түрі шығады екен және бәрі, ащы-тұщысы араласа, малға, әсіресе қой мен жылқы малына өте жұғымды екен. Мәдени өсімдіктен бидайдың түрлерін де, сұлыны, тарыны да, шөптен — жоңышқа мен бедені де егіп өсіруге болады. Қыйыншылығы — қыстығүні қарды көп бөгемесе, жазғы жаңбырға сенуге болмайды,— бұл арада жаңбырлы жаздар аз, қысы-жазы желі көп болады да, қар суының ылғалын тез құрғатып жібереді, сондықтан, топырағы егіске қолайлы болғанмен, еккен егінді өсіру бұл арада проблема.

Мал түлігін, әсіресе, қой түлігін өсіріп сапасын күшейтуде де Ұланбел тәжрибе станциясының жетістігі көп екен. Мысалы, 1948 жылы бұл станцияның қарамағына берілген жеті мың қой он төрт тұқымға бөлінсе, сегіз жылдың іс тәжрибесінде, станция оны екі-ақ тұқымға түсіріпті: бірі,— қаракөл, бірі — меринос. Қаракөл елтірісінің сапасы, біздің Одақта ең сапалы дейтін қарақалпақ елті-

рісіне таласа бастапты; сапалы биязы жүннен, орта есеппен, саулықтар үш жарым килограмнан, қошқарлар бес килограмнан береді екен. Саулық етінің салмағы—алпыс килограмға дейін, қошқар еті тоқсан килограмға дейін...

Республикадағы мал басын алдағы күндерде көбейту мәселесі сөз болғанда:

— Өзгені білмеймін,— дейді Ораз,— біздің станцияда кәзір төрт-ақ мың қой бар. Жайылымдық, шабындық жерімізді есептегенде, станцияның өзінде қой санын алдағы жылда жыйырма бес мыңға апаруға болады...

Былайша, мінезі тұйықтау, бос сөзге жоқ, әдепті, қыз сыяқты ұялшақтау Ораз, бізді Ұланбелге бастап апару сөз болғанда, құлақ қақпай көне кетті.

— Әрине, апарам,— деді ол.— Турасын айтқанда, бұл маңайда, кәзір Бетпақтың Ұланбелге апаратын жолын жақсы білетін менен басқа ешкім жоқ. Кең Бетпақтың өнбойы казір көшкен отарлар мен геологиялық партиялар түсірген айқыш-ұйқыш жол, солардың арасынан Ұланбелге апаратын жолды біліп бастайтын біреу болмаса, ауызша айтумен таба алмайсыздар.

Оразды басшылыққа алып, ертеңіне ертемен жүріп кеттік.

— Ұланбел,— деді аттанар алдында Ораз,— Шолақеспеден дәл 370 километр. Көптен бері қатнасқан жоқпын. Дегенмен, шамалауымша, үш жүз километрге дейін ел болмауға тиісті. Көшкен отарлардың шетіне содан кейін ғана легуіміз мүмкін.

Оразның айтқаны дәл келді. «Бетпақ» деген, жері белестеніңкіреп отыратын, ұшы-қыйырсыз қап-қара бір жазық екен. Түсінің қаралығы өрт жүргендей. Бір тоқтағанда Оразға:

— Неге бұлай қап-қара? — десек,

— Бетпақтың өзге шөбі бұл кезде ұшады да, тек қара жусаны ғана қалады. Күздігүні осы жусан малдың, әсіре-

се, қойдың мың да бір асы. Бұған бір ай жайылған қой, майдан шаялап қалады. Және етін қандай асылдандырады, бұл қара жусанға семірген қойдың майын ауызға салуға болмайды: әрі сүрленген майдай көкпеңбек, әрі бір жапырағын жесең, жүрегіңе шық ете түсетін жіті!..

— Ендеше, бұл араға қойды неге жая бермейсіздер?— деген сұрауға, Ораз қарқылдап күледі.

— Неге күлесін?

— Жер жағдайын білмеуіңізге. Оты сонша қуатты бұл арада су жоқ. Бұлақ анда-санда бір-ақ кездеседі. Құдықтан су шықпайды. Геологиялық партиялардың айтуынша, осы Бетпақтың отыз-қырық метрден арғы асты, түбіне бұрғы жетпейтін тұп-тұтас қалың және қатты тас. Тасқа дейін жер астында су жоқ. Қалың тастың тереңінде тұщы су бар деседі, бірақ ол мың метрден арғы тереңдікте кездеседі, сонша тасты қазып жетуге кімнің күші келеді?

— Бұлақтың суы қайдан шығады?

— «Қалың тастың жарығынан» деседі білетіндер. Бетпақтың бойында ара-тұра ши өскен сайлар кездеседі. Су мамандарының айтуынша, сол тұстарда көзі ашылмаған бұлақ бар.

— Ашуға болмай ма ол көздерді?

— Өзі ашылмаса, қайдан табасын? Қай сазды қазып тауысасын? Кей сазда бұлақтың көзі бар жер белгілі тұрады. Оларды ашу оңай. Жолда көзі ашылған бұлақтарды көрсетем.

— Бетпақтағы су жайы осылай! — дейді Ораз, «от арық, су семіз» депті ғой аталарымыз. «Сусыз жердің шөбі арам» депті ғой. Рас сөз. Өмір тәжрибесінен шыққан шындық. Егер суы болса, бұл Бетпақ далаға миллиондаған мал, әсіресе қой мен жылқы өсіруге болар еді. Қазір ол көктем мен күзде мал айдап өтетін жолдың жайылымы ғана.

— Ол кезде суды қайдан ішеді мал?

— Бұлақтардан және еріген қардан қаққа тұрған судан. Көктемнен кейін ол қақтар кеуіп кетеді. Күз бұлақтан басқа су жоқ, сондықтан, көктемде Шудан Арқаға беттеген мал асықпай жайылса, күз Арқадан Шуға қайтқан мал асыға өреді...

— Көктемі тамаша ғой, бұл Бетпақтың! — дейді Ораз, — неше түрлі тамаша шөп шығады қардың суымен!.. Әсіресе — рәң. Одан асыл шөп жоқ қой малға. Әттең, не керек, Арқаның июньнен басталатын ыстығына шыдамай ұшып кетеді!..

Тағы да ілгері жүрдік... Тағы да дала... дала!.. Таусыз, сусыз, ұшы-қыйырсыз кең дала! Тесіле қарасаң көзді қарықтыратын қап-қара дала!..

Жердің жалпая беруіне жүрісіміз себеп болып келе жатыр. Тастақ жердің жолы тамаша. Онымен біз ағызып кетсек, 370 километр деген Ұланбелге төрт-бес сағатта жетіп қалар ек. «ЗИМ» сөйтейін десе, «Газ-63» ере алмайды. Күші көп болғанмен, бойы түйедей қаңқайған ол, сағатына отыз-қырықтан артықты ала алмайды екен және ирегі көп жолдың шұғыл жалтарысты тұсында ақырындап өтпесе аударылып қала жаздайды екен. Сонысын білетін шофер (Женний дейтін неміс, өзге немістер сияқты ол да есепқор, сақ) жолдың тура тұсында ғана отызқырықтан айдайды да, ирек тұсында он бес-жиырмадан аспайды. Бұл жүріске ішіміз пысқан біз кейде озып кетсек, айқыш-ұйқыш жол алдымыздан әлсін-әлсін кездеседі де, қайсысына түсерімізді білмей «так» деп тұрамыз да қаламыз...

Осындай жүріспен жалығып келе жатқанда, алдымыздан бұлақ кездесті. «Ура!.. Бұлақ!.. Жасасын, су!» дестік бәріміз бір ауыздан. Жағасына тоқтай қалдық. Көзін көшпелі отарлар ашқан бұл бұлақтың суы мол екен. Олар бұлақтың қайнар көзін цементпен қоршай бекітіп, кең арна жасаған екен. Арна кәзір үп-үлкен және кісі

бойына жақын теп-терең бассейн болып тұр. Суының мөлдірлігі көздің жасындай, тәттілігі балдай, суықтығы мұздай!.. Сусынымыз қанғанша сіміре кеп жұттық-ау, жарықтық суды!..

Су маңының тақырлығы, малдың тезегі, оттардың орны бұлақ басына көп ел, көп адам түнеп кетуіне куә боп тұр. Ораздың айтуынша, ел жоқ кезде бұл бұлаққа осы Бетпақта табындап өсетін ақбөкендер келіп түнейді. Аңшыларға олар оңай алдырмайды,— күзетші қояды. Бірақ, айлалы адам кейде күзетшінің де көзін алдап, табыннан сыбағасын алып қалады.

Ораздың бұл сөзіне куә болғандай, бұлақ басында бүгін ғана сойылған бір сорлы бөкеннің терісі мен шек-қарнының жұрнағы жатыр. Қу аңшы қапысын тауып атқан болу керек те, терісін сыдырып, ішін босатып, етін алып кеткен болу керек..

Бұлақ басында аз уақыт тыныққаннан кейін тағы да ілгері жүрдік. Тағы да жап-жазық, қап-қара дала... Біраз жүргеннен кейін, дөңестеу бір жерде геологиялық партия бұрғылап кеткен орын кездесті. Бұрғыдан шыққан тастардың түріне қарасақ, жез, қорғасын сияқты кендер барға ұқсайды.

— Бұл Бетпақтан талай кендер табылып та жүр және алдағы күнде де табылуы да сөзсіз,— дейді Ораз.— Қазір-ақ өндіріске айналып, қала боп кететін жерлер бар, бірақ сол қалаларға су жоқ. Алыстан тасып қалай үлгереді.

— Бетпаққа Ертісті немесе Обьты бұ-



рып әкелу мәселесі сөз болып жүрген еді ғой, соның аяғы немен тынды? — деген сұрауға,

— Теориялық жағынан дәлелденген мәселе ғой ол,— деп жауап береді Ораз,— бірақ, аса көп қаражат керек көрінеді ғой оған,— «жыйырма бес — отыз миллиардқа түседі» дейді ғой. Өте қымбат қой ол.

— Бола берсін. «Су болса, бұл Бетпақта миллиондаған мал өсер еді» деп келе жатқан жоқпысын өзің. «Кен байлығы да көп» дейсін. Солар өтемей ме каналдың шығынын.

— Әрине, өтейді. Бірақ, мемлекет қалтасынан отыз миллиардты шығара қою да оңай емес қой. Ерте ме, кеш пе, ондай қаражат шығарылар да, канал қазылар да!..

Әрі қарай тағы да біраз жер жүргенде, алдымыздан жалғыз қасқыр қашты. Даланың қасқыры кішіректеу болса керек еді, мынау Сібір ормандарында өсетін, тайыншадай ірі қасқыр, өзі арлан!.. «Газ-63»-ке ол, әрине, жеткізбейді. «ЗИМ»-мен қуар ек, қарағаны қалың өскен дала екен, қабырғаларының сырын тырнап тастайды. Сондықтан, көрінеу қашқан арланды тұра қумай, тоқтаған машинадан түсіп, таңырқай қарадық та тұрдық.

— Әттегене-ай! — деп өкіндік біз. Манағы жусанды жазықта кездессе ғой,«ЗИМ» оны бұра бастырмайды!

— Қасқыр малсыз жерде жүрмейді,— деді Сары, арлан қарасын үзіп кеткенде.— Осы манда мал болу керек. Ол соны қараулап жүр...

— Мүмкін,— деді Ораз,— жақын жерде «Шәйтансимес» аталатын бұлақ бар, соның маңында біздің бір отар жатуы мүмкін. Жұрқабайдың Құсайыны деген қартымыз Шолақеспе маңынан өзгеден гөрі кешеуілдеп көшкен еді, мүмкін сол болуы.

Ораздың жорамалы дәл шықты. Ең алдымен бізге «Шәйтансиместен» су ішіп жатқан меринос қойының табыны кездесті. Қойды суарып тұрған зор денелі сары кес-

кінді жігіт Құсайынның серігі екен. «Өзі ауылда» деді ол Құсайынды.

Ауыл дегеніміз — кішірек екі қос екен. Бір қолы мүгедектеу Құсайынның бетінен қаны тамған күп-күрең, сақал-шашы қап-қара. Жасын сұрастырсақ,— елу төртте. Бұжырлау, ескі өңділеу әйелінің аты Маптуқа екен. Оның құшағындағы қоңыр кескінді семізше бала Құсекеңнің үш жастағы ұлы — Қенжетай болып шықты. Мен оларға:

— Қенжеміз деуге ертерек емес пе? — деп қалжыңдасам, Құсайын жымыяды да:

— Әрине, ерте. «Қенжетай» кенжеміз болады деп қойған атымыз емес, сіздің «Ботагөз» дейтін кітабыңыздағы Қенжетайдың аты,— дейді.

— Әдебиет кітаптарын оқыйсыз ба? — десем,

— Жоқ, шырағым,— дейді Құсайын менен өзін жас жағынан үлкенге санап.— Ұланбелде сегізінші класта оқып жүрген Бейсен дейтін балам бар, үйге демалысқа келгенде кітапты сол оқып береді. Былайғы уақытта мынау тұрған балам — Сауытхан оқып береді.

Сауытхан жыйырма алты жаста екен. Орта мектептің жеті класын бітірген ол әкесімен қой бағуға шығыпты, кәзіргі қызметі — лаборант. Мен оған:

— Дұрыс істегенсің шырағым,— десем.

— Бұрысы да бар ағай,— дейді Сауытхан салмақты дауыспен.— Шаруашылық орындарымыз қойды бізге өсір дейді де, бақташылардың тұрмысына жағдай жасамайды. «Жағдай» дегенде үкіметтен сұрайтынымыз бір ғана нәрсе.

— Не ол? — дейді шапшаң Сары.

— Киіз үй. Біз — қойшылар, жазы-қысы көшіп жүретін халықпыз ғой. Және ұзай көшеміз. Кенеп шатыр бізге қолайлы емес,— жаз ыстық, күз суық; егіншілердің бригадасына берілетін күймелерге де біз тұра алмаймыз,— оны әрі сүйреп жүру қыйын, әрі малшының әр жағдайда от жағуына, жатып-тұруына қолайлы емес. Біз-

ге ең қолайлысы — қазақтың кигіз үйлері. Көшпелі аталарымыз оны бекерге жасамаған: жығып, тігуі де жеңіл, жазға салқын, қысқа жылы, іші кең, от жағуға қолайлы.

— Сондай үйлерді неге жасап алмайсындар? — дейді Сары Сауытханға, әлденеге көзін қысып.

— Кигіз керек қой оған,— дейді Сауытхан, Сарының көз қысу мәніне түсінбегендей.— Кигізге жүн керек. Үйге жететін жүнді қайдан табамыз? — Үкімет бермейді, өз меншігіміздегі аз ғана қойымыздың жүні жетпейді.

— Алматыдан, басқа жерлерден кигіз алып жатпайсыздар ма? — дейді Сары қуланған кескінмен.

— Ондай кигіздің барынан жоғы!..

— Неге?!..

— Немістердің «эрзац» дейтіні сол кигіз: сыйыр жүнін қоса ма, немене,— бір жазға шыдамай ыдырап жыртылып кетеді, өзін өлердей қалың ғып басады,— тігуге де, көтеруге де ыңғайсыз. Заводтан шығатын кигізіміз сондай болса, үйдің әлдеқайлардан жасалып келетін сүйегі ше? Имек қып жасайтын уықты, найзадай тіп-тік қып жасайды да, үйдің төбесі дөңгелене келмей, сүңгідей шошаяды да шығады; керегелерінің көгі қой терісінен жасала ма, немене,— бір жазға шыдамай сөгіліп кетеді; шаңырағын уықтың санына қарай төспей, үй тігілгенде, көп уықтың қаламы сұғынар орын болмайды; кейде кереге басының саны мен уық саны қайшы кеп, бірі аз, бірі көп болып жатады; басқұр, таңғыш, желбау, белдеу сияқты үйге қажетті жіптер бұрынғыдай қылмен араласқан жүннен есілмей, кендірден, жөкеден жасалады. Олар ыстыққа шыдамай, бір жазда быт-шыты шығып үзіліп қалады...

— Сонда, сенше не істеу керек? — деп Сары Сауытханның аузына сөз салады.

— Бұрынғы көшпелі ауылдың істегенін істеу керек. Кереге-уықты теректен иіп, жақсылап жасау керек, көкті жылқы, түйе сияқты малдардың қалың қайысынан түю керек, жіп-шуды қыл араласқан жүннен есіп, кигізді қой-

дың жүнінен басу керек. Бұлайша кигіз жасауға үкімет планмен жүн беру керек.

— Қанша жүн кетеді сонда бір үйдің кигізіне?

— Жетпіс килограмм. Және быязы жүн емес, қазақы қойдың қатқыл жүні. Биязы жүннен жақсы кигіз басылмайды. Қазақы қойдың жүнінен кигіз нық басылады және ол кигіз берік болады. Отыз қойдың жүнінен бір үйдің кигізі мол шығады. Міне, осыны істеу керек. Меринос санын көбейте отыра, жүні мен еті үшін қазақы қой да өсіру керек. Жүннің пайдалысы әлгі болса, қазақы қойдың еті мериностан ауыр да, сапалы да екеніне ешкім таласпайды...

— Міне, естідің бе, Сәке? — деді маған Сары.— Осы айтып отырған сөздер бұл жігіттің ғана емес, барлық бақташының айтатын сөзі. «Малды өсір» дегенде малшының тұрақ жайын да ойлау керек қой. Біздің шаруашылық орындарымыз оны ойламайды. Өз бетімен жасап жатқан аз үйінің өзі,— Сауытхан айтқан «эрзац». Рас айтады,— ондай үйдің барынан жоғы. Бақташылардың өздері жасаған ескі үйлер тозды. Олардан қалған жұрнақтар — мына тұрған күркелер. Жасыратыны жоқ,— мұндай күркелерді ескі уақыттағы байлардың батырақтары да тігіп көрген жоқ. Адам бұндай күркелерде жаз қалай тұра алады? Ішінде айналар жер жоқ қой? Ыстықта пысынап өлмей ме адам бұдан? Әсіресе, қысты күні қалай тұра алады мұндай күркелерде? Бірақ, амалсыздың күнінен тұрып келеді!.. Тұрмағанда не істейді? Малдан қаша ма?.. Үкімет орындарының бұл қатты ойланатын істері...

— Малшылардың тұрақ жағдайы осындай болғандықтан,— дейді Сауытхан,— жастар қалай келеді бұған? Көп отарларда жас бақташылардың болмау себебі содан. Бақташыларға жақсы кигіз үй жасалып берсінші, кино келсінші, радио орнасыншы, кітапхана, қызыл-отау жақсы үйлерге ұйымдассыншы,— жастардың бақташылыққа да қаптап келуіне мен кепіл болайын!..

— Міне, осы сөзді үкіметтің құлағына жеткізу жазушы — сіздердің борыштарыңыз! — деді Сары маған, жерді жұдырығымен түйгіштеп.

— Жазылып та жүр ғой ол,— деді Сауытхан.— Ұмытпасам, былтыр «Қазақ әдебиеті» газетінде Ғабит Мүсреповтің «Алты аяқ» деген мақаласы шықты ғой. Осы кемшіліктер айтылған еді ғой онда. Бірақ, кім құлақ асты оған? Ешкім де!..

— «Правдаға» жазу керек,— деді Сары.— Одақтық үкіметке жеткізу керек осы мәселені.

Менің айтқаным: «Үкімет пен партия Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету туралы жақын арада қаулы алуға тиіс, сонда бұл мәселе қоса шешілер деген үміттемін!»

— Бізде сондай үміттеміз,— десті өзгелері.

Біраз тыныққаннан кейін біз әрі қарай жүріп кеттік. Ұланбел «Шәйтансиместен» тоқсан километр екен. Бұл екі араның жерін біз көре алған жоқпыз,— түнде жүріп отырдық. Сондықтан ба, әлде жері және жолы жаман ба,— Ұланбелге біз қыйналып жеттік.

Ұланбелдің де түнгі көрінісі аумаған Атасу екен. Бұнда да, көрдей қараңғы түнде электр нұрына бөленген қала алдымыздан шыға келді.

Біз тәжрибе станциясының директоры — Сәлмен Тасболатовтың үйіне қондық. Әуелі Орынбор рабфагын, одан Москваның Тимирязев атындағы Ауылшаруашылық Академиясын, одан соның қасындағы аспирантурасын бітірген ғылымның бұл кандидатын мен жас-өспірім кезінен білем. Ертеңіне кеңескенде, ол да және станцияның ғылми қызметкері Сарымсақов Тілеулі де ең алдымен Кәрім Мыңбаевты естеріне түсіреді.

Олары маған зор адамгершілік сыяқтанды. Олай дейтінім: советтік дәуірде Қазақстан ғалымдарының ішінен Бетпақ даланы бірінші боп зерттеген де, Ұланбел тәжрибе станциясын құру идеясын туғызып, оның алғашқы қа-

дасын өз қолымен қағысқан да адам Қәрім Мыңбаев. 1906 жылы кедей семьяда туған, совет мектептерінде оқып ауыл шаруашылық ғылымының докторы атағын алған, өз мамандығы жөнінде ғылымдық бағасы зор көп еңбектер жазған Қәрім Мыңбаев, 1947 жылы ВАСХНИЛда құрылған арнаулы экспедицияны өзі бастап, жаз бойына Бетпақ даланы зерттеп шыққан, осы жайда қалың кітап жазып баспада жариялаған, халық шаруасын, әсіресе мал шаруасын өркендетуде Бетпақтың орны үлкендігін ғылыми фактылармен дәлелдеген Мыңбаев, болашақтағы зор істің алғашқы тәжрибесі есебінде Ұланбел станциясын құрған.

Бірақ, зор өкініш,— өзі бастаған, өз қолынан құрған игілікті істің қызығын көре алмай, талантты, талапты, жігерлі оқымысты Қәрім Мыңбаев, 1948 жылы, 42 жасында, ауада болған апатты, қайғылы қазаға ұшырады!.. Ұланбел станциясына үкімет сүйікті ұлы — Қәрім Мыңбаевтың атын қойды...

Тасболатов пен Сарымсақовтың айтуынша, алғашқы кадасы Қәрім Мыңбаевтың қолынан қағылған станцияның тәжрибе істері тез өркендей бастайды, станцияның төңірегіне өзге шаруашылық мекемелер де үйіріледі. Қазір қырық мыңға жақын қойы бар қаракөл совхозы, жыйырма жеті колхоздың Шу бойынан шөп шабуын қамтамасыз ететін машина-шөп станциясы орнады. Олардың бағатын шаруалары бөлек болғанмен, мекендері бір жерде,— Ұланбелде. «Ұлан» монғолдың «Қызыл» деген сөзі деседі. Соған қарағанда, бір заманда бұл араны монғол тұқымдас елдер жайлаған сияқты, «соның куәсы боп, көп жерде тас ескерткіштер жатады» дейді, менімен әңгімелесіп отырғандар.

— «Бел» қазақ сөзі ғой,— дейді Сарымсақов,— бұл араның «Ұланбел», яғни «Қызылбел» аталатын себебі, осы қаланың батысына жақын жерде топырағы да, тасы

да қып-қызыл белес бар. Сол арада геологиялық экспедицияның «Қызылқорған» аталатын мекені де бар.

Тасболатов, Сарымсақов және мен,— үшеуміздің кеңесімізге совхоздың директоры Жамбылов Төлеубек пен машина-шөп станциясының директоры Дәуітов Шімкен де қосылды. Олармен ұзақ кеңесте менің аңғарғандарым:

біріншіден,— тәжрибе станциясының құрылу мақсаты ақталған, бұл маңайда асыл тұқымды малдарды, әсіресе қойларды өсіруге болатындығы дәлелденген;

екіншіден,— маңайдағы өлкелер түгел игеріліп болған: көктем бастала, қар суын пайдалана отыра, мал отарлары Арқаға беттей жайылады да, күн қызып кеткенше (ай, ай жарым шамасында) Бетпақтан өтіп, Арқаға жетеді, күз, салқын түсе кейін көшіп, ай шамасында Арқадан Шуға жетеді, қысқа қарай, Шудың күнгей бетіндегі Мойынқұмға сіңіп кетеді, құмды көктемге дейін мекендейді, сонымен, сөздің қысқасы, мал жыл тәулігінде түгелімен аяғынан оттап шығады, ондаған жылдарда бірер рет кездеспесе, бұл аталған өрістердің бойында жаз тақыршылық, қыс жұт болмайды;

үшіншіден,— Бетпақ шөлінің кәзір жетпіс проценті игерілген, оның белін кесе, тоғыз жерден тарамдана трасса-жол салынған, сол жолдармен табын малдар көктемде де, күзде де, араларының алшақтығы елу километрдей болып қатар өреді, Бетпақтың жол түспеген тұстары жуық арада меңгеріледі;

төртіншіден,— оты құнарлы бола тұра, су мәселесі шешілгенше, яғни Ертіс пен Обь канал арқылы бұрылып келгенше (оған, әрине, әлі көп жыл бар), Бетпақ дала мал отарларының көктем мен күзде өріп өтетін ғана мекені боп қала тұрады;

бесіншіден,— малдың жайылымдарын, Шу өзенінің бойынан жыл сайын шабылатын шөпті есептегенде, бұл маңайға бес миллионға дейін мал өсіруге болады, кәзіргі бары — бір миллионның төңірегінде ғана.

Ұланбелдің бұл сыяқты болашағына сүйсіне отыра, мекендеуге дәл осы араны неге таңдау себептерін сұрасам:

— Бұдан қолайлы орын жоқ,— деседі әңгімелесушілерім.— Күнгей жағымыз — Мойынқұм, теріскей жағымыз — Бетпақ дала. Шу аяғының бұл тұсы Мойынқұмның да, Бетпақ даланың да орта тұсынан килігеді, сондықтан қарым-қатнасқа өте қолайлы.

— Өңгесінің бәрі де жақсы-ау бұл араның,— дейді Сәлмен Тасболатов күле сөйлеп,— әттең жазғы масасы мен сонасы-ай!..Масасы бұлттай үйіріліп буып жібереді, сонасы жарып жібереді!.. Ала-жаздай Шу бойында мал ұстамайтын себебіміз сол!..

— Санитарлық отрядтар болушы еді ғой, маса-соналарға самолеттен у шашатын?

— Бізге де келеді ол отрядтар, уын да себеді, бірақ, онымен таусылмайды! Дала былай тұрсын, осы қаланың өзінде жаз айларында ұйқтау қыйын: үйге жатсаң — қапа-ыстық, түзге жатсаң — маса!..

— Жазушыны қорқытпайық,— деді Дәуітов қуланып, — әйтпесе жаздыгүні келмей қояр...

— Ол ерік өзінде,— дейді Сарымсақов,— бірақ, айту керек,— бұл арадағы халықтың қандай қыйындықпен еңбек атқаратынын біліп кетсін. Маса-сонаның сондай буып тұрған кезінде, әрі күні күйіп тұрғанда, пішеншілер ұзақ күннің бойына шөп шабады, әне, қыйын жұмыс деп соны айт!.. Ол шахтыда істеуден де, завод пен фабрикада істеуден де қыйын ғой деп ойлаймын. Жеңіл көйлекпен жүрген адамды маса-сонаның талауынан артық азапты көрген емен. Ал, пішеншілерді олар бір күн емес, жаз бойы талайды. Сондай жағдайда олар ерінбей еңбек атқарып, өнімді жеміс береді. Әне, шын еңбек ерлері деп соларды айт!..

Күндіз аралап көрсек, Ұланбелдің қала сәні де, үй сәні де, жан саны да, мәдениет ошақтары да Атасумен

қарайлас екен. Бетпақ шөлінің екі жақ шетіне советтік дәуірде орнаған бұл екі қала, таразының екі басындағы табағындай, барлық жағдайында да бір-біріне теңбе-тең. Табиғат жағынан айырмасы — Атасуды қоршай қалың ши, Ұланбелді қоршай қалың қамыс өскен.

Әңгімеден босап, қаланы аралап жүрген шағымызда, негізгі салығы Алматыда болатын Сәлмен Тасболатов:

— Тәжрибе станциясында малымызбен мақтанғанмен, табиғат көркемдігімен мақтана алмаймын,— деді маған,— Шудың аты зор болғанмен, бұл тұсының суы күзге қарай үзіліп, ойдым-ойдым жерінде ғана қалады және аяқ жағы болғандықтан, көктемде суы бұл тұсқа кең жайылып, сай-салаға өскен қамыстың ұшы-қыйыры болмай кетеді. Бұл араның көркі сол ғана. Шуда ең көрікті дейтін бір жеріміз бар, аты — «Қамқакөл»...

Есіме түсе кетті: Қәрім Мыңбаев та «аса сұлу» деп ол көлді мақтайтын. Сырттан құмартқан көлді көргім келгенін айтып ем. Ұланбелдік жолдастар қуаттай кетті.

— Тоқсан-ақ шақырым! — деді Дәуітов.— Кешке дейін барып ораламыз.

Аттануға жыйналғанда, Ұланбелдің бір кемшілігі көріне қалды: соншалық алыста, сонша кең далада сонша көп қызметтер атқарып жатқан ұйымдарға, облыстық, республикалық басқарушы орындар дені дұрыс жеңіл машина бермепті, берілгендері ескіріп, ремонтқа тұрып қапты...

Қонақты грузовикке мінгізуге ұялған, жеңіл машинаның тәуірін таба алмаған ұланбелдіктер, маған сыр білдірмеген болғанмен, өз-ара қатты қыйналғаны кескінкейіптерінен көрініп тұрды.

Менен жасырған боп көп іздегенде олардың тапқаны, — баяғы, жыйырманшы жылдары шығарылатын газиктің бейнеуі кете тозған біреуі. Одан басқа табарлары болмаған соң, төрт-бес кісі міндік те, Қамқакөлге бет қойып жөнелдік.

Кейбір арық аттар болатын, сырт пішініне қарағанда, итере салса құлай кетуге даяр тұрған сияқтанатын да, міне жөнелсе, жанын сүйретіп ілгері жылжый беретін. Біз мінген машинаның сырт көрінісі маған сол арық ат сияқтанды, ал, міне жөнелгенде моторындағы, рессорындағы әлденеменелері сатыр-күтір, тарс-тұрс етіп мазаны алғанмен, еш жерде бөгелмей, аңқылдатып айдады да отырды. Алғашқы кезде «қай жерде шоңқыйып қалар екен?!» деп зәрем кеткен еді, аздан кейін бойым үйреніп алды. Тегі, өздеріне сенімді «көлік» қой деймін, иелерінде уайым жоқ,— «қағанағы қарқ, сағанағы сарқ» дегендей, жол әзілін айтып, ойын-күлкіден езулерін жыймайды...







Қалжың айта күліп отырған біз, Қамқакөлге қалай жеткенімізді білмей қаппыз. Көлге таянған шақта, қыраттау жерде өркештенген құмды, ойпаттау жерде өскен қамысты аралай жүрген жол бір дөңеске шыққанда, тымық ауада мөлдірей тұнған шалқар көл алдымыздан айнадай жарқырай қалды.

Күн ол кезде батысқа еңкейіп, батуға беттеп бара жатыр еді. Аспанның өзге тұсы ашық болғанмен, батар күннің түрлі түсті бояуына шомылғысы келгендей, алыста бұлдыраған биік тау сияқтанып, батыс жиекке сиректеу қоңыр бұлт шөгіпті. Біз Қамқакөлге жақындай, күн сол қоңыр бұлтқа сүңгіді де, «мен әлі де жер бетінде бармын» деп белгі бергендей, жан-жаққа кең тармақтана шыға келді. Күн сәулесіне боялған бұлтты аспан, жердің үсті түгіл астында да бар сияқтанып, батыс жиектің бар-

лық әдемілігі, нақ сол бейнесімен, Қамқакөл шалқарының тұнық түбінде де жайнап кетті.

Біз машинадан түсіп жағасына барғанда, былай да шалқар Қамқакөл тіпті кеңіп, арғы жақ жағасына көзіміз жетпей қалды. Байыр күнге боялған батыстағы жеркөктің әдемілігі енді судың асты-үстінде тұтасып кетті...

Сол бір сәтте, менің ойым шындық дүниесінен хыял дүниесіне кетіп қалған сыяқтанды. Бірақ, біздің социалистік отанымызда хыялдың өзі де шындық қой. Оны растайтын көп дәлелдің біреуі — менің осы сапарда көріп келе жатқандарым...

Мен әуелі тыңы көтерілген, одан бай астық өндірген өлкелерді араладым. Ондағы мен көрген шындықтар менің хыялымнан әлдеқайда биік боп шықты.

Одан кейін мен мал жайылып жүрген тыңдарды аралап кеттім. Онда да елеулі жетістіктер болғанмен, егін өлкесіндегі тыңда кездесетін жетістіктердің тырнағына тұрмайды, тобығынан келмейді. Соған қарап, «мал өрісіндегі тыңның да табысы егін өлкесіндегі тыңның табысына теңессе-ау!» деп арман еттім.

Жайылым өлкелерін аралап, ғылымның, өндірістің қайраткерлерімен кездесіп кеңескеннен кейін, бұл хыялымның да шет-пұшпағы көрініп, шындықтың қармағына іліне бастаған сыяқтанады, орта белін баса аралап келген Арқа мен Бетпақты алдында не күтіп тұрғаны көзіме айқын елестегендей болды...

Коммунистік партияның, Совет үкіметінің, олар бастаған көп ұлтты, бір мақсатты халықтың өткен күндерде ерлікпен атқарып, зор табысқа жеткізген еңбектерін көзбен көргендіктен, алдағы істердің де осы бетпен кете беруіне ешбір күдігім болған жоқ.

Ендеше, Арқаны, Бетпақты, Шу бойын алдағы күнде күтіп тұрған жемісті зор істерге менің де үн қосып, ісіне араласқым келді, ол істер туралы да шығармалар жазуды арман еттім...

Осы арман менің қиялымды, күні батып күрең түстенген Қамқакөл жиегінің биігіне де шырқатып шығарды, тұнығына да терең сүңгітті...

Сол кезде, менің есіме мәңгілік досым Баймағамбет Зтулиннің «Күннің батуы» деген өлеңі түсті. Жатқа білетін бұл өлеңді мен ішімнен оқыдым да, ақырғы екі жолын дауысымды шығара айттым:

Осыдан әсерленіп, көңіл толқып,
Мен дағы терең ойға кеттім әрі!..

10—XII-1956 жыл.
Алматы.





ЖЕҢІС ЖЫРЫ „ЖЫЙЫРМА БЕС“



Қазақ халқының ең сүйікті әнінің бірі — «Жыйырма бес». Бұл әнді шығарушы, XIX ғасырдың орта кезінде жасаған Зілғара Қаратоқа ұлы қартайған шағында:

Ақырған аюдай-ақ Зілғара едім,
Алмаған ата тілін бір бала едім,
Кешегі жыйырма бес қайта келсе,
Төрт бұрышын дүниенің шырмар едім! —

деп өкінеді.

Жастықты сағынған қарттың бұл тамаша әні, екінші жағынан, жастың жеңбейтін қыйындығы, жастың алмайтын қамалы жоқтығын көрсетеді. Қазақ мақалының «Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады» дейтіні де, «Кәрі келсе — асқа, жас келсе — іске» дейтіні де сондықтан.

Расында да осылай екендігіне айқын куәнің бірі — соңғы үш жыл ішінде қазақтың ұлан-байтақ кең даласында көтерілген тың.

Революциядан бұрынғы ұғыммен алсақ, шындықтан гөрі ертегіге ұқсайтын бұл ғажап қыйын істің ең ауыр жүгін көтеріп, жеңісті шыңына шығарушы негізінде жастар.

Тың көтеру ісіндегі жастардың қыймылы мен қайратын баспасөз мәліметтерінен оқып түсіну бір басқа да, көзбен көріп түсіну бір басқа. Мен бұл ғажап істі көзбен көріп түсінген адамдардың бірімін. Сонда, мен не көрдім?..

Бұл әңгімені айтар алдында, оқушылардың есіне төменгі бір жағдайды сала кеткім келеді: Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдардың бірі. Тың және тыңайған жерлерді жақсы игергендігі үшін быйыл 1957 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған Айтмұхамметов Ахметқали екеуміз, машинамен сапар шектік, бетіміз — менің туып-өскен жерім — Достың жайлауы. Айтмұхамметов ол жылы — Қостанай облысындағы Пресногорьков аудандық партия комитетінің секретары.

Жортқан аң мен ұшқан құстан басқа жан-мақұлық кездеспеген бұл аса кең жайлауды Айтмұхамметов екеуміз машинамен екі-үш күн аралап әрең бітірдік те, оралып елге келе жаттық. Сонда —«апырау,— деген арманды айттық Айтмұхамметов екеуміз,— топырағы осынша бай, осынша кең жайлау неге бос жатады?!»

Сол жайлауға, тың және тыңайған жерді игеру туралы Бүкілодақтық Орталық Партия Комитетінің қаулысы шыққаннан кейін жыйырмадан астам совхоз орнады да, 1956 жылы қазақ даласы берген астықтың миллиардына Дос та өзінің мол үлесін қосты.

Бірақ, бұл жайлау мұншама мол табысқа жеткенде, Айтмұхамметов жолдас Пресногорьковта емес, Қостанай облысының Орджоникидзе ауданында, аудандық атқару комитетінің председателі еді.

Бұл аудан да менің көрген жерім. Ұлы Отан соғысы басталған жылдың күзінде мен Қостанайдан машинамен шықтым да, Тобылдың күнгей-батысқа созылған бас жағына қарай өрлей отырып, өзеннің «Түйемойнақ» аталатын бұлтарысын мекендеген Денисовкеге бардым. Ол Орджоникидзе ауданының орталығы орнаған село.

Шамасы Қостанайдан жүз елу километрдей тұратын

Денисовкеге жеткенге дейін менің көргенім — кең аспанның бетінде ашық күндері шоқтала көшкен шөкім бұлт сыяқтанып, анда-санда әржерде ғана егіс өлкелері ұшырайды да, ұшы-қыйырсыз жап-жазық кең даланың түрен тимеген тыңына қалың өскен бетеге мен селеу, желді күнгі теңіздің бетіндей тербеледі...

Ол жылы Орджоникидзе ауданының секретары Айтмұхамметов емес, атын қазір ұмытқан басқа бір жолдас. Сол жолдас екеуміз бірнеше күндік уақытымызды қыйып, машинамен аудан жерін түгелге жақын аралап түстік. Бұл ауданның да жері Достың жайлауына ұқсас екен: топырағы асыл кең жердің жазық бойында ел мекендеген орын өте сирек кездеседі, кейде елу-алпыс километрдің бойында адам исі сезілмейді.

— Ол қайдан сезіледі,— дейді секретарь,— ауданымызда барлығы жыйырма бес мыңдай ғана жан бар, ал жер көлемі 1 626 840 гектар!..

— Егісіңіз?

— Жер көлемімен салыстырғанда айтуға тұрмайды,— дейді секретарь қолын сілтеп,— барлығы қырық-елу мың гектардай ғана!..

— Осы кең жерді түгелімен қашан игерер екеміз?! — деп арман етеді, секретарь.

— Бұндай бос жатқан жайлаулар Қазақстанда толып жатыр ғой,— дейміз екеуміз,— солардың бәрі пайдаға қашан асар екен!..

— Бұл біздің ғана арманымыз емес,— дейді секретарь,— жалпы халықтың арманы.

Халық бұл арманына 1954 жылдан бастап жетті. Соның бір куәсі Орджоникидзе ауданы. 1955 жылы бұл аудан, Орджоникидзе және Қамышенский атанып, екіге бөлінді, соның тең-жарымы — Орджоникидзенің бір өзі — 1956 жылы 357 мың гектардай егін сеуіп, 32 миллион пұтқа жақын астық жыйнады, мемлекетке жыйырма алты миллион пұттай астық берді.

Мұнша астықты соғыстан бұрынғы жылда бүкіл Қостанай облысы боп бере алмаған!..

Осынша зор табысқа жетудің арқасында Орджоникидзе ауданынан быйыл 6 адам Социалистік Еңбек Ері атағын алды, солардың бірі,— жоғарыда аталған жолдас Айтмұхамметов Ахметқали. Бұл ауданның егіншілерінен 20 адам Ленин орденімен, 52 адам Еңбек Қызыл Ту орденімен, 18 адам Құрмет Белгісі орденімен, 211 адам медальдармен наградталды.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде бір ауданның ғана жетістігі осындай болса, Қазақстанның жетістігі: 1953 жылмен салыстырғанда, 1956 жылы егіс көлемін үш есе өсірді, 1953 жылғы 70 миллион пұт астықтың орнына, 1956 жылы миллиард жарым пұттай астық жынап, мемлекетке миллиард пұттан артық астық тапсырды, соның арқасында республика Ленин орденімен наградталды, 139 адам Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды, қырық мыңнан астам егіншілерге ордендер, медальдар берілді.

Тарихында болмаған мұндай орасан зор жеңіске Қазақ республикасы тек Бүкілодақтық Коммунист Партиясының басшылығымен, советтік өкіметтің көмегімен, туысқан елдердің жәрдемі арқылы ғана жетті. Тың және тыңайған жерді игеруде Қазақстанға жәрдем беру үшін Отанымыздағы туысқан халықтар, өздерінің ең жақсы ұлдары мен қыздарынан, алты жүз мыңнан астам адам жіберді. Бұлардың басым көпшілігі жастар.

Туысқан елдерден Қазақстанға іске келген жастар, жергілікті жастармен тізе қоса, қарқынды қыймылмен іске кіріскенде, тек жоғарыда айтылған астықты ғана өндірген жоқ. Олардың қолынан жүздеген жаңа ауыл-селолар, мыңдаған көркем үйлер салынды; мыңдаған километрлерге тасты жолдар төселді, темір жол жүргізілді, байланыс бағаналары тігілді, мәдениет ошақтары орнады...

Бұл жұмыстардың ешбірі өздігінен немесе оңайлықпен жасала қойған жоқ, аса зор ауырлықтармен, қыйындықтармен, батыл күрес, қарқынды қыймылмен жасалды. Сондай батырлық істердің көпшілігін маған өз көзіммен көруге тура келді. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысы бастала салысымен, мен тың өлкелеріне сапар шектім. Осы сапарымда, транспорттың өзге жүйелерін есептемегенде, автомобильмен ғана соңғы үш жылда жыйырма бес мың километрдей жол жүріппін. Мен, әрине, тың өлкелерінің арасымен зырлап тарта берген жоқпын, көп жерде, көп істі, көп күндердің бойында тоқтап көріп, сығалап қарадым. Сонда, мен нелерді байқадым?..

Менің байқағаным, Қазақстанда миллиондаған гектар тынды көтеру, одан бай астық алу — адам баласының табиғатпен шын мағнасындағы соғысы болды. 1944 жылы, біздің армияның жауға шабуыл жасап, шегіндіріп бара жатқан кезінде, мен шабуылдың аса бір күшті тұсы — Прибалтика майданында болған едім. Мезгіл қыс еді. Жауды тықсыра айдаған біздің армияның мыңдаған танктері ілгері жылжығанда, бәрінің тұтасқан үндері жер көкті сындырып жібере жаздаған.

Сібірлік қыстың үскірігі соғып тұрған кезде, 1954 жылдың март айынан бастап, Қазақстанның солтүстік облыстарындағы тың өлкелеріне мыңдап жөңкіген тракторлардың тұтасқан үндері, шетсіз-шексіз қазақ даласының жері мен көгін соғыс майданының жорығындағы танктерден кем дірілдеткен жоқ.

Мыңдаған тракторлар, жүздеген грузовиктерге мініп Қазақстанға жәрдемге келе жатқан туысқан елдердің өкілдері, нақ соғыс майданы сыяқты, қалың қар жамылған, үйсіз-күйсіз далаға келіп шатырларын тікті. Майдандағы командирлер мен солдаттардай, бұлар да сары қар, көк мұздан тайсалмай, ішіне сүңгіп жата кетті, беті-қолдарын Сібірдің құмдай құрғақ сықырлаған қарымен жу-

ынды. Сол жағдайды көрген адам: «Шіркін, жастық-ай, сенің ғана отты қуатыңмен шыдап жүр-ау! Мына тыңға келгендер қарт адам болса, қалшылдап тоңып, бір күнге де шыдай алмас еді-ау!» деп сүйсінді.

Тың көтеруді, тас, темір жолдарды, үйлерді салуды осындай қыйындықпен бастаған жастар, қажымайтын күреспен табиғаттың мылқау күшін бағындырып, аз уақытта жылы және көркем жайлар салып та үлгерді, тыңды да игеріп, Қазақстанның құнарлы жерінен миллиардтаған пұт астық алып та үлгерді!..

Егін жақсы шығуға табиғи жағдайы болған 1956 жылдың жазында, қыйындықпен игерілген тыңға мол шыққан астықты кезінде жыйнап ап халықтың, мемлекеттің игілігіне жарату оңайға түскен жоқ.

Елу алтыншы жылдың бай астығы жыйналғанда да мен қайнаған еңбектің қалың ортасында жүрдім. Бұл да табиғаттың мылқау күшімен совет адамдарының арпалыса күрескен майданы болды. Қазақстанда тыңы ең көп көтерілген өлке — солтүстік облыстар. Олай болуы табиғи да,— егінге сң қолайлы мол жер осы облыстарда.



Бұл облыстардың жерінде бай астық шығып, жыйнау жұмысы бастала берген шақта, «шашпай, бүлдірмей жыйнап ала алар ма екен, ала алмас па екен?» деп совет адамдарын сынағысы келгендей, Сібірдің жауса шұмектеп құятын «қара жаңбыры» мен, сіркіресе тез ашылмайтын «ақ жауыны» аз толастап, кезектесе төпеді де тұрды. Совет адамдары одан ықпады. Несіне ықсын,— қуаты да, құралы да жеткілікті.

Қазақстанда 1956 жылдың бай егінін жыйнау жұмысына сексен мыңнан

астам комбайн, жыйналған астықты тиісті жерлеріне тасуға жүз елу мыңнан астам грузовик қатнасты. Бұл кезде мен туған жайлауым — Доста едім. Сонда мені, шетсіз-шексіз теңіздей толқыған, биіктігі орта денелі адамның кеудесінен келетін егіннің әр тұсынан сүңгі кіріп, бетіндегі майын — дәнін қалқыған комбайндардың, жыйналған астықты тасыған машиналардың тұтаса жер-көкті тітіреткен үнінен гөрі, түндегі жарықтары хайран қалдырды. Бұл айдың қараңғы кезі еді. Былай да қараңғы түннің бояуын қоюлата түскісі келгендей, кеш болса аспанды қалың бұлт қоршап алады. Бұрынғы заманда, бұндай түндерді жұрт «көзге түртсе көрместей» деп сыйпаттайтын... Енді ше?..

Енді, жүздеген тракторлардың, комбайндардың, автомашиналардың іңір бастала тұтанған фарлары, сәулесін ілгері созып, созылған сәулелер бір-бірімен айқыш-ұйқыш араласады да, түннің қара жамылтқышын қайшыдай тілгілеп, түн бүркеген айдың тоны сөгілгендей, кең дала бозамықтана қалады. Сол бір шақта, егіннің бейнесі, айлы түнде толқыған теңізге ұқсайды. Не деген тамаша түн!..

Егін жыйнаудың осындай маусымында қазақстандықтарға жәрдем беруге, отанымыздағы туысқан елдерден келген мыңдаған жастарға, халықтық демократия елдерінен де жүздеген жастар қосылды. Мәселен,— Қостанай облысы, Урицкий ауданы, Богдан Хмельницкий атындағы совхозға Болгариядан келген елу шақты жігіт пен қыз аса көрнекті еңбек атқарып, туған жеріне совет халқынан аса зор алғыс арқалап қайтты. Сонда олар, егінін жыйнауға совет халқының күші жетпейді деп келген жоқ, күші жетерін біле тұра, достық көңілдерін білдіруге келді.

Орыста «борыш төленуімен көркем» деген мақал бар. Тың көтеруде, оған шығымды егін өсіріп бай астық алуда халқына борышты советтік өкімет, еңбек ерлеріне бұл борышын көркем түрде төлеп, бір Қазақстанның ғана



егіншілерін 40 мыңнан астам ордендермен, медальдармен наградтағаны жоғарыда айтылды. Бұл көркемдікті, январь айының аяқ кезінде Алматыға СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі жолдас Ворошилов келіп республикамызға және бірнеше еңбек ерлеріне наградтарын қолынан тапсыруы тіпті көркемдендіріп жіберді.

Бұл тамаша уақыйға, Алматының Абай атындағы мемлекеттік Академиялық опера және балет театрының салтанатты залында өтті. Социалистік еңбек ерлері мен орден иелері, бірінен соң бірі келіп, өкімет алдында ісіне рапорт бергендей, отанымыздың ардақты ұлының бірі, Лениннің сенімді шәкіртінің бірі, үкіметіміздің президенті Климент Ефремович Ворошилов жолдастың қолынан наградтарын алып жатты. Олардың ішінде бірен-саран қарттар мен біраз орта жастағылар да бар, басым көпшілігі,— жастар.

Ұлт жағынан да олар советтік интернационализмнің, советтік халықтар достығының куәсі болып тұр. Мысалы, еңбек ерлерінен, К. Е. Ворошиловтың қолынан алтын жұлдызға қоса Ленин орденін қазақ — Ислам Баукенов, орыс — И. И. Рудской, украин — П. Ф. Музыка, армян — Г. Г. Саркесян, поляк — П. И. Чижевский, неміс — А. И. Энгель, жебірей — А. Н. Нусинов, корей — Кан Де Хан, тағы басқалар кезекпен алып жатты.

Осы қуанышты ағынның ішінде екі адамның бейнесі көпшіліктің көзіне ерекше түсті, екеуі де Социалистік Еңбек Ері: бірі — Қызылорда облысынан Қасымтай Ізтілеуов, екіншісі,— Қостанайдан,— И. И. Рудской.

Қасымтайдың ерекшелігі,— соғыстан бұрын тракторист ол, соғыста екі аяғынан айырылады да, протезбен

еліне келе, трактор руліне қайта отырып, кемтарлығына қарамай, егін бәйгесінің алдын бермейді!..

Рудскойдің ерекшелігі — Совет елінің президенті қолына орденін тапсырғанда, бұл жас жігіт қуаныш толқынына ие бола алмай, жылап жіберді де, Еңбек Ері атағына жеткізген коммунистік партияға, советтік үкіметке рахмет айтып, табысын дамыта түсуге ант етті...

Тыңды игерушілердің, олардың басым көпшілігі — жастардың табиғаттың мылқау күшіне жасаған шабуылы, қыйын күрестермен оны жеңіп, зор табыстарға жетуі бүкіл совет халқын қуандырумен қатар, оның көркем ойының өкілі — ақын, жазушыларды да тебірентті.

Тыңды игерудің басы-қасында болып, ерлік істерді көзімен көрген Қазақстанның ақын, жазушылары көркем әдебиеттің барлық жанрында да бағалы шығармалар туғызды. Бұл шығармалар өзара көркемдік жағынан жоғарылы-төменділі болғанмен, бәрін тұтас алғанда, бір әдемі оркестрдің әр құралынан үндесе шыққан музыка дауысындай құлаққа аса жағымды естіледі, мәдениеттің аса бағалы қазнасы боп саналады, өйткені, бұлардың бәрі тыңды игерушілердің, олардың басым көпшілігі — жастардың ерлік істерін жырлайтын шығармалар.

Қазақ даласында игерілмеген тың әлі де көп. Қазақстан Орталық Партия Комитетінің жуық арада болып өткен пленумінде республикада мал шаруашылығын өркендете түсу туралы қаулы алынды. Пленумда баяндама жасаушы да, желпініс сөйлеушілер де алдағы күнде мал шаруашылығын өркендету ісі егін шаруашылығында тың және тыңайған жерді соңғы жылдарда игерумен пара-пар іс дегенді айтты. Қаулы осы бағытта алынды.

Егін шаруашылығын өркендетуде жастардың ролі қандай болса, мал шаруашылығын өркендетуде де одан кем болуға тиісті емес. Бұл жұмыстың да ең ауыр салмағын жастар көтеріп, ұлы жеңістерге жетуіне, бағалы жеміс беруіне ешкімнің де күмәні жоқ, өйткені, совет адамдары,

оның жастары алмайтын қамал жоғы біздің революциялық және социалистік өміріміздің есепсіз көп ұлы жеңістерімен айқын дәлелденді.

Бұлардың бәрі көркем әдебиетімізде де талай тамаша жырлар туғызуына біз күманданбаймыз, өйткені, ондай жырлардың талайы, әдебиетіміздің бүгінге дейінгі өркендеу жолында талай рет туған.


Зілғараның тілімен айтқанда, «дүниенің төрт бұрышын шырмайтын жастық — жыйырма бес», социалистік қоғамның басынан ешуақытта аумайтын, ешуақытта өзгермейтін жастық. Олай дейтініміз,— қартайған ұрпақтың орнын туған, есейген ұрпақ үздіксіз басып, жастық мәңгілік жасайды да отырады, оған ешбір қартаю бомайды.

Октябрь революциясы бақыт кілтін қолына берген социалистік қоғамның жастары, дүние жүзінде тап тартысы біткенше тап жауларынан Отанын қорғаумен қатар, табиғатқа деген шабуылын үдете береді, табиғаттың теңіздей байлығына терең сүңгіп, түбіне тұнған асылдарын жылдан жылға мол ала береді.

Осы ерлік істерді халыққа да, тарихқа да жырлайтын өлең-жырлар, ән-күйлер, әңгіме-аңыздар жылдан жылға молая, көркемдене туа береді.

Жастық жыры мәңгі жасайды, бұл жырдың аты — «Жыйырма бес!»

18—II-1957 жыл.
Алматы.





ТІРІ ЕСКЕРТКІШ



Біз Қарқара тауының теріскей бетіндегі сілемі — Шөладырды машинамен жағалап келе жатыр ек, биіктеу бір шоқының ұшар төбесінде, салт атты адамның бейнесінен жасаған ескерткіш сыяқтанып бір мүсін көзімізге ұшырай кетті.

Бұл өзі қызық көрініс болды: былай қарасаң, кәдімгі ескерткіш!.. Және өзін аса бір көрнекті жерге орнатқан,— биік шоқының ұшар басы,... бет қаратқан жағында төскейі қалың бұйра шыршаға, жотасы күнге шағылысқан әппақ қарға бөленген, аржағында күмбезі көкке шаншыла шыққан Тянь-Шаньның ең биік шыңы — Хан-тәңрі... артжағы екі Алатаудың аралығында көсілген ұшы-қыйырсыз кең дала!.. Осындай жерге орнатқан ескерткіш көрікті көрінбегенде қайтеді?!

«Шіркін-ай!— деп қойдым мен, көркем ескерткішке құмарта қарап,— салт атты адамға ескерткіш салса, осындай жерге, нақ осындай ғып салар ма еді!..»

Одан да ғажабы,— менің құмарта қараған ескерткі-

шім дағдылы ескерткіштей қыймылсыз қатып қап тұрған жоқ, астындағы аты ойнақшып, өзі де оң қолын әлденеге көтеріп қыймылдап тұр! Осындай тірі ескерткіш те бола ма екен?!..

Жақындаған машинамызға көңілін бөлгендей, тұрған шоқысынан тірі ескерткіш бізге қарай түсе берді. Оның астына мінгені жасаң және тарпаң ат екені жүрісінен көрініп тұр: тілерсегіне ғана жететін, үшін кескен шолақ, қалың құйрығын бұлғай, тізгінін тежеген басын бұлғақтатып екі жағына кезек-мезек бұра, денесін ойқастата, аяқтарын билей баса келе жатыр; аттың бұл жобасына қарағанда, егер иесі тізгінін тежемесе, алып қашатын түрі бар.

Атын ойнақшыта жақындаған адамды таный кеттім,— Алматы облысы, Кеген ауданы, «Молотов» колхозының қойшысы, Социалистік Еңбек Ері Қорғасбаев Сайдахмет.

Біз де машинадан түсе қалдық, бізді таныйтын ол да, машинаға үрке қараған атын шылбырынан ұстай түсе қалды, шүйіркелесіп амандаса кеттік...

Сайдахметті бұл менің үшінші көруім: бірінші рет 1938 жылы, жасы 37-ге шыққанмен, қатардағы қойшы күнінде көрдім. Ол кезде шоқша қара сақалды, қалың қара мұртты, әжімсіз күрең түсті, бетінен қаны тамған жігіт еді; екінші рет 1953 жылы, Алматыда, Қазақстан Ғылым академиясының Биология институтында қой өсіру тәжрибесінен ғалымдар арасында баяндама жасағанда; ол жолы сақал-мұртына аздап кірген ақ қылтаны болмаса, мандайына аздап әжім түскені болмаса, 1938 жылмен салыстырғанда ажарында айта қаларлықтай айырма жоқ еді; енді, мына жолы қарасам — сақал-мұртының ағы да, бет әжімі де көбейіпті, бұрын шоқшалап өсіретін сақалын еркіне қоя беріпті!..

Сайдахметтің кескіні бұлайша жүдеуіне көңіл бөлуімізді жасырмай, себебін сұрасақ, өткен күз ауыр қазаға ұшырап қалған екен,— өзімен тетелес өсіп, еңбек майда-

нында айнымас серігі болған үлкен ұлы Құрманай, өзенге шомылам деп суға кеткен. Сол қайғысын қысқаша айтып:

— Әлі де үш ұлым бар, бірақ әр бала өз орнында жақсы екен!— деп ауыр күрсініп қойды Сайдахмет.

Оның біз көрген шоқыда тұрған себебі,— баққан қойларының алды қозылай бастаған. Біз марттың он жетісі күні барған едік. Жергілікті адамдардың айтуынша, әдетте, бұл кезде, бұл арада қыс болып, қалың қар жатады екен. Быйылғы қар ерте кетіп, жайма-шуақ әдемі көктем басталған. Біз барған күні табиғат ерекше маужырап, бұл өңірде әдетте дамылсыз екпіндей есетін жел де тынып, ашық аспанға биік көтерілген күн жылы сәулесімен күлімдеді де тұрды.

— Қойлар шоқының арғы бетінде жайылып жүр,— деді Сайдахмет.— Жұмыс жасындағы екі ұлым — Құрманғали, Нұран, екі келінім — Күлән, Шәкен, әйелім — Ділдәқыз,— бес адам үш табын ғып мың жарым қой бағады. Күн жылы, жер от, мал семіз. Бақташыларым сенімді. Сонда да бәрінің үстінен бақыламай отыра алмаймын. Ат жалын тартып мінген бала шағымнан бастап, әуелі байдың, одан кейін қазналық заводтың жылқыларын бақтым. 1938 жылы таудың тасына өрлеген атым құлап, сол жақ жіліншігім сынбағанда, жылқы соңында әлі де жүре берер ме ем, қайтер ем; аяғым сынып, атқа мінуім қыйын болған соң, қойдың соңына түстім...

— Қашан жазылды аяғыңыз?..

— Сынғаннан аз-ақ күн кейін...

— Онда жылқыға неге қайтпадыңыз?

— Мен уәдеде тұрған кісіні жақсы көретін адаммын. Сынған аяғым сылтай басуға жарағанда, сол кездегі колхозымыз «Қызыл тудың» председателі Мүсрәлиев Молдақымның «енді қой бақ» деген сөзіне «жарайды» деп қап ем, аяғым жазылған соң уәдеден шыға алмадым.

— Қойдың соңына түскен соң біржола түстім,— деді Сайдахмет жымыйып.— Менің ойымша, адам қай еңбекте

болса да табан тірей, нығыз отырып атқару керек, әйтпесе, түптей алмайды, түптемеген еңбектің жемісі де мол болмайды...

— Ол рас,— деді, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, биология ғылымының кандидаты Андижан Исенжолов, — табан тіреп атқарған еңбек, жемісті өте көп береді екен. Мысалы, он бес жылда жүз қойдан жүз мың қой өсірді дегенге нанар ма едіңіз, сіз?..

— Менімше, ол мүмкін емес,— дедім мен,— он бес жылда бір қойдан мың қой қалай өседі?!..

— Былайша бұл цифр фантазия сияқты көрінгенмен,— деді Андижан,— расы осылай: «Арқар-меринос» аталып, Қазақстан мен Қырғызстанда соңғы 20 жылда өскен қой тұқымынан «Қызылту» колхозы 1941 жылы 360 саулық алған еді де, соны осы Сайдахмет ағайдың бағуына берген еді. Сол саулықтардан өскен қойлардың етке берілгені мен өсіп тұрғанын қоса есептегенде 350 мыңдай болған екен, иланбасаңыз документтермен дәлелдейік!

— Иланбауға дәлелім жоқ,— дедім мен күліп.

— Ендеше, бұның аты,— жүз қойдан жүз мың қой өскен емей немене?..— деді Андижан да күліп.

— Рас!..

Менің есіме, аздап болса да таныстығым бар «Арқармеринос» шаруашылығының тарихы түсіп кетті...

Таудың тағы арқарының тұқымынан үй қойын ұрықтандырып, бұл шаруаны 1934 жылы Қырғызстанда, кәзіргі биология ғылымының докторы Николай Савич Бутарин бастаған ғой. Осы тәжрибесін Қазақстанға ауыстырған оған, 1936 жылы Алматының Зооветинститутын жаңа ғана бітірген Андижан Исенжолов қосылған. Іс тәжрибесі жақсы нәтиже бере бастаған соң, СССР Ғылым академиясының ол кездегі қазақстандық филиалы, «Күрмекті» деген атпен, тау ішінде тәжрибе станциясын құрған.

Басында бұл іске көп адам, әсіресе ғылымнан сауатсыз Қорғасбаев Сайдахмет сенбеген. Қалай сенеді?.. Тянь-Шань тауында табындап өретін тағы арқардың, талай ғасыр бірге жайылып жүріп, ешуақытта үй қойымен шағылысқанын ешкім көрген де, естіген де емес!.. Ендеше, көзір шағылысуы мүмкін бе?

Бұл сұрауға, басында өзгелер түгіл, өздері де жауап бере алмаған Бутарин мен Исенжолов, күдіктенген жұрт алдында күлкі болмау үшін, тағы арқардың ұрығын үй қойына жасырын егіп көреді. Тәжрибе дұрысқа шығып, қозы туады, бірақ үй қозысы емес, тағы қозы: туа сала адамнан қашады және үнемі ылдыйға емес өрге, топырақ-қа емес тасқа қашады!.. Өзі жүйрік,— қашса атқа жеткізбейді, өзі исшіл,— адам я басқа хауіпті жәндік келе жатқанын көрмей-ақ сезеді!..

Дегенмен, аналық жағынан үй қойына жататын бұл қозылар, адамнан қаша жүре, үй қойларының табынынан біржола кетіп қалмай, қайрылып кеп қайта қосыла береді, сөйтіп, бірінші тумадан екіншісі, екіншіден үшіншісі... дегендей, ұрпақтан ұрпаққа жуасып, біраз жылдан кейін, тағылықтың асау мінездерінен құтылады да, исшілдігі мен тауға қарап жатуы, тасқа өрмелемпаздығы сияқты оғаш қылығы болмаса, өзге мінездері үй қойына ұқсайды.

Арқар-мериностың алғашқы ұрпақтары асау екенін көрген колхоз, совхоздар тәжрибе жасаушы ғалымдардың «жүре-келе жуасыйды» дегеніне сенбейді, «өсіріп көру» ұсынысын қабылдамайды. Сол кезде, Кеген ауданындағы (Алматы облысы) «Қызылту» колхозының председателі Мүсрәлиев Молдақым, колхоз, совхоз атаулыдан бірінші боп, Күрмектінің 360 саулығын алмақ болады. Бірақ, соны бағатын кім?

Сол жылы он екі мың қойы бар «Қызылтудың», бұл шаруада тәжрибесі мол талай адамдары бола тұра, Молдақым шақырған колхоз жыйналысында «мен бағам» деп

ешкім шықпайды. Сонда Сайдахмет қана орнынан созыла түре кеп:

— Менің ұсынысым — алайық!— дейді де отыра кетеді.

— Неге аз сөйледің?— дейді көпшілік.

— Не сөйлейтіні бар? Алайық, «алайық» деген соң!

— Өзің мен председательден басқа кім айтты ол сөзді?

— Председатель аз боп тұр ма сендерге? Сөзін тыңдамасаңдар неге сайладыңдар оны?.. Неге «жақсы председатель» деп хұрметтейсіңдер?..

Тоқтаулы сөзге үндемей қалған жұрттың ішінен біреуі:

— Сол арқар — қойларды өзің бағар ма едің?— дейді Сайдахметке.

— Бағам!— дейді ол.

Осы сөзінен «ұсталып қалған» оны Молдақым Қеген тауындағы Күрмектіге ертіп апарады да, адам көрсе ұлаға қашатын 360 асау саулықты семіз, жарау аттармен әрең дегенде «Қызылту» колхозына айдап қайтады. Әдетте қой бағуға жуас, шабан ат беріледі, ал Қорғасбаевтың асау қойларды қайтарып бағуына жылпос, жүйрік жылқы бөлінеді, сөйтіп, Сайдахмет Қорғасбаев арқар-мериностың бақташысы боп кете барады.

— Бұл күздігүні еді,— дейді, Исенжолов Андижан, арқар-мериностың өсу тарихын кеңес қып отырғанда.— Кешікпей қыс басталды және мезгілінен ерте түсіп, борандата-шашындата бастады. Қыс ортасы қысыңқы боп кетті: жақсы қыстың көп жайылымын қар басып қап, қой таудың күнгей еңісінен ғана болмашы жем тапты; колхоздың аздаған жемшөп запасы арық-тұраққа әрең жетті, қой жүдеп, жұт қаупі туды...

— Сол шақта,— дейді Андижан көтеріле сөйлеп,— арқар-меринос өзінің не қой екенін жақсы көрсетті: шешесі — үй қойынан жұққан мінезімен, боранды күндері бұ-

йыға, топтала жайылды да, әкесі — арқардан жуққан мінезімен қарды желге қарай қасқая тұрып теуіп, аяғы жететін қалың қардың астынан азығын қазып жей берді!.. Сонымен, көктем ерте шықпаса қырылып қалуға бейімделген үй қойлары (қазақысы да, мериносы да), терісі сүйегіне ілініп, жүні түсіп, көтеремнің аз-ақ алдында әрең жан сақтағанда, арқар-мериностар үрген тұлыптай доп-домалақ боп семіріп, жүні қалыңдай өсіп, қыйын қыстан еріге, ойнақшыл шықты. Солай болуының салдарынан, өзге қойлардың жүз саулығы жүз қозы бере алмағанда, арқар-мериностың барлық жүзі де жүз он, жүз жыйырмадан қозы туды және қозылары өздеріндей семіз боп, еріге туды! Ол жылы өзге меринос қойдың саулығы, орта есеппен екі-үш килодан жүн бергенде, қошқарының жүні бес килодан аспағанда, арқар-мериностың саулығы бес килодан, қошқары тоғыз килодан берді!..

Сайдахмет баққан арқар-меринос осы бетпен өсе береді. «Жылдан жылға жүні де азаяды, сапасы да кемиді» деген «пайғамбарлардың» сөзі босқа шығып, жыл озған сайын арқар-мериностың жүні қалыңдай, сапасы арта түседі, тағылық мінезі де бәсеңдеп, бес-алты жылдан кейін ұрпағы үй қойындай боп кетеді; тағы арқардан тек қана өзгермей сақталғаны — жаздың ыстығына, қыстың суығына төзімділігі.

«Береген қолым — алаған!» деп қазақ мақалы айтқандай, арқар-мериностың әр қойынан орта есеппен бес жарым килограмнан аса бағалы биязы жүн алғандығы үшін, әр жүз саулықтан (барлығы 1500 саулық) орта есеппен жыл сайын жүз отыздан қозы алғандығы үшін, бес-алты жылда өзге отарларға өз алдынан әлденеше мың арқар-меринос қойын айдап бергендігі үшін 1947 жыл өкімет Сайдахмет Қорғасбаевқа, колхоз председателі — Молдақым Мүсрәлиевке, сол колхоздың жылқышылары: Төлебаев Құрманалыға, Құрманбаев Жұмақанға, Қалмақбаев

Сусынбайға,— барлығы бес кісіге,— еңбек ері атағын беріп, кеуделеріне Алтын жұлдыз бен Ленин орденін қадайды!

«Қызылту» колхозының тамаша жетістігіне ғылым адамдары да ортақ. Бұл колхозға да және арқар-меринос қойын өсірген өзге колхоздар мен совхоздарға да Қазақстанның Ғылым Академиясының «Күрмекті» тәжрибе станциясында қызмет атқаратын ғалымдар: Н. С. Бутарин, А. И. Жандеркин, Е. В. Большакова, А. Е. Исенжолов күнделік ғылми көмек көрсетіп отырады. Осы еңбектері үшін олар, Мұсрәлиев Молдақым, «Күрмектінің» екі қойшысы — Қаюпов Төлеген, Манапбаева Жамал,— жеті кісі,— 1950 жылы Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алады...

1953 жылдың жазында, Қазақстан Ғылым Академиясының Алматыдағы Биология институтында арқар-меринос қойын өсірудегі көп жылдық тәжрибесі туралы Қорғасбаев Сайдахметтің баяндама жасауы жоғарыда айтылды. Кең аудиторияда көптеген ғалымдар, студенттер, журналистер, жазушылар және сол баяндаманы тыңдағысы келген былайғы көп адамдар отырды.

Бұл арада Қорғасбаевтың бір зор кемшілігін айта кету керек. Жасында жетім ғап, байлардың жалшысы боп кеткен ол, балалық шағында оқый алмаған да, бертін, совет заманында сауатсыздығын жойғысы келгенмен, ересек болған басы оқуды қабылдамай қойған.

Бірақ, «құдай» оған оқудың зейінін бермегенмен, сезімнің зейінін мол ғып берген. Мысалы, баққан қойларының бәрі бір түсті болғанмен, ол әрқайсысын таныйтын адамдарындай ажыратып, бәрінің де тізімдегі тұспалды аттарын, құлақтарына жапсырған қалайы номерлерін түгел біледі; математиканы оқып көрмеген ол, қай жылы неше қой қоздағанын, саны қай жылы нешеге жеткенін, өз алдынан я колхозынан қай жаққа неше қой берілгенін бес саусағындай санайды; өзге меринoсқа қанша араласы-

қанмен, арқардан өрбіген мериносты қайда көрсе де таный кетеді.

Зиректігі осындай Сайдахмет, биология институтының кафедрасында ауызша тамаша баяндама жасады. Мазмұндық және композициялық жағынан оның баяндамасы сауатты құрылған ешбір жазба баяндамаға берісперді. Бұрын бұндай үлкен аудиторияда баяндама жасамауына қарамай, ол жасқанбастан, жүрексінбестен, өз колхозының басқармасында тұрғандай, еркін сөйледі. Аудиторияны билеу өнерін де жақсы біліп, бірыңғай шаруашылық кеңесіне жалығып кетер дегендей, ара-тұра қулық айтып, тыңдаушыларын күлдіріп те тұрды!

Жарыс сөзде ғалымдардан да, тәжрибе адамдарынан да көп адам сөйледі. Қорғасбаевты толықтыра сөйлеген олардың баяндамашыға бір ауыздан берген қорытынды бағасы: «бұл халықтық академик!..»

Сол жылы күздігүні ұсақ колхоздар іріленіп, «Қызылту» қасындағы «Молотов» колхозына қосылады да, председателі Мүсрәлиев болады. Ол ескі жолдасы Қорғасбаевқа:

— Жасың елу екіде, қойынды бағатын ер жеткен балаларың бар, енді далада күнсімей, ауылда атқаратын бір қызметке қойсақ қайтеді?— дейді.

— Рахмет, қамқорлығыңа,— дейді Қорғасбаев,— елу екіге келгенмен, әлі тұғырдан түсетін кәрі емеспін; далаға үйренген кісімін, үй арасында жүрсем ішім пысады; елуден асқанша төре болмағанда, енді болмай-ақ қояйын; сол қойымды-ақ бағайын мен!..

Досының сөзін дәлелді көрген Мүсрәлиев өтінішін қайталамайды.

«Қызылту» «Молотов» колхозына 20 мың қоймен қосылады. «Молотов» колхозының өзінде де сонша қой бар. Бәрін қосқанда, бес жүз қойдан,— сексен отар, әр отарға екі қойшы керек.

— Балаларым, келіндерім, әйелім бар, мен үш отар

алам,— дейді Сайдахмет,— және өзге қойды емес, көзім де, өзім де үйренген арқар-мериносты алам, және будандасқан арқар-мериносты емес, таза, тәжрибелік тұқымды ғана алам!

Тілегі қабылданған Қорғасбаев қойларын айдап жайылымына кетеді, сонда, қыс таңдағаны — Шөладыр, жаз,— әрине, Қарқара тауының биігі.

Шөладырдың қандай жер екенін аты көрсетіп тұр. Күнгей Алатаудың «Қарқара» аталатын тұсында, тауды жиектей көсілген бұл ұзын және кең адырдың бойында ешбір бұлақ жоқ та, өзен де, көл де жоқ; сыртқы таңдыры солай тартылып қалған ұлан-байтақ Шөладырдың астында су бар, бірақ удай ащы, сондықтан, ешкім одан құдық қазбайды.

— Ендеше, бұл адырды неге қыстайсын?— деген сұрауға:

— Шөбі шүйгін,— деп жауап береді Қорғасбаев,— бұның түгін тістеген мал маидан қыстай қабырғасын жауып шығады; маңайындағы қар ат бауырынан келетін қыстарда да, бұның бойына түнде жауған қар, күндіз еріп кетеді; мал қыстай қардан сусындайды, өзіміз ауыз суды жақын жердегі Кеген өзенінен бөшкемен тасып ішеміз; қар кете, Қарқараның жайлауына беттей көшеміз де, жаз шыға салқын төскейін жайлаймыз.

Қарқара Қазақстанның ең атақты жайлауының бірі. Оның жері де ұшы-қыйырсыз кең, жазығы да, тауы да мол; жүйе-жүйе жылғадан құралатын Қарқара өзенінің сарқылмас суы ұшан-теңіз және балдай тұщы; қара топырақты жерінің қою шалғыны белуардан кеп, қанша мал жайылса да таусылып тақырланбайды, басынан шалынса, саздау астынан өсе береді; ауасы қоңыржай, июль — августа жазық жер ысыңқыраса, жайлаған ел, таудың биігіндегі салқынға кетеді, онда маса, сона, шыбын сияқты мазасыз жәндіктер жоқ; шөбінің асылдығы сондай,— сойған малдың майы, сүрленген семіз еттей, жітіленіп

жегізбейді, қымызының бірер аяғы шараптан артық мас қылады...

Қарқара жайлауы осынша кең, осынша құнарлы болғандықтан, XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап, май—июль айларында халықаралық жәрмеңке ұйымдасқан, оған Россия территориясының көп жерінен, Қытайдан, Индиядан, Афғанстаннан саудагерлер кеп, бұйымдарын сатып, жергілікті қазақ, қырғыз елінен мыңдаған мал, әсіресе қой жыйнап әкеткен. Қарқараның қазақы қойы дүние жүзінде атаққа шығып, саулығының тірі салмағы 80 — 100 килограмм, қошқарының салмағы — 120—150 килограмм тартқан, құйрық майы 20-дан 30 килограмға дейін барған. Жәрмеңкеге алыстан келетін саудагерлерге арналып салынған магазиндер, мейманханалар үлкен қала боп кеткен.

Жыйырманшы жылдардың орта кезінде жәрмеңке жабылып, жерінің көпшілігі мемлекет қорына көшкен, қазналық үйлерде жылқы заводы ашылған, бірақ, ол толып жатқан себептердің салдарынан, ойдағыдай өркендемеген, ақыры, 1954 жылы завод «Қарқара» атты совхозға айналған. Ол совхоздың жайына кейінірек ораламыз.

Қарқараның жайлауы Қазақстан мен Қырғызстанға ортақ. Жергілікті адамдардың айтуынша, ол жайлауға кәзір, жазды күні, жан-жағынан жарты миллионға жақын мал жыйылады, соның жүзден тоқсан тоғызы — қой. Осы қойдың ішінде «Молотов» колхозының да 38 мыңы бар, оның таза арқар-мериносы — 10 мың, екінші сапалы будан-арқары 12 мың, үшінші сапалы будан-арқары 16 мың. Таза арқар-мериносының үш отарын әлі де Қорғасбаев бағады.

«Молотов» колхозы 1957 жылдың басынан «Қызылту» атанған совхозға айналды. Сонда мұнысы, пайдасыз колхоз болғандықтан емес, мемлекетке де, халыққа да

колхоз боп тіршілік жасаудан совхоз боп тіршілік жасау пайдалырақ болғандықтан.

1954 жылдың көктемінде «Молотов» колхозына председатель боп Андижан Исенжолов келеді. Әрі ғалым, әрі тәжрибелі, әрі бұл араның жері мен шаруашылығын жақсы білетін ол, колхоз шаруасына жаңа қарқын беріп көтеріп кетеді. Мысалы, 1953 жылмен салыстырғанда, мемлекетке жүнді бір жарым есе артық беріп, 957 центнер тапсырады.

— Бұл,— дейді Андижан көгілдір көзі күлімдеп,— сапалы биязы жүннен тоқылып тігілген он мың костюм, немесе бес мың пальто!..

— Пальтосы мынау!— деп, Андижан бәлкім көнелеу тартқан, бірақ әлі ешбір жері қырқылмаған қоңыр-сарғылт ажары өңбей сақталған, үстіне аса қонымды, сәнді тігілген пальтосын көрсетеді.

— Қайда тоқылған, қашан тігілген? — деген сұрауға:

— 47 жылы,— деп жауап береді Андижан,— Қызылту колхозынан еңбек ері атағына бірнеше бақташыны ұсынғанда, арқар-мериносты көп өсіріп жақсы жүн алуымызды үкімет алдында дәлелдеу үшін, өз қойымыздың жүнінен Ленинградтың шұға фабрикасында бірнеше топ драп пен трико тоқытқамыз. Мата аса сапалы шыққан, содан Қызылтудың бірнеше еңбек ерлері костюм мен пальто кигенде, іштеріне мені де алған. Сонда тіктіріп киген пальто бұл. Он жылдан бері үртіс-ақ киіп келем, өзге драптардай не қырыла, не жылтырай қоймайды. Костюмі үйде. Оның да көріктілігі мен төзімділігі осындай!..

Андижан басқарған «Молотов» колхозшылары отандас азаматтарға жыл сайын не он мың трико костюм, не бес мың драп пальто беруімен қанағаттанбай, арқар-мериностың еті қалың, жүні сұйықтау жағынан, жылына он—он бес мың қойды мемлекетке етке береді

Онымен де қанағаттанбай, егін де өсіріп, үкіметке де көп астық тапсырады, колхозшыларды да қамтамасыз

етеді. Мысалы, Сайдахмет Қорғасбаевтың семьясы 1955 жылы еңбек күндеріне 110 центнер астық, 45 мың сом ақша алған.

Шаруасы жыл санап өркендеген «Молотов» колхозының 1956 жылғы табысы 5 миллион 200 мың сомға жетеді, оның 4 миллионнан астамы қойдан түскен пайда...

Табысы осылай бола тұра, бұл колхоздың шарықтап кетуіне бөгет болатын бір нәрсе — жер көлемінің мөлшерден тыс молдығы. Оның жері жарты миллион гектардан астам. Колхоз еттің де, сүттің де, жүннің де салығын осы мөлшерге сәйкес төлегендіктен, қанша көп болғанмен, өкіметпен жыл сайын есептесу аса көп мал тілейді. Егер колхоз совхозға айналса, жер салығы мұндай болмайды, ендеше, еңбекшілердің табысы колхоздан гөрі совхозда көбірек болады, «Молотов» колхозшыларының совхозға ауысуды тілеген себебі сол екен.

Совхоздың аты —«Қызылту», директоры,— колхоз құрылысында соңғы он шақты жылда жемісті еңбек атқарған агроном, Ұлы Отан соғысының ветераны — Қазтай Ұлтарақов. Қорғасбаев жаңа совхозда да сұранып қой бағу қызметінде қалған.

Міне, құрметті оқушы, арқар-меринос шаруашылығының да, бұл шаруадағы Социалистік Еңбек Ері Қорғасбаев Сайдахметтің де қысқаша өндірістік тарихы осы!..

Біз бұл сапарда Сайдахметті ғана емес, 1956 жылы тың және тыңайған жерді игеруде Қазақстан миллиардына елеулі үлес қосып аты шыққан, Социалистік Еңбек Ері атағын алған, 1955 жылы ұйымдасқан Қарқара совхозының директоры Жүнісов Хасенді де іздеп келе жатырмыз.

Іздеген Сайдахметіміздің алдымыздан кездесе кетуі сияқты, Жүнісов та бізді қуып жетті. Ол маған атам-заманнан таныс жігіт. Қазақстанның алыстағы бір ауданы — Баянаулыда, кедей шаруада туып, оқуға ересек кезінде кіріскен ол, 1941 жылы 35 жасында Москвадағы

Тимирязев Академиясының зооветинститутын бітірді де, төмендегі өндірістік істерде жүріп, 1947 — 54 жылдары Қазақстан Ауыл шаруашылық министрлігінде министрдің мал шаруашылығы жөнінен орынбасары болды. 1954 жылы Бүкілодақтық Орталық Партия Комитетінің тың және тыңайған жерді игеру туралы қаулысы шыққаннан кейін, Жүнісов жаңадан ашылатын совхоздарға баруға арыз берді де, Қарқара совхозына директор боп кетті.

Одан кейін, Жүнісовты мен 1957 жылдың февралында, Алматы қаласында, Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында көрдім. Отан соғысының алдында ғана салынып біткен бұл сұлу үйдің қазақ оюларымен тамаша түрде әшекейленген биік және кең мандайшасында «Қазақстан миллиардын өсірушілерге жалынды сәлем!» деген қызыл матаға ақ бояумен әдемі жазылған сәлем-сөз керіле жарқырап тұрды.

Әйелі, ері, кәрісі, жасы аралас көп адам, театрдың қаз-қатар кең және биік есіктерінен, асыға басып кіріп жатты. Бәрінің жүзінде де шаттық сәулесі ойнайды.

Бүгін Қазақстан тіршілігінде ерекше күн: 1953 жылы не бары 70 миллион пұттай ғана астық жыйнаған Қазақстан, 1956 жылы, соңғы үш жылда тың және тыңайған жерді мол игерудің арқасында, миллиард жарым пұттай астық жыйнап, оның миллиард пұттан астамын үкіметке тапсырды. Осы жетістігі үшін Қазақ республикасы 1957 жылдың басында Ленин орденімен наградталды, социалистік егіс даласының озат еңбекшілерінен 139 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы, 40 мыңдай кісіге ордендер мен медальдар берілді. Республикаға Ленин орденін, Социалистік еңбек ерлеріне алтын жұлдыздар мен Ленин ордендерін тапсыру үшін Алматыға СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Климент Ефремович Ворошилов келді. Опера театрына асыға кіріп жатқандар,— Ворошилов жолдастың қолынан

наградтарын алуға республиканың бар түкпірінен жыйналған еңбек ерлері...

Жүнісов Хасеннің де солардың ішінде жүргенін, мен көрмесем де сезіп тұрмын, өйткені, оның атын Социалистік еңбек ерлерінің газетте жуық арада жарияланған тізімдерінен оқығам.

Республиканың ордені, Социалистік еңбек ерлерінің жұлдыздары мен ордендері опера театрының ішінде, Ворошилов жолдастың қолынан, аса салтанатты жағдайда тапсырылды. Аты аталған әрбір еңбек ері, тұларға, гүлдерге бөленген сахнаға көтеріліп, Климент Ефремовичтің қолынан кеудесіне алтын жұлдыз таққанда, музыка туш ойнап, прожекторлардың жан-жақтан шашыраған сәулесі денелерін шаңқай нұрға бөлеп жібереді. Солардың бірі боп, карт большевиктің қолынан, кеудесіне Алтын жұлдыз бен Ленин орденін Жүнісов та тақты. Аздан кейін, түнгі ашық аспан төңкеріліп осы залдың ішіне түскендей, электр жарығына шағылысқан алтын жұлдыздар мен ордендер, кең залды кергендей жыбырлай жарқырап кетті.

Жүнісовты мен ол күні, алыстан ғана көрдім де, өзіне жолыға алмадым. Бірақ, онымен тез жолығуды тіледім, себебі, менің бұған дейінгі ұғымымда, «Қарқара» аталатын өлке, негізінде, егін шаруашылығының өлкесі емес, мал шаруашылығының өлкесі, ал Жүнісов кеудесіне Социалистік Еңбек Ерінің жұлдызын мал шаруашылығын емес, егін шаруашылығын жақсы өсіргендігі үшін тағып отыр; ендеше, осының «құпиясын» білу керек қой және шаруашылығының жетістігін сыртынан естіп емес, ішіне барып, көзбен көріп білу керек қой.

Осы мақсатпен және ескі дос — Қорғасбаев Сайдахметті де көре қайту мақсатымен, марттың 16-сы күні «ЭМ—72» аталатын машинамен Кеген ауданына сапар шеккем.

Бір кезде Кеген ауданының орталығы болған, кейін «Молотов» колхозының орталығы болған бұл ауыл, Алматының күнгей жағында, 250 километр жерде, жол бойының көп жеріне не асфальт, не қыйыршық тас төселген; негізінде жазық жермен тартатын бұл жолдың әр тұсында бұрала, еңкейе, шалқая жүретін адырлар кездесіп отырады.

Осы жолмен шыққан біз, Алматыдан ұзай қалың тұманға кездестік те, алдымыздан арқан бойы жерді әрең көргендіктен, қарсы келетін машинаға қақтықпау үшін, кедір-бұдырға ұрынбау үшін, ілби ғана жүріп отырып, түсте жетеміз деген Кегенге кештетіп әрең бардық.

Қарқара совхозы одан әрі 18 километр екен. Бірақ, бүгінгі бетіміз сол бола тұра, екі себеппен бармадық: бірінші себебіміз,— даңғыл жолдан бұрыла жүреді екеміз, ол қазір, қар еріп жатқан кезде, машинамен түнде жүре алмайтын саз екен; екінші себебіміз,— Жүнісовтың өзі кеше Алматыға кетіп қапты.

Кегенге қонған біз, Жүнісовтың орнын сыйпағымыз келмей, ертеңіне Сайдахмет Қорғасбаевқа кеттік. Оған қалай кездесуіміз, Жүнісовтың артымыздан қалай келуі жоғарыда айтылды. Жүнісов біздің жол жәйімізді естіп, әдейі қуып кепті. Амандық-саулықтан кейін ол Қорғасбаевқа өтінішін айтты:

— Жазушы жолдас сенің шаруашылығыңа келіп жүреді деп есітем. Қашан келсе де көретіні,— жайылымда жүретін семіз, жүндес арқар-мериностар ғой. Менің шаруашылығым бұл өңірде жаңа жұмыс, сондықтан, қонағыңа ұлықсат ет,— әуелі біздің шаруашылықты көріп келсін,— деді ол.

— Жақсы, барып қайтыңыз,— деді маған Сайдахмет,— бірақ, кешікпеңіз. Менің қойдан басқа көрсетерім жоқ, бірақ, жолдас Жүнісовтың көрсетері көп болмайды кәзір: егінін жыйнаған, малы алыста...

Сайдахметтің сөзі расқа шықты. Бұрын жылқы заводы болып, 1955 жылдың көктемінен «Қарқара совхозы» атанған мекенді, алыстан болмаса, ішіне кіріп көрген жоқ ем. Енді барсам, аумағы кең село болғанмен, бірталай жаңа үйлер салынғанмен селоның тұрпаты да, төңірегі де әлі сәніне келіп болмаған екен, әрі қары жуықта ғана еріген көшелерінің сазы баттасып, мыйы шығып жатыр екен. Селоның бұл түрін қорашсынғандай:

— Құрылысы жақсы жылқы заводы болмаған көрінеді бұл,— дейді Жүнісов,— жылқылары жыл тәулігі далада жайылып, атқораларын күтпей тоздырған көрінеді. Үйлері де нашар. Бұл селода жалғыз көрікті үй — контора екен, оны әлдекім 1950 жылы өртеп жіберген. Біз соңғы екі жылдың ішінде 42 семьяға пәтер, техниканың соңғы сөзімен жасалған мастерская, үш жабық қырман, 50 төсектік больница, бес мың басқа есептеген құсқора салып бітірдік. Быйыл асханамыз, залына 500 кісі сыятын клубымыз, 50 балалық ясли, үш жарым мың тонна астық сақтайтын сарай, тағы басқа жаңа үйлеріміз болады. Селомыз жаланаш. Оны жасылға бөлеп, сәулет және жеміс бағын өсіреміз. Ағаш бұл араға жақсы өнеді: топырақ та жақсы, су да бар, күн де жетеді, тек құнттап өсіру керек...

Әзірге село сәнінен басқа айтары жоқтай, Жүнісов Хасен бізді село шетіндегі механикалық мастерскойға алып келді. Бұл — көзді тартар көрініс боп шықты: қаптаған егін машиналары, жуық арада шығатын егінге оларды даярлап жатқан жұмысшылар.

— 1955 жылы мен келгенде, барлық трактор жетеу-ақ еді, кәзір қырық бір; комбайн үшеу еді, кәзір отыз алты! — деп қойды Жүнісов мақтанғандай.

— Егіс көлемі?..

— Жеті мың гектар. 1954 жылы мың жарым ғана болған...

— Аз екен ғой! — деп қалдым мен.

Олай дейтінім: соңғы жылдарда мен тыңы көтерілген өлкелерді көп араладым, ол өлкелерде он мың түгіл, жүз мың гектар да сөз емес; оның сөзі — миллиондаған гектарлар!.. Ал, Жүнісовтың айтып тұрғаны жеті-ақ мың! Сөз бе, сол?..

Оның да сөз екеніне және ұсақ емес, үлкен сөз екеніне менің көзім Жүнісовпен кеңесе келе жетті. Теңіз кемерінен көп биіктегі, көп таудың қамауындағы, қысы суық, жазы аңызғақ, желі қатты бұл арада бұрын егін жақсы өседі екен де, көп жылдары піспей, күзгі қырауға ілініп үсиді екен, сондықтан, жері құнарлы бола тұра, дымы да жете тұра, тұрғын ел егінді өте аз себеді екен, сепкен егіні үсініп-кабынып... дегендей өнімді аз береді екен.

Жүнісов табиғаттың бұл қылжағына көнбеген. Ол егін себуді күннің жылынуына қаратпай, тұқымды, әсіресе бидайды жердің тоңы жіби сала, әдеттен ерте сепкен және созбақтамай, аз күннің ішінде сеуіп бітірген, сондықтан, ерте бас тартқан егіні ерте бой-тастап, ерте дәнденіп, күзгі қырау түскенше пісіп үлгерген!

«Сондағы өнім қанша?» десеңіз,— 1955 жылы бидайдың барлық гектары, орта есеппен, 18 центнерден, 1956 жылы — жыйырма жарым центнерден өнім берген... Бұндай өнім, бұл өлкенің ғана табысы емес, бүкіл Қазақстанның табысы: 1956 жылдың миллиардына Қазақстан орта есеппен әр гектардан үкіметке сегіз жарым центнерден астық берсе, Қарқара он жеті жарым центнерден берген! Үкіметке жеті мың гектардан орта есеппен мұнша өнім берген өлке Қазақстанның өзге жерінде жоқ.

Жолдас Жүнісов Хасеннің 1957 жылғы Социалистік Еңбек Ері атағына жетуі осыдан.

— Ал енді осы егістіктің болашағы қандай? — деген сұрауға:

— Көлем жағынан, бұл совхозда көп кеңи алмай-

мыз,— деп жауап береді Жүнісов,— жер көлеміміз елу мыңдай болғанмен, көпшілігі малдың жайылымы. Енді, он-ақ мыңдай тың көтере аламыз. Сол көлемнің шығымын өткен жылдан төмендетпеуге қолдан келген барлық шараны қолданамыз.

— Малыңыз?..

— Жылқы екі мыңдай, бәрі де асыл тұқым; сыйыр — мың екі жүздей, бірақ, нашар тұқымдар, асылдандыру керек; қой 28 мың, 70 проценті арқар-меринос, оның да көбі будан. Бұл араға ең қолайлы қой және ет пен жүнді ең көп беретін қой — арқар-меринос екенін Қорғасбаев Сайдахмет көп жылдық іс тәжрибесінде дәлелдеп берді. Біз де қойымызды соның үлгісімен өсіреміз...

Жүнісовтың шаруашылығын көріп, алдыңғы қатарлы адамдарымен біраз әңгімелескеннен кейін, біз уәдеміз бойынша, Қорғасбаевқа баруға аттандық.

Мана Андижан сонда қалып қойған. Оған Қорғасбаевтың үйінде, Ленин атындағы жаңа совхоздың директоры Махмудов Тұрсын, Кеген аудандық партия комитетінің бірінші секретары Әбішев Сәдір, зоотехник Балабеков Нұрқасым, тағы бірнеше адам қосылыпты.

Бұл маңайға қой өсіру, әсіресе арқар-меринос қойын өсіру қажет екендігі жоғарыда айтылды. Бірақ, осы арқар-мериностың, соңғы жылдарда саны ғана көбейеді де, «Молотов» колхозындағы он мың таза арқар-мериностан басқа жердегілері сапа жағынан төмендеп, еті де, жүні де, ыстық-суыққа төзімі де кемиді, себебі, Андижан Исенжолов сияқты бірен-саран тәжрибе адамдары болмаса, шаруашылық мәні зор бұл іске көңіл бөлінбейді.

Ғылым орындары бұл олқылыққа соңғы кезде көңіл бөліп. 1953 жылы таратылған Күрмекті тәжрибе станциясын Ленин атындағы совхозда «Ақтоғай» деген атпен быйыл қайта құрып, Андижанды басқаруға шақырады. Ол, әрине, ұсынысты қуанышпен қарсы алады.

— Менің өтінішім,— дейді Андижан Тұрсынға,— таза арқар-меринос қойын өсіруде сен ғылымға ғана сүйенбе, тәжрибеге де нық сүйен, ол үшін Қорғасбаевпен тығыз байланысты бол!..

— Хұп! — дейді Тұрсын.

Тұрсынның Сайдахмет отарына қазір келген себебі,— таза арқар-мериностар бірер күнде жапа-тармағай төлдейді,— соны көзінен өткеру.

Райкомның секретары Әбішевтің де малшылар арасында жұмысы бар екен. Оның айтуынша, аудандағы 260 мың қойдың 30-ақ мыңы таза арқар-меринос, 50 мыңы арқар-будан, өзгесі басқа тұқымдар. Алдағы бес жылда аудандағы қой саны жарты миллионға жетуге тиісті, оның көпшілігі арқар-меринос болуға тиісті.

— Арқар-мериносты өсіруде,— дейді Әбішев,— Сайдахметтен артық тәжрибелі кісіміз жоқ. Бұл тұқымдас койды өсірудің ең зор ғалымы — Сайдахмет.

— Дұрыс! — деседі сол арада тұрған ғалымдар да, малшылар да,— Арқар-меринос мәселесінде біздің оқыйтын профессорымыз осы кісі!

Біз Сайдахмет Қорғасбаевтың ауылға жақын жерде жайылған қойларын көруге кеттік.

Таныс қойлар: әрі ірі, әрі жүндес, әрі семіз! Тығыршық ақ жүнді, шұнақ құлақты, ұзын құйрықты ақ қозылар қасына ерген саулықтар әлі аз. Көбінің қарны қампыйып, бүгін-ертең коздайтыны маң-маң жүрісінен, кісі көрінбесе жата қалуынан, кісі көрінсе, арқар атасының дағдысымен, қаша жөнеліп, ана дағдысымен тоқтай ғап, «аяғымыз ауыр кезде тыйышымызды бұзбауларыңды өтінем!» дегендей, момақансый карауынан байқалады.

«Аяғы ауыр» қойларды мазалағымыз келмеген біз кейін оралуға ыңғайланғанда, фотограф — Петр Яковлевич Редько Қорғасбаевтан:

— Сіз атыңызбен, кешегі біз көретін шоқының басына шығып тұрыңыз! — деп өтінді.

— Неге! — деді Қорғасбаев
— Кажеті бар.
— Не қажеті?..
— Шыққан соң айтам.

«Суретке түсіресің ғой» дегендей, түскісі келмеген Қорғасбаевтың шоқыға көтерілгісі келмеп еді, қоршап тұрған көпшілік еріксіз көндірді.

Шоқының төбесіне салт көтерілген Сайдахмет, таңертең осы арада көрген тірі ескерткішімізге ұқсап кетті. Релько асыққан қыймылмен жан-жағынан оны фотоға түсіре бастады.

Тірі ескерткішке ұқсаған Сайдахметке де, оны қоршаған сұлу табиғатқа да, жан-жақтағы ылдый-өрді жаба жайылған қалың қойларға да тамашалай қарап тұрғанменің есіме, қазақ елінде «қойшы» аталатын еңбекші адамдардың бұрынғы және бүгінгі халі түсіп кетті.

Революциядан бұрынғы ауылда қойшыдан еңбегі ауыр да, байдың қорлығын артық та көретін жалшы болмайтын.

Енді, міне, советтік заманда сол қойшы Отанның ең ардакты азаматының бірі.

Осы, біріне бірі от пен судай жанаспайтын екі заманның да куәсі — Сайдахмет Қорғасбаев. Бұрын қорлықта жүретін ол, енді Социалистік Еңбек Ері!..

Бұл тек советтік заманда ғана болатын ғажап іс.

Қазақ республикасында Социалистік Еңбек Ері тек Сайдахмет Қорғасбаев емес. Республикада олардың саны мыннан да астам .

Коммунистік партияның жеңімпаз туының саясында, отанымыздағы туысқан халықтар достығының бұлжымас берік қушағында жасап, коммунизм қоғамын құруда белсене қатнасып жүрген Қазақстан еңбекшілерінің бұл мыннан астам еңбек ері — алдыңғы қатардағы жетекшісі, сүт бетіндегі каймағы.

Бұлардың бәрі де жемісті еңбегімен өздеріне көзі тірі

кезде-ақ ескерткіш салды. Солардың бірі — біздің ғасырдың құрдасы, Октябрьден бұрынғы бақытсыз заманның да, Октябрьден кейінгі бақытты заманның да куәсі, Социалистік Еңбек Ері — Сайдахмет Қорғасбаев!..

10—IV-1957 ж.
Алматы.



МАЗМҰНЫ

Алыстағы ауылда (пролог орнына)
Москва . . . . . .
Бүгінгі ауыл осындай . . . . . .
Туған жердің тыңында . . . . . .
Көзі ашылған бұлақ . . . . . .
Тыңға шақырамын . . . . . .
Өзбек туысқандарға . . . . . .
Тасқабақтың төбесінде . . . . . .
Тыңдағы темір жолдың төңірегінде . .
Сарыаркада . . . . . .
Жеңіс жыры «Жыйырма бес» . . . . .
Тірі ескерткіш . . . . . .

Сабит Муканов

БОГАТСТВА ЦЕЛИНЫ

(на казахском языке)

*

Редакторы: *Г. Ахмедов, А. Кайсенова.*
Техн. редактор *М. Злобин.*
Художеств. редактор *П. Л. Дубров.*
Художеств. оформление *Сапожникова Ю. М.* и *Дьячкина А. А.*
Корректоры: *Х. Абдрахманова* и *Байбекова.*

*

Сдано в набор 4/VI 1957 г. Подписано к печати 27/VII 1957 г.
Формат 70×108 п/32—10,0=13,7 п. л. (15,0 уч. изд)
Тираж 10000. УГ04385.
Казгосиздат, г. Алма-Ата, ул. Панфилова, 141.
Цена 5 руб. 45 коп.

Заказ № 1156. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 31.